

А 2009

19584к

С. Омарбеков  
Н. Жүнісов,

АУЫЗЕКІ  
ТІЛІМІЗДІҢ  
ДЫБЫС  
ЖҮЙЕСІ







С. Омарбеков  
Н. Жүнісов

---

АУЫЗЕКІ  
**ТІЛІМІЗДІҢ**  
ДЫБЫС  
ЖҮЙЕСІ

Рецензент — Т. Айдаров, филология ғылымының докторы

«Ауызекі тіл мен әдеби тілдің қарым-қатынасы» (кіріспе бөлім) және «Дауыссыздардың қолданылу ерекшелігі» атты екінші бөлімді жазған — С. Омарбеков. «Дауыстылардың қолданылу ерекшелігі» атты бөлімді екі автор бірігіп жазған.

Бұл оқу құралында қазақтың ауызекі тілінің дыбыс жүйесіне тән бай материал молынан қолданыла отырып, фонетикалық заңдылықтар жан-жақты сипатталады. Еңбекте тілдердің халықтық ауызекі тіл деңгейінде бір-біріне әсер ету проблемасына айрықша назар аударылған.

Кітап университеттер мен педагогика институттарының филология факультеттерінің студенттеріне арналады.

0  $\frac{4602000000-188}{404(05)-85}$  —139

© «Мектеп» баспасы, 1985 ж

## **АУЫЗЕКИ ТІЛ МЕН ӘДЕБИ ТІЛДІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ**

Әдеби тіліміз нәр алып сусындаған сан-салалы бұлақ бар, солардың ішіндегі ең бір сарқылмасы деп халық тілін атасақ лайық. Не ықылым замандар бойы атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа мұра болған қазақтың халық тілі — әдеби тіліміз дамуының барша кез-кезеңдерінде де оның қуат алар қайнар көзі болып келгені аян. Қазақ әдеби тілінің өткені мен бүгінгісіне, тарих көгінде ол кешкен ұзын-сонар соқпақтың бүкіл бұралаң-бұлтарысына көз жүгіртіп бақсақ, оның қалыптасуы мен кемелденуіндегі басты ұйтқы, түп қазық халық тілі екенін айқын сеземіз. Әдеби тіліміздің тұңғыш кескін-кейпін нұсқалаған шебер де, оның жаңа дәуір талабына лайық биік бел-белестерге көтерілуіне қозғау салған пәрменді күш те — халық тілі. Стильдік өріс-орамы мейлінше кең сөз өнерінің таусылмас қазынасын еншіленген қазіргі әдеби тіліміздің қол жеткен табысы, абзалында, халық тілімен сабақтас. Толғауы тоқсан қызыл тілді шын қастерлеп, оны өнер танып өскен халқымыз сөз жиһазының не тамаша асылын жинап, көкейіне түйе білген, кейінгіге нұсқа қалдыра білген. Қазіргі мәдениеті марқайған социалистік қазақ халқының рухани да қоғамдық-әлеуметтік тіршілігінің барлық саласына тамырын терең жайып, халқымызға қатынас құралы ретінде қалтқысыз қызмет етіп отырған әдеби тіліміз — сол халықтық тіліміздің заңды жалғасы.

Сан ғасыр бойы халқымызбен егіздің сыңарындай бірге жасып келе жатқан ана тіліміз — ұзақ-ұзақ тарихы бар, ежелден ірге теуіп орныққан дәстүрі бар тіл. Халықтың ауыз әдебиетінің өрен үлгілерінен, өткендегі аты әйгілі акын-жырауларымыздың шығармаларынан, бұлбұлдай сайраған шешендер өнерінен бүгінгі әдеби тіліміз мирас еткен қыруар сөз байлығы, сөз саптау машығы халықтық тілімізде есте жоқ ерте замандардың өзінде-ақ берік дәстүрдің болғандығының кепілі. Қазіргі әдеби тіліміздің жай-жапсарын бұдан көп дәуір бұрын ел арасына тараған ауыз әдебиеті нұсқаларының тілімен салыстырар болсақ, олардың арасында бір-біріне соншалық кереғар, алшақ жатқан сөздердің де, дыбыстық белгілердің де, грамматикалық тұлғалардың да жоқ екенін айқын аңғарамыз. Бұлай болуы түсінікті де. Тіпті қазақ арасында әлі күнге жырланып келе жатқан халықтық эпос, жыр-дастандар мен ауызекі сөйлеуде, жазғанда тілге сан оралып жататын мақал-

мәтел, нақыл сөз біткеннің бар-баршасын былай қойғанда, түркі тілдерінің көбіне ортақ жазба ескерткіштердің бетінен де қазіргі қазақ тілінен тым шалғай жатқан тілдік құбылыстарды табарымыз кемде-кем. Сөз қоры мен фонетикалық жүйесіндегі өзгешеліктері демесек, түркі тілдерінің біріне немесе екіншісіне жақын деп танылып жүрген орта ғасырлық біраз түркі жазбаларының тілінің де, грамматикалық құрылысының да қазіргі біздің халықтық тілімізден жырақтап кетер жайы шамалы-ақ. Сонда да болса, бұлармен өлшестіргенде ауыз әдебиетіміздің ең көне деген үлгілерінің өзінің қазіргі әдеби тілімізге жақындығы тәңірі ішкі бауындай екендігі бәрімізге аян.

Жұрттың көбінің түсінігіндегі халық тілі деген ұғым — аса кең ұғым. Алайда диалект, говор, наречие деген терминдерді басбасына айтып жатуды мақсат тұтпаған жағдайда, осы терминдердің баршасының жинақы бір баламасы ретінде қолдануға ыңғайлы тұратын, орыс тіліндегі лингвистикалық әдебиетте әбден ірге теуіп қалыптасқан *народный язык, народная речь* (немесе народно-разговорный язык, народно-разговорная речь) деген дәстүрлі термин сөздердің бар екенін тіл мамандары жақсы біледі. Мұның өзін сөз саптаудың терминологиялық деңгейге көтерілген ғылыми зерттеулердегі дәстүрлі бір көрінісі десек те болады. Осы ыңғайдан алғанда қазақ тілі жөніндегі ілім-білімде де бұл ұғымды халық тілі, халықтың ауызекі тілі деп қазақшалап, дәл осы мағынада, дәл осы терминологиялық аяда қолданудың орайы бар. Сонда біздің жоғарыда қазақтың халық тілі деп атап отырған «тілімізді» әр өлкенің жергілікті қазағының тіліне тән диалектілік белгілер мен құбылыстардың жиынтығын, басқаша айтқанда, халық диалектілері мен говорларын білдіретін, ауызекі тілді білдіретін, бірақ ауызекі тіл болғанда да оның тек жергілікті нұсқасын, жергілікті формасын ғана білдіретін ұғым деп түсінген дұрыс.

Демек, халық тілі деген ұғымның бұл жердегі терминологиялық мәні әдеби тіл деген ұғымға қарама-қарсы. Әдеби тіл деп, әлбетте, белгілі бір жүйеге түсіп қырналған, жонылған, ел-жұрттың бәріне бірдей ортақ нормалары бар тілді айтады. Жалпы халықтық сипаты болғандықтан әдеби тілдің нормаларын сақтау — сол тілдің өкілі болып саналатын әрбір адам үшін парыз. Ал халық тілі деп атап отырған тілде бұл секілді жұрттың бәріне бірдей міндетті норма деген болмайды.

Әдеби тілдің нормалық жүйелерінің сұрыпталып, тезге түсіп отыруына ең алдымен қоғамның мәдени өмірі мүдделі. Сондықтан білімді де зиялы қауымның әдеби тілдің даму процесіне саналы түрде араласып отыруы, ықпал етуі — әдеби тіл атаулыға тән басты бір белгі, басты бір сипат есепті. Мәселен, қоғам өмірінде болып жататын толассыз өзгерістерге орай әдеби тілде жаңа сөздердің, жаңа тіркестердің пайда болуы сияқты жайды алайықшы. Мұндайлардың бірде-біреуінің дүниеге келуін әдеби тілге саналы түрдегі ықпалдан тыс ұғыну, әрине, әбестік болар еді. Егер осы айтып отырған жайдың дұрыстығын құптайтын болсақ, онда әдеби тілдің нормалану, жүйелену процесінде белгілі дәрежеде жасанды-



лық элементінің бар екендігін мойындауға тура келеді. Ал ешқандай жазба нормасы жоқ және оның болуын қажет етпейтін халық тілінің даму стихиясында мұндай жасандылықтың бола қоймайтыны өзінен-өзі түсінікті.

*Халық тілі* (немесе халықтың ауызекі тілі) деп қолданып отырған терминіміздің басын шу дегеннен бұлайша саралап ашып алудың тағы бір принциптік мәні мынада. Орыс тіліндегі лингвистикалық зерттеулерге назар аударар болсақ, мынадай айқын бір жайды аңғарамыз. Мұнда *народный язык* деген бар да, *язык народности* деген бар. Сырт қарағанда бұлар бір тектес ұғымдардың орын тәртібінің әр ыңғайда әр ұдай өзгеруі тәрізді болып көрінгенімен, олардың әрқайсысына тіл ғылымында жүктелетін терминологиялық мән-мағына әр басқа.

Тіл дамуының өзін ру-тайпа тілдерінен халық тіліне, халық тілінен ұлт тіліне қарай орбитін тарихи құбылыс деп ұқсақ, ұлт тілдері дүниеге келуінің алдындағы заңды кезеңнің осы халық тілінің кезеңі болатыны өзінен-өзі түсінікті. *Язык народности* деген ұғым болса, тіл тарихы жөніндегі зерттеулерде тіл дамуының тек осы тарихи дәуіріндегі тілді білдіретін ұғым ретінде қолданылып келеді. Ал *народный язык* дегеннің ғылыми тәжірибеде қай мағынада орныққан термин екенін жоғарыда айттық. Қазақ тіл білімінде халық тілі дегеніміз осындағы *народный язык* дегеннің де, *язык народности* дегеннің орнына да күні бүгінге дейін талғаусыз қолданылып келе жатқаны белгілі. Енді осы ұғымдарды бір-бірімен шатастырмау үшін *халық тілі* дегенді осындағы *народный язык* дегеннің баламасы ретінде қазақ лингвистикалық топырағында біржолата орнықтырып, екінші ұғымның мағынасын толық берерліктей басқа бір балама ойластырсақ, Егер жоғарыдағы терминді қолдану жөніндегі осындай бір шарттылыққа пәтуаласып алатын болсақ, онда біздің мұндағы әңгімелер жайымыз — *халық тілінің* немесе *халықтың ауызекі тілінің* жайы болмақ. Онда да халықтың ауызекі тілінің барлық жай-жапсары емес, әңгіме ондағы дыбыстық құбылыстардың, дыбыстардың халық тілінде қолданылу ерекшелігі жайында болмақ.

Әңгіме болып отырған ұғымды бірде халық тілі, бірде халықтың ауызекі тілі деп қолданудың да өзіндік себебі жоқ емес. Өйткені диалект, говор, наречие атаулының қай-қайсысын алсақ та, ол — ең алдымен халықтың ауызекі тілінің, адамдардың күнделікті тұрмыстағы бір-бірімен сөйлесіп қарым-қатынас жасайтын тілінің жемісі. Бірақ ауызекі тіл дегеннің өзінің де шеңбері аса кең ұғым. Мұның ауқымына осындағы біз айтып отырған әр өлкенің жергілікті халқының тілі де (диалект, говор, наречие), сондай-ақ осы тілдің барша өкілінің бәріне бірдей ортақ қызмет ететін, белгілі нормаға, жалпы халықтық арнаға түсіп сұрыпталған әдеби тілдің ауызша формасы да қоса сыйып кетеді.

Демек, ауызекі тілді халықтың ауызекі тілі деп арнайы атап көрсегудің өзі, асылында, жергілікті халықтың тілін әдеби тілден ажырата білу мүддесінен туған. Әдеби тілдің тарихы хақындағы қазіргі зерттеулерде әдеби тіл дегенді тек хат жүзіндегі тіл, жазу-

сызу мәдениетімен байланысты ғана тіл деп ұқпай, оны нақтылы бір халықтың өкілдерінің бәріне ортақ қызмет ететін әрі жазбаша, әрі ауызша, екі бірдей үлгісі, екі бірдей формасы бар тіл деп ұғатын тенденция байқалады. Әрине, әдеби тіл деген ұғымға халық тілінің несі кіріп, несі кірмейді, әдеби тіл мен халық тілінің айырым-парқы қалай, олардың арасындағы сабақтастықтың, селбестіктің сыр-сипаты неде деген мәселе — өз алдына бөлек сала әңгіме. Халық тілінің жергілікті үлгісін зерттеушілер үшін, диалектологтар үшін мұндай мәселенің басын ашып беру парыз емес. Бұл, асылында, әдеби тілді зерттеушілердің, әдеби тілдің тарихын, оның кемелдену, нормалану процесін зерттеушілердің шұғылданатын мәселесі.

Жергілікті халықтық тілде бардың мынасын әдеби тіл кәдесіне жарат та, басқасын әдеби тілге әсте жолатпа деген ақыл-кеңесті беру — диалектологиялық ілім-білімнің міндетіне жатпайды. Халық тілінің жергілікті ерекшелігін әдеби тілмен салыстыру — диалектологтар үшін сөз мағынасын түсіндіру, дыбыстық белгілер мен грамматикалық тұлғалардың сыр-сипатын анықтау сияқты методикалық мақсат үшін болмаса, дәл диалектологиялық зерттеудің көздейтін мақсаты тұрғысынан алғанда соншалық қажет емес. Диалектологиялық зерттеу, әлбетте, нақтылы бір диалектіге, немесе говорға тән деген ерекшелікті әдеби тілдің дерегінен гөрі сол тілдің өз ішіндегі диалектілердің дерегімен салыстыруға, сондай-ақ оларды бөгде тілдердің, әсіресе тектес тілдердің дерегімен салыстыруға көбірек мүдделі.

Бұл айтып отырғанымыз, әрине, тек зерттеу методикасы тұрғысынан алғандағы жағдай. Әйтпесе жергілікті халықтың ауызекі тілін зерттеу, онда не бар, не жоқ дегенді есепке алып, жинап-теру, хат бетіне түсіру, халық сөздерінің мән-мағынасын ашып, олардың лексикалық, стилистикалық өрісін анықтаудың әдеби тіліміздің ділгерлігін өтеу үшін тигізер пайдасы ұшан-теңіз десек, әсте қателескен болмаймыз.

Мейлі ұлт тілі, мейлі халықтық тіл, не шағын бір этностық топтың тілі болсын, әйтеуір, тіл атаулының қай-қайсысын алсақ та, олардың әрбіреуінің өзі тараған нақтылы географиялық кеңістігі, аймағы болатыны хақ. Бұлай болуы белгілі бір тілдің иесі болып табылатын ұлттың, халықтың, я этностық топтың өзінің нақтылы географиялық ортада өмір сүруімен шарттас. Жеке бір тіл өркен жайған географиялық аймақтың әр түкпірін алып қарайтын болсақ, олардың әр қайсысындағы осы тілдің барша белгілерінің шып-шырғасына дейін бір-біріне айна қатесіз ұқсас келе бермейтініне көзімізді оңай жеткіземіз. Тым алысқа сілтемей-ақ, мысал үшін өзіміздің ана тіліміздің ішкі жағдайын бағдарлар болсақ, қазақ жұрты тараған географиялық кеңістіктің бар түкпіріндегі тіл бағзы-баяғы қазақ тілі болғанымен, әр өлкенің өз қазағының сөз байлығына, сөз саптау машығына, сөз дыбыстарын айту мәнеріне тән, өзге жердің қазағына бейтаныс белгілердің бар екенін айқын сеземіз. Мәселен, қазақ тіршілігімен ежелден біте қайнасып бірге келе жатқан киіз үйдің өзінің аталуы әр жердің қазағының ті-

лінде әр басқа. Қазақстанның солтүстік, орталық, шығыс бөлігінің бар жерінде *кигіз үй* болып айтылатын осы сөздің орнына Жетісу атырабында *қазақ үй*, қырғыздармен шекаралас өңірдің кей жерінің қазағында *боз үй*, қарақалпақ еліне жақын-жуық жердің қазағының тілінде *қара үй*, ал Қазақстанның бүкіл батысында *ағаш үй* деген сөздердің қолданылатынын көреміз. Осы бес түрлі нұсқадағы бес атаудың бесеуінің де білдіретін ұғымы — біреу, ол — кәдімгі киіз үй. Лексикалық мағынасы тұрғысынан бұл сөздер — бір-бірінің аналогы. Ал киіз үйдің түр-түсіне, үлкен-кішілігіне қарай ақ боз үй, қараша үй, ақ отау болып қолданылатын сөздерге жүктелетін мағына жоғарыдағы боз үй, қара үй дегендерге жүктелетін мағынадан мүлдем бөлек. Кейінгілер типтік ұғымдар (типовые понятия) да, ақ боз үй, қараша үй, ақ отау дегендер — түрлік ұғымдар (видовые понятия).

Қазақ халқы тараған территорияның көпшілігінде *бәкі//пәкі* болып, батысында *шаппа* болып айтылатын сөздің өзбектермен іргелес өңірдің қазағының тілінде *ныштар//мыштар* түрінде ұшырайтыны белгілі. Бір ғана *инағаш* сөзінің әр қайсысы әр жердің қазағының тілінде айтылатын *суағаш*, *мойынағаш*, *күйенте*, *құрамыс*, *әпкіш* деген варианттары мәлім. Бұл мысалдар қазақ халқы тараған өңірдің барлық түкпіріне тән, ел-жұрттың бәріне ортақ атаулармен қатар, кейде жеке-дара ұғымдарға байланысты әр қоныстың жергілікті тұрғындарының тілінде бір ұғым шеңберінде қолданылатын әр басқа атаулардың ақиқат бар екендігінің айқын дәлелі бола алады.

Мұндай жайды тек жекелеген сөздердің (лексикалық элементтердің) басына ғана тән шындық деп көрсетіп қоймай, тіліміздің барша структуралық жүйесіне де (фонетикасына, фонологиясына, грамматикасына, тіптен фразеологиясына) тән шындық деп атаған абзал. Өйткені келтірілген мысалдардағыдай ала-құла атауларға не ұғымдардан тыс әр өлкенің жергілікті халқының тілінде нақтылы бір ұғымды білдіретін бір ғана сөздің жеке басының әр ұдай дыбыстық кейіпке не болатын жайы да, сондай-ақ ұқсас грамматикалық категориялардың бір-бірінен өзгеше тұлғалармен жасалу жайы да баршылық. Республикамыздың көпшілік жерінде *өңде*, *теңдік*, *таңдай* түрінде айтылатын сөздердің оңтүстік және оңтүстік-шығыс өңірдің өн бойында жаппай *өңле*, *теңлік*, *таңлай* болып айтылуы — бір ғана сөздің дыбыстық тұрғыдан әр жердің қазағының тілінде әр түрлі құбылуының айқын көрінісі.

Мұндай құбылуларды былай қойғанда, тіптен бір жердің қазағының тілінде мүлдем жоқ дыбыстың екінші бір жердің қазағының тілінен табылатын да кезі бар. Қаратау, Жетісудан бастап Алтайға дейін желі боп тартылып жатқан қазақ жұрты тараған алқапқа түгел жайылған аффрикат *ч* дауыссызын біз Қазақстанның орталық, солтүстік немесе батыс алқабының бірде-біреуінсің кездестіре алмаймыз.

Бір грамматикалық категорияның ауқымында танылатын *барыңыз*, *барың*, *барғын* тәрізді тұлғалардың алғашқысы қазақ атаулының бәрінің тіліне түгел тарағанымен, кейінгі екеуін бар-

лық жердің қазағының тілінен таба алмаймыз. *Барың, барғын* деген тұлғалар оңтүстікке ғана тән. Тек *барың* деген тұлғаның оңтүстіктен тыс кейде қарақалпақ, түрікмен елімен көршілес өңірлердің қазағының тілінен байқалатын кезі бар. Грамматикалық мағынасы жағынан бұл жердегі *-ыңыз, -ың, -ғын* дегендердің бәрі — бұйрық райдың сыпайыгершілік мәніндегі екінші жақтық көрсеткіші. Демек, бұл тұлғалардың мағыналық жағынан айырмасы жоқ. Айырма тек бұлардың бір жерде бір түрлі, екінші бір жерде басқа бір түрлі қосымшамен жасалуында ғана.

Демек, бұл, қазақ тіліндегі мұндай жергілікті өзгешеліктер тек сөздердің соқа басын ғана қамтып қоймай, тілдің дыбыс жүйесі, грамматикалық құрылысы, сөз саптау машығы, фразеологизмдері сияқты негізгі-негізгі салаларының баршасын қоса қамтиды деген сөз.

Жоғарыда біз халық тіліндегі біріне бірін қарама-қарсы қойып салыстыруға келетін мысалдар туралы ғана айттық.

Әр географиялық аймақтың табиғи ерекшелігіне, айталық, флора мен фаунаға байланысты, сондай-ақ әр өлкенің халқының өз әдет-ғұрпына, жергілікті кәсіп түріне байланысты айтылатын не қилы сөздер бар. Қазақстанның оңтүстігіндегі мақта, бау-бақша шаруашылығына, жеміс түрлеріне, ирригацияға байланысты қолданылатын атаулардың көбі республиканың өзге жерінде, мәселен, солтүстігінде жоқ. Демек, мұндай жерде нақтылы ұғымдардың өз басы болмағандықтан, ондай ұғымдардың атауышы болып келетін сөздердің де болмайтыны өзінен-өзі түсінікті. Мысалға Арал теңізі жағалауындағы халықтың тілінде балық кәсібiне байланысты айтылатын *сүген, қаяз, тыран* тәрізді балық аттары өзге жердің қазағының лексиконында байқала бермейді. Себебі балық кәсібімен айналыспайтын теңізден жырақтағы елдің мұндай балық түрлері туралы түсінігінің өзі шамалы ғой. Мақта шаруашылығынан бейхабар өлкенің адамдарының *қоза, қауаша, шігіт* секілді мақтаға байланысты атауларды біле беруі де екіталай. Мұндай нақтылы бір өлкенің халқы ғана шұғылданатын кәсіп төңірегінде қолданылатын сөздердің өзге өлкенің халқының тілінде басқа баламасы болмайтыны айтпасақ та белгілі. Бір-бірімен қарама-қарсы қойып салыстыра көрсетуге келмейтін деп атап отырған жергілікті халық тіліндегі сөздердің сипаты осындай. Белгілі бір территорияның жергілікті тұрғындарының тіліне ғана тән сөздер болғандықтан мұндай сөздерді де ғылымда диалектілік сипаттағы сөздер деп қарайды. Алайда диалектілік сөздердің бұл тобының *бақыр//шелек; күкірт//үкеуірт//оттық//шырпы//шақпақ//сіріңке; пісте//алабашақ//алашағу//ішемішке; қамшы//атсоғар//атжүргіш//құнт; тебен//жуалдыз* секілді бірінің бірі толық баламасы болатын сөздерден елеулі айырмашылығы бар. Әр өлкедегі халықтың жергілікті кәсібіне, жер-жердің табиғи ерекшелігіне, әр елдің өз әдет-ғұрпына байланысты қолданылатын сөздер болғандықтан, мұндай сөздердің жоғарыда келтірілген өзге мысалдардағыдай баламасы болмайды. Халық диалектілеріндегі сөздердің бұл тәрізді түрін ғылымда жергілікті профессионализмдер деп атайды, қазақ

тіл білімінде оны көбіне жергілікті кәсіби сөздер деп атап жүрміз. Өзінен өзге баламасы болмауы себепті профессионализмдердің бәрі дерлік әдеби тіліміздің сөз қорынан өз орнын алуға лайықты лексикалық элементтер қатарына жатады. Әдеби тілді нәрлендірудегі осы сияқты қызметіне қарай, жергілікті профессионализм атаулыны диалектілік құбылыс санатына жатқызуға болмайды деп түсінетіндер де бар. Бұл, әрине, диалектілік белгілердің негізгі сипатын танымаушылықтан туған жаңсақ түсінік. Жергілікті профессионализмдер де жергілікті сөздердің өзге түрі сияқты, әлбетте, тілдің диалектілік белгісі болып есептеледі. Өйткені жергілікті профессионализмдер мен жергілікті сөздің өзге түрінің арасында соншалық кереғар жатқан айырмашылық жоқ. Лексикалық құбылыстың бұл екі тобының екеуі де белгілі бір өлкеде тұратын жергілікті халықтың тіліне ғана тән сөздер. Ал әдеби тіл тұрғысынан алғанда профессионализмдермен қатар жергілікті сөздердің өзге түрінің де әдеби тілдің лексика қорын байытуда елеулі қызметі бар екені талассыз. Бұл екеуінің арасындағы айырма тек мынада: жергілікті профессионализмдердің көбі синонимдік тізбек құрамайтын, дербес-дербес сөздер болғандықтан олардың әрбіреуі әдеби тілдің игілігіне айналуы үшін толық мүмкіндікке ие. Ал енді жергілікті сөздердің жергілікті кәсіпке, өлкенің табиғи ерекшелігіне, әр елдің өз әдет-салтынан тыс айтылатын түрлерінің бәрі бірдей мұндай мүмкіндікке ие бола бермейді. Бұл жай әсіресе нақтылы бір ғана ұғымның, нақтылы бір ғана заттың атауышы болғандығына қарамастан әр жерде әр түрлі лексикалық нұсқада айтылатын сөздерге қатысты. Жоғарыда мысалға алынған *инағаш//суағаш//мойынағаш//күйенте//құрамыс//әпкіш* дегендер — осындай сөздер. Бұлар — үй тұрмысындағы су таситын бір ғана құралдың әр өлкенің қазағының тіліндегі әр түрлі атаулары. Әдеби тіл мұндай бірінің бірі толық баламасы болып келетін, нақтылы бір ғана ұғым төңірегінде әр жерде әр басқа айтылатын сөздердің көбіне бірақ сыңарын алуға мүдделі.

Мұны біз жергілікті кәсіби сөздер мен жергілікті сөздердің өзге түрінің арасындағы ұқсастық пен айырмашылық неде дегенді көрсету үшін ғана айтып отырмыз. Әйтпесе, диалектілер мен әдеби тілдің байланысы жайындағы мәселе — өз алдына бөлек сала әңгіме. Бұл туралы кіріспе бөлімнің өзге тұсында ілгеріде тағы да жол-жөнекей сөз болмақ.

Сонымен, жергілікті профессионализмдер мен жергілікті сөздердің өзге тобының (ең көп, ең басым тобының) арасындағы негізгі ұқсастық олардың екеуінде де территориялық сипаттың болуы. Ал территориялық сипаттың диалектілік белгілердің ең негізгі нышаны, ең негізгі ен-таңбасы екенін тіл мамандары жақсы біледі. Егер территориялық сипаты болмаса, ондай тіл құбылыстарын еш уақыт диалектілік белгі деп тануға болмайды. Диалектілік белгілерді тілдің жалпы халықтық белгілерінен, әдеби белгілерінен ажыратудағы ең басты шарт, ең басты критерий — осы.

Осының алдында біз қазақ жұрты өркен жайған географиялық кеңістіктің бар түкпіріндегі тіл бағзы-баяғы бір тіл — осы қазақ тілі болғанымен, әр өлкенің өз қазағының сөз байлығына, сөз саптау машығына, сөз дыбыстарын қолдану мәнеріне тән, өзге жердің қазағына бейтаныс тілдік белгілердің болатынын айтқан едік. Бір тілдің өз ішіндегі осындай өзгеден ерекше, тек өзіне ғана тән тілдік белгілері бар нақтылы бір территорияда тұратын жергілікті халықтың тілін лингвистикалық ғылымда диалект немесе говор деп атайды. Революциядан бұрынғы орыс тіліндегі лингвистикалық зерттеулерде диалект деген терминмен қатар наречие деген терминнің жарыса қолданылған реті және белгілі. Қазақ тіл білімінде мұның көбірек қолданылып жүргені — *говор* деген орыс тілі негізінде жасалған сөз.

Бұл атаулардың қайсысын қалай қолдану — оларға жүктелетін мағынаға байланысты. Ғылыми термин біткенге жүктелетін мағыналық қызмет әлбетте шартты болатынын ұғынсақ, *диалекті* немесе *говор* деп қолданудың анасы дұрыс, мынасы теріс деп сөз таластырып жатудың еш лайығы жоқ. Орыс диалектологиясында бұл терминдердің *диалект* дегені жергілікті ерекшелігі бар өлкенің ірі тобын білдіреді де, *говор* дегені жеке бір өлкенің, кейде тіптен шағын ғана бір қоныстың халқының тіліндегі ерекшеліктердің жиынтығын білдіру үшін қолданылады. Сондай-ақ орыс диалектологиясында *солтүстік орыс диалектісі* дегенді *солтүстік орыс говорлары* деп атайтын да дәстүр бар. Әрине, осы сөздердің сыртқы кейпінде тұрған бәлендей ештеме жоқ, мәселе осылардың қайсысын қай мағынада қолдануымызда.

Осының ықпалымен бізде де қазақ говорларының батыс тобы, қазақ говорларының оңтүстік тобы деп қолданушылық қазір жиі байқалады. Мұны, әрине, осындағы *говор* деген сөздің қолайлылығынан қалыптаса бастаған дәстүр деп айта алмаймыз. Абзалында, бұл жай жоғарыдағы атаудың қолайлылығынан гөрі көбіне-көп диалект деген сөзді қолданудан қашқалақтаудан барып туған. Дұрысына келсек, белгілі бір өлкедегі халықтың тіліндегі жергілікті ерекшеліктердің жиынтығын *говор* сөзін көпше түрде қолданып говорлар (говорлар тобы), болмаса, *диалект* деп атағаннан тіліміздің табиғатына келетін ешқандай нұқсан жоқ. Гәп мұнда емес, гәп осы екі атаудың әрбіреуіне жүктелетін терминдік мағынада.

Біздіңше, *диалект* деген халықаралық термин сөзден қашқалақтаудың еш орайы жоқ. *Говор* дегенді сол орыс диалектологиясында ірге тепкен өз мағынасында қалдырып, *говорлар тобы* деген шұбалаңқы термин орнына бір ғана сөзбен берілетін жинақы атау-*диалект* дегенді қолдансақ, мұнымыз қайшылыққа ұрынғандық болмайды.

Егер осы айтылған жайға түбінде келісер болса, онда лингвистикалық зерттеуімізді ана тілінде жазу қажет болған жерде, *говор* деген орысша терминді қазақшалап *айтылым* деп, *я* болмаса бұдан басқаша бір қазақша атаумен алуға әбден болады. Бұған да, әрине, алдымен өзара ымыраласып алу керек.

С. Аманжолов, Н. Сауранбаев, Ж. Досқараев сияқты ғалымдардың қазақ диалектологиясы жөніндегі зерттеулерінде 50-жылдардың басына дейін қолданылып келген осы бір *диалект* деген терминнен бойды аулақ салудың кезінде өзіндік сылтауы да болғаны рас. Мұны ең алдымен 1950 жылғы тіл білімі жөніндегі айтыстың қорытындысындағы диалектіге берілген анықтаманы бір жақты түсінудің нәтижесі деп бағалауымызға болады. Диалект болу үшін оның өз алдына бөлек грамматикалық құрылысы мен сөздік қоры болуы керек деген айтыста әңгіме болған жайды тым асыра бағалап, бірқатар зерттеушілер қазақ тілінде мұндай диалектілер жоқ, сондықтан *диалект* деген терминнен мүлдем бас тарту керек дегенді ұсынды. Алайда қазақ атаулының баршасының тіліне ортақ, қазақ тілінің ең негізгі деген белгілерінен тыс әр өлкенің өз қазағының сөйлеу машығына тән, әр өлкенің жергілікті тұрғындарының өздері ғана айтып, өздері ғана қолданатын, басқа өңірдің қазағына беймәлім тілдік срекшеліктердің бар екеніне ешкім де көз жұма алған жоқ. Демек, бұларды *диалект* деп атамаған күннің өзінде де әйтеуір басқаша бір атпен атаудың қажеттілігі күн тәртібінен сол кездің өзінде де түскен жоқ.

Мына терминге мына мағынаны, ана терминге ана мағынаны жүктейік деп ешкім қол қойып, өзара мәмілеге келмесе де, сол бір кезеңнен бастап қазақ тіл білімінде жұрт *диалект* деген атауды тым сақтықпен қолдануға көшті. *Говор* деген атауды біресе *говор*, біресе *говорлар*, *говорлар тобы* деп сан-саққа жүгірте қолдануды кейін әбден дәстүрге айналдырып алдық та, *диалект* деген терминді тұтынудан бойымызды мүлдем аулаққа салдық.

Жоғарыдағы анықтама тұрғысынан келгенде тілімізде грамматикалық құрылысы мен сөздік қоры бір-бірінен бөлек жатқан диалектілердің жоқ екені рас. Диалектілерді былай қойғанда, грамматикалық құрылысы мен негізгі сөздік қоры жөнінен бір-бірінен алшақ жатқан түркі тілдердің өзі некен — саяқ. Чуваш, якут тілдері сияқты бірен-саран тілдер демесек, түркі тілдеріндегі грамматикалық құрылысы пен негізгі сөздік қорда зор жақындық бар. Қазіргі түркі тілдердің бәрін бір ғана тілдің диалектілері, наречиелері деп ұғынатын революциядан бұрынғы орыс түркологиясындағы түсініктің қалыптасуына да сабақ болған осы жай болу керек.

Көріп отырмыз: грамматикалық құрылысы пен негізгі сөздік қордың бөлектіктігі жөніндегі анықтама бір тілдің өз ішіндегі диалектілер түгіл кейде бір-бірінен жеке тіл ретінде әлдеқашан енші алысып, ірге айырған ағайын тілдердің арасындағы дербестіктің шеңберіне де сия бермейді екен. Түсінікке оңай болуы үшін бәрімізге ең таныс жай — біздің тіліміз бен қырғыз тілін алайықшы. Тегі жағынан бір-біріне қаншалық жақын тілдер болғанымен, бұл екі тілдің әрбіреуінің қазір өз алдына дербес-дербес тіл екеніне ешкімнің де таласы бола қоймас деп ойлаймыз. Бірі — қазіргі социалистік қазақ ұлтының тілі де, бірі — социалистік қырғыз ұлтының тілі. Алайда осы екі тілдің не грамматикалық құрылысында, не сөздік қорында бір-бірінен соншалық шалғай жатқан

айырманың бары байқалмайды. Дегенмен бұл — осы тілдердегі аталған екі структуралық элементтің арасында айырмашылық тіптен жоқ деген сөз емес. Айырма, әрине, бар. Бірақ ол тілдегі осы структуралық элементтердің жүйесін түгел, тұтастай қамтымайды, оның жеке-дара жақтарын ғана, кейбір белгілерін ғана қамтиды. Шынтуайтқа келгенде, мұндай тілдік өзгешеліктердің болуы — қазақ тілі мен қырғыз тілін грамматикалық құрылысы мен негізгі сөздік қоры жөнінен бір-бірінен бөлек тілдер деп тануымызға дәйек бола алмайды. Бұдан біз тілдің әңгіме болып отырған структуралық элементтерінің бөлектігіне негізделген өлшемнің дүние жүзіндегі барлық тілдердің диалектілік жүйесін танып-білу үшін универсал қолдануға келе бермейтін өлшем екенін аңғарамыз. Әсіресе бұл ережені түркі тілдердің диалектілік жүйесін анықтауға қолдану — тым сақтықты қажет ететін сияқты. Өйткені бұл тілдердің грамматикалық құрылысында да, негізгі сөз қорында да жақындықтың мол екенін жоғарыда айттық. Ол жайдың шет жағасын осының алдында әңгіме болған қазақ тілі мен қырғыз тіліне байланысты мысалдан өзіміз анық көріп те отырмыз. Демек, айтып отырған өлшеміміз бірінен бірі дербес түркі тілдердің арасындағы жіктелістің аясынан да асып түсіп жататын өлшем болса, біздің тіліміз сияқты бір ғана түркі тілдің өз ішіндегі диалектілік жіктелісті оның айқындап бере алмайтыны өзінен өзі түсінікті. Сондықтан қазақ тілінің диалектілік жүйесін анықтау үшін бұл өлшем тұрғысынан келуге әсте болмайды.

Алдында айтқанымыздай тұтас алғанда қазақ тіліндегі диалектілердің грамматикалық құрылысында да, негізгі сөздік қорында да бір бірінен үлкен алшақтық жоқ. Біздегі диалектілердің грамматикалық құрылысындағы айырмашылық тек жекелеген морфологиялық тұлғалардың, синтаксистік құрылымдар мен тіркестердің басына ғана қатысты. Ал негізгі сөздік қорға келетін болсақ, мұндағы айырмашылықтың бәрі дерлік ұғымдардың белгілі тобының бір жерде бір түрлі, екінші бір жерде басқаша бір түрлі атаулармен берілуі, жергілікті кәсіпке байланысты сөздердің қолданылуы, сондай-ақ сөз семантикасының әр өңірде әр қилы құбылуы сияқты жайға барып саяды.

Бұған дейін біз қазақ тіліндегі диалектілердің жүйесін анықтауға аталған өлшемнің қатысы қаншалықты деген мәселенің басын ашуға тоқталдық та, диалектілердің кескін-кейпін ұғып-білуге көмегін тигізетін бұдан тыс тілдік белгілер бар ма деген жайға соққан жоқпыз. Егер мұндай сауалды әдейілеп қояр болсақ, онда, әрине, бар деп құптап жауап беруге тура келеді. Шынына келсек, жалғыз осындағы грамматикалық құрылыс пен негізгі сөздік қорға ғана қол арту диалект атаулының, қала берді барша тіл атаулының сыр-сипатын жыға тану үшін олқылық қылады. Бұл екі структуралық белгінің тілдің тектік жіктелісін ажыратудағы ең маңызды белгі екені рас. Алайда бұл екеуінен тыс та *тілдің дыбыс жүйесі, дыбыс құрылысы* деп аталатын тағы бір маңызды структуралық элементінің бар екенін айтуымыз керек.



Фонетика, фонология сияқты лингвистикалық ғылымның ірі-ірі салаларының объектісі болып табылатын тіл структурасына тән бұл жүйені тілдер мен диалектілердің дербестігін анықтау, олардың тектестігін, бір-бірінен алыс-жақындығын ажырату, классификациялық ең-таңбаларын белгілеу қажет болған кезде назардан тыс қалдыру сыңаржақтылық болар еді. Әсіресе бір бұтақтан өрбіген тектес тілдердің, тектес диалектілердің арасындағы ортақтық пен айырмашылықтың неде екенін танып-білу мәселесі тілдің дыбыс жүйесінің ерекшеліктері ескерілмейінше әсте шешілмек емес. Түркі тілдерді топтастырған ғалымдардың бірқатары (Ф. Е. Корш, В. В. Радлов, Г. И. Рамstedт, В. А. Богородицкий, М. Ряснен т. б.) тілдің өзге белгілерінен гөрі оның дыбыстық белгісін ең негізгі классификациялық белгі етіп ұстанады. С. Е. Малов түркі тілдерді ежелгі және қазіргі тілдер деп тарихи даму кезеңдеріне бөлген кезде, өз классификациясына арқау етіп тек тілдің дыбыс жүйесіндегі тарихи өзгерістерді ғана алады<sup>1</sup>.

Ғалымдардың тәжірибесінен бұл секілді мысалды келтіргенде, біз тілдің өзге белгілерінен гөрі дыбыстық белгілерінің тіл классификациясы үшін артықшылығын дәлелдеуді мақсат тұтып отырған жоқпыз. Мұндағы біздің айтпағымыз — түркі текті тілдер мен диалектілердің өзара жіктелісін анықтауда, олардың даму жөн-жосығын зерттеп білуде тілдің дыбыс жүйесіндегі ерекшеліктердің оның грамматикалық құрылысы мен негізгі сөз қорындағы ерекшеліктерден салмағы еш кем емес екендігі. Абзалында, тілдің ең басты деген осы үш структуралық элементінің (дыбыстық жүйе, грамматикалық құрылыс, негізгі сөздік қор) үшеуі бірдей қамтылған жағдайда ғана, тіл мен оның диалектілерінің сипаты жайындағы мағлұматымызды толық деп есептеуімізге болады. Міне қазақ диалектілері мен говорларының жіктелісін, әр диалекті мен говордың өзіне тән ерекшелігін ажыратудағы біздің зерттеушілеріміз ұстанар негізгі өлшем бағыт-бағдар да осы болмақ.

Диалектілердің дыбыстық белгісі дегенде мұның да, жоғарыда грамматикалық құрылыс пен негізгі сөздік қорға байланысты айтып өткеніміздей, басқа түркі тілдер мен диалектілерден ерекше өз алдына бөлек жатқан жүйе болуы біздің тіліміз үшін де, тіптен өзге туыс тілдер үшін де шарт емес. Диалектінің дыбыс жүйесіндегі ерекшелік, түптеп келгенде, осы жүйенің өзге диалектілердікінен мүлдем бөлектігіне емес, сол жүйедегі жекелеген дыбыстық белгілердің бөлектігіне саяды. Демек, диалектілердің бір тілдің ауқымындағы құбылыс екенін белгілейтін олардың дыбыс жүйесінің, грамматикалық құрылысының, негізгі сөз қорының бөлектігі емес, қайта осы структуралық элементтердің бірлігі мен тұтастығы. Осы байламды бір тілдің өз ішіндегі диалектілерді былай қойғанда, тегі жағынан бір-біріне тым жақын түркі тілдер туралы айтсақ та қателескен болмаймыз. Мұның неге бұлай болатыны осыған дейін айтылған жайлардан аян болса керек.

<sup>1</sup> Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности. М. — Л. 1951. 6-бет.

Сонда, қазақ тілін бірегей тіл (монолит тіл) деп білетін ұғым-мызды тугызатын — ол тілдің диалектілеріндегі айырмашылықтар болмай, ортақ белгілер болатыны өзінен-өзі түсінікті. Тіліміздің барлық диалектілеріне тән ортақ белгілермен салыстырғанда, жеке-жеке диалектіде кездесетін айырмашылықтар сая жағынан әлдеқайда аз. Содықтан да қазақ тілінің тұтастығы туралы ұғым тұрғысынан алғанда диалектілік айырмашылықтар тіліміздің ортақ белгілеріне әлбетте тәуелді, соның жетегінде болмақ. Осы себептен де қазақ тілінің өз басына ең тән деген тілдік ең-таңбаны ажырату қажет болған кезде жүгінетін дерегіміз оза оның құрамындағы халық диалектілерінің бәріне ортақ, қалса диалектілердің көпшілік тобына ортақ белгілер болмақ.

Осы жерде еске сала кететін бір жай — барлық түркі тілдердің құрамындағы диалектілердің бір-бірімен арақатынасы дәл осы біздің тіліміздің өз ішіндегі диалектілердің арақатынасымен біп-бірдей, тепе-тең еместігі. Егер қазақ диалектілерінің біріне бірінің алыс-жақындығын өзбек диалектілерінің өзара алыс-жақындығымен салыстырып бағдарлайтын болсақ, бұл екі ағайын тілдің әр қайсысының өз ішіндегі диалектілердің арасалмағында зор айырым, парық барын байқаймыз. Өзбек говорларының *дже-шыл* (джекаюший) үлкен бір тобы қыпшақ тілдеріне жақын да, қазіргі өзбек әдеби тіліне негіз болып отырған қалалық говорлар қыпшақ тілдерінен едәуір ерекшелігі бар түркі тілдердің дербес бір саласы — қарлұқ тобына жатады. Сол секілді өзбек тілінде оғұз тілдерімен ұқсасатын да говорлар бар. Н. А. Баскаков қырым татарларының тілі екі диалектіден тұратынын айтып, оның солтүстік тармағы қыпшақ тілдеріне, оңтүстік тармағы оғұз тілдеріне жақын деп көрсетеді<sup>1</sup>.

Қазақ диалектілерінің арасында бірі түркі тілдің ана тобына, бірі мына тобына жатады деп жіктестірілмейтіндей диалектілер жоқ. Әрине, көршілес, аралас отырған түркі халықтардың тілдік ықпалы нәтижесінде оңтүстік өңірдің қазақтарының тіліне өзбек тілінен, оңтүстік-батыс алқаптың қазақтарының тіліне қарақалпақ, түрікмен тілінен өткен елеулі тілдік элементтердің бар екені рас. Сол секілді Қазақстанның башқұрт, татар жұртына жақын жатқан өлкелердегі жергілікті халықтың тілінен осы тілдердің бірлі-жарым элементінің кездесетіні бар. Бұлар — диалектілердің біреуінде аз, біреуінде көп дегендей, әйтеуір, жоғарыда аталған үш структуралық саласының үшеуін де қамтиды. Әсіресе Орта Азияның ішкі қоныстарында тұратын жергілікті қазақтардың тілі осындағы тілдердің ықпалына көбірек шалдыққан. Осы өңірдегі жергілікті халықтың тілі дегенде мына бір екі жайды ескерту керек.

Біріншіден, өзбек, қарақалпақ, түрікмен, қырғыз арасындағы қазақтардың тіліндегі кірме құбылыстың бәрі бірдей мынасы мына тілдікі, анасы ана тілдікі деп, бұтарлап бөліп тастауға келе бермейді. Өйткені мұндай кірмелер осы ағайын тілдердің бәріне, я ең

<sup>1</sup> Баскаков Н. А. Введение в изучение тюркских языков. М., 1969, 281-бет.

кем дегенде солардың екеуіне бірдей ортақ құбылыстардан жұр алақан емес. Мәселен, көптік жалғауы көрсеткішінің оңтүстік Қарақалпақстанда тұратын қазақтардың тілінде көбіне *л* дауыссызымен келетін нұсқада айтылып, онан өзге дауыссыздармен (*д*, *т*) келетін нұсқасының сирек қолданылуын өзбек тілінің әсері деп те, қарақалпақ тілінің әсері деп те қарауға болады. Олай дейтіміз көптік жалғауының осы *л*-мен келетін нұсқасы айтып отырған екі тілдің екеуіне де тән. Ал Қарақалпақстанның оңтүстігіндегі қазақтардың тіл жөнінен араласы, бауырлас осы екі халықтың екеуімен де бар екені күмән тудыра қоймаса керек. Сондықтан тілдік белгілерінің төркіні екі, я одан да көп тілдің дерегімен астасып жататын мұндай говорларды тараған географиялық ортасына қарай қазақ тілінің өзбек говоруы, қазақ тілінің қарақалпақ говоруы деген сынды атпен атайтын дәстүрді кейде шартты деп ұғынған абзал. Әрине, жеке бір тілдік қоршаудағы аралшық түрінде ұшырайтын говорлардың басқадан гөрі сол өзін қоршаған тілдің ықпалына молырақ шалдығары талассыз. Мұндайлардың жайы бір басқа.

Екінші бір айтайық дегеніміз. Қазақ говорларының диалектілік жүйесінде бір өңкей бөгде бір тілден енген кірме белгі деп, я бір өңкей ана тіліміздің өзінің байырғы төл белгісі деп бағалауға келе бермейтін де тілдік құбылыстар бар. Мәселен, қазақ говорларының көпшілік тобында *маңдай*, *теңдік*, *меңді*, *өңде* болып *д* дауыссызымен айтылатын сөздердің оңтүстік говорларда *маңлай*, *теңлік*, *меңлі*, *өңле* деген үлгіде *л*-мен айтылуы дәл осындай құбылыс. Мұндағы *д* дауыссызының *л* дауыссызымен алмасуын көрші тіл — өзбек тілінің оңтүстік қазақ говорларына ықпалы нәтижесінде пайда болған құбылыс деп те, сондай-ақ говорлардың осы тобында сақталып қалған тіліміздің ежелгі белгілерінің нышаны деп те тануға әбден болады. Өйткені құрамында дыбыс алмасуының осы түрі кездесетін бірлі-жарым сөздерді өзбектермен көршілес өңірден әлдеқайда шалғайда жатқан кей қазақ говорларынан да табуға болады. Мәселен, *маңлай*, *таңлай*, *жайлақ* (жайдақ) болып айтылатын некен-саяқ сөз республикамыздың шығысы мен Таулы Алтайдағы Қошағаш ауданында, сондай-ақ Монғолия жерінде тұратын қазақтардың тілінде де бар. Бірақ бұл төңіректегі дыбыстық құрамына мұндай фонетикалық белгі тән сөздер — бес-он сөзден әрі асып жарымайды. Ал Орта Азияның ішкі қоныстарында отырған және соған жақын-жуық маңда отырған қазақтардың тілін алатын болсақ, сөз болып отырған фонетикалық құбылыстың өрісі мейлінше кең құбылыс екенін көреміз. Бұлай болуы сөз жок, ағайын өзбек, қарақалпақ, түрікмен тілінің ықпалынан. Өйткені мұның осы тілдерге ең тән деген дыбыстық белгілердің бірі екені мәлім. Ал енді шығыстағы қазақ говорларындағы әлгі айтып отырған бес-он сөздің құрамындағы жағдай болса, оны ежелгі ру-тайпа диалектілерінен сақталған белгі деп қарау керек. Себебі бұл жағдай осы шығыстағы қазақтардың этностық құрамында әуелде *л*-диалектіде сөйлейтін компоненттің болғанын айғақтайды. Мұндай компонент сан жағынан аз болуына байланысты бертін келе, сан

жағынан мол ру-тайпалық жетекші компоненттің арасына сіңіп кеткен де, олардың диалектісіне тән кей белгілер бұл күнде өткен бір тарихтың елесі есепті жергілікті халықтың тілінде сақталып қалған.

Алайда, шекаралық аймақтардың қазағының тіліндегі ауыс-түйіс тілдік белгілермен салыстырғанда, қазақ топырағының өз табанындағы говорларымызды бір-бірінен даралайтын ежелгі ру-тайпа диалектілерінен сақталып қалған тілдік белгілер әлдеқайда аз. Осы себептен де болу керек, қазақ тілін өзбек, ұйғыр, т. б. осы сияқты ағайын тілдермен салыстырып, олардан гөрі диалектілік жіктелісі солғын тілдер қатарында атап жүр. Біздің тіліміздегі диалектілік ерекшеліктердің саны мен сапасы аталған тілдердікімен бірдей болмайтынында, әрине, шүбә жоқ. Бірақ, сонда да болса, мұндай қорытындыны осы түркі тілдердің бәріндегі диалектілердің арақатынасын тереңірек зерттеп барып айту қажет сияқты.

Жоғарыда айтқанымыздай, халық тілі топырағында көктеп, халық тілі топырағында өркен жайған әдеби тілдің сөз қазынасы кемелденуінің сарқылмас бұлақ, құнарлы арнасы халық сөзінің байлығы болатыны — талассыз шындық. Күні кеше белгілі өлкеде тұратын жергілікті халықтың тілінде ғана қолданылып келген, өзге жердің қазағына мүлдем бейтаныс не қилы сөздерді кітап-қағаз жүзінде, көркем шығармада, сахнада, мектепте, баспасөзде, радиотеледидар хабарында әдейілеп, мақсат қоя қолданудың нәтижесінде ол сөздердің әдеби тіліміздің сөз қорының шынайы игілігіне, барша халықтық игілікке айналып отырғанын біздің әрқайсымыз өз көзімізбен көріп, сезіп-біліп отырмыз.

Ү Әдеби тіл дегеннің өзі қалыптасқан белгілі нормалары бар, стильдік тұрғыдан жонылып қырналған, сөздері, дыбыстық жүйесі, сөйлеу мәнері сол әдеби тілдің барша өкілдері үшін ортақ, әрі түсінікті тіл ғой. Ал жергілікті халық тілінде қолданылатын сөздердің, дыбыстық құбылыстардың, сөз саптау машығының бар-баршасы үнемі осы талаптың аясына сия бермейді. Сондықтан әдеби тіл жергілікті тіл құбылыстарын өз бойына сіңіру, еншілену деген жайға келгенде халық тілінде бар дүниеліктің бәріне талғаусыз қарай алмайды. Ондағы барды тандап, талғам таразысынан өткізіп, елеп-екшеп барып өз кәдесіне жаратады. Басында халық тілінен әдеби тілімізге дәл осындай жолмен келіп, қазір әдеби тіліміздің сөз байлығының төрінен орын алып отырған, бұл күнде жалпы халықтық рухани игілікке ұласқан сөздердің тілімізде талайы бар. Жалаң сөзділік болмас үшін осы тұста бірнеше мысал келтірейікші.

Айтқанда да, жазғанда да бәріміз жаппай қолдана беретін *дақыл, дәнді дақыл, бағбан, сүдігер, сақпаншы, мердігерлік* сынды сөздер қазір жұртшылыққа әбден таныс. Бірақ осы сөздердің әуелде Қазақстанның тек оңтүстік аймағы тұрғындарының тіліне ғана тән сөз болғанын біздің әрқайсымыз жете біле бермейміз. Жергілікті сөздердің ішінде, әсіресе, әр түрлі өлкенің өзіне тән кәсіпке байланысты айтылатын кәсіби сөздер (профессионализмдер)

делінетін тарауы әдеби тіліміздің сөз қорын, қазақ терминологиясын дамытуда тамаша үлес қосып келеді. Мұның мысалы ретінде бұл күнде әдеби тілде өзіміз жиі қолданып, жиі еститін, бұрын тек Каспий, Арал, Балқаш балықшылары ғана қолданатын *лақа, қаяз, сыла, тыран, мерке, сүген* (балықтың түрлері), я болмаса бұрын тек оңтүстік диқаны ғана білетін *шитті мақта, жүйек, ақаба, қоза*, сол тәрізді күні кешеге дейін Сыр бойы қазақтарына ғана танымай қауын түрлерін, одан жасалатын тағамдарды білдіретін *әңгелек, торлама, күләбі, патсайы қауын, ұн қауын, қант қауын, қауын шек, қауын құрт* деген тәрізді сөздерді атауға болады. Осы секілді күрші, темекі, жеміс, бау-бақша т. б. арнаулы шаруашылықпен айналысатын жерлерде осы кәсіп түрлеріне байланысты терминдер жақсы дамыған. Олардың біразын баспасөз бетінен, радиодан жиі оқып, жиі естіп те жүрміз. Әдепкіде құлаққа тосындау естілгенімен, мұндай сөздердің көбі-ақ айтыла келе бірте-бірте құлаққа сіңісіп, әдби тіліміздің лексикасынан өзінің лайықты орнын алатынын тәжірибе көрсетіп жүр,

Әдеби тіліміздің сөз байлығына жергілікті халық тілінің қатысы жайында сөз қозғағанда ең алдымен ауызға оралатыны — лексикамыздағы дублет сөздердің жайы. Олардың ішінде, әсіресе орфоэпия мен емле жөнінен әдеби тілімізде жүйеге салуы қиындық келтіріп жүргені — фонетикалық деп аталатын дублеттер. Ауызекі тілімізде болсын, жазба жүзінде болсын екі ұдай айтылып, екі ұдай жазылып жүрген баршамызға аян *бейіл-пейіл, ары-әрі, саламат-сәлемат, бөлегі-бөлігі, бәйге-бәйгі, айқай-айғай, палуан-балуан, үлгіру-үлгеру, арқылы-арқалы* тәрізді сөздер осы фонетикалық дублетке жатады. Дұрысына келсек, бұлар — әр өлкенің қазағының тіліндегі бір сөздің әр түрлі нұсқалары. Білдіретін мағынасы, тіліміздегі атқаратын қызметі бір-бірімен тепе-тең түсіп жататын болғандықтан, мұндай жарыспалы сөздердің әдеби тіліміздің сөз нәрі, стильдік орамы үшін тигізер пайдасы әлбетте аз болмақ. Бір сөзді бірде *риза*, бірде *ырза*, *разы* деп дыбыстық тұрғыдан сан-саққа жүгіртіп қолданудың айту мен жазуда ала-құлалық тудырғаны болмаса, тілдің байлығын танытпасы кәміл.

Ешқандай мағыналық өңі болмауы себепті бұл секілді дыбыстық құбылулардан сөз әсерлілігі өзгеріске ұшырай қоймайды. Сол үшін де әдеби тіліміз өз бойында олардың бір сынарын ғана орнықтыруға мүдделі. Мұндай фонетикалық егіз сөздердің тіліміздің лексикасында өмір сүруінің бір-ақ шарты бар. Ол — бұлардың әр сынарының дербес мағыналық түс-таңбаға ие болуы.

Басында шартты түрде алынып, кейін бірте-бірте жұртшылық түсінігіне етене боп сіңісіп, екі сынары бірдей әдеби тіліміздің сөздік қорынан лайықты орнын тапқан *өкімет* (орысша — власть), *үкімет* (правительство) сынды сөздердің бар екенін біздің әрқайсымыз жақсы білеміз. Бұл сөздерді қазір мағыналық жағынан бір-бірінен дербестеніп, дублет аясынан шығып, лексикалық тұрғыдан толық сараланған деуімізге әбден болады. Әрине, тілдің барлық құбылыстарын қажет болған жердің бәрінде дәл солай ретке салып отыру — әр кез қолдан келе бермейтін жұмыс.

Ресми стильдегі сөздерді, қоғамдық-саяси, ғылыми т. б. терминдерді жүйеге келтіруге мәдени қауымның тілге саналы түрде етер ықпалы нәтижелі болып шыққанымен, әр географиялық аймақтың жергілікті халқының күнделікті сөйлеуіндегі от басы, ошақ қасында айтылып жататын тұрмыстық лексикадағы сан қилы сөздерге келгенде оның ойдағыдай нәтиже бермеуі ықтимал. Өз алдына жеке бір сөз болса, немесе морфологиялық құрылысы өзгеріске түскен сөздер болса бір сәрі, дәл халықтың тұрмыстық лексикасындағы толып жатқан сөздердің жуан-жіңішке айтылуын (пішін-пышын, әмел-амал, шіл-шыл т. б.), я сөздің жекелеген бір дыбыстарының *бөтеге-бөтеке, тоған-тоғам, негіз-негіз* деген тәрізді құбылуынан мағына дербестігін тудыруға әуестену, біздіңше, қолайлы тәсіл емес.

Әйтеуір тіліміздің сөзі еді ғой, жерге тастамайық деп, фонетикалық дублеттің мына сыңарын қайткенде де мына мағынада қолдан, ана сыңарын ана мағынада қолдан деп рецепт бергенімізбен, онымызды күнделікті тұрмыстағы ауызекі сөйлеу стихиясы қабылдай бермейді ғой.

Бұл — халықтың ауызекі тілінде қазір жарыса қолданылып жүрген, я ана сыңары, я мына сыңары әдеби тілде әлі күнге жете орнығып үлгірмеген фонетикалық дублеттердің жайы. Мұндай жай қазіргі дублет біткеннің баршасының басына тән десек, әрине, қателескен болар едік. Тілімізде көпшілік фонетикалық дублеттердің қазіргі күнде нақтылы бірақ сыңары әдеби норма ретінде ірге тепті деп айтуымызға әбден болады. *Мәселен, маңдай-маңдай, тұрмыс-тұрмыш, тізгін-дiзгiн, асыл-әсiл, бал-пал, қарбыз-дарбыз* дегендердің алғашқы сыңарлары әдеби тілдің нормасы ретінде қалыптасқанын ешкім де бекер дей алмаса керек. Осы жұмыста қамтылып отырған деректердің де барлығы дерлік тек нақтылы бір сыңарлары әдеби тілде қолданылатын болып қалыптасып қалған фонетикалық дублеттер.

Фонетикалық дублет сөздердің жай-жапсарымен таныс болудың әдеби тілдің жазу-сызу нормасын, сөйлеу нормасын бір ізге салуда зор практикалық мәні бар. Бұл, әсіресе, мектеп тәжірибесі үшін аса қажет. Оқушылардың сөйлеу мәдениетін, жазудағысын дублет сөздердің қыр-сырын жете білмеген жерде жүйеге салу, әдеби тіл деңгейіне көтеру мүмкін емес. Сондықтан әрбір мектеп мұғалімі, әсіресе тіл мен әдебиет пәнінің мұғалімдері мұндай жайдан аса хабардар болғаны керек.

Осы ыңғайда әдеби тіл мен жергілікті халық тілінің арасындағы байланыстың, селбестіктің сыр-сипатын тереңірек ұғынуға көмектесетін тағы бір қажеттілік — дублеттердің лексикалық деп аталатын түрінің ерекшелігін танып-білу. Халық тіліндегі мұндай сөздердің жоғарыда сөз болған фонетикалық параллелдермен салыстырғанда өзіндік кейбір ерекшелігі бар. Ол — мұндай дублеттердің кейде тіліміздегі синоним сөздермен астасып, қабысып жататын жайы. Мәселен, бәрімізге таныс *қасқыр* мен *бөрі* сөздерін, тілімізде өзара жарыса қолданылып жүрген *мата-кездеме* сөздерімен салыстырып көрейік. Былай сырт алып қарағанда,

қасқырды бөрі деп, матаны кездеме деп атауда мағыналық айырманың бар-жоқтығы байқала қоймайды. Бірақ осыларға кішкене үңілінкірей қарау *қасқыр*, *бөрі* дегендер мен *мата*, *кездеме* дегендердің лексикалық реңінде соншалық бадырайып тұрмағанымен, әжептәуір айырмашылық бар екенін аңғартады. Өйткені *қасқыр*, *бөрі* сөздері стильдік тұрғыдан алып қарағанда, бірінің орнына бірі талғамсыз қолданылатын сөздер қатарында емес. *Аш қасқырдай*, *аш бөрідей* деп айта беруге келгенімен, *қасқыр терісі*, *қасқыр ішік* дегендерді *бөрі терісі*, *бөрі ішік* деп айту стильдік оғаштық болар еді. Сол сияқты *бөрі арығын білгізбес* болып айтылғанымен, *қасқыр арығын білгізбес* болып айтылмайтыны да түсінікті ғой.

Демек, мағына жағынан бір-біріне тым жақын келіп жатқанымен, бұл сөздердің тіліміздегі стильдік өрісі басқа-басқа. Мағыналық жақындығы бар тура осындай әр алуан стильдік аяда қолданылатын сөздердің, әлбетте, синоним шеңберінде танылатыны мәлім. Ал *мата*, *кездеме* сөздеріне келетін болсақ, бұлардың жайы басқашарақ. Бұл сөздерді бірінің орнына бірін балама етіп қолдануға қайшылық келтірерліктей жоғарыдағы сияқты стильдік айырма жоқ. Республикамыздың орталық, солтүстік, батыс өңірлерінде *мата* сөзі қандай лексикалық мағынада қолданылса, республикамыздың оңтүстік өңірінде айтылатын *кездеме* сөзі де дәл сондай лексикалық мағынада қолданылады. Сол үшін де бұларды дублет сөздер деп білеміз. Мұның жазба әдеби тілімізде денірек қолданылып жүргені — *мата* нұсқасы.

Синонимдердің тіліміздің көркемдік құдіретін танытатын зор бейнелеу құралы екенін ескерсек, оларды дублеттерден жаза бастырмай ажырата білудің әдеби тіліміз үшін қаншалық маңызы бар екенін түсіну қиын емес. Айтып, не жазып жеткізбек пияғылымызға эмоциялық өң беріп, тыңдаушы мен оқушының эстетикалық сезіміне пәрмен етер, ой түйінінің көкейге қонымды шығуына жәрдемші болар тіл жиназдарының бірі — синонимдер екені белгілі. Бір ғана ұғым төңірегінде *сөзуар*, *сөзшең*, *тілмар*, *шешен*, *сөйлемпаз*, яки *тез*, *шапшаң*, *жылдам*, *дереу*, *шұғыл*, *жедел*, *лезде*, *заматта*, *демде* болып құлпырта қолданылған синонимдердің әр қайсысының арқалаған стильдік жүгі әр басқа. Ал лексикалық дублеттерді, әсіресе олардың ішіндегі нақтылы бір объектінің атауышы болып келетін *бәкі-шаппа-ныштар*, *елек-елеуіш-елгезер*, *тіреу-тірек-ұстың*, *кәкпір-кепсер*, *шәулі-шолпы* тәрізділерін осының алдында сөз етіліп өткен фонетикалық дублеттермен бара-бар десек болғандай. Әр түрлі сөздермен аталғаны болмаса, шаппа да бәкі, ныштар да бәкі, бәкі де бәкі ғой. Сондықтан еш стильдік бояуы болмаса, мұндай сөздерді тепе-тең мағынада, бірінің орнына бірін алма кезек қолданудан әдеби тіліміздің ұтыс таппасы айқын. Егер қажет болған жерде осылардың бас-басына шартты түрде дербес лексикалық мағына таңуға мүмкіндік тапқандай болсақ, онда әңгіме мүлдем басқаша. Әр түрлі мағыналық, стильдік бедерде қолдануға жарарлық еткен жағдайда лексикалық дублеттердің тіліміздің мұқтажын өтеріне шек келтіріп жату орынсыз болар еді. Мәселен, бір ғана мағынада бірде *шыны*, бірде *шөлмек*, *шынша*

кейде орысша нұсқасында *бөтелке* боп қолданылып жүрген сөздердің бірін орысша бутылка, енді біреулерін банка, *бутыль*, *бокал* мағынасында ел-жұртқа саралап қолдандыруға шамамыз келсе, мұнымыз жаман болмас та еді.

Қайталап айтайық, әр сыңарын жоғарыдағы ретпен әдеби тілімізде өзге-өзге мағыналық белгіде жұмсап, кәдеге жарата алсақ, халықтың ауызекі тіліндегі дублет сөздерден қашқалақтап бойды аулақ салудың еш лайығы жоқ. Кейбір сәтсіз шыққан жасанды сөздерден гөрі мұндай сөздердің әдеби тіліміздің табиғатына анағұрлым жанасымдырақ келетіні даусыз. Өйткені дублет сөздер дегеннің өзі тілімізде ғайыптан пайда болған құбылыстар емес қой. Синонимдер сияқты олардың да тілімізде сақталып келуінің белгілі сыры бар. Тіліміздегі көпшілік дублеттердің пайда болуының мықты бір із-өкшесі халық тілінде жатыр. Олардың әрқайсысы — әр жердің қазағының тіліндегі бір сөздің әр түрлі баламалары. Қазақ жерінің әр өлкесін қоныстанған жергілікті халықтың ауызекі тілінде мұндай қыруар сөз бар. Мәселен, осындағы мысалға алынып өткен дублеттердің қай тізбегін алсақ та, олардың әр сыңарының республикамыздың әр өңіріне тән сөз екені көрінеді. Айталық, *кәкпір* деп басталатын тізбектің *кәкпірі* көбіне Қазақстанның орталық, солтүстік бөлігінде қолданылатын болса, *кепсері* Жетісу төңірегінде, *шаулісі* Шымкент маңында қолданылатыны белгілі. Жергілікті халық тілінің әр кез әдеби тіліміздің өркен жаюының құнарлы бір арнасы болып келе жатқанын ешкім де бекер дей алмаса керек. Сөз қазынасының не бір асылы халықта, ел аузында, тек соларды талғам таразысынан өткізіп, сұрыптап, елеп-екшеп ала білгеніміз абзал.

Халық тілі байлығын орайы келген жерде иінімен пайдаланудың еш әбестігі жоқ. Алайда, жылтырағанның бәрі алтын емес дегендей, кез келген жергілікті сөзді жөн-жосықсыз әдеби тілімізге тықпалай берудің тіл мәдениеті үшін пайда бермесі шүбәсыз. *Сәбіз* сөзі тұрғанда жергілікті сөз *кешірді*, асқабақ тұрғанда *аскелдіні*, *таразы* тұрғанда *шеккіні* әдеби тілімізге қоса ендіруге тырысу өсте тіл мәдениеттілігінің нышаны бола алмақ емес. Өзіміз орнымен кәдеге жаратамыз десек, қазақтың жергілікті ауызекі тілі әдеби тіліміздің игілігіне тұтынарлық сөздерге әлі де кенде емес. Мәселен, Қазақстанның оңтүстігі мен батысында егіз туған үш төлді, төрт төлді білдіретін *үшем*, *төртөм* (немесе *үшен*, *төрген*) сөздерін орыс тіліндегі дәл осы мағынадағы тройня, четверня сөздерінің баламасы есебінде қолданатын болсақ, әдеби лексикамыз үшін қандай жарасымды болар еді. Сол тәрізді орыс тіліндегі коридорды оңтүстік қазақтарыңша *дәліз*, бездельникті *бекерші*, пельменді *тұшпара*, минерал суын *арасан су*, батыс говорларымыздағыша плащты *жамылшы*, кошелекті *шилан*, керосинді *жермай*, купканы *тоғыт* деп алсақ, ә дегенде құлаққа тосындау естілгенімен, кейін олардың да бірте-бірте әдеби тілімізге сіңісіп кетуі ғажап емес. Әсіресе *дәріхана* (аптека), *сүтхана* (сүт дүкені), *қышхана* (кірпіш заводы), *наубайхана* (пекарня), *көмірхана* (отын қоятын үй) секілді *-хана* жұрнағының жәрдемімен жасалған



атаулар казак жерінің түскей өңіріне кең жайылған. Міне, бұлардың да біразын әдеби тіліміздің игілігіне жаратудың жөні бар. Өйткені құлағымызға көптен көнігі болған кітапхана, мейманхана тәрізді үйреншікті сөздерді былай қойғанда, кейінгі жылдарда осы жұрнақтың сүйемелімен жасалған шеберхана, емхана (поликлиника) сынды сөздер сәл уақыттың ішінде-ақ тілімізге сіңісіп кеткен жоқ па.

Жергілікті халық тіліндегі табиғат құбылыстарына, жап-жануар, өсімдіктер дүниесіне байланысты атаулардың молдығына көз тұнады. Бір ғана Маңғыстау өлкесі қазақтарының жер бедерінің (рельефінің) ылди-өрі, ой-қырына байланысты айтылатын көбімізге бейтаныс *ағас, кесене, жалас, қапы, еңіреу, қобыс, үдек, жығары, далда, үрпек, тұран, күп, үспе, орпа* тәрізді қыруар сөздерді кездестіргеніміз бар. Мұндайлардың өзі жаратылыс терминдерінің халық тілінде сақталған бейне бір шжіресі есепті. Әсіресе жергілікті профессионализм деп аталатын сөз машығының не алуан үлгілері әдеби тіліміз сөз байлығының сарқылмас көзі, төл қазынасы десек болғандай. Бір ғана ирригация кәсібі төңірегінде оңтүстік аймақта айтылатын *әуіз, әуіт, тұран, нарсалма, тоғын, уат, қашы* сынды не қилы сөздер әдеби терминологиямыздың нағыз ырысы десек, әбден сияды. Қазақтың халық диалектілері мен говорларының әлі күнге ескерілмей, зерттеуші назарынан тыс, қалыс жатқан осы іспетті құбылыстары баршылық. Кейде осындай сөздерді «жергілікті» дегенді желеу етіп жатырқамай, мұқтаж болған жерде белгілі мақсатқа лайықтап, сәтті пайдалана алсақ, әдеби тілімізді ұстартудың сарқылмас арналарының бірі — сол болмақ. Ал олардың жай-жапсарын жыға танып-білмей тұрып, әдеби тіліміз үшін пайда-залалы қайсы деген жайда кейде бой көрсетіп қалып жүргеніндей, шамасы осы болар-ау деген ниетпен құр доғбар пікір түйу, тұспалдап билік айту — үстірттік болар еді.

Ұ Осы тұста республикамыздағы белгілі тіл маманы Ә. Қайдаровтың мына бір сөзін еске салудың орайы бар: «Жергілікті халық тіліндегі фонетикалық, лексикалық, семантикалық, фразеологиялық т. б. ерекшеліктердің өздері де неше түрлі. Олардың ішінде әдеби тілде баламасы барлары да, баламасы жоқтары да бар. Әдеби тілде толық баламасы жоқ, бірақ ерте ме, кеш пе, әйтеуір, оның бір кәдесіне жарауға тиісті диалектизмдерге кәсіби сөздер, яғни жергілікті халықтың кәсібіне, әлеуметтік тіршілігіне, шаруашылық жағдайына, табиғи ерекшелігіне байланысты ұғымдардың, заттардың, құбылыстардың атаулары жатады... «Әдеби тіл мен жергілікті тіл ерекшеліктері арасында қытай қорғаны жоқ, — деп көрсетеді бұл кісі. — Әдеби тіліміз атқаратын қызметіне байланысты жергілікті халық тіліне ықпал жасап, оны игеруге, өзіне керегін алып, кәдесіне жаратуға тырысады. Және де бұл — тіл дамуына қажетті процесс»<sup>1</sup>. Әділін айтсақ, әдеби тіліміз үшін жергілікті халық тілі дегеннің өзі бір кемел дүние, шынайы бай-

<sup>1</sup> Қайдаров Ә. Сөз өнері дертпен тең. «Қазақ әдебиеті», 1983, 29-июль.

лық. Шағын ғана бір өлкенің жергілікті тұрғындарына аян, өзге жердің халқы әлі күнге естіп-білмеген, бірақ әдеби тіліміз тарапынан ілтипат білдірерлік, оның ділгерлігін өтерлік сөздер де, сөз тіркестері де халық тілінде лек-лек.

Жергілікті сөздердің көркем шығармада жергілікті колоритті танытудың мықты бір құралы екені аян. Халқымыздың алып жазушысы, белгілі сөз зергері — Мұхтар Әуезов «Білеске-білек» делінетін әңгімесінде Жетісу өлкесі қазақтарының тіліне тән көптеген сөздерді өз кейіпкерінің аузына салған. Мұндағы жазушының көздеп отырғаны — шығармаға қатысып отырған кейіпкерлердің тіліне жергілікті өң беріп, характердің этнографиялық, психологиялық бояуын қанықтыра, қоюландыра түсу. Мұндай жайдың шығарманың әсерінен тыс, оқушы қауым мағлұматтылығы үшін танытқыштық мәні де жоқ емес. Мәселен, аталған шығарманы оқыған адам Жетісу төңірегі қазақтарының тілінде қазақ жерінің өзге аймақтарында кездесе қоймайтын кей сөздердің бар екендігі жөнінде әжептеуір мәлімет алып қалады. Осы орайда енді аты әйгілі орыс совет каламгері Михаил Шолоховтың «Тынық Донуна» назар аударып көріңіз. Мұнда да жоғарыдағы тәрізді жазушының диалогтарға келгенде, шығарма қаһармандарын Дон казактарының жергілікті говорымен сөйлетіп қоя беретінін оңай байқайсыз. Осыдан келіп шығармадағы көп кейіпкерлердің бір-бірінен тіл жағынан дараланып, өзіне тән сөз саптау машығы, өз лексикасымен оқырман жадында ұзақ сақталатын жайы бар. Жергілікті халықтың салтын, әдет-ғұрпын, ұлттық мінез-құлықты оқушыға ұғындырудың бір түйінінің осында жатпағы да кәміл.

Осы жөнінде жоғарыда аталған мақаланың авторы былай деп орынды көрсеткен: «Әрбір каламгер өз шығармаларында белгілі бір өлкеге тән диалектизмдерді кейіпкерлердің аузына салып сөйлетуге ерікті. Бірақ ондай сөздер әдеби тіл нормасы бола алмайды. Ал жазушының өзі болса, жергілікті кейіпкерлерше емес, жазушы ретінде шынайы көркем сөздің үлгісімен баяндап, авторлық ремаркада әдеби норманы қатаң сақтауы керек. Бұл қағидаға ұлы ақын-жазушылардан бастап, көркем сөз саласында бағын сынаушы жас талапкерлерге дейін түгел бой ұсынуы қажет». Демек, жергілікті сөздерді, сөз орамдарын өз пінімен ұтымды пайдаланбай, қажетті жерде де, қажетсіз жерде де жөн-жосықсыз тықпалай берудің шығарма тілінің шеберлігі үшін де, әдеби тіліміздің норма заңдылығы үшін де тигізер пайдасы аз болмақ.

Ана тіліміздегі мағынасы көмескіленген кей сөздердің бастапқы тарихи төркінін түсіндіруге де жергілікті сөздердің тигізер септігі аз емес. Мәселен, *үнжырғасы түсу* деген тіркестің бір сынары *үнжырға* сөзі халықтық тілімізде осы тіркестен тыс жерде жеке қолданылмайтыны түсінікті. Ал енді Маңқыстау қазақтарының тілін алсақ, онда оның бұғана сүйекті білдіретін дербес сөз екенін білеміз. Бұдан әңгіме болып отырған тіркестің нығы түсу деген тіліміздегі екінші бір тіркеспен неліктен мағыналас келетінін аңғару қиын емес. Сондай-ақ республиканың батыс бөлігі тұрғындарының судың терендігін *бел буардан* келеді деп қолда-

нуы — өзге жердің қазақтары айтатын *белбуардан* сөзінің әуесінде жоғарыдағы екі сөздің (белбуардан) бірігуінен пайда болғандығының дәлелі. Сол секілді тіліміздегі *қосағыңмен қоса ағар* деген біреуге деген ізгі тілекті білдіретін алғыс сөз бәрімізге таныс. Алайда осындағы *ағар* деген сөздің басында *қары* деген етістіктің дыбыстық тұрғыдан өзгеруі нәтижесінде бертін келе пайда болған сөз екенін екінің бірі аңғара бермейді. Өйткені қары деген етістік сөздің қазақ говорларында *қартай//кәртәй* деген мағынада дербес сөз ретінде қолданылатынын білмеген адам үшін бұл арасына сену қиын. Ал, шындығына келсек, *қары, қарыды, қарыған* деген тұлғада айтылатын осы етістікті оңтүстік алқаптың көп жерінен күні қазір кездестіруге болады. Сонда жоғарыдағы фразалық тіркестің алғашқы нұсқасы *қосағыңмен қоса қары* болып шығады. *Жұтқаны жұмырына* дегендегі дербес сөз ретінде қолданыла қоймайтын, сондықтан мағыналық жағы қазір көмескілене бастаған *жұмыр* сөзі Маңғыстау жеріндегі қазақтардың тілінде қарын деген жеке мағыналы сөз ретінде әлі күнге қолданылып келеді. *Батыр аңқау, ер көдек* дегендегі *көдек* сөзі де оңтүстікте бала мағынасындағы дербес сөз. Басқа қазақ говорларының өкілі үшін бұл, әрине, беймәлім жай. Бұдан тыс *анда-санда, бала-шаға* сынды толып жатқан қос сөздердің түсініксіз сыңарларының сырына қанығу үшін де халық тілінің дерегіне үңілсек жеткілікті. Себебі мұндай бір сыңары түсініксіз қосарлардың жеке бір қоныстың қазағының тілінде дербес сөз ретінде қолданылып жүргендері көп. Осындағы *санда//шанда*, (сирек), *шаға//шақа* (бала) секілділер — осындай сөздер. Жергілікті тіл құбылыстары халықтың тарихы, мәдениеті, әдет-ғұрпы, этногенезі туралы да бағалы деректер бере алады. Бірақ оның бәрін айтып жатудың орны бұл емес. Халық тілін зерттеп білудің әдеби тіліміз үшін, күнделік тәжірибедегі қажеттілігіміз үшін пайдасы қаншалық дегенді ұғынуға осы айтылғандардың өзі жетіп жатыр.

✓ Халықтың ауызекі тілі, халық диалектілері мен говорлары — әдеби тілімізді байытудың, оның сөз орамын, сөз саптау машығын нәрлендірудің қайнар бір көзі, құнарлы арнасы делік. Бірақ әдеби тіліміз халық тілінде бардың бәріне талғаусыз қарай алмайды. Онда барды қажетіне қарай талғап, елеп-екшеп барып өз кәдесіне жаратады. Халықтың ауызекі тілі мен әдеби тіл арасында осындай байланыстың болуы себепті диалектілік ерекшеліктердің жай-жапсарынан хабардар болу әрбір мәдениетті адам үшін аса қажет. Әсіресе, ол мектеп мұғалімдері үшін, соның ішінде тіл мен әдебиет пәнінің оқытушылары үшін ауадай қажет. Әдеби тілде сөйлеп, әдеби тілде жазу дағдысына қалыптасу, әлбетте, мектептен басталатын нәрсе екенін бәріміз жақсы білеміз. Халық тілінің жергілікті ерекшелігінен мұғалім қауымының дерегі мол болуының қажеттігі көбіне-көп мынадай жағдайдан туады. Мектеп атаулының қай-қайсысын алсақ та халықтың қалың ортасына орналасқан мекеме екені аян. Ал әр оқушының жеке басын алатын болсақ, өзі өскен ортасының кішкене бір өкілі. Оның тілі өзі өсіп, өркен жайған ортасынан, ата-анасының тілінен алшақ кетпейтіні және тү-

сінікті. Әр оқушыны ана тілінде дұрыс жазып, дұрыс сөйлеуге баулитын — соя өзі оқыған мектебі, мұғалімі, ата-анасы. Міне, осыдан келіп мұғалім қауымының халық тілінің жергілікті ерекшелігінен мағлұматты болу қажеттілігі туады.

## ДАУЫСТЫЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ

### ДАУЫСТЫЛАРДЫҢ АЛМАСУЫ

**о/ұ дауыстыларының алмасуы.** Дауыстылар ішінде әр өлкенің қазағының тілінде бірінің орнына бірі жиірек қолданылатын дыбыстардың бір тобы — осы дыбыстар. Бұлардың осылайша бірінің қызметін бірі атқаруға бейім тұруының кейде өзіндік себептері де болады. Солардың ішіндегі ең бастысы — бұл дыбыстардың арқалайтын фонологиялық жүгінің солғындайтын кезі. Мәселен, *қорытынды* деген сөз қазақ жерінің көпшілік өңірінде осы үлгіде айтылғанымен, бірқатар жердің қазағының тілінде оны біз *құртынды* деген нұсқада ұшыратамыз. Яғни бұл сөздің бірінші буынында бір жерде *о* қолданылса, бір жерде *ұ* қолданылатыны көрінеді. Бірақ осындағы екі ұдай фонетикалық вариантты қолданудан бұл сөздің семантикасы өзгеріске ұшырай қоймағаны байқалады. *сұрады//сорады* деген де осы сияқты. Бұл жердегі алмасудан да сөз семантикасына келіп тұрған нұсқан жоқ. Ал енді фонетикалық қызметі айқын жерде бұл дыбыстардың тілімізде алмасуы байқалмайды. Мысалы: *ор* — *ұр*, *қос* — *құс* т. б.

Түркі тілдерінің жалпы жүйесін алсақ та, я қазақ тілінің жеке басын алсақ та бұл дауыстылардың алмасуында соншалық кең жүйе жоқ екенін байқаймыз. Айталық, біріне бірі өте жақын тіл болғанымен қарақалпақ тілі мен қазақ тілінің арасында *л* мен *д/т* дауыссыздарын бірінің орнына бірін қолдану жөнінен зор парық, айырма бар. Аффикс құрамында қазақ тілінде *д/т* айтылған жердің бәрінде қарақалпақ тілінде үнемі дерлік *л* қолданылатынын көреміз. Бұл — аса жүйелі дыбыстық құбылыс. Ал біз айтып отырған ерін дауыстылары *о* мен *ұ*-ның алмасуында түркі тілдері арасында да, бір тілдің өз ішінде де мұндай тұрақтылық, бір ізділік жоқ. Бұлай болатыны мұндағы жұптың қысаң сыңары *ү* қыпшақ тілдерінен өзге түркі тілінде жоқ<sup>1</sup>. Сол себептен де түркі тілдерінің классификациялық жүйесінде бұл құбылыс (*о/ұ* алмасуы) ілтипатқа алына бермейді. Оның қазақ говорларында қолданылуы турасында да осыны айтуымыз керек. Бұған дейінгі жиналған диалектологиялық деректер мен жарияланған зерттеулерден көрінетіні — *о* мен *ұ* алмасуының көбірек байқалатын жері — қазақ жұрты тараған өлкенің батысы мен оңтүстігі.

Осы құбылысқа қатысты қазақ жерінің батыс, оңтүстік өңірінен бұған дейін жиналған сөздердің екі тобы мәлім. Оның бірі —

<sup>1</sup> Исхаков Ф. Г. Характеристика отдельных гласных современных тюркских языков, ИСГТЯ, часть первая, фонетика, М., 1955, 106-6.

көпшілік говорларымыздағы ү-ның орнына о қолданылатын сөздерде, екіншісі — осының керісінше о-ның орнына ү қолданылатын сөздердің тобы.

Бірінші топқа кіретін сөздердің арасынан бізге мәлімдерін өзге говорларымыз бен әдеби тіліміздің дерегімен салыстырып көрейік:

Говорларымыздың батыс тобында	Өзбек, тәжік арасындағы қазақтар мен соларға іргелес өңірде	Говорларымыздың көпшілік тобында	Әдеби тілімізде
оқсас	оқшаш	ұқсас	ұқсас
торлаусыз	тұрлаусыз	тұрлаусыз	тұрлаусыз
оқсат	оқшат	ұқсат	ұқсат
орұндыр	ұрұндыр	ұрұндыр	ұрұндыр
орпақ	ұрпақ	ұрпақ	ұрпақ
носқа	нұсқа	нұсқа	нұсқа
онжұрға	—	ұнжұрға	ұнжұрға
болжұмас	бұлжұмас	бұлжұмас	бұлжұмас
қонжаңда	құнжаңда	құнжаңда	құнжыңда
мұқат	мұқат	мұқат	мұқат
арық-торақ	арық-торақ	арық-тұрұқ	арық-тұрық
Солтан	Сұлтан	Сұлтан	Сұлтан
мақсот	мақсат	мақсат	мақсат
моржа	мұржа	мұржа	мұржа
марком	марқұм	марқұм	марқұм
қонжаң-қонжан	құнжаң-құнжан	құнжұн-құнжұн	құнжың-құнжың
орла/ұрла	орла	ұрла	ұрла
орлық/ұрлық	орлұқ	ұрлық	ұрлық
күп	хоп (мәйлі)	күп	күп
сұрақ	сорақ	сұрақ	сұрақ
ұзұн	озұн	ұзұн	ұзын
құман	қомған	құман	құман
ұйал	өйал	ұйал	ұял
тұспал	тоспал	тұспал	тұспал
бұ жақ	бо йақ	бұ жақ	бұл жақ
сосұн	осон/сосон	сосұн	сосын
сұра	сора	сұра	сұра

Екінші топқа, яғни көпшілік говорларымыздағы о орнына ү қолданылатын сөздерге мынадай сөздер жатады (келесі кесте):

Қазақ говорларындағы о мен ү дауыстыларының бірінің орнына бірінің қолданылуын дәлелдейтін факторлардың ұзын ырғасы осындай. Жоғарыда осы құбылыс байқалатын говорларымыздың негізгі тобы деп біз қазақ жерінің батысы мен оңтүстігін атадық. Бұл жай кестелерден анық аңғарылады. Ашық о-ның орнына қысаң ү-ның қолданылуының жиі кездесетін жері — Қазақстанның батыс аймағы (соңғы кесте). Келтірілген кейінгі топ мысалдардың бәрі қазақ жерінің сол батыс аймағынан жазылып алынған. Басқа өңірлерден жазылған осы іспеттес сөздердің әзірге бізге кездескені болған емес.

Ал қысаң ү-ның орнына ашық о дауыстысы айтылатын мысалдарға келсек, оның жайы бұдан гөрі басқалау. Ол мысалдардың арасында батыс өңірде кездесетіндері де, оңтүстік өңірде кездесе-

Говорларымыздың батыс тобында	Өзге говорларымызда	Әдеби тілімізде
күртұнды күрұлда құлдан құрамсақ ұйан ұйау ұйат жоғал қонұс сұпұ сұрақы тұмар дұзақ жұмала (дұмала) томала сұң ұсұ бұжбан (қара) шұқайып құмағай құтар құдық бұрша-бұрша етті бұршала бұрұш ұйран сұнар	кортұнды корұлда қолдан қорамсақ ойан ойау ойат жоғал қонұс сопұ сорақы томар дозақ домала соң осұ божбан шоқайып қомағай котар кодық борша-борша етті боршала борыш ойран сонар	қорытынды қорылда қолдан қорамсақ оян ояу оят жоғал қоныс сопы сорақы томар дозақ домала соң осы божбан шоқайып қомағай котар қодық борша-борша боршала борыш (қарыз) ойран сонар

тіндері де бар. Олардың біразы говорларымыздың тек батыс тобына ғана (окса, орпақ, онжұрға, қонжанда, моқа, арық-торақ, мақсот, марқом) тән болса, біразының тек оңтүстік топтағы говорларға (сора, сорақ, озұн, қомған, ойал, тоспал) тән екендігі көрінеді. Сол секілді олардың ішіндегі бірлі-жарым сөздердің говорлардың осы екі тобының ішінде аралас ұшырайтыны да кезі бар. Мәселен, *арық-торақ* дегендегі *торақ* батыста да, оңтүстікте де айтылады. Осы қос сөздің соңғы сыңары қырғыз тілінде де дәл осы формада қолданылады<sup>1</sup>. Жоғарыдағы мысалдардың бәрінің қазақ говорларындағы таралу шегі ада-күде анықталып болды деп айта алмаймыз. Алайда оның қайсысының қай өңірге тән екені, қайсысының қай өңірде молырақ кездесетіні жөнінде жоғарыда айтылған пікірде дұрыстық бар екені шүбәсыз. Бұған дейінгі әр өлкенің қазағының тілінен жиналған экспедиция деректері мен жарияланған еңбектер — осыған дәлел.

Қазақ говорларындағы бұл дауыстылардың бірінің орнына бірінің ауысып қолданылуында белгілі фонетикалық заңдылық

<sup>1</sup> Орузбаева Б. О. Қырғыз тилиндегі сөз жасоочу аффикстер. Фрунзе, 1958, 39-б.

бар. Дыбыс алмасушының осы түрі байқалатын сөздердің қысаң вариантының (күртүндү, құлдану, ұсы т. б.) қазақ халқы тараған территорияның көбіне батыс атырабына тән екендігіне қарап, мұны осы атыраптан көршілес түркі тілдерінің (татар, башқұрт, ноғай) ықпалынан болған құбылыс деп бір тұрғыдан айтуға да болатын сияқты. Себебі кей сөздердегі *о* дауыстысының қысаң айтылуы біздің тілімізден гөрі осы тілдерге тән ірек. Біздегі *у* орнына татар, башқұрт тілдерінде кәдімгі қысаң *ұ*-дан тыс қысаң ерін дыбысы *у* да қолданылады. Дұрысында, татар, башқұрт тілдеріндегі кейінгі аталған *у* дыбысы қазақ тіліндегі *о* дауыстысының орнына жүретін дыбыс. Ал дәл біздегідей *о* бұл тілдерде жоқ десек те болады.

Говорларымыздың батыс тобындағы *ұ*-ны осы тілдердің әсерінен деп тануға болмайтын да реті бар. Себебі түркі тілдері ішінде қысаң *ұ* дауыссызын мол қолданатын тілдердің бірі — біздің өз тіліміз. Алайда осы тұста тағы да бір мынадай кілтипан барын айтуымыз керек. Ол — аталған сөздердің «қысаң» вариантының тек батыс өңірге ғана тән болып, басқа жерлерде ұшыраспауы. Оның үстіне осы сөздердің кейбіреуінің дәл біздің батыс говорларымыздағы вариантына толық ұқсас, соған жуық фонетикалық нұсқаларын әлгі тілдерден табуымыз. Мәселен, біздегі *қомағай*, *сорақы*, *осы*, *домала* деген сөздердің башқұрт тілінде *қомағай*, *сорақы*, *ошо*, *йомала* болып, *қорылда* дегеннің татар тілінде *корылда*, ноғай тілінде *курулда* болып, *томсар* дегеннің башқұрт тілінде *томсар*, татар тілінде *томсай* боп, *қолдан* дегеннің башқұрт тілінде *коллан*, ноғай тілінде *құллан* боп, ал *қотар* сөзінің кейінгі тілде *кутар* боп қысаң *ұ* дауыстысымен айтылатынын көреміз<sup>1</sup>. Бірдіекілі болса да мұндай тіл фактілерінің бір-бірімен дөп түсіп жатуы — әсте оқыс, тосын жағдай деп қаралмасқа тиіс. Мәселен ноғайлардың Алтын Орда кезінде де, Алтын Орда ыдырағаннан, кейін де басқа қазақтардан гөрі Кіші жүз ру тайпаларымен қоныстас, жақын-жуық қатынастағы ел болғаны тарихтан белгілі<sup>2</sup>. Ал Жайық бойы, Еділдің арғы-бергі төңірегіндегі қазақтардың татар, башқұрт жұртымен ежелден күні қазірге дейін тығыз қарым-қатынаста келе жатқанын бұл тұста дәлелдеп жатудың қажеті бола қоймас. Ноғайлардың тіпті бергі дәуірлерге дейін Арал төңірегінде, Жем, Сағыз өзендері бойында болып келгені аян. Байқалып отырған дыбыстық ұқсастықтардың астары әрине осы тілдердің әуелде бір тектен өрбуі сияқты факторда жатуы да әбден мүмкін.

Осы тәрізді қазақ говорларындағы *ұ*-ның орнына *о*-ның қолданылуы себебін анықтау да қиын. Жоғарыда әңгімелеп өткеніміздей *о*-ның *ұ*-ға ауысуында тіліміздің говорларында бір шама тұрақтылық байқалатын болса, мұнда ондай тұрақтылық та жоқ. Келтіріліп отырған мысалдардың біразын (оқсат, орпақ, марқом т. б.) ба-

<sup>1</sup> Біздегі қысаң *ұ* башқұрт, татар жазуында *о* әрпімен, ноғай жазуында *у* әрпімен белгіленді.

<sup>2</sup> Волкова Н. Г. Этнонимы и племенные названия Северного Кавказа. М., 1973, 75-6.

тыс өңірдің қазғының тілінен кездестірсек, оңтүстік өңірдің қазағының тілінен біразын (сора, орла, ойал т. б.) кездестіреміз. Әрине, бұл құбылысты бейнелейтін сөздердің де қай-қай түрін өзге түркі тілдерінен табуға болады. Мәселен, *сора* етістігі мен одан жасалған өзге туынды сөздердің *о*-мен айтылатын осыған ұқсас варианты ұйғыр, өзбек, түрікмен, түрік, хакас, қарақалпақ, ноғай тәрізді тілдердің біразында-ақ бар. *Арық-торақ* дегендегі кейінгі сыңары *торуғ* ұйғыр тілінде арық деген мағынадағы жеке сөз боп *о*-мен қолданылады<sup>1</sup>. Сол секілді жоғарыдағы мысалдардың қатарындағы сөздердің бірі болмаса бірінің ұқсас вариатының өзге түркі тілдерінен табылатыны да анық. Бірақ бұлардан белгілі бір ірі жүйе, бір ізділік тауып болмайды. Ашық *о* дауыстысының қысаң ұ-ның орнына қолданылатын сөздері қазақ говорларында тым аз, әрі жоғарыда айтқанымыздай оның жарым-жартысы батысқа, қалған бір бес-он сөздеі оңтүстікке тараған.

*о/у* алмасуы байқалатын сөздердің кейбіреуі оңтүстіктегі қазақ говорларына өзбек тілінен лексикалық кірме есебінде өткен. Мәселен өзбек, тәжік арасындағы қазақтар жүйелі түрде қолданатын бір нәрсені мақұлдауды білдіретін *хон мәйлі* (жарайды, құп болады) деген тіркестегі *хон* (құп) сөзіндегі *о*-ның дәл осы тіркеспен бірге келген белгі екеніне күмәнданбасқа болады. Бұдан тыс *орла* (өз. ұғирла), *орлуқ* (ұғирлик), *бо йақ* (бу ёк) дегендегі *о*-ны да өзбек тілінің әсерімен байланыстыруға болады. Өзбек тіліндегі *у* біздегі жуанды-жіңішкелі *о*, *ө* дауыстыларының орнына бірдей жүретін әріп. Ол кейде жуан, кейде жіңішке айтылады. Оның жуан-жіңішке айтылуы айналасындағы фонетикалық қоршауға байланысты<sup>2</sup>. Дәл біз келтіріп отырған кейінгі салыстырма мысалдарда оның жуан айтылатыны талассыз. Өзбек тілінің ықпалы дегеннің бұл жерде тек осы мысалдарға ғана қатысы бар. Алмасудың осы түріне байланысты өзге сөздердің өзбек тілімен ұқсастығы жоқ. Біздіңше, батыста болсын, оңтүстікте болсын *о/у* алмасуы байқалатын сөздердің дыбыстық құрамындағы бұл белгіні бөгде тіл әсері деуден гөрі тіліміздің көне дәуірінен сақталған тарихи белгі деп қарау орынды тәрізді. Себебі дыбыс алмасуының осы түріне қатысты бірлі-жарым сөзді өзге өңірдің қазағының тілінен де кездестіруге болады. Мәселен, әдеби тіліміз бен көпшілік говорларымызда *сұлтан*, *шұрайлы*, *бұғақ* боп айтылатын сөздердің алғашқы екеуінің солтүстік өңірде *солтан*, *шорайлы* боп, кейінгісінің шығыста *боғақ* боп айтылатыны мәлім.

*о/у* алмасуын тарихи белгі деудегі тағы бір дәлел — бұл құбылыстың көбіне-көп тіліміздің байырғы сөздерінің құрамында ұшырауы. Расында да, алғашқы топ сөздердің де, кейінгі топ сөздердің де арасында кірме сөздер аз.

**ө/у дауыстыларының алмасуы.** Ерін дауыстыларының жіңішке жұбы — *ө* мен *у* дыбыстары да жоғарыдағы *о/у* тәрізді ашық-

<sup>1</sup> Ряснен М. Материалы по исторической фонетике тюркских языков. М., 1955, 87-б.

<sup>2</sup> Решетов В. В. Узбекский язык. ч. I, Введение. Фонетика. Ташкент, 1959, 137-б.



тық-қысаңдық тұрғыдан алмасатын дыбыстар. Говорларымыздың көпшілігі мен әдеби тіліміз тарапынан алып қарағанда, бұлардың алмасуының да екі түрі бар. Оның біріншісі көпшілік говорлар мен әдеби тілдегі ашық *ө* орнына *ү*-нің (*ү/ө*) қолданылуы да, екіншісі, керісінше, *ү* орнына *ө*-нің (*ө/ү*) қолданылуы.

*ү/ө* алмасуының байқалатын территориясы да қазақ елі тараған өңірдің оңтүстігі мен батысы. Енді осы құбылысқа қатысты аталған атыраптардан жиналған деректерді өзге өңірдің қазағының тілінің дерегімен, сосын әдеби тілдің дерегімен салыстырып көріңіз.

	Говорларымыздың көпшілігінде	Әдеби тілімізде
а) <i>ү/ө</i> алмасуының батыста байқалатын сөздері <sup>1</sup> күңүрсі үктөм күлүк үгөй күмүскі үрлүк дүң	көңүрсі/қоңүрсы өктөм көлүк өгөй күмүскі өрлүк дөң	қоңүрсы өктөм көлік өгөй көмескі өрлік дөң
б) <i>ү/ө</i> алмасуының оңтүстікте байқалатын сөздері <sup>2</sup> үтүк сүндүр үткүл үл күңүл	өтөк сөндүр өткөл/өткүл өл көңүл/кеуіл	өтск/үтїк сөндір өткел көңіл

*ө/ү* алмасуына қатысты сөздер говорларымызда тым аз. Бұлардың қатарында Маңғыстаудан жазылып алынған *бөгөлек* (*бүгелек*), *төнөр* (*түнер*), говорларымыздың шығыс тобынан жазылып алынған *көндөлікті* (*күңделікті*) тәрізді бірнеше сөзді ғана атай аламыз.

Дыбыс алмасуының бұл түрінің жоғарыдағы *о/у* алмасуынан принциптік еш айырмасы жоқ. Мұндағы дыбыстардың да алмасатын шебі — сөздің бірінші буыны. Бұдан кейінгі буындағы ерін дауыстыларының өзгерісі, негізінен, бірінші буындағы дауыстыға қатысты болатын болғандықтан, мұнда да ол ілтипатқа алынбайды. Сөздің бірінші буынында ерін дауыстылары келген жерде екінші

<sup>1</sup> Досқараев Ж. Байғанин ауданында тұратын қазақтардың тіліндегі фонетикалық ерекшеліктер. ҚТДМ, 2-шығ., Алматы, 1960, 5-б.

Қалиев Ғ. Аудандық газеттердегі диалектілік ерекшеліктер. ҚД. 1-шығ., Алматы, 1965, 115-б.

<sup>2</sup> Нақысбеков О. Қазақ тілінің ауыспалы говоры. Алматы, 1972, 30-б.

буындағы, тіптен үшінші буындағы қысаң және жартылай қысаң дауыстылардың еріндік сипатқа не болуы — тілімізге тән заңдылық. Мысалы: *дөңгөлөк, бөденө, жұмұр, үндөмө* т. б. Алайда бірінші буынға байланысты ерін үндестігінің ықпалы сөздің қалған буындарының бәріне бірдей емес. Бірінші буындағы ерін дыбысының ықпалына қазақ тілінде көбірек ұшырайтын — екінші буындағы дауысты. Ал үшінші буындағы дауыстының ерін ықпалына шалдығуы оншалық емес. Бұдан арғы буындарда ерін үндестігі ықпалының кездесуі тілімізде байқалмайды десек те болады. Мыс: *көбөлөктің*. Осы себептен де Қ. Неталиева «Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігінде» үшінші буындағы езу дыбыстарының ерін дыбысының ықпалына шалдыққан жерін үнемі диакритик белгімен көрсетіп отырған<sup>1</sup>. Бірінші буындағы ерін дыбысының ықпалымен кейінгі буындардағы қысаң дауыстылардың еріндік реңкке не болуы қарақалпақ<sup>2</sup>, ноғай<sup>3</sup> тілдерінде де бар.

ү, у дауыстылары бірінші буында айтылғанда, кейінгі буындағы қысаңдардың ерін ықпалына түсуі татар тіліне де тән. Бірақ мұнда да ерін ықпалының элементі екінші, үшінші буында байқалғанымен, төртінші буынға барғанда мүлдем өшеді. Бұл жағынан татар тіліндегі ерін үндестігі қазақ тілінің дерегіне өте-мөте ұқсас. Татар тіліндегі осы құбылысты көрнекті бейнелейтін Г. Алпаров ұсынған кесте бар<sup>4</sup>. Осы схеманы пайдаланып, қазақ тіліндегі бірінші буындағы ерін дауысты ү-нің кейінгі буынға тигізетін еріндік ықпалын көрсетсек, ол былай боп шығады.

1-буын	2-буын	3-буын	4-буын
	е	і	е
	ө	ү	
ұл	кө	ні	рек

Жоғарыда сөз болған *о/ү, ө/ү, сосын о/ө, ұ/ү* тәрізді ерін дауыстылары алмасуының қай түрін алсақ та түркі тілдерінің дыбыс жүйесіне тамырын аса кең жайып жатқан алмасулар емес. Бұлай болатыны осындағы ерін дауыстыларының арасында біреуі ана түркі тіліне, біреуі мына түркі тіліне тән дегендейін жалпы түркілік сипатқа не еместері

де бар. Айталық, ү, у дауыстылары қыпшақ тілдерінен өзге түркі тілдерінде жоқ. Біздегі ашық *о, ө* түркі тілдерінің көпшілігінде болғанымен башқұрт, татар тілінде, сондай-ақ чуваш әдеби тілінде жоқ<sup>5</sup>. Сондықтан бұл дыбыстарға байланысты алмасудың салыс-

<sup>1</sup> Неталиева К. Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. Алматы, 1977.

<sup>2</sup> Бердимуратов Е., Дәулетов А. Хәзирги қарақалпақ тили. Нөвис. 1979, 112-б.

<sup>3</sup> Баскаков П. А. Очерк грамматики ногайского языка (фонетика, морфология, синтаксис). Ногайско-русский словарь. М., 1963, 505-б.

<sup>4</sup> Исхаков Ф. Г. Об отдельных фонемах тат. языка. ИСГТЯ, часть первая. М., 1955, 238-бет.

<sup>5</sup> Исхаков Ф. Г. Характеристика отдельных гласных современных тюркских языков. ИСГТЯ, часть первая. фонетика. М., 1955, 85—90, 106-б.

тырма деректерін түркі тілдерінің белгілі бір тобынан ғана іздеуге тура келеді.

**ү/у; о/ө дауыстыларының алмасуы.** Бір сыңары жуан, бір сыңары жіңішке боп келетін жұп дауыстылардың ішінде жиірек алмасатыны — езу дауыстылары. Мұнымен салыстырғанда ерін дауыстыларының жуандық-жіңішкелік тұрғыдан алмасуы говорларымызда әлдеқайда сирек. Жағдайдың бұлай болуын жуанды-жіңішке еріндік жұптардың тіліміздегі фонологиялық қызметінің жуанды-жіңішке езулік жұптарға қарағанда едәуір айқынырақ болуынан деп топшылауға болады. Ал фонологиялық қызметі айқын жерде дыбыстардың тұрақты келетіні — тілімізге тән заңдылық. Айталық, қазақ тілінің ішкі фонологиялық жүйесі тұрғысынан алғанда *үн-үн, от-өт, ор-өр* тәрізді есімдер мен *ұқ-үк, ос-өс* тәрізді етістіктердің құрамындағы жуанды-жіңішкелі дауысты жұптардың бір-бірімен не себептен алмаспайтыны бәрімізге түсінікті болса керек.

Қазақ говорларының көпшілігімен әдеби тіліміздегі жіңішке ү дауыстысының орнына *үбұрлы-шүбұрлы, үйма-жүйма* секілді бірді-екілі қос сөздің құрамында шығыс атырабы қазақтарының тілінде жуан ү дауысты қолданылатын реті бар. Бұл сөздердің өзге жердің қазағының тіліндегі, сондай-ақ әдеби тіліміздегі нұсқасының *үбұрлі-шүбұрлі, үйме-жүйме* екені мәлім.

Езу дауыстыларындағы сияқты *ү/у, о/ө* алмасуы хақында әңгіме еткенде де еске алынатын буын, әлбетте, сөздің бірінші буыны болмақ. Өйткені қазақ тіліндегі ерін дауыстыларының қай-қайсысын алсақ та, кейбір біріккен сөз бен жеке-дара қосымшалардың құрамы, сосын шеттен кірген сөздер демесек, олар, негізінен, сөздің бірінші буынында ғана қолданылатын дыбыстар. Олардың сөздің өзге буындарында қолданылуы тек тіліміздегі ерін үндестігі заңдылығының сақталу я сақталмау ыңғайымен ғана шарттас. Әдеби тіліміздің емле тәртібі бойынша төл түркі сөздерінің бірінші буынынан тыс жерде ерін дауыстылары өсте жазылмайды. Әрине, айтылуда бірінші буындағы ерін дауыстыларының ықпалы нәтижесінде екінші, тіптен үшінші буында да ерін дауыстыларының естіле беретіні бар. Жоғарыдағы *үбұрлы-шүбұрлы-үбұрлі-шүбұрлі* деген мысал дәл осы жайдың айқын дәлелі бола алады. Мұндағы екінші буындағы ү мен ү бірінші буындағы ү/у дауыстылары алмасуының тікелей нәтижесі. Дәл сөздің осы шебіндегі ү мен ү дауыстысында ешқандай фонологиялық белгі де болмайды. Сөз семантикасына еш әсері болмауы себепті әдеби тілде ол езу дыбыстарымен жазыла береді. Сондықтан ерін дауыстыларының фонологиялық қызметіндегі айқындық туралы әңгіме еткенде, әлбетте, еске алатынымыз — сөздің бірінші буыны. Бұлардан тыс шығыс өңірдегі жуан айтылатын сөздердің қатарында *түү* деген одағайды атауға болады. Бұл одағай өзге өңірдің қазағының тіліндегі *түү* деген одағайдың жуан нұсқасы. Әдеби тілімізде де бұл сөздің орфоэпиясы жіңішке үлгіде қалыптасқан. Бірақ емлемізде оның жуандық-жіңішкелігі еленбейді.

Осындай ү/у алмасуы байқалатын сөздердің бірі — *құстанала//құстанәла* етістігі. Бұл сөздің жуан нұсқасының әзірге дейін байқалған жері — Қарақалпақ АССР-ның Тахта көпір ауданы (бұл ауданның жартысының көбі қазақтар). «*Ар жүздан*» (орта жүз, кіші жүз дегендегі) деген тіркестегі *жүз* сөзінің жуан айтылуы Ташкент облысының Сіргелі қонысынан жазылды. Бұл *ар* дегендегі жуан дауыстының ықпалына байланысты болу керек.

Жоғарыдағы айтылып өткен жайға қарама-қарсы енді біраз сөздердегі ү-ның орнына жіңішке ү дауыссызы қолданылатын сөздер бар. Мәселен, говорларымыздың шығыс тобында өткен шақ болымсыз етістіктің *-тұғын* қосымшасының бірінші буынындағы жуан ү-ның *алмайтүкүн (алмайтүгүн), қарамайтүкүн (қарамайтүгүн)* деген ретпен жіңішке ү дауыстысымен айтылатыны байқалады. Сол секілді *мұсатыр* дегендегі ү-ның *мүсәтүр* болып алмасуы оңтүстік говорларымызда бар. Шығыс атыраптың қазақтары *дұрыс* деген сөзді *дүрүс* деп жіңішке үлгіде қолданады.

ү/у алмасуына қатысты таралу шегі айқындалған сөздің бірі — *сұлу//сүлү* (сұлы) сөзі. Бұл сөздің тараған аймағы — Маңғыстау түбегі, ішінара Түрікменстандағы қазақтардың тұратын жері, Ташкент, Шымкент маңы. Географиялық жағынан түрікмен, өзбек елімен көршілес өңірде байқалуына қарағанда, оның жіңішке айтылуын осы тілдердің әсерінен деп топшылауға болады. Өйткені түрікмен, өзбек тілдерінде бұл сөз жіңішке нұсқада қолданылады. (Түрікм. *сүле*, өзб. *сули*).

Жуанды-жіңішкелі ерін дауыстылары *о* мен *ө*-нің алмасатын бірлі-жарым сөздері де кездеспейді емес. Мыс: *жөлүм үй//жолым үй, өтөн//отан*. Мұның жіңішке нұсқасы оңтүстік өңірге тән.

Қазақ говорларының денінде және әдеби тілде *әңгімеқой* деген үлгіде айтылатын сөздің соңындағы *-қой* қосымшасының говорларымыздың шығыс тобында жіңішкеріп *-көй* боп айтылатынын көреміз.

Бір ынғайда жоғарыдағы келтірілген мысалдардың бәрінің бойындағы дыбыстық өзгерісті дыбыс алмасуы деп қарай беруге болмас та. Өйткені бұл мысалдардың бәрі бірдей түркі сөздері емес. Айталық, мұндағы *мүсәтір, өтөн* дегендер — араб сөзінің жергілікті халық тілінде қалыптасқан нұсқасы. Бұл сөздердің говорларымыздың денінде, әдеби тілімізде *мұсатыр, отан* деген үлгіде айтылатыны белгілі. Осындағы *өтөн* сөзінің жіңішке айтылуын да көршілестік ынғаймен өзбек тілінен ауысқан белгі деп топшылауға негіз бар. Себебі бұл сөздің мұндай фонетикалық нұсқасының Қаратау төңірегін маңынан тыс жерде кездескен кезі болған емес. Ал өзбек тілінде болса бұл сөздің жіңішке *ватан* деген үлгіде қолданылатыны белгілі.

**а/ә дауыстыларының алмасуы.** Қазақ говорларындағы *езу* дауыстылары бірінің орнына бірі қолданылуға аса бейім. Әсіресе *а* мен *ә* дауыстыларының бірінің орнына бірінің қолданылуы — говорларымызға тамырын кең жайған құбылыс. Мұндай дыбыстық құбылыстың ең жиі байқалатын жері — қазақ топырағының оңтүстік өңірі. Әсіресе, оны біз Орта Азия республикаларының ішкі

қоныстары мен соған іргелес жатқан атыраптың қазағының тілінен молынап ұшыратамыз. Сол үшін мысалдардың бұл тобын да өзге туыс тілдердің дерегімен салыстырып берудің лайығы бар.

Оңтүстік өңір мен Орта Азияның ішкі қоныстары қазағының тілінде	Ссы сөздердің өзбекше нұсқасы	Қарақалпақша нұсқасы	Қазак говорларының көпшілігіндегі нұсқасы	Қазак әдеси тіліндегі нұсқасы
төлән мәйдан тәрезі шәрт шәм қатті қәйт кәйер	төлән майдан тарозы шарт шам қаттих қақ қаср	төлән майдан тәрези шәрт — қатты қәйт кәйер	талап мәйдан таразы шарт шам қатты қайт қайер/қай жер	талап майдан таразы шарт шам қатты қайт қай жер
іләж пәте/пәтійә әпте әбзел әмел әсіл әсілі әлдіңгі әжел мазмұн тәрәп тәбият кәте мас маскүнем шәмә/сәмә рәһім кәуип кәтер пәре шәлә рәәт әшші/әтші әтіреп сәәт мәйип әмел маусім әре нәзер кәліп	илож фотиха хафта афзал әмәл әсил әсли олдинги ажал мазмұн тараф табиат хато маст маст шәмме рахим хавф хатар пора чала рохат аччи/аччик атраф сәт майиб — мавсум ари назар қолип	іләж пәтия хәпте әбзәл әмәл хасыл — әлдинги әжел мазмұн тәрәп тәбият кәте мас маскүнем шәмбе рәхым кәуип кәтер пара шала рәкәт ашшы әтрап сәт — әмәл маусым хәрре нәзер кәлип	ылаж бата апта абзал амал асыл асылы алдыңғы ажал мазмұн тарап табийғат қата/кәте мас маскүнем шамә/шамба ырақым қауып кәтер пара шала/чала ырақат ашшы атырап сағат майып амал маусым ара назар қалып	ылаж бата апта абзал амал асыл асылы алдыңғы ажал мазмұн тарап табиғат кәте мас маскүнем шәма рақым қауып кәтер пара шала рахат ашы атырап сағат майып амал маусым ара назар қалып

Келтірілген салыстырма тізімнен көрінетіні — бірінші графаға енген сөздердегі жіңішке *a* дауыстысының орнына қазақ республикасының Орта Азиядан шығай атырабының бәрінде дерлік жуан *a* дауыстысының айтылатын тілдік іліміздегі бұл сөздердің айтылу

жүйесінде осындай екі ұдай белгінің байқалуы, әрине, бейсебеп нәрсе емес.

Тізімге біз салыстырылып отырған туыс тілдердің дерегімен тек ұқсас келетін сөздерді ғана енгіздік. Оңтүстік диалектілік өңірден жинап-терілген бұл тәріздес сөздердің саны, әрине, біздің көрсетіп отырғанымыздан әлдеқайда көп. Оған кейінірек тоқталмақпыз. Әзірше өзбек, қарақалпақ тілдерінің дерегімен ұқсасатын сөздердің жайына аялдалық.

Құрамына *ә* дауыстысы тән сөздердің осы тілдердің дерегімен сәйкес келетіндерінің дені араб-парсы кірмелері. Мәселен, тізімдегі *әтіреп, сәт, әсіл, әжел, тәрәп, шарт, мәусім* тәрізді сөздердің бәрі араб кірмелері де, *тәрезі, әпте, мес* тәрізді сөздер — парсы кірмелері. Бұлардан тыс осындағылардың ішінен байырғы лексикамыздың еншісіне тиетіндері тым аз. Мұның бұлай болуы жіңішке *ә*-нің оңтүстік говорларымызда да, сондай-ақ өзбек, қарақалпақ тілінде де көбіне-көп араб-парсы кірмелерінің бойына тән дыбыс екендігінен. Ал араб-парсы кірмелері болса, олардың қазақ тілінен гөрі осы тілдердің лексикалық құрамында молырақ ұшырайтыны — тағы да белгілі шыныдық.

Араб-парсы сөздерінің қазақ арасында таралуындағы алғашқы көпірдің Орта Азиядағы Хиуа, Бұқар, Самарқанд сынды мәдени орталықтар болғаны белгілі. Исламға байланысты дін, әдеби кітаптар, дін оқуы қазақ сахарасына бұрын көбіне осы орталықтар арқылы тараған. Географиялық жағдайына байланысты басқадан гөрі осы төңіректегі қазақтардың әлгі мәдени орталықтармен көбірек аралас-құраласта, қарым-катынаста болғаны түсінікті. Осы себептен бұл өңірдің қазағының тілінен өзбек, тәжік, қарақалпақ жұртының тілінің дерегімен астасып жататын араб-парсы кірмелерін молырақ кездестірсек, оған таңырқаудың реті жоқ.

Араб-парсы сөздеріндегі фатхамен айтылатын, сосын дыбыс құрамында *рәсмиә* бар сөздердегі бұл дауыстардың көп түркі тілдерінде *ә* немесе *э* (*e*) дауыстысы түрінде игерілгені мәлім.<sup>1</sup> Өзбек тілінің жазу жүйесін алатын болсақ, бұл дыбыстар көбіне-көп ондағы *a* дауыстысымен сәйкеседі. Өзбек алфавитіндегі *a* әрімімен таңбаланатын дыбыстың басқа түркі тілдеріндегі *a*-мен таңбаланатын дыбыстан елеулі айырмашылығы бар. Түркі тілдерінің қай-қайсымен салыстырғанда да өзбектегі *a*-мен таңбаланатын дауысты кәдімгі *a*-дан анағұрлым жіңішке дыбыс. Өзбек әдеби тілінде дауыстылар сингармонизмі жоқтығы себепті мұның жіңішке, я жуан айтылатын дыбыс екендігі жазуда еленбейді. Сондықтан бұларды біздегідей *ә, a* деген тәрізді бас-басына дербес әріппен айыра таңбалау өзбек тілі үшін шарт емес. Бұл жөнінде В. В. Решетов өзбек алфавитінде бір ғана *a* әріптің үш түрлі дыбыстың: жуан *a* мен жіңішке *ә*-нің, әрі орыс тіліндегі *a*-ның орнына қолданылып жүрген жайын өте орынды атаған. Осындай себептен де өзбек әдеби тілінің сөздіктерінен алынып отырған

<sup>1</sup> Исхаков Ф. Г. Характеристика отдельных гласных современных тюркских языков. ИСГТЯ, 62-б.

жоғарыдағы мысалдардың жазылуындағы бұл жағдайдың айтылуда, оқылуда ескерілуі қажет. Оның үстіне біздің тізіміміздегі деректердің дені Ташкент облысы мен соған көршілес аудандардың қазағының тілінен, сосын Тәжікстан мен Қарақалпақстан қазақтарының тілінен жиналғанын айтуымыз керек. Ал бұл өңірлердегі өзбек шеваларында орфографиялық *a*-ның анағұрлым жіңішке айтылатын дыбыс екені мәлім.

Қарақалпақ тілінен алынып отырған мысалдарда жоғарыдағыдай емлесілік қайшылық жоқ. Ондағы *ә* таңбасымен белгіленіп отырған дыбыс қазақ тіліндегі *ә*-мен сәйкеседі. Бұл дыбыс қарақалпақ әдеби диалектісінде жиі ұшырайды. Біздегіше *a*-ның *ә*-мен алмасуы қарақалпақ тілінің жүйесіне де тән.<sup>1</sup> Тізімдегі қарақалпақ сөздерінің кейбіреуі оңтүстік қарақалпақ диалектісінде айтылуынша көрсетіліп отыр.

Жоғарыда біз дыбыстық құрамында *ә* қолданылатын сөздердің говорларымыздағы өрісі осында көрсетілген мысалдармен ғана шектелмейтінін айтқан едік. Қазақ говорларындағы *ә*-мен айтылатын сөздердің саны да, тараған аймағы да мұндағы көрсетілгендерден әлдеқайда кең. Олардың бәрі бірдей өзге тіл ықпалында алып қарауға сыя бермейді. Мәселен, оңтүстік өңірден тыс қазақ елі тараған өзге территорияның әр жерінен жазылып алынған дыбыс құрамына *ә* дауыстысы тән деген сөздердің мынадай тобы мәлім: *жән* (жан), *жәнім* (жаным), *мәусім* (маусым), *дәнә* (дана), *жәніндегі* (жанындағы), *әбіржі* (абыржы), *жәутеңде* (жаутаңда), *кәңкей* (қаңқай), *ат жәрәтті* (ат жаратты), *шәрші* (шаршы), *тәутеке* (таутеке), *жәңе* (жаңа), *жәңәлік* (жаңалық), *жәңеше* (жанаша), *әйуу* (аю), *Әйулі* (Аюлы), *тәй тері* (тай тері), *мәйдә* (майда), *жәртісі* (жартысы), *нәшер/нәшар* (нашар), *жәуінгер* (жауынгер), *әнәу* (анау), *тіләзар* (тілазар), *зәлім* (залым), *жәйнәп* (жайнап), *тәусілмес* (таусылмас), *шәк көтерді* (шақ көтерді), *кәме бөрүк* (қама бөрік), *әләпке/әләкпе* (алаөкпе), *жәмен* (жаман), *кәпіл* (қапыл), *әләйда* (алайда), *жәңбір* (жаңбыр), *кәтер* (қатер), *сәуік* (сауық), *әулі* (аула), *кәйер* (қай жер, қай ер), *шәбелен* (шабалаң) және т. б.

Бұлардың арасында, әрине, оңтүстік өңірге тән сөздер жоқ емес. Олардың көбін қайта осы оңтүстіктен жиналған сөздер десек те болады. Мәселен, *жән*, *дәнә*, *әбіржі*, *жәутеңде*, *кәңкей*, *зәлім*, *тәусілмес*, *шәк көтерді*, *әулі*, *кәйер* тәрізділер — осындай сөздер. Бұлардағы *ә*-ні көрші халықтардың тілдік ықпалы қатарына жатқызбауымыздың екі-ақ себебі бар. Бірі — бұл сөздердің дәл осындай *ә*-мен айтылатын фонетикалық нұсқасын көрші тілдерден таба алмауымыз, екіншісі — олардың говорларымыздағы таралу шегінің кеңдігі. Айталық, жоғарыдағы *залым* сөзінің жіңішке варианты *зәлім* дегеннің республикамыздың шығысынан, батысынан ойдым-ойдым кездесетіні көрінеді. Сол секілді *мәусім*, *жәутеңде*

<sup>1</sup> Насыров Д. С. Становление каракалпацкого общенародного разговорного языка и его диалектная система. Нукус-Казань, 1976, 268-б.

дегендердің оңтүстіктен тыс Жайық бойына дейінгі аралыққа таралуы да осыған айғақ.

Ал енді жоғарыдағы сөздердің ішінен *және, жаңғелік, тәутеке, әйуу, шәрші, тіл әзәр, жауінгер, жәртсі, жәртілей* дегендерді алатын болсақ, олардың оңтүстік өңірде әзірге байқалғандары болған емес. Бірақ оның есесіне оны қазақ елі тараған территорияның қиыр шығысынан, Алтай-Тарбағатай маңынан, Монғолиядағы Байөлгей аймағы қазақтарының тілінен кездестіреміз. Оңтүстік жақтың қазақтары *ары, арман [отыр], арманырақ, араң* деп жуан қолданатын бірен-саран сөздердің Қазақстанның теріскей, орталық өңірінде *әрі, әрмен [отыр], әрменірек, әрең* болып жіңішке айтылатын реті және бар. Бұл жағдайлардан жуан *а*-ның *ә*-мен алмасуы байқалған жердің бәрінде оны өзге тіл ықпалы деп қарай беруге болмайтыны оңай ұғынылады. Кей сөздердегі *ә*-нің төркіні бөгде тілдік ықпалдан бөлегірек сияқты. Мұндайлардың кейбіреуі — тілімізде әріден келе жатқан көне белгі, енді біреулері дыбыстардың позициялық өзгерісінен тіліміздің өз ішінде бергін келе туған белгілер болуы да мүмкін. Олардың географиясындағы шашырандылық бізді осыған меңзейді. Әрі *ә*-нің некеп-саяқ болса да тіліміздегі байырғы лексиканың құрамында кездесетіні және бар. Мысалы: *әке, кәрі, әлі, жәй, әкренде, шәш, шәрша, шәніш шәйна, әттең, жәйлау, және, әне* т. б.

Түркі тілдерінің жалпы фонетикалық тұрғысынан алып қарағанда, жіңішке дауысты, тіл алды, ашық сзу дыбысы *ә* көнедегі жазбалардан бастап қазіргі түркі тілдерінің бір қатарында өз алдына дербес фонема ретінде қолданылады. Оны біз азербайжан, ұйғыр, татар, башқұрт, түрікмен, қарақалпақ, ноғай, тува, құмық тілінен, сол секілді өзбек тілінің қыпшақ текті говорларынан кездестіреміз. Сондай-ақ бұлардан өзге де түркі тілдерінде, диалектілерінде *ә*-нің ішінара қолданылуы бар (түрік, қарашай т. б.)<sup>1</sup> Түркі тілдерінің кейбіреуінде сирек қолданылатын болғандықтан ба, әлде фонологиялық қызметінің елеусіздігінен бе *ә*-ні белгілейтін әріп таңбасы алынбаған. Соның бірі өзбек тілі екенін жоғарыда айттық. Әрине, жеке таңбаның алфавитте ескерілмеуі — мұндай дыбыстың тілдің фонетикалық жүйесінде мүлдем жоқтығының кепілі бола алмақ емес. Кей түркі тілдеріндегі осы дыбыстың таңдырын тек бөгде тіл әсерімен байланыстырып қарайтын ертеден қалыптасып қалған көзқарастың да белгілі дәрежеде алфавиттерге кезінде ықпалы тиген болу керек. Алфавит құрамында арнаулы *ә* әрпі бар біздің тіліміздің жазу жүйесінде осы дыбыстың еленбей қалатын реті көп. Мәселен, *шәй, шәш, жәй, шәрша, жәйлі* дегендерді айтылуы жіңішке бола тұрса да, емле тәртібінде *шай, шаш, жай, шарша, жайлы* деп жазатын ретіміз бар. Сол сияқты *Күләндә, Кәмилә, Жәмилә, Әлимә, Сәбирә* сынды кісі аттарының соңғы дыбысын оларға жалғанатын септіктердің табиғатына сүйеніп жуан етіп жазамыз. Айтылуына келсек, осы кісі есімдерінің

<sup>1</sup> Ряснянен М. Материалы по исторической фонетике тюркских языков. М., 1955, 73-бет.



соңғы дыбысының *ә* екені кәміл. Оның үстіне осы арадағы адам есімдеріне дәл барыстан өзге септіктердің айтылуда жуан жалғауының өзі екіталай. *Жәмиладан* ба, әлде *Жәмиләдән* ба? — бұл арасы соншалық айқын емес. Әрине, емлемізде *ә*-нің айтылудағыдай сақталып жазылатын сөздерінің де аз емес екені белгілі. Бұл әсіресе араб-парсы кірмелеріне көбірек қатысты.

Ендігі бірер сөз *а* мен *ә* дауыстыларының керісінше алмасуы хақында. Дәлірек айтсақ, біз әңгімелеп отырған диалектілік алқапта осы дыбыстардың жоғарыдағы айтылғандарға қарама-қарсы бағытпен алмасатын сөздері де бар. Әрине, мұндай сөздердің таралу шегі жіңішке айтылатын сөздердің таралу шегімен ығн дөп түсіп отырмайды. Бірақ, сонда да болса, бұл құбылыс та осы Орта Азиялық регионға тән. Сондықтан оны да осы лингвистикалық региондағы өзге тілдердің дерегімен салыстырудың орайы бар.

Орта Азия республикалары мен соған көршілес қоныстардың қазағының тілінде	Қырғыз тілінде	Тәжік тілінде	Өзбек тілінде	Қарақалпақ тілінде	Қазақ гөворларының көпшілік тобында
патуа	батуба	фатво	фатво	пәтуа	пәтууә/ бәтууә
палан	балан	фалон	фалон	пәлен	пәлен/ бәлен
аламат	аламат	аломат	аломат	аламат	әлемет
адабийат	адабият	адабиёт	адабиёт	әдебият	әдебиёт
айал	аял	—	аёл	хаял	әйсел
масала	маселе	масьало	масала	мәселе	мәселе
ар	ар	хар	кар	хәр	әр
араң	араң	—	аранг	—	әрең
бары	баары	—	бари	бәри	бәрі
абдан	абдан	—	обдан	әбден	әбден
аура	—	овора	овора	әуре	әуре
жардам	жардам	ёрдам	ёрдам	жәрдем	жәрдем

Тізімнен байқайтынымыз — салыстырылып отырған сөздердің қырғыз тілінің дерегімен өте-мөте ұқсас келуі. Сондай-ақ ондағы біраз сөздердің дыбыстық нұсқасының өзбек, қала берді тәжік тілінің дерегінен де оншалық жырақ кетпейтіндігі көрінеді. Осы себептен бұл сөздердің де жуан айтылуын осы тілдердің ықпалымен байланыстыра қараудың ыңғайы жоқ емес.

Төркіні жағынан алсақ, бұл сөздердің көпшілігінің біздің тілімізге де, салыстырып отырған тілдерге де өзге тілден ауысқан сөздер екені байқалады. Анығында, бұлардың дені — араб-парсы кірмелері. Бірақ сол тілдерде әуелгі айтылу нұсқасы қалай екендігіне қарамастан, олар Орта Азиялық лингвистикалық ареалдың бір жерінде жуан, енді бір жерінде жіңішке айтылатын болып қалыптасқан. Мәселен, қазақ тілінің көпшілік гөворларына бұл сөздердің *ә*-мен айтылатын варианты тәнірек. Сонымен бірге қара-

қалпақ тілінде де олардың көбіне жіңішке айтылатынын байқаймыз. Дыбыстық кейіндегі осы секілді әр қилы белгілерге қарап, бұл сөздердің ігерілуі кезінде әр тілде әр басқа жағдаймен байланысты болғанын айтуға болады. Ал енді кірме сөздерден тыс *араң, ары, бары* дегендерге келетін болсақ, бұлардың осы секілді жуан вариантының қазақ говорларына қырғыз тілінен сіңісуінің басы ашық. Осындағы кірме сөздердің Қазақстанның оңтүстігінде жуан нұсқада айтылуында да қырғыз тілінің жапама ықпалы бары даусыз. Өйткені осы типте сөздерді жуан фонетикалық нұсқада қолдану басқа түркі тілдерінен гөрі қырғыз тіліне көбірек тән. Әрі географиялық таралу шегі жөнінен де бұл құбылыс қырғыздармен іргелес қоныстардың қазағының тілінде молырақ ұшырайды.<sup>1</sup>

**а/ы дауыстыларының алмасуы.** Сөздің түрлі шебіндегі ашық дауыстылар мен қысаң дауыстылардың бірінің орнына бірінің қолданылуы да қазақ говорларында көптеп көзге түсіп келе жатқан фонетикалық құбылыстардың бірі. Жуан дауыстылар мен жіңішке дауыстылардікі сыяқты ашықтар мен қысандардың алмасуында да тіліміздің дыбыс жүйесінде байқалатын белгілі заңдылық бар. Қазақ тіліндегі дауыстылардың бір сыңары ашық, бір сыңары қысаң боп келетін айқын-айқын бірнеше жұптан тұратыны белгілі. Олар: *а — ы, ә — і, е — і, о — ү, ө — ү*. Бір-бірімен алмасатын тек әр дыбыстық жұптың өз ішіндегі сыңарлары ғана.

Дыбыстық құбылыстардың өзге түрімен салыстырғанда көптеген ашықтар мен қысандардың алмасуы — говорларымызда сирек байқалатын құбылыс. Әйтеуір, аз болсын, көп болсын, тіліміздің диалектілік жүйесінде олардың да ғайыптан пайда болған құбылыс емес екені талассыз. Сондықтан мұндай дыбыстық белгілердің де бас-басына қысқаша да болса тоқталып кетпеске болмайды.

Ашық *а* мен қысаң *ы*-ның алмасуының қазақ говорларында екі түрінің (*а/ы* және *ы/а*) екеуі де бар. Дыбыс алмасуының бұл түрін нақтылы бір диалектінің я говордың сипатты белгісі дей қою қиын. Өйткені қазақ жұрты тараған қоныстардың көбінде-ақ *а* орнына *ы* қолданылатын сөздермен, керісінше, *ы* орнына *а* қолданылатын сөздер аралас ұшырайды. Мәселен, әдеби тілімізде *дабыл, аңызақ* деген нұсқада қалыптасқан сөздердің алғашқысы қазақ жерінің батысында *дыбыл*, кейінгісі *аңазақ* деген фонетикалық нұсқада айтылатынын көреміз<sup>2</sup>. Демек, осы сөздердің әдеби нұсқасымен салыстырғанда мұндағы алғашқы сөздің бірінші буынындағы *а* қысандап, *ы*-ға айналғанда, соңғы сөздің екінші буынындағы қысаң *ы*, керісінше, ашық дауысты *а*-ға айналған. Осы жай қазақ жерінің батыс өңірінде айтылатын бұлардан өзге де біраз сөздерде ұшырасады. Сондай-ақ мұндай жекелеген сөздерді қазақ говорларының оңтүстік тобынан да, шығыс, теріскей тобынан да табуға болады. Мәселен, Ж. Болатов Семей облысының Абай, Шұбартау

<sup>1</sup> Қараңыз: Нақысбеков О. Қазақ тілінің ауыспалы говоры, 28-б.

<sup>2</sup> Нұрмағамбетов Ә. Қазақ тілі говорларының батыс тобы. Алматы, 1978, 80, 90-б.

аудандарында тұратын жергілікті халық тілінен *қалжыңбас* деген сөзді *қылжыңбас*, *тырмыс* деген сөзді *тармыс* деген үлгіде жазып алған<sup>1</sup>.

Сол секілді *тырма* деген есім сөз бен *жалтарма* деген егістіктің Өзбекстандағы Тамды қазақтарының говорында *тарма*, *жалтырма* түрінде айтылатыны белгілі<sup>2</sup>. Тілімізде нақтылы бір диалектілік алқап үшін мұндай сөздердің *а*-мен келетін нұсқасы тән бе, әлде *ы*-мен келетін нұсқасы тән бе дегенді жоғарыдағы іспетті аралас типті мысалдарға қарап айта қою қиын. Оның үстіне дыбыс алмасуының мұндай түрі байқалатын сөздер тілімізде аса көп те емес.

Дыбыс құрамында *а/ы* алмасуы байқалатын сөздердің говорларымыздағы сипатының аралас екендігіне қарамастан бұл құбылысты диалектілік құбылыс деп тануымыздағы дәйек не? Ол, ең алдымен, бұл сөздердің әрқайсысын бас-басына алғандағы олардың таралу географиясындағы тұрақтылық. Басқаша айтқанда, құрамына осы фонетикалық белгі тән деген сөздердің әрқайсысының нақтылы географиялық шегі (изоглоссасы) бар. Оның үстіне дыбыс құрамына осы құбылыс тән деген сөздердің өзі әр өлкенің тұрғындарының тілінде әр басқа. Мәселен, қазақ жерінің шығыс өңірінде *ы/а* алмасуын *топшала* (топшыла), *шынжар* (шынжыр), *тармыс* (тырмыс) деген тәрізді сөздердің құрамынан кездестірсек, батыс өңірдің қазағының тілінен оны *ақар* (ақыр), *баула* (баулы), *жалпалама* (жалпылама), *жабаға* (жабағы), *құдағай* (құдағый), *қажар* (қажыр), *салқам* (сылқым), *салбыр* (сылбыр), *таным* (тыным), *қанжаға* (қанжыға), *омбала* (омбыла), *сағардаң* (сығырдаң), *шатал* (шатыл) тәрізді сөздердің құрамынан кездестіреміз<sup>3</sup>. Осы жай сөз болып отырған дауыстылардың керісінше алмасып келетін (*ы/а*) сөздерінің де басында бар. Айталық, оңтүстік өңірде *тыпын* (топан), *айырмысы* (айырмасы), *нырық* (нарық), *тайыз* (тайаз) тәрізді сөздердің<sup>4</sup> қысаң нұсқада айтылуы өзге өңірдің қазағының тілінен эзірге ұшырасқан емес. Бірақ оның есесіне оңтүстіктен өзге өңірдің қазағының тілінен мұндай қысандықты бұлардан мүлдем басқа сөздердің құрамынан ұшырастырамыз. Мысалы, *сарқыншақ*, *қажама* тәрізді сөздер говорларымыздың шығыс тобында *сарқыншық*, *қажыма* түрінде айтылатын көрінеді<sup>5</sup>. Сондай-ақ *шатқал*, *ықпал*, *омақас*, *ықтасын*, *мардымсыз*, *мадақта* секілді сөздердің қазақ елі тараған өлкенің батысында *шатқыл*, *ықпыл*, *омақыс*, *ықтысын*, *мырдымсыз*, *мадықта* деген қысаң нұсқада айтылатынын көреміз. Жоғарыдағы мысалдардан *а/ы* алмасуының екі түрінің екеуі де (*а/ы*, *ы/а*) әр жердің жергілікті хал-

<sup>1</sup> Болатов Ж. Семей облысының Абай, Шұбартау аудандарында тұратын қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы. КТДМ, 2, 1960, 132-б.

<sup>2</sup> Айдаров Т. Языковые особенности казахов Тамдинского района Узбекской ССР, Автореф. канд., Алма-Ата, 1967., 6-б.

<sup>3</sup> Нұрмағамбетов Ә. Аталған еңбек, 88-б.

<sup>4</sup> Нақысбеков О. Аталған еңбек, 28-б.

<sup>5</sup> Болатов Ж. Аталған еңбек, 131-б.

қының тілінде әр басқа сөздердің құрамында ұшырайтыны айқын аңғарылады. Демек, бұл — осы сөздердің әрқайсысының өз географиясы бар деген сөз. Мұны диалектілік белгі деп тауымыздың сыры да осында.

Бұл құбылыстың говорларымызда пайда болуы нақтылы бір тілдің ықпалымен байланыстырып қарауды көтермейді. Өйткені қазақтармен көрші отырған халықтардың бірде-біреуінің тілі үшін бұл белгі сипатты белгі бола алмайды. Оның бер жағында бірлі-жарым сөзде болса да осы белгінің тілімізде кездеспейтін говоры кемде-кем. Осы тұрғыдан алғанда, мұны сөз болып отырған дауыстылардың ашық, қысаң боп бір-бірінен ажырасқан (дифференциацияланған), жіктелген дәуірінен әр өлкенің қазағының тілінде сақталып қалған көненің ізі деп топшылауымызға болады.

Біздегі біраз сөздердегі ашық *a*-ның орнына қысаң *ы* дауыстысының, немесе керісінше, қысаң *ы*-ның орнына ашық *a* дауыстысының қолданылу ыңғайын бірен-саран туыс тілдерден де байқауға болады. Көпшілік түркі тілдеріндегі ашық *a* орнына қысаң *ы*-ны жиірек қолданатын тілдер — чуваш, якут, тува тілдері. Мәселен, қазақ тіліндегі *бал*, *алтын*, *бар* сияқты сөздер чуваш тілінде *пыл*, *ылттан*, *пыр* болып, *тарт*, *жат* (етістік), *қарын* секілді сөздер тува тілінде *тырт*, *чыт*, *хырын* болып, ал енді біздегі *ай*, *ал*, *қанат* секілді сөздер якут тілінде *ый*, *ыл*, *кынат* болып қысаң үлгіде айтылатынын көреміз<sup>1</sup>. Қазақ тіліндегідей *a/ы* дауыстыларының кей сөздерде бірде ашық, бірде қысаң боп құбылуы шор тілінде де бар. Мысалы: *канчыга//канчага//канчагы*<sup>2</sup>. Шор тіліндегі дәл осы сөздерде *a/ы* алмасуының қазақ говорларының дерегімен дәп түсіп жатқаны осының алдындағы айтылған жайлардан анық аңғарылады. Сонда өзге фонетикалық белгілер сияқты *a/ы* дауыстыларының алмасуы да түркі тілдерінің жалпы фонетикалық жүйесімен астарлас құбылыс болып шығады. Алмасудың бұл түрінің тым әріден келе жатқан белгі екенін көрсету үшін М. Рясянен<sup>3</sup> түрік тілдерінің дерегін орал-алтай тілдерінің дерегімен салыстырады. Осы тұрғыда зерттеушінің түркі тілдеріндегі *қарғы//қырға//қыра* деген нұсқада айтылатын етістікті монғол тілінен *karija* (*хараа*<sup>4</sup>), фин тілінен *kirota* деген нұсқада, түркі тілдерінде *сыба//сыла//сыға* деген нұсқада айтылатын етістікті монғол тілінен *sivaga* (*шавак*), фин тілінен *savi* «балшық», венгер тілінен *sivaj* деген нұсқада табуы — шынында да, көңіл аударарлық дәйек. Алмасудың осы түрінің екі нұсқасының ішінде говорларымызға біраз тарағаны — *ы/a* нұсқасы. Дыбыс құрамына *ы/a* нұсқасы тән сөздердің көбірек жайылған өңірі деп қазақ жұрты тараған қоныстың шығыс, солтүстік, батыс өңірін атауға болады. Қысаң үлгіде айтылатын сөздердің оңтүстікте кездесуі некен-саяқ. *a/ы* алмасуының ашық *a*-мен келетін нұсқасына тән сөздердің негізгі лингвогеогра-

<sup>1</sup> Мысалдар мына еңбектен алынды: Исхаков Ф. Г. Характеристика отдельных гласных соврем. тюркских языков. 67-б.

<sup>2</sup> Дыренкова Н. П. Грамматика шорского языка. М.—Л., 1941.

<sup>3</sup> Рясянен М. Материалы по исторической фонетике тюркских языков. М., 1955, 55-б.

<sup>4</sup> Б а з ы л х а н Б. Қазақша-монғолша сөздік. Ұланбатыр, 1977, 179-б.

фиялық территориясы — Қазақстанның батысы мен соған шектес жатқан өзге қоныстар. Жалпы *а/ы* алмасуының осы екі түрінің екеуінің де таралу шегінде біркелкілік жоқ. *ы/а* алмасуы байқалатын сөздердің ішінде географиялық жағынан ең мол территорияны қамтитыны *таста* етістігінің қысаң айтылатын нұсқасы. Мұның изоглоссасы қазақ жерінің шығысынан бастап солтүстік, орталық, батыс өңірін түгел қамтитыны көрінеді. Осы құбылысты бейнелейтін қалған сөздердің географиясында мұндай ауқымдылық жоқ. Мысалы, *шатқыл-шатқал*, *ықпыл-ықпал*, *мырдымсыз-мардымсыз* сөздерін алатын болсақ, олардың изоглоссасының Қазақстанның батыс бөлегінің белгілі қоныстарымен ғана шектелетінін көреміз. Кейінгі сөздердің изоглоссасындағы айырма тек олардың тек біреуінің қамтитын территориясы сәл кеңірек (дыбыл), біреуінікі сәл тарырақ (*шатқыл/шатқал*, *ықпыл/ықпал*). Мұндағы *дыбыл* сөзінің осылай айтылуы Маңғыстау мен Қарақалпақстанда тұратын қазақтардың тілінде кездесе, *шатқыл*, *ықпыл* дегендердің тек Маңғыстау говорына ғана тәндігі көрінеді.

Алмасудың бұл түрінің екінші нұсқасының (*а/ы*) басындағы жай да осыған ұқсас. Бұл құбылысты бейнелейтін сөздердің де кейбіреуінікі территориялық шегі мейлінше кең болса, кейбіреуінің тым тар екендігін көреміз.

*а/ы* алмасуына қатысты лингвистикалық картаға түсірілген сөздердің ішіндегі изоглоссасы қазақ говорларының батыс тобын түгелдей қамтитын бізге белгілі бір сөз бар: ол — *құдағай/құдағый* сөзі. Говорларымыздың батыс тобынан өзге тобының бәрінде бұл сөз кейінгі буыны қысаң айтылатын құдағый деген фонетикалық нұсқада ғана ұшырайды. Түркі-монғол тілдеріне ортақ бұл термин жалғыз қазақ тілі емес бірқатар түркі тілдерінде осы екі фонетикалық нұсқада орныққан. Мәселен, оның соңғы буынының біздің батыс говорларымыздағыдай ашық нұсқада айтылуы алтай, шор, хакас (хұдағай), якут (ходоғой), өзбек, қарақалпақ тілдерінде бар, ал оның қысаң нұсқада айтылуын біз башқұрт, қырғыз тілдерінен кездестіреміз<sup>1</sup>.

*а/ы* алмасуына қатысты говорларымыздағы мұнан кейінгі таралған аймағы жайыңқы сөздің бірі — арқылы/арқалы. Бұл сөздің ашық *а*-мен айтылатын нұсқасының изоглоссасы қазақ говорларының оңтүстігі мен батыс бөлігінің біраз жерін қамтиды. Мұның да екі нұсқасының екеуінің түркі тілінің бірі болмаса бірінен табылары анық. Мәселен, арқылы сөзіндегі екінші буындағы *а*-ның ашық айтылуы өзбек (орқали), қарақалпақ, түрікмен тілінде, қысаң айтылуы, башқұрт (арқыры), ұйғыр (аркилик) тілдерінде бар. Бұл топқа кіретін қалған сөздердің көпшілігінің изоглоссасы шағын. Мұндай сөздердің қатарында қазақ жұрты тараған өлкенің шығысында ғана кездесетін *қажыма* (*қажама*), батысында ғана

<sup>1</sup> Номниханов Ц. Д. Термины родства в тюрко-монгольских языках. КТДМ, 1 шығ. Алматы, 1958, 45-б. Покровская Л. А. Термины родства в тюркских языках. Сб. Историческое развитие лексики тюркских языков. М., 1961, 73-б.

кездесетін *шата* (*шатыл*), *сағырдаң* (*сығырдаң*), *қажар* (*қажыр*) сияқты сөздерді атауға болады.

Изоглоссалық сипатында бір ізділік болмауы себепті *а/ы* алмасуына қатысты сөздердің арасынан қазақ диалектілерінің территориялық жіктелісін таныта қоярлықтай белгілерді таба қою қиын. Бұл құбылыстың екі түрінің екеуінен де (*а/ы*, *ы/а*) қазақ говорларының қай-қайсысы болса да құр алақан емес. Бірақ, әрине, бұл топқа кіретін сөздердің түр-түрі әр жерде әр басқа. Мысалы, бөгде тілмен арадағы қарым-қатынас нәтижесінде пайда болған тілдік белгілерге қарағанда, диалектілер мен говорларда реликт түрінде сақталған тілдік белгілердің арасында диалектілердің жігін ажыратарлықтай классификациялық белгілер көп бола бермейді. Дегенмен біздің бұл айтқанымызды тілдің ертедегі тарихи даму кезеңдерінен жергілікті халық тілінде сақталған белгілерінде территориялық сипат болмайды деген қорытынды деп ұқпау керек. Олардың территориялық сипаты болатыны да болады. Егер мұндай сипаты болмаған жерде тіл құбылысының еш қайсысы диалектілік құбылыс деп танылмаса керек. Мәселе мұнда емес, мәселе мұндай белгілердің көпшілігінің говорлардың классификациясын анықтауға соншалық қолқабыс ете алмайтындығында.

Мұнда біз құрамында *а/ы* дауыстыларының алмасуы кәміл байқалатын сөздер туралы ғана әңгімеледік. Бұған дейінгі диалектологиялық зерттеулерде дыбыс алмасуының осы түрінің қатарында қарастырылып келген *жұпана*, *топшала* тәрізді біраз сөздер бар. Бұл сөздердегі дыбыс алмасуының жайы жоғарыдағы мысалдардағыдан гөрі басқашарак. Бұл жайында *е/і* дауыстыларының алмасуына байланысты кейінірек сөз болмақ.

***а/е, ә/е дауыстыларының алмасуы.*** Әңгіме болып отырған фонетикалық құбылыстардың шеңберінде қарастыруды қажет ететін ендігі бір жай — ашық *а*, *ә* дауыстыларының қысаң *е* дауыстысымен алмасуы.

Бұл құбылыстың қамтитын негізгі аймағы — Өзбекстан мен Тәжікстанның қазағы бар аудандары және Шымкент облысының өзбек жерімен шектес аудандары. Ішінара біз оны Қарақалпақстан қазақтарының говору мен Қызылорда облысының территориясынан да кездестіреміз. Таралу географиясындағы осы сияқты белгілеріне қарап, дыбыс алмасуының бұл түрін ең алдымен **өзбек** тілінің, ішінара осы Орта Азиядағы өзге тілдердің мәліметімен салыстыруға болады.

Салыстырылып отырған мысалдардан оңай аңғарылатын бір жай — өзбек арасындағы қазақтар мен соған іргелес қоныстардың қазағының тілінде *ә* келетін жерде ол дыбыстың қазақ говорларының өзге көпшілік тобында, сондай-ақ әдеби тілімізде, *е* дауыстысымен алмасуы. Тізімдегі салыстырудан және бір ұғынатын жайымыз өзбектермен аралас, көршілес өңірдің қазағының тілінен осы құбылысқа қатысты жазылып алынған деректердің сол өзбек тілінің мәліметімен сәйкесуі.

Кестенің бірінші бағанына енген мысалдардың біразы екі түрлі, кейде одан да көбірек варианттарымен беріліп отыр. Оның се-

Өзбек арасындағы қазақтар мен соған іргелес қолыстардың қазағының тілінде	Өзбек тілінде	Қазақ говорларының көншілік тобында	Әдеби тілімізде
мәйлі ләген/ләгән іресім ғаулеп/кәулеп егәр кәсәл кәсә зергәр кәрнәй мергән мәктәп дәрәу/дәрреу дәррүү/дарау мінбәр кәмпір/кампыр кәмпірауұз сәбап/сәбәп жедел мәккә/макка/ мекейі кәм нәмәрә/нәуәрә бәреке егә дәрәжә шәкәр кетман бійкәр/бійкар нәйәті әкә/әка күләә/күләә шежіре әсәл кәптәр ілезде/ілездә мәмләкат бірән-сәрен мәкән мәкәм кәрәмәт/гәрәмәт керәк ләбіз дерәк жігәр дүкән/дүқан	майли лаған расм кавла эгар касал коса заргар карнай мерган мектаб дарров минбар кампир омбир сабаб жадал макка/маккайи кам невара/набира барака эга даража шакар кетмон бекор ният ака кула-кула шажара асал каптар лахазда мамлакат бирон макон махкам керомат керак — — — дукон	мейлі ілеген іресім кеулеп ер кесел кесе зергер керней мерген мектеп дереу мінбер кемпір кемпірауұз себеп жедел Меке көм немере береке ійе/еге дәреже шекер кетпен бекер нийет әке күле-күле шежіре әсел/бал кептер ілезде мемлекет бірән-саран мекен бекем/мекем керемет керек лебіз дерек жігер дүкөн	мейлі леген ресім кеулеп ер кесел кесе зергер керней мерген мектеп дереу мінбер (кафедра) кемпір кемпірауыз себеп жедел Меке көм немере береке ійе дәреже шекер кетпен бекер ниет әке күле-күле шежіре бал кептер ілезде мемлекет бірән-саран мекен бекем керемет керек лебіз дерек жігер дүкөн

бебі бұл сөздердің құрамындағы ашық дауыстыларды (а, ә) үнемі мүлтіксіз бір сапада айтылатын дыбыс деуге болмайды. Кейде оның жіңішке ә, кейде одан гөрі сәл жуандау, ал тіпті кейде әдеби тіліміздегі нағыз жуан а тәрізденіп айтылатын реттері бар. Сол үшін де бірқатар мысалдар тізімде дүкән//дүқан, кәмпір//кампыр,

бійкәр//бійкар секілді жуанды-жіңішкелі жұп нұсқада беріліп отыр. Ә-нің соншалық айқын айтылмай, құлаққа дүдомал естілуі — көбіне сөздің соңғы буынына тән құбылыс. Екпінді буын болуына қарамастан, әңгіме етіліп отырған дауыстының осылайша соңғы буында көмескіленуі біздіңше жіңішке ә-нің қазақ тілінде сөздің кейінгі буындарына тән дыбыс еместігінен. Бұдан сөздің алғашқы буынынан өзге буындарындағы *a* мен *ə* дауыстыларының біздің тілімізде әлі еркін дифференциацияланып үлгермегені аңғарылды. Әдеби тіліміздегі *кұман* — *күмән*, *Құлаш* — *Күләш* деген тәрізді екі ұштылықтың байқалуы да, біздіңше, осындай себепке байланысты.

Қысаң *e* орнына ашық *ə*, *a* дауыстыларының тай-талас, жарыса қолданылатын сөздерінен тыс, мұнда *e* орнына *a*-ның жүйелі түрде қолданылатын сөздері де кездеспейді емес. Мысалы, тіліміздің көпшілік говорларында *үкімет*, *дййірмен*, *есеп*, *безер*, *сөйер*, *жійен*, *дәурен*, *екен* болып соңғы буыны жіңішке айтылатын сөздердің баршасын Тәжікстан, Өзбекстан жеріндегі қазақтардың тілінен *үкімат*, *дййрман*, *ыйсап*, *безар*, *сөйар*, *жыйан*, *дауран*, *йқан* деген нұсқада ұшырастыруымыз — осыған дәлел. Бұл сөздердің соңғы буынындағы жуандықтың да өзбек тілімен ұқсастығы бар. Ол үшін осындағы мысалдарды олардың төмендегі өзбекше нұсқасымен салыстырып көріңіз: *хукумот*, *тегирмон*, *хисаб*, *безор*, *шуер*, *жиян*, *даврон*, *экан*.

*e/ə*, *a* алмасуының қарақалпақ арасындағы қазақтардың тілінде де ұшырайтын кезі бар. Мәселен, жоғарыдағы тізімдегі сөздердің ішінен *дүкән*, *мәкән*, *кәмпір*, *мәккә*, *кәрәмат* сынды сөздер мұнда да осы нұсқада айтылады. Бұларды қарақалпақ тілінің ықпалы деп танудың ыңғайы жоқ. Өйткені *e* орнына *ə*, *a* дауыстылары қолдану — қарақалпақ тілінің дыбыстық жүйесіне тән құбылыс емес. Қарақалпақ тілі де біздің тіліміз сияқты өзге тілдермен (мәселен, ұйғыр, азербайжан, татар т. б. тілдермен) салыстырғанда, *ə*, *a* орнына *e* дауыстысын қолдануға бейім тіл. Мысалға алынып отырған кейінгі топ сөздердің осындағылар тәрізді фонетикалық варианты қарақалпақ тілінде де айтылатыны, әрине, рас. Бірақ біздің тұспалымызша, бұл сөздердің осылайша *ə*-мен айтылуының өзінің түп тамыры өзбек тілінде жатыр. Өйткені қарақалпақ тілінің өзбек элементін бойына едәуір сіңірген тілдердің бірі екені мәлім.

Орта Азия жеріне шоғырланған тілдердің сипаты қаншалық әр қилы болса, олардың әрқайсысымен сыбайлас қазақ говорларының сипаты да басқа-басқа. Мұны біз осы тақырып аясында сөз етіліп отырған дыбыс алмасуынан да, сондай-ақ өзге құбылыстардан да айқын сеземіз. Жоғарыдағы *e/ə*, *a* алмасуының осы байтақ өңірдің тағы бір шеткейінде керісінше бағытпен *e/ə* түрінде алмасуы бұған толық дәлел бола алады. Мұның байқалатын орны — Түрікменстан мен соған қоңсылас Маңғыстау төңірегі қазақтарының тілі. Бұл жағдайды да өзге тілдік ықпал шеңберінде ұғыну қажет. Себебі араб-парсы кірмелеріндегі дауыссыздардан басталатын сөздердің алғашқы буынындағы *ə* дауыстысының орнына *e* ды-



бысын қолдану — Орта Азия жеріндегі өзге түркі тілдерінен гөрі түрікмен тіліне тән ірек. Біздегі *зәру, жәбір, шәйтан, шәпағат* // *шапағат* сияқты кірмелердің түрікменше *зеру, жебир, шейтан, шелағат* болып айтылуы осыдан. Ал дыбыс алмасушың осы түрі байқалатын біздің қолымыздағы мысалдар болса, олардың бәрінің араб-парсы кірмелері екенін айтуымыз керек.

Түрікмен арасындағы және сол ірмен іргелес өңірдің қазағының тілінде	Осы сөздердің түрікменше нұсқасы	Қазақ говорларының көпшілік тобындағы нұсқасы	Әдеби тілімізде
дереже дептер дестүр нетійже селле тертіп теберік мертебе	дереже дептер дессур нетнже селле тертип — мәртәба	дәреже дәптер дәстүр нәтійже сәлде тәртiп тәбәрік мертебе	дәреже дәптер дәстүр нәтнже сәлде тәртiп тәбәрік мәртебе

*ә* мен *е* дауыстысының осы бағытпен *е/ә* түрінде алмасуы түрікмен арасындағы қазақтарда бұдан өзге сөздерде де кездеседі. Бірақ олардың көбінің байқалатын позициясы — сөздің кейінгі буындары. Мәселен, апта, дана деудің орнына *әпте, дәне* деп қолдану. Бұл сөздердің түрікмен тіліндегі айтылу нұсқасы да осыған ұқсас (хепде, дәне). Сөздің соңғы буынында байқалуы себепті мұндайлардың бәрі дыбыс алмасуы делінетін құбылыстың аясына сия бермейді. Сөздің екінші буынындағы *а* дауыстысының орнына *е* дауыстысы айтылатын жоғарыдағыларға ұқсас сөздер қарақалпақ арасындағы қазақтардың тілінде де көп. Мысалы, жоғарыдағы *а* мен *ә* алмасуына байланысты әңгіме болған *дәстен* (дастан), *әмел* (амал), *әтіреп* (атырап), *әбзел* (абзал), *тәлеп* (та-лап), *әжел* (ажал), *нәзер* (назар), *жәмен* (жаман) деген сияқты сөздер — осындай сөздер. Мұндай сөздердегі *е*-ні біз дыбыс алмасуынан гөрі сингармонизм жолымен пайда болған позициялық өзгеріс деп білеміз. Жуандық, жіңішкелік тұрғыдан бірінші буындағы дауыстының сөздің қалған буындарындағы дауыстыларға жетекшілік етуі — барша түркі тілдеріне тән заңдылық екені белгілі.

Осындағы айтып отырған жайға байланысты ғана емес, *а, ә, е* дауыстыларының алмасуы сөздің бірінші буынында байқалатын жердің бәрінде сөздің кейінгі буындарындағы жуандық, жіңішкелік тұрғыдан болатын фонетикалық құбылулардың бар-баршасын біз сол алғашқы буындағы дыбыстардың алмасу жағдайымен сабақтастырып қарауды мақұлдаймыз. Олай дейтініміз, *а, ә, е* дауыстыларының алмасуы — көбіне сөздің жуан, жіңішке айтылуымен шарттас құбылыс.

Жіңішке ә-нің тіліміздегі ең көп ұшырасатын позициясы — сөздің алғашқы буыны. Сөздің кейінгі буындарында да бұл дыбыс, әрине, қолданылады. Дегенмен оның кейінгі буындарда айтылуы оншалық мардымды емес. Әсіресе тіліміздің төл сөздерінде ол сөздің бірінші буынынан әрі асып жарымайды. Оның кейінгі буындарда келуі көбінесе араб-парсы кірмелеріне байланысты. Соның өзінде де кірмелердің осы тобындағы ә-нің жазу тәжірибесінде еленбей қалатын кезі көп. Ол жөнінде жоғарыда айттық.

Бірінші буыннан тысқарғы буындардың бәрінде өзге түркі тілдерінде (татар, башқұрт, азербайжан, ұйғыр т. б.) жіңішке ә қолданылатын жерде ол дыбыстың біздің тілімізде көбіне *e*-ге ауысатыны мәлім. Мәселен, татар тіліндегі *эшләргә, күрәргә* деген етістіктердің қазақ тілінде *істерге, көрерге* болып айтылатынын білеміз. Сол секілді татарша *әтәш, тәрәзә* дегендердің қазақша нұсқасы *әтеш, терезе* болатыны мәлім.

Өзбек, қарақалпақ, түрікмен жұртымен аралас қоныстардың қазағының тілінде де ә-нің қолданылатын негізгі орны — сөздің басқы буыны екені сөзсіз. Бірақ сонымен бірге өзге өңірдің қазағының тілімен салыстырғанда, оларда сөздің кейінгі буындарында ә-нің молырақ қолданылатыны тағы да анық. Тізімдерде қамтылған *әсәл, нәмәрә, кәптәр* сипаттас мысалдар — осыған айғақ.

Өзбек жұртымен тым етене аралас отырған қазақтардың тілінде ә-нің тіпті сөз соңындағы морфологиялық тұлғаларда да қолданылатын кезі бар. Ташкент облысының Калинин, Янгиул, Тәжікстанның Вахш, Қолхозабад, Қорғантөбе аудандарындағы қазақ ауылдарынан 1974, 1976 жылдары жиналған экспедиция материалдарының ішінде бірен-саран сөздерде көптік жалғауының *-ләр* (*кәттәләр-үлкендер, бегләр-бектер*), жіктік жалғауының *-ә сіз* үлгісінде (*біләсіз, кешрәсіз*) кездесуінен осындай жағдай аңғарылады. Ж. Досқараев Жамбыл облысындағы Болатқосшы деген ауылдағы құрама қазақтарының тілі жөніндегі мақаласында жіктік жалғауының *мұнда-ман, -мән*, есімнен етістік тудыратын жұрнақтың *-ле*, есімшенің өткен шағының *-гән*, барыс септіктің *-гә* үлгісінде айтылуын көрсететін *тапқанман, білмәймән, ішлә, ішләгән, бекәргә* тәрізді бірнеше мысал келтірген.<sup>1</sup>

Сол сияқты *-ман* түрінде жуан фонетикалық вариантта айтылуынан, пекен-саяқ болса да, қарақалпақ арасындағы қазақтардың тілі де құр алақан емес. Дегенмен бұларды оншалық қалыптасқан жүйе деп қабылдауға бола қоймас. Себебі бұлардың көбі — жергілікті қазақтардың тілінде бірде айтылып, бірде айтылмайтын, көбіне жеке аудандардың сөйлеу машығына тән, фонетикалық дублет есебіндегі формалар. Бірақ, сонда да болса, мұндай құбылыстарды диалектологиялық жазбаларда ескерусіз тастауға әсте болмайды. Өйткені аталған диалектілік алқаптағы дублет тұлғалардың негізгі тұлғалармен осылайша жарыса қолданылуы-

<sup>1</sup> Досқараев Ж. Қазақ тілінің құрама говору. Жинақ: «Қазақ тілінің тарихы туралы зерттеулер», Алматы, 1965. 124-б.

ның өзі — экстралингвистикалық фактордың жемісі. Бұл дублеттер де ондағы жергілікті тілдің дерегімен үйлес келеді.

Әңгіме болып отырған өңірдегі говорларда *ә*-нің позиция жағынан талғамсыз қолданылатын сөздердің бірі — өзбек тілінен енген кірме сөздер. Мұның неге бұлай болатыны аса көп түсінік тілемесе керек. Олай дейтініміз бұл сөздердегі *ә* дыбысы — осы лексикалық кірмелермен қоса қабылданған дыбыс. Бұл көрші өзбек говорларында қалай айтылса, мұндағы қазақ говорларында да соған жуық фонетикалық нұсқада айтылады. Енді мына мысалдарды салыстырып көріңіз.

Өзбек арасындағы қазақтардың тілінің дерегі	Өзбекше нұсқасы	Лексикалық мағынасы
кәттә мілләт гиләс ләбләмә гәдә мінбәр кәллә әмәкі беймәләл/бемалал гәрткәм	катта миллат гилос лавлагн гох минбар калла амаки бемалол гарткам	үлкен ұлт шнә қызылша кейде мінбер, кафедра бас әріптес, ағайын еркін тәуекел

Тізімде көрсетіліп отырған сөздердің кейбіреуінің қолданылу аясы өзбек жерімен ғана шектелмейді. Олардың ішіндегі *кәттә*, *әмәкі*, *беймалал* секілді сөздердің сәл өзгерінділеу нұсқасы Өзбекстанға жақын-жуық маңның біраз жерінде-ақ айтылады. Мәселен, бұл сөздерді біз Шымкент, Жамбыл, Қызылорда облысының көп аудандарынан кездестіре аламыз.

Дыбыс құрамына *а/ә* алмасуы тән сөздердің таралу географиясындағы кейбір ала-құлалықтың бар екендігі туралы бұдан бұрын еске салған болатынбыз. Қазақ жерінің әр түрлі айтылатын осы құбылысқа қатысты сөздердің жоғарыда әңгіме етілген *ар*, *араң*, *ары* дегендерден басқа да топтары бар. Соның бірі — ономастикалық атаулар. Оңтүстік өңірде жуан айтылатын *Аманкелді*, *Майкөт* деген кісі аттарының Торғай төңірегіндегі *Әмеңгелді*, *Мәйкөт*, *Аягөз* деген жер атының Семей жағында *Әйгөз* болып айтылатыны бар. Осы сияқты түскей говорларымызда *аю*, *шаршы*, *таутеке* болып жаппай жуан айтылатын сөздердің Қазақстанның шығыс атырабында *әйүү*, *чәрші*, *тәутеке* болып жіңішке фонетикалық вариантта жұмсалатынын көреміз. Бұл сөздердің қолданылысындағы осы сықылды ерекшелікті басқа бір тілдің ықпалы деп түсіндірерліктей дәйек біздің қолымызда, әрине, жоқ. Шынтуайтқа келсек, бөгде тіл ықпалы дегеніміз *а/ә* алмасуының қазақ говорларында пайда болуының басты бір жолы болғанымен, бірден-бір жолы емес. Бұл құбылыстың халық тілінде өмір сүруінің бұдан өзге де

себептері бары талассыз. Соның ең бастысы — тарихи себеп. Бұл — осы құбылыстың түп төркініндегі ортақтыққа, түркі тілдерінің генезисіндегі (тегіңдегі) ортақтыққа барып саятын себеп. Енді осы турасында бірер сөз.

Осындағы *a, ə* ғана емес, дауыстылардың жуандық, жіңішкелік тұрғыдан екі салаға жіктелуі — барша түркі тілдерінің фонетикалық жүйесіне тән белгі. Соның бірі — біздің тіліміз. Жалғыз *e* дауыстысынан басқа дауыстылардың бәрінің тілімізде *a/ə, o/ө, u/ү, ы/i* деген жұппен-жуанды-жіңішкелі болып айтылатыны мәлім. Түркі сөздері өзінің дыбыстық табиғаты жағынан не жуан, не жіңішке айтылады. Бұлай болатыны түркі тілдерінің фонетикалық жүйесіне дауыстылар үндестігі тән. Дауыстылардың жоғарыдағыша жуан, жіңішке болып жұптасып келуінің өзі — осы заңмен шарттас. Дауыстылар үндестігі — түркі тілдерінің дыбыс жүйесін тілдердің өзге жүйесінен ерекшелдейтін ең ірі деген тұс-таңбаның бірі. Тарихи тұрғыдан алғанда дауыстылар сингармонизмін түркі тілдері дамуының көне дәуірлерінен бастап күні қазірге дейін бірге жасасып келе жатқан атам заманғы заңдылығы деуге болады. Бұл заңдылық алтай, орал жүйесіндегі тілдерге де тән<sup>1</sup>. Оны ең ежелгі деген жазбалардан бастап, қазіргі түркі тілдері мен диалектілерінің баршасынан кездестіруіміз осыдан. Жазба мұралардан бұрынғы арғы дәуірлерде өмір сүрген түркі тілдерінде мұндай заңдылықтың болғандығын бекерге шығарарлықтай кепілдікті, әрине, ешкім де бере алмайды.<sup>2</sup> Ал дауыстылар сингармонизмі болған жерде жуандық-жіңішкелік тұрғыдан дауыстылардың екі айырым жұпқа бөлінуі де сөзсіз болатыны аян. Демек, қазақ тілі дыбыс жүйесіндегі дауыстылардың жуан сапы да, (*a, o, u, ы*) жіңішке сапы да (*ə, ө, ү, і, e*) бағы заманнан егіздің екі сыңарындай тілімізбен қоса жасалып келе жатқан нәрселер. Бұл тезистің осындағы біздің әңгімемізге қамшы болып отырған мәселеге қатынасының қаншалықты екені — жоғарыдағы айтылған жайлардан кейін өзінен-өзі түсінікті болса керек. Дауыстылардағы қазіргідей жуандық, жіңішкелік оппозиция түркі тілдерінде ертеден-ақ болған дегенді құптау — тіліміздігі *ə* дауыстысының тек бергі заманның ғана жемісі емес екенін аңғартса керек. Дұрысында да, өрісі бәлендей дерлік кең болмаса да, араб-парсы кірмелерінен тыс та, тіліміздің басы ашық байырғы сөздерінің құрамында да *ə*-нің некен-саяқ сақталуы бар. Ол үшін тіліміздегі мына сөздердің айтылуына назар аударыңыз: *кәрі, әлгі, әптәр-тәптәр, әтеш, әнекей, дәу, жәй, жәйлау, жәйпа, сәл, сәйкес, тәуір, шәп, шәніш, шәйнә* т. б. Бірақ көне түркі жазбалары мен қазіргі кей тілдердегі *мән* (мен), *кәс* (кес), *тәң* (тең) тәрізді бір буынды сөздерде келетін *ə* қазақ тілінде сақталмаған. Мұндай сөздердің қазір тілімізде *мен, кес, тең* болып түгелдей *e* дауыстысымен айтылатыны баршамызға мәлім. Жалпы кейінгі дауыстының өзге тілдердегі *ə*-нің орнына жұмсалуы

<sup>1</sup> Ряснянен М. Материалы по исторической фонетике тюркских языков. М., 1955. 47—86-бет.

<sup>2</sup> Шербак А. М. Сравнительная фонетика тюркских языков. Л., 1970, 138-б.

біздің тіліміздің дыбыс құрылысына өте-мөте тән қасиет екені жоғарыда айтылды.

Бір сыңары жуан, бір сыңары жіңішке жұп дауыстылардың бір-бірімен алмасуы байқалмайтын ешбір түркі тілі де, түркі диалектісі де жоқ десек, қателескен болмаймыз. Біз сөз етіп отырған *a/ə* алмасуы да солардың жуан ортасында. Тіліміздегі дыбыстардың алмасуы құбылысының сап қилы себептері бар екені рас. Бір анығы: дыбыс алмасуының барлық типін қамтитын, оның бәрін бір принциппен түсіндіріп берерліктей универсал заңдылық жоқ. Егер бөгде бір тілдің ықпалынсыз да қазақ тілінің өзінің ішкі дамуы барысында туған дыбыс алмасуының болу мүмкіндігін мойындасақ, онда оның *a/ə* алмасуына да қатысы бар екенін айтуымыз керек.

Фонологиялық қызметі елеусіз болған жерде де дыбыстар бірінің орнына бірін қолдануға бейім келеді. *a/ə* алмасуына байланысты салыстырылып өткен мысалдардың қай түрін алсақ та, мұндағы *a/ə* дегендердің арқалайтын фонологиялық жүгінің жоқтығын оңай аңғарамыз. Мәселен, қайт дегенді *кәйт, әжім, әжуә* дегенді *ажым, ажуа* деп айтудан бұл сөздердің семантикасына келетін нұқсан жоқ. Сондықтан да болу керек, бұл сөздер тіліміздің говорларының біреуінде жуан, біреуінде жіңішке айтыла береді. Халық тілінде фонетикалық дублет сөздердің пайда болуының негізгі бір көзі — осы құбылыста жатыр. Фонологиялық бейтараптық — дыбыс алмасуын тудырушы себептердің бірі. Мұндай жағдайдың болатынын айту — фонологиялық қызметі солғын жердің бәрінде дыбыстар бірінің орнына бірі бейберекет сапырылысып қолданыла береді дегендік емес. Бір-бірімен алмасатын дыбыстардың түркі тілдерінде белгілі жүйесі бар. Ол туралы жұмыстың алғашқы тақырыбында бір қыдыру айтылған болатын. Ал *a, ə* дауыстыларының дәл өз басына келетін болсақ, олардың фонологиялық қызметке ие болатын кездері де көп. Мұндайда олар бір-бірімен алмаса қоймайды. Мысалы: сан-сән, ар-әр, сал-сәл. Бұл сөздердің жуан сыңары мен жіңішке сыңарының әрқайсысының лексикалық мағынасы әр басқа екені белгілі. Сол үшін де бұл сөздердегі *a, ə* дегендердің айтылуы тұрақты.

Сөздердің енді бір тобындағы *a, ə* дауыстыларының алмасу себебі олардың сөз ішінде өзге дыбыстармен қарым-қатынасқа түсу ыңғайына байланысты. Қазақ тіліне аса тән белгі болмаса да, кей сөздердің алғашқы буынындағы *a* орнына *ə*-нің қолданылуы сөздің кейінгі буынындағы жіңішке дауыстының ықпалынан болады. Мұның айқын бір мысалы ретінде *әкел, әкет, тәңертең* тәрізді біріккен сөздерді атауға болады. Бұл сөздердің бөлек-бөлек түбірлерден: *алып кел > ап кел > әп кел > әкел; алып кет > ап кет > әп кет > әкет; таң ертең > тәңертең* деген тәрізді схемамен өрбігендігін ескерсек, олардың анлауындағы әу бастағы *a*-ның *ə*-ге ауысуын *кел, кет, ертең* сөздерінің құрамындағы *e*-нің ықпалынан екенін ұғыну қиынға соқпайды. Мұндай мысалдардың талайын говорларымыздан да табуға болады. Мәселен, Қазақстанның әр жерінен жазылып алынған *таутеке* (таутеке),

*сарүйсүн* (сарыүйсін), *Әйгөз* (Айагөз), *тәйгері* (тайтері, мағынасы — тайжақы), *әләпке* (алаөкпе) секілді бір топ сөздер мәлім. Бұлардың да алғашқы компонентіндегі ә-нің пайда болуы жоғарыдағы сөздердікіне ұқсас. Өйткені мұнда біріккен сөздердің екінші сыңары — түгелдей жіңішке айтылатын сөздер.

*e/i* дауыстыларының алмасуы. Осының алдында сөз болған дыбыс алмасуына ұқсас дыбыстық құбылыстың бірі — *e/i* дауыстыларының алмасуы. *i* дыбысы қазақ тілінде екі бірдей ашық дауыстының, *ә* мен *e* дауыстысының, қысаң сыңары ретінде қолданылып, дауыстылардың бір сыңары ашық, бір сыңары қысаң боп келетін мына секілді екі жұбын құрайды: *e/i*, *ә/i*. Демек, ашық дауыстылар мен қысаң дауыстылардың алмасу заңдылығы тұрғысынан алғанда, қысаң *i* тілімізде ашық *e*-нің де, ашық *ә*-нің де орнына жүре алады. Осы екі жұптың ішінде қазақ говорларының дыбыс жүйесінде жиірек алмасатыны — *e* мен *i*. Жергілікті халық тілінің дерегін әдеби тіл нормасымен салыстыра қарағанда, *e/i* алмасуының говорларымызда мына секілді екі түрінің барын байқаймыз: оның бірін схемалы түрде  $e > i$ , бірін  $i > e$  деп белгілеуге болады.

$e < i$  алмасуының жергілікті халық тілінде байқалатын сөздері: *әдеме* (әдемі), *ерегес* (ерегіс), *шегеншек* (шегіншек), *денең сау ма?* (денің сау ма?), *әйгеле* (әйгілі), *таң сәре* (таң сәрі), *сенек* (сенік), *семек* (семік), *есте* (есті), *елеген* (ілеген), *ежегей* (ежігей), *әліге* (әлгі), *ізгі* (ізгі), *ізгүү* (ізгүү).

$i < e$  алмасуының байқалатын сөздері: *егіс* (егес), *шікілдеуүк* (шекілдеуүк), *ійкім* (ійкем), *кесіртке//кесерткі* (кесертке), *кебіже*, (кебеже) *тәйкі* (тәйке), *бәйгі* (бәйге), *жібір* (жебір), *елір* (елер), *әсіресі* (әсіресе), *жій бер* (жей бер), *дййді* (дейді), *шілді* (шілде), *бййбіт* (бейбіт), *бййнет//мййнет* (бейнет), *зййін* (зейін).

Дыбыс алмасуының бұл тобына кіретін сөздердің таралу шегінде говорларымызда дыбыс жүйесі жағынан жіктестіруге себін тигізерліктей ұқсас құбылыстардың изоглоссалық шоғыры байқалмайды. Мұндағы бір-бірімен ұқсас құбылыстардың изоглоссалық шектері мейлінше бытыраңқы. Мәселен, *тәйкі* (тәйке), *бййе* (бүйү) сөздерінің тараған территориясы — тек Маңғыстау атырабы да, осыған ұқсас *егіс* (егес), *шікілдеуүк* (шекілдеуүк) сөздерінікі Қазақстанның шығыс атырабы. Ұқсас құбылыстардың изоглоссаларының араларындағы бұл секілді бытыраңқылықтың болу себебі бағзы-баяғы бұл құбылыстың көне белгі екендігінде. Бұл да жоғарыдағы *a/ы* алмасуы тәрізді тіліміздегі ашық *e* мен қысаң *i* дауыстыларының дифференциациялануы кезеңінен әр өлкедегі жергілікті халықтың тілінде сақталып қалған бір елес іспетті.

Жоғарыдағы келтірілген мысалдардың бәрінде де ашық *e* мен қысаң *i*-нің бір-бірімен алмасуының басы ашық. Алайда мұндай қортындыны алмасудың осы түріне қатысты диалектологиялық зерттеулерде бұрын-соңды келтіріліп жүрген мысалдардың бар-баршасы туралы айтуға болмайтын сияқты. Өйткені сөздің бірінші буынынан кейінгі буындарындағы ашық *e*-нің алмасатын қысаң дауыстысының сапасы үнемі бірдей бола бермейді. Сөздің мұн-

дай шебінде алмасатын дауыстының сапасы сөздердегі ерін, езу үндестігі секілді дыбыс заңдарымен тығыз байланысты болады. Жоғарыда берілген мысалдардағы *e/i* алмасуының басы ашық болатын себебі бұл сөздердің бәрінің құрамындағы дауыстылар — езу дауыстылары. Ал *e, i* дегендердің екеуінің де езу дауыстысы екені мәлім. Сөз құрамында езу дауыстыларынан тыс бөгде дауыстылар болмағандықтан үндестік заңы тұрғысынан *e, i* дыбыстары өзгеріске шалдықпай сол бағзы қалпында айтылады. Ал алғашқы буынында ерін дауыстылары бар сөздердің одан кейінгі буындардағы дауыстылардың езу дыбыстарымен алмасуы жөнінде айту — тек әдеби тіліміздің емле тәртібі тұрғысынан ғана болмаса, сөздің мұндай шебіндегі дауыстылардың табиғатын дұрыс көрсеткендік болып табылмайды. Мәселен, емле тәртібі бойынша *бүгелек* болып жазылатын сөздің диалектілік сыңарын *бүгелік* деп жазып көрсетіп, оның соңғы буынындағы дыбыстық өзгерісті *i/e* алмасуы деп қарау шындыққа жанаспайды. Әдеби орфоэпиялық норма тарапынан алғанда, бұл сөздің дұрыс айтылуы *бүгелек* те, тіптен *бүгөлөк* те емес, ол — *бүгөлөк*. Әрине, мұндағы соңғы буындағы ерін дауыстысы ө-ні екінші буындағы ө-мен сапасы бірдей дыбыс деуге бола да қоймаса, бірақ сонда да болса, оның дәл езу дыбысы е емес екенінің басы ашық. Мұның артикуляциясында езу элементінен гөрі ерін элементі басым. Олай болатыны — бірінші буындағы ерін дауыстысының жетекшілік ықпалынан. Бұл — жалғыз осы сөздің басындағы жай емес, бірінші буыны ерін дауыстыларының қатысымен жасалған, ал қалған буындарында қысаң дауыстылар келетін қазақ тіліндегі өзге сөздердің де басында бар жай. Артикуляция-акустикалық жағында ерін элементі басым болуы себепті мұндай позициядағы дауыстыны ерін дауыстыларының таңбасымен жазып көрсеткен абзал. Сонда қазірге дейінгі диалектологиялық деректерде *i/e* дауыстыларының алмасуын бейнелейтін мысалдар қатарында алынып келген сөздердің арасынан мына секілді бір топ сөздерді еріндік *э/ү/ө* дауыстыларының алмасуы есебінде бөліп атағанмыз жөн болады: *жүйкі-жүйкө* (емлесі — *жүйке*)\*, *жүлдү-жүлдө* (жүлде), *өскүн-өскөн* (өскен), *өрүскұл-өрүскөл* (өрескел), *өткұл-өткөл* (өткел), *бөлүн-бөлен* (бөлен), *өткүн күн-өткен күн* (өткен).

Бұрын *e/i* алмасуы қатарында аталып келген сөздердің арасынан дәл осы құбылыстың өз еншісіне тиетіні деп *көсек-көсүк*, *үлгер-үлгүр*, *бүлдүрге-бүлдүргү*, *түсүнек-түсүнүк*, *түсүнекті-түсүнүктү*, *бйе-бүйү* сөздерін бөліп атауға болады. Мұндағы соңғы *e* ашық дыбыс болуы себепті өзінен бұрынғы ерін дауыстысының ықпалына түспей өзінің езулік сапасын сақтап айтылады. Алмасудың бұл түрін *e/i* алмасуы деу — осы екі дауыстының арасындағы тарихи байланыс тұрғысынан болмаса, дәл бұл сөздердің халық тіліндегі айтылу үлгісімен сәйкеспейді.

Осы келтірілген мысалдардың қай жұбын алсақ та, олардағы алмасатын дауыстылар сөздің бірінші буынындағы дауыстылар

\* Жақша ішінде бұл сөздердің емлесі көрсетілді.

емес, екінші, үшінші буынындағы дауыстылар. Ал бұл сөздердің ешқайсысының бірінші буынында езу дыбысы айтылмағаны әрінеді. Олардың бәрінің де бірінші буыны тек ерін дыбысымен қатысымен жасалған. Сол үшін де тіліміздің қазіргі дамуына қатысынан алып қарағанда бұл жерде езу дауыстылары е менің алмасуы жөнінде сөз болуы мүмкін емес.

Осы жайды бұрын *а/ы* алмасуы қатарында танылып келген *тұура, шонжар, оңқа, ожар* сөздерінің басындағы дыбыстық өзгеріс хақында да айтқан жөн. Бірінші буынында ерін дауыстылары болуы себепті бұл сөздердің соңғы буынындағы ашық *а* езулік қысаңмен емес, еріндік қысаңмен ғана алмаса алады. Сонда бұл сөздердің дыбыстық кейпі *тұуры* емес *тұуру, шонжыр* емес *шонжұр, оңқы* емес *оңқу, ожыр* емес *ожұр* боп шығады. Қазақстанның шығысында *жұпана* болып айтылатын сөздің кейінгі буындарындағы *а*-ның қысаң дыбыспен алмасуы да осы сияқты. Бұл сөздің әдеби орфоэпиясы — *жұпыны* емес *жұпұну*. Сондықтан бұл жерде де *а/ы* дауыстыларының алмасуы туралы айту жөн емес.

Бірақ кейінгі топқа енген сөздердің соңғы буынындағы дыбыс алмасуының соның алдындағы топқа енген сөздердегі дауыстылардың алмасуынан елесті айырмасы бар. Алғашқы топ мысалдарда ерін дыбысы ерін дыбысымен (*ө-ү*) алмасқан болса, мұнда езу дыбысы *а* ерін дыбысы *ү*-мен алмасқан. Бұл — сөздің кейінгі буындарындағы жағдай. Мұның неге бұлай болатын себебін айттық. Ал сөздің алғашқы буынына келсек, ондағы дауыстылардың бірі езулік, бірі еріндік боп алмасуы — тілімізде сирек байқалатын құбылыс. Мұндай жағдайдың тек жергілікті говорларда *дөкөй//дөкей, ағат//оғат* секілді реттерде некен-саяқ байқалатын жайы бар<sup>1</sup>.

Ерін үндестігінің ықпалына ұшырауға бейім тұратын дауыстылар — езулік қысаңдар. Ал сөздің кейінгі буындарындағы ашық *а, е* дауыстылары бірінші буындағы ерін дауыстысының ықпалына түсе қоймайды. Әрине халық говорларында кейде осы жалпы заңдылықтан ауытқитын ыңғай да байқалмайды емес. Мәселен, Шымкент облысының кей жерінде *онан соң* деген тіркестің *онон соң* боп айтылатыны мәлім. Мұндағы *о/а* алмасуында бірінші буының да, екінші буының да ықпалы, екі жақты ықпал болуы мүмкін. Жоғарыда келтіріп өткен фонетикалық жұптардың кейінгі буындарындағы ашық *а, е* дауыстылары ерін дауыстылары *ү, ү*-мен алмасқан болса, мұны тек ерін үндестігінің жемісі деп қана қарау керек. Бұл тұстағы *а*-ның *ү*-ға өтуіндегі аралық көпір бар, ол езу дыбысы — *ы*. Ал *ү* болса осы *ы*-ның сөздің бірінші буының ықпалынан пайда болған сингармониялық альтернанты ғана. Түркологияда *а* мен *ы*-ны бір дауыстының жіктелуі нәтижесінде пайда болған дейтін жорамал бар. *а*-ның *ү*-ға өтуіндегі

<sup>1</sup> Болатов Ж. Семей облысының Абай, Шұбартау аудандарында тұратын қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. КТДМ, 2, 133-б. Доскараев Ж. Байғанин ауданында тұратын қазақтардың..., сонда, 2—7-б.



аралық элемент *ы* деу осы тұрғыдан да дұрыстыққа келеді<sup>1</sup>. Жалғыз осы екі дауысты ғана емес, бұлармен арадағы тектік жақындықты бірқатар зерттеушілер *э, е, і, и* дыбыстарынан да көреді<sup>2</sup>. Ф. Г. Исхаков *кім* деген есімдіктің түркі тілдерінде *кам, кым, кэм, кем, кім* деген фонетикалық нұсқалары бар екенін сүйсініп, *a>ы//a>э>е>и>і* деген схема ұсынады<sup>3</sup>. Ал өсімдіктердің лексиканың ең көне легіне жататын сөздер екендігі баршаға мәлім шындық.

Жоғарыда әңгімеленген жайттардан байқайтынымыз — қазақ тіліндегі қысандардың алмасуы айқын байқалатын позицияның сөздің бірінші буыны екендігі (*тыста-таста, жібір-жебір*). Өзге буындағы қысандар сөздің бірінші буынындағы дауыстының ықпалына түскіш келеді. Мейлі ол екпін түсіп тұрған, я екпінсіз буын болсын, егер сөздің алғашқы буынында ерін дауысты болса, сөздің қалған буындарындағы қысандардың ашықтармен алмасуында бірінші буындағыдай айқындық болмайды. Бұған қарағанда сөздің соңғы буынындағы дауыстының бірінші буындағы дауыстымен үндесуі сөздегі екпінге қатысты құбылыс емес екені көрінеді.

Түркі сөзінің бірінші буынындағы дауыстының сөздің қалған буындарындағы дауыстыларға жетекшілік қызметін түркі тілдеріндегі екпіннің әу баста бірінші буында болғандығының кепілі деп қарайтын да тұспал бар<sup>4</sup>. Екпінді буындағы дауыстының біз әңгімелеп отырған өзгерісінің, бәлкі, осы жаймен байланысты болуы да ықтимал.

*ы/і* дауыстыларының алмасуы. Осының алдында әңгіме болған *э/а* алмасуына ұқсас құбылыстардың бірі — жуанды-жіңішкелі боп жұптасып келетін *ы/і* қысандарының алмасуы. Мұндағы *ы*-ның жуан, *і*-нің жіңішке дыбыс екені белгілі. Бұл жұптың екі сыңарының екеуі де қазақ тілінде сөздің барлық шебінде қолданыла береді. Сөздің кейінгі буынында осы жұптың қай сыңарының айтылатындығы сөздің бірінші буынындағы дауысты дыбыстың сипатына байланысты. Бірінші буындағы дауысты жуан болса, жуан *ы*, ал егер жіңішке болса жіңішке *і* айтылатыны — түркі тілдері дыбыс жүйесіне тән жалпы заңдылық. Осы себептен дауыстылардың бір-бірімен алмасуы хақында сөз қозғағанда негізге алынатын буын сөздің әлбетте бірінші буыны болмақ. Өйткені сөздің қалған буындарындағы дауыстыларда дәл бірінші буындағыдай дербестік болмайды.

<sup>1</sup> Бұл мәселенің егжей-тегжейін мына еңбектен қараңыз: Шербак А. М. Сравнительная фонетика тюркских языков. Л., 1970, 144—150-б.

<sup>2</sup> Рясенен М. Материалы по исторической фонетике тюркских языков М., 1955, 87-б.

<sup>3</sup> Исхаков Ф. Г. Характеристика отдельных гласных современных тюркских языков. ИСГТЯ, 97-б.

<sup>4</sup> Корин Ф. Е. Древнейший народный стих турецких племен. Записки восточного отделения Русского археологического общества. XIX СПб, 1909, 28-б. Владимирцов Б. Я. Сравнительная грамматика монгольского письменного языка и хакасского наречия. Введение и фонетика. Л., 1929 222-б.

Қазақ говорларында *ы/і* алмасуы байқалатын сөздер көп емес. Егер говорларымыздың көпшілік тобы мен әдеби тіліміз тұрғысынан алып қарайтын болсақ, дыбыс алмасуының бұл түріне жататын жергілікті сөздерді екі топқа бөлуге болады. Олар: 1) Жіңішке *і*-нің орнына жуан *ы* қолданылатын сөздер; 2) Жуан *ы*-ның орнына жіңішке *і* қолданылатын сөздер.

Бірінші топқа жататын сөздердің негізгі тараған географиялық аймағы — Қазақстанның шығысы. Енді осы сөздерді осыған дейінгі тәртіппен өзге говорларымыз бен әдеби тіліміздің дерегімен салыстырып көрсетелік.

Қазақ говорларының шығыс тобында	Көпшілік қазақ говорларында	Әдеби тілімізде
пысты/бысты пысқан/бысқан пысыр/бысыр пышын быр бырсыпыра шыл Ылйяс	пісті піскен пісір пішін бір бірсыпыра шіл Ілйяс	пісті піскен пјсір пішін бір бірсыпыра шіл Ілйяс (кісі аты)

Шығыс аймақтан тыс *ы/і* алмасуы байқалатын бірлі-жарым сөзді оңтүстік өңірдің кей говорынан да кездестіруге болады. Мәселен, говорларымыздың батыс, шығыс, солтүстік-орталық тобында жіңішке айтылатын әрі әдеби тілімізде де көп үлгіде қалыптасқан *шій, шійлеуұт* сөздерінің Жамбыл, Шымкент маңындағы жергілікті халықтың тілінде *шый, шыйлауұт* боп айтылатыны мәлім. Осы құбылысқа қатысты бұл маңда одан өзге сөздердің байқалған реті әзір болған емес. Шығыста денірек қолданылатын құбылыс болғандықтан, *ы/і* алмасуын осы говорлардың негізгі бір көрсеткіші ретінде тануымызға болады.

*ы/і* алмасуы байқалатын сөздердің барлығының таралу шегі бірдей емес. *бысқан/пысқан* дегендердің изоглоссасы Қазақстанның шығысымен шектелетін болса, *шыл* дегеннің таралу шегі бұдан әлдеқайда кеңірек. Оның изоглоссасы шығыс өңірмен қабат республиканың солтүстік аймағының едәуір бөлегін қамтиды.

Мұнымен салыстырғанда *ы*-ның жіңішкеріп, *і*-мен алмасып айтылатын сөздері говорларымызда баршылық. Бір назар аударарлық жай — жоғарыдағыға қарама-қарсы құбылыс болғанымен, мұның да тараған өңірінің бірі — қазақ жерінің шығысы екендігі. Сондай-ақ говорларымыздың оңтүстік тобынан да осы құбылысқа жататын біраз сөздерді таба аламыз. Демек, бұл — дыбыс алмасуының дәл осы түрінен алғанда говорларымыздың шығыс тобы мен оңтүстік тобының арасында біраз ұқсастық бар деген сөз. Бірақ *і/ы* алмасуы байқалатын сөздер говорларымыздың осы екі тобы-

ның әрқайсысында әр басқа. Сондықтан осы сөздердің әр тобының тізімін төменде бөлек-бөлек көрсетпекпіз.

Говорлардың шығыс тобында	Көпшілік говорларда	Әдеби тілде
сібірткі сібірткіле мінеу імірт жігірма сійкір ісіреп жйілген чин чілбір	сыпырғы/сыпырғыш сыпыр мынау ымырт жыйырма/джыйырма сыйқыр ысырап жыйылған/джыйылған шын/чын шылбыр/чылбыр	сыпырғыш сыпыр мынау ымырт жыырма сиқыр ысырап жыылған шын шылбыр

Говорлардың оңтүстік тобында		
сйірші іза тйім (сал) місәлі інәбәт зіндән чіркөбелек шібіш (чбіш) шіләужін Шімкент	сыйыршы ыза тыйым (сал) мысалы ыйнабат зындан шыркөбелек (чыркөбелек) шыбыш/чыбыш шылапшын/чылапшын Шымкент	сиыршы ыза тйым (сал) мысалы инабат зындан шыркөбелек шыбыш шылапшын Шымкент

Говорларымыздың жоғарыда көрсетілген екі тобынан тыс өзге говорларында *i/ы* алмасуы некен-саяқ. Бұдан бізге мәлімі — РСФСР-дың Орынбор облысында тұратын қазақтардың тілінеп О. Нақысбеков жазып алған шіләужін (шылапшын) деген бірақ сөз.

Тізімге енген сөздердің қай тобын алып қарайтын болсақ та, олардың лексикалық құрамының біркелкі емес екендігі көзге оңай шалынады. Әрине, мұндағы сөздердің көбі — тіліміздің төл сөздері. Алайда олардың арасында тілімізге ертеде сіңіскен араб-парсы кірмелері де жоқ емес. Мәселен, *ісіреп*, *місәл*, *зіндән* деген тәрізділер осындай сөздер. Түркі түбірлі сөздер болмағаннан кейін бір есептен бұларды осы сөздердің жергілікті халық тілінде фонетикалық игерілуі тұрғысынан қарап, дыбыс алмасуы құбылысынан тыс алып та түсіндіруге болар еді, бірақ олай етпедік. Себебі мұндағы *ісіреп*, *місәл*, *зіндән* және басқа кірмелердің сыртқы дыбыстық кейпін қарап отырсаңыз — олардың бір өлкенің жергілікті халқының тілі мен екінші бір өлкенің жергілікті халқының тілінде қолданылуында дыбыс алмасуы тәрізді қалыптаса бастаған бір жүйе барын байқайсыз. Бұл жай, біздің топшылауымызша, әрине, *імірт*, *шілбір*, *сіпірткі*, *шібіш* деген тәрізді байырғы сөздердің

жергілікті халық тілінде жіңішке үлгіде айтылу ыңғайымен тығыз байланысты. Сол секілді *ымырт, шылбыр, сыпыртқы, шыбыш* боп жуан айтылатын сөздері бар өңірде бұл сөздер де жуан үлгіде қалыптасқан. Бұларды дыбыс алмасуы шеңберінде сөз етудің уәжі осы ғана.

*ы* менен *і* тіліміздегі бірі жуан, бірі жіңішке боп тұтасып келетін дауыстылардың ішіндегі фонологиялық қызметі жөнінен өріссіздеуі.

*тыс//тіс, ыс* (түтін) // *іс* деген сияқты фонологиялық тұрғыдан *ы/і* дауыстыларының жәрдемімен дифференциацияланатын есім сөздер тілімізде тым тапшы. Ауызекі тілімізде *тыйын//тіїін, мый//мій, мына//міне* дегендерді бірде жуан, бірде жіңішке үлгіде қолдана беруіміз осындай жайға байланысты. Бұл жұптың тіліміздегі фонологиялық қызметінің біршама айқынырақ көрінетін реті — *ыз//із, ыс* (етістік) // *іс* секілді бірен-саран етістік сөздер мен есім сөздердің құрамында келген жері ғана. Бірақ мұндай сөздер мен есім сөздердің құрамында келген жері ғана. Бірақ мұндай сөздер де лексикамызда санамал. Бұл дауыстылардың жергілікті халық тілінде бір-бірімен алмасып жұмсалыуы ыңғайын жеңілдеткен себептің басты біреуі осы жай, яғни бұл арадағы дауыстылар арқалайтын фонологиялық жүктің мардымсыздығы болу керек. Біздің диалектілеріміздегі секілді *ы* мен *і* дауыстыларының алмасуы өзге түркі тілдері мен диалектілерінде де бар. Мәселен, қазақша *тыңда//тыңла* деген етістіктің бірінші буынындағы *ы* азербайжан тілінде *дінлә* боп жіңішке айтылады. Сондай-ақ біздегі *із* сөзінің түрікмен тілінде *ыз* боп жуан айтылатыны белгілі. Түркі тілдерінің диалектологиялық атласына дерек жинауға арналған сұраулықта бірінші буындағы *ы/і* дауыстыларының алмасуын бейнелейтін бірнеше сөз берілген. Солардың ішіндегі бір ғана *пiш* сөзін алатын болсақ, түркі тілдері таралған аймақтың оңтүстігі мен батысында оның жіңішке үлгіде айтылатынын, ал солтүстігі мен шығысында көбіне жуан үлгіде айтылатынын көреміз<sup>1</sup>. Бұл сөздің жуан нұсқасының кездесетін тілдері — *алтай, шор, хакас, тува, тофа, долган, якут, телеут тілдері*<sup>2</sup>.

Сұраулыққа енген *ы/і* алмасуы байқалатын сөздердің бәрінің географиясы дәл осындағы *пiш* сөзінікімен тура түсіп жатқан жоқ. Мәселен, көпшілік түркі тілдерінде жіңішке айтылатын *тіл* сөзінің жуан нұсқасы солтүстіктегі тува, тофа, долган, якут, алтай тілдерінде бар да, телеут, шор, хакас, т. б. тілдерде жоқ<sup>3</sup>. Әрі *ы/і* алмасуына қатысты жуан-жіңішке боп бөлінетін сөздер түркі тілдерінде аз. Сұраулыққа кіргізілген сөздердің бірі — *біз* деген жіктеу есімдігінің жуан нұсқасы мәселен қазіргі еш түркі тілінде байқалмайды. Әңгіме болып отырған дыбыс алмасуына байланысты

<sup>1</sup> Вопросы диалектологического атласа тюркских языков народов СССР М., 1969.

<sup>2</sup> Широбокова Н. Н. Соответствия гласных твердого и мягкого ряда (по данным ДАТЯ. Сибири). История и диалектология языков Сибири. Новосибирск, 1979, 60-б.

<sup>3</sup> Соуда. 65--78-б.

жуан-жіңішке нұсқада айтылмайтын мұндай сөздер түркі тілдерінде, әрине, көп.

Түркі тілдеріндегі жуанды-жіңішкелі боп бөлінетін сөздердің жуан дауыстылармен келетін нұсқасын Д. Г. Кнекбаев бастапқы нұсқа деп көрсетеді<sup>1</sup>.

Көп сөздердегі жуан дауыстылардың жіңішке нұсқаға ауысуындағы шешуші фактордың сөздегі көрші дыбыстардың ықпалынан болатын жайы бар. Бұл тұрасында біз осының алдында *a/ə* дауыстыларының алмасуымен байланысты біраз тоқтағанбыз. Бұл жай, әрине, өз алдына *y/i* алмасуына қатысты біз келтіріп өткен деректердің бәрі мұндай жеженің тезіне салып өлшеуге келе бермейді. Айталық, *ымырт-імірт, сыпыртқы — сібірткі* дегендердің өзгерісін көрші дыбыстардың ықпалына сүйеніп дәлелдей қою қиын. Езулік қысандардың бұл тәрізді өзгерісін А. М. Шербак түркі тілдерінде жуаннан жіңішкеге қарай, яғни бірақ бағытта жүріп отырған процесс деп түйіп, мұның себебін дыбыстардың жалпы дамуында байқалатын жіңішкеру (опереднение) құбылысымен байланыстырады<sup>2</sup>. Ол кісінің біз келтірген мысалдардағы *пiш, пыш* дегендердің алғашқы нұсқасы жуан (пыч) болды деп тұспалдайтыны да осыдан<sup>3</sup>. Қазақ тіліндегі *пышақ//бышақ, пішен, пішім//бішім, пішіп, піше*, татар тіліндегі *пычқы* (ара) дегендегі түбірлердің жоғарыдағы *пiш* екені жалпыға мәлім. Бұл сөздердің құрамында да ол жуанды-жіңішкелі екі нұсқада ұшырайды. Дәл бұл жерде мұның жіңішке нұсқасының пайда болуын *ш* дыбысының ықпалынан деп түсіндіруге әбден негіз бар, өйткені түркі тілдеріндегі *ш* дауыссызының маңайындағы дауыстыларға жіңішкерткіш ықпалы болатыны ертеден байқалып келе жатқан құбылыс<sup>4</sup>. Ә. В. Севортян осы туынды сөздердің бар-баршасының өрбіген төркіні пышақ, ұстара мағынасындағы *би//бы* деген зат есім болған дейді<sup>5</sup>. Бұл зат есімді қазіргі көп түркі тілінде *қайра, жаны* деген мағынада жұмсалатын *биле* деген етістіктің түбірімен сабақтастырады. Осындағы *біле, білеу* дегендер қазақ тілі үшін де жат сөздер емес; оларды біз ауыз әдебиеті үлгілерінен жиі кездестіреміз. М. Рясненнің түсіндіруінше құралдың атын білдіретін *біз//бігіз* сөзінің құрамындағы *бі* де осы сөзбен астарлас<sup>6</sup>. Ә. Т. Қайдаров қазақ тіліндегі *міз бақпа* деген тұрақты тіркестің құрамындағы *міз* сөзі әуелде пышақтың «жүзі, өткір» деген мағынадағы дербес сөз болғанын тектес тілдердің дерегіне сүйеніп дәлелдейді<sup>7</sup>. Сонда аталған *пiш* етістігін бұл сөзбен де түбірлес деуге негіз бар.

<sup>1</sup> Кнекбаев Д. Г. Варнаитные слова или сингармонические параллелизмы в башкирском языке. Уч. зап. башкирского гос. пед. инс-та. Серия филологическая, I, 1955, 1943-б.

<sup>2</sup> Шербак А. М. Сравнительная фонетика..., 38-б.

<sup>3</sup> Сонда, 195, 197-б.

<sup>4</sup> Современный казахский язык. Фонетика и морфология, Алма-Ата. 28-бет.

<sup>5</sup> Севортян Ә. В. Этимологич. словарь тюр. языков. М., 1978, 159-б.

<sup>6</sup> Сонда, 131-б.

<sup>7</sup> Ә. Қайдаров. Міз: міз бақпау. Қазақ тілінің қазақша этимологиялық сөздігі. Алматы, 1966, 148-б.

## ЕРІН-ЕЗУ ДАУЫСТЫЛАРЫНЫҢ АЛМАСУЫ

Ашық дауыстылар мен қысаң дауыстылардың жұбы тәрізді қазақ тілінде езу дауыстылары мен ерін дауыстылары да дыбыстық жұптар құрайды. Олар:  $y — \gamma$ ,  $i — \gamma$ ,  $a — o$ ,  $e — \theta$ ,  $e — \gamma$ ,  $\partial — \gamma$ . Бұл жұптардың да бір-бірімен алмасып келуі — барша түркі тілдерінің дыбыс жүйесіне тән заңдылық. Осы заңдылықты қазақ тілінен де байқаймыз. Бірі ерін, бірі езу дыбысы боп келетін дыбыстардың алмасуынан бірінде аз, бірінде көп дегендейін қазақ говорларының қай-қайсысы да құр алақан емес. Әрі говорларымыздың дыбыс жүйесінде олардың екі түрінің екеуі де бар. Екі түрі деп отырғанымыз — бұл дауыстылардың бірде ерін/езу дыбысы, бірде осыған қарама-қарсы езу/ерін дыбысы боп алмасуы. Мұның алғашқысын лингвистикалық әдебиетте лабиализация, кейінгісін делабиализация құбылысы деп атайтыны белгілі. Сөз етіліп отырған жайға түсінік беруді жеңілдету мақсатымен біз де дауыстылардың аталып өткен легінің алмасуын осы екі құбылыстың төңірегіне жинақтап, олардың бір тобын қазақша лабиалдану, екінші тобын делабиалдану құбылысы деп атауды мақұл көрдік. Сонда  $y < \gamma$ ,  $\gamma < i$ ,  $o < a$ ,  $\theta < e$ ,  $\gamma < e // \partial$  дауыстыларының алмасуы мұның лабиалдану түріне жатады да,  $\gamma < \gamma$ ,  $i < \gamma$  деген ретпен бұған керісінше алмасуы мұның делабиалдану түріне жатады.

Егер осы құбылыстың екі түрінің әрқайсысын жеке-жеке алатын болсақ, оның бірде-бірінің қазақ говорларының ешқайсысында таза күйде ұшырамайтынын айтуымыз керек. Олар, дұрысында, говорларымызда аралас күйде ұшырайды. Демек, бірыңғай тек лабиалдану құбылысы ғана тән, я бірыңғай тек делабиалдану құбылысы ғана тән боп келетін говорлар тілімізде жоқ. Әрине, бұл — осы екі ұдай белгінің әр говордағы арасалмағы тепе-тең деген сөз емес. Бір говорға мұның лабиалдану түрі тән ірек болса, енді бір говорға делабиалдану түрі тән ірек екені көрінеді. Айталық, қазақ жерінің оңтүстік өңірінен делабиалдану құбылысына тән сөздердің лабиалдану құбылысына тән сөздерге қарағанда молырақ ұшырайтыны байқалады. Мәселен, республикамыздың оңтүстігі мен Орта Азияның ішкі қоныстарында тұратын қазақтардың тілінен жинаған осы құбылысқа қатысты мынадай сөздердің бар екенін көреміз:

	Өзге говорларымызда	Әдеби тілімізде
$\gamma < \gamma$		
бық	бүк	бүк, бұғу
бықтыр	бүктүр	бүқтыр
тымба	түнба	түнба (су)
тындыр	түндүр	түндыр
бызау	бұзау	бұзау
былақ	бұлақ	бұлақ
Былақпай (кісі аты)		
Майбылақ (жер ты)		

<p>былаңда тымау сынау мызда тымар ыйат ырла ызақ ызақ</p> <p>қырсау кылғуна Байызақ (кісі аты) Құдайғыл</p> <p><i>i &lt; y / ʏ</i></p> <p>чіберек індеме індеместен ін-тін дәстір жідә асық ійір мінтәздай</p> <p><i>a &lt; o; e &lt; ø; a &lt; y;</i></p> <p>атар абрай анча-мүнча аны-мұны әлекпе ерік дәкей Абабакір</p>	<p>бұлаңда тұмау сопау мұзда тұмар ұйат ұрла ұзақ ұзақ (қарға)</p> <p>кұрсау кұлғана</p> <p>шүбөрек үндөме үндөместен үн-түн дәстүр жүдә асық үйүр мұнтаздай</p> <p>отар аброй онша-мұнша онү-мүнү алаөкпе өрүк дөкей Әбубәкір</p>	<p>бұлаңда тұмау сопау мұзда тұмар ұят ұрла ұзақ ұзақ (қарға), өзб. зәғчә «галка» кұрсау кұлғана</p> <p>шүберек үндеме үндеместен үн-түн дәстүр жүдә үйір мұнтаздай</p> <p>отар абырой онша-мұнша оны-мұны алаөкпе өрік дөкей Әбубәкір</p>
--	--	--

Жоғарыда айтқанымыздай делабиалдану құбылысына қатысты сөздердің енді біразын қазақ жерінің шығысынан кездестіреміз:

<p>ересен қырсау шыбар Шыбартау (жер аты) тыр тыра тыр тыса ыста байқыс тыман шылғау Мыса Мысабай Мысабек Мықа Мықан Мыстай Мырат</p>	<p>орасан кұрсау шұбар</p> <p>тұр тұра тұр тұса ұста байғұс тұман шұлғау Мұса, Мұуса Мұсабай, Мұусабай Мұсабек Мұқа Мұқан Мұстай Мұрат</p>	<p>орасан кұрсау шұбар</p> <p>тұр тұра тұр тұса ұста байғұс тұман шұлғау Мұса Мұсабай Мұсабек Мұқа Мұқан Мұстай Мұрат</p>
---	--	---

Бұл құбылыс Қазақстанның батысында мына сөздерде кездеседі:

жылын	жұлын	жұлын
жым	жұм	жұм
бышық/пышық	пұшық	пұшық
был	бұл	бұл
быдан	бұдан	бұдан
быйдала	бұйдала	бұйдала
пықа	бұқа	бұқа
сырқыя	сұрқұя	сұрқия
тылымшақ	тұлұмшақ	тұлұмшақ
ылғай	ұлғай	ұлғай
ымыт	ұмыт	ұмыт
қыбыла	күбұла	күбыла

Делабиалдану деп атап отырған құбылысқа байланысты осы келтірілген мысалдарды біз бұл дыбыстық белгінің қазақ жерінің әр өңіріне (батыс, оңтүстік, шығыс) тараған белгі екенін көреміз. Бұл құбылыстың әр өңірдегі халық тілінде қолданылу шама-шарқында да бәлендей ірі айырма жоқ. Айырма тек бойына осы құбылыс тән деген сөздердің әр жерде әр басқа сөздердің құрамында ұшырауында. Мәселен, оңтүстік жақта қолданылатын *былаңда, мызда, ырла, ызак* дегендерді батыс, шығыс жақтың қазағының тілінен кездестірмейміз. Бірақ оның есесіне батыста оңтүстік пен шығыста айтылмайтын *жылын, бышық/пышық, пықа, ылғай, ымыт* тәрізді сөздердің бар екені көрінеді. Сол сияқты шығыста айтылатын *тыса, ыста, шылғау, байқыс* дегендер басқа жердің қазағының тілінде жоқ. Дыбыстардың алмасу заңдылығы тұрғысынан алғанда бұл сөздердің дыбыстық құрамындағы өзгерістің бір-бірінен принциптік айырмасы болмаса да, бұлардың әрқайсысын диалектілік белгі ретінде тануымыздың сыры неде? Бұл, әрине, осы сөздердің нақтылы фонетикалық нұсқасының нақтылы бір өлкенің жергілікті халқының тіліне ғана тән болып, басқа жерде дәл осы фонетикалық үлгіде айтылмауында. Екінші сөзбен айтсақ, бұл сөздердің әрқайсысының тараған дербес-дербес географиялық аймағы бар. Ол жағдай осы сөздердің лингвистикалық картасынан айқын көрінеді.

Алайда географиялық шек туралы тұжырымды дыбыс құрамында осы құбылыс (делабиалдану) байқалатын сөздердің бәрі үшін абсолют қағидаға айналдыруға болмайды. Айталық, говорларымыздың оңтүстік тобында кездесетін сөздердің қатарында алғашқы тізімде көрсетілген *бықтыр, бызау, тымау, былақ* деген сөздер бар. Оңтүстіктен тыс бұл сөздердің біразын Қазақстанның батыс, шығыс өңірінің де кей жерінен кездестіруге болады. Мәселен, *бықтыр* деген сөзді Ж. Досқараев Шымкент облысының Түлкібас, Сайрам<sup>1</sup> аудандары мен Ақтөбенің Байғанин<sup>2</sup> ауданынан,



Ж. Болатов Семейдің Абай, Шұбартау<sup>2</sup> аудандарынан, Ә. Құрышжанов Қарақалпақстан<sup>4</sup> қазақтарының тілінен осы үлгіде жазып алған. Сондай-ақ осындай территориялық жайылыңқылық *бызау, тымау, былақ* сөздерінің басында да бар.

Бұдан тыс құрамында дыбыстық өзгерісті осы делабиалдану құбылысы шеңберінде қарауға болатын тағы да бірлі-жарым сөздер бар. Ол — ұшар басындағы ерін дыбысы түсіріліп айтылатын сөздер. Мәселен, О. Нақысбеков<sup>5</sup> Көкшетау облысының Қызылту ауданында тұратын қазақтардың тілінде *ұшан теңіз, ұшұқта, ұсақ, ұсақта* деген сөздердің басқы дыбысы *ұ* түсіріліп айтылатынын көрсетеді. Сонда бұл сөздер *шан теңіз, сақ, сақта* боп өзгереді. Аңлауындағы ерін дыбысы түсіп қалатындықтан бұл сөздердің құрамындағы дауыстылардың езу артикуляциясымен айтылатыны өзінен-өзі түсінікті. Әсіресе мұндағы *шан, сақ, сақта* дегендердің езу артикуляциясымен айтылуының басы ашық. Өйткені бұлардың кейінгі буындарында әуелден ерін дауыстылары жоқ. Ал *ұшұқта* сөзі болса, оның да екінші буынындағы ерін дыбысы түсіріліп айтылғандықтан езу дыбысы *ы*-ға ауысқан. Өйткені мұндағы екінші буындағы *ұ* — әуелде бірінші буындағы ерін дыбысының ықпалынан пайда болған дыбыс. Фонологиялық тұрғыдан атқаратын қызметі болмауы себепті бұл сөз үшін екінші буында ерін дыбысы *ұ*-ның айтылуы міндетті шарт емес. Шығыс говорларда қолданылатын *жыл шыра* (жылы ұшұра) деген тіркестегі *ұ*-ның айтылу жайы да осыған ұқсас. Бұл құбылысты шартты түрде еріндік *ұ*-ның ноль дыбыспен алмасуы деп айтуға болады.

Лабиалдану құбылысына қатысты сөздердің де қазақ говорларындағы таралу жайы осы сияқты. Бұлардың тіліміздегі тараған тұрақты аймағы әлі толық анықталып жеткен жоқ. Ертелі-кеш жиналған деректерге қарағанда бұл құбылыстың кездесетін өңірі — Қазақстанның шығысы мен оңтүстігі. Мұндай сөздер говорларымызда көп те емес. Шығыс өлкемізге тән деген сөздердің қатарында мына бір топ сөзді атауға болады: (келесі беттегі табл.).

Лабиалдану құбылысына қатысты сөздердің де изоглоссалары әркелкі: *бұлғары, бұлға* дегендердің географиясы қазақ елі тараған өңірдің шығысын түгелдей қамтитын болса, *бейчора* деген сөздің тек Монғолия қазақтарының тілін қамтитыны көрінеді<sup>6</sup>. Сол сияқты *қансұра, пұш болды, түнүке* тәрізділер оңтүстік атыраптын

<sup>1</sup> Досқараев Ж. Бір экспедиция отрядының диалектологиялық жұмысы туралы. ҚТДМ, 1-шығ., Алматы, 1958, 188-б.

<sup>2</sup> Досқараев Ж. Байғанин ауданында тұратын қазақтардың тіліндегі фонетикалық ерекшеліктер. ҚТДМ, 2-шығ., Алматы, 1960, 8-б.

<sup>3</sup> Болатов Ж. Семей облысының Абай, Шұбартау аудандарында тұратын қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Сонда 132-б.

<sup>4</sup> Құрышжанов Ә. Қарақалпақ АССР-інде тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір ерекшеліктер. ҚТДМ, 5-шығ., Алматы, 1963, 154-б.

<sup>5</sup> Нақысбеков О. Көкшетау экспедициясының материалдарынан. ҚТДМ, 2-шығ., Алматы, 1960, 92-б.

<sup>6</sup> Бұхатын Базылхан. Монғолияда тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір жергілікті ерекшеліктер. «Қазақ диалектологиясы». Алматы, 1965, 36-б.

	Өзге говорларымызда	Әдеби тілімізде
<p>ү&lt;ы: бұлғары ұлақтыр бұлға арғұмақ мылқау ү&lt;і: бұйдай/бұйдай ү&lt;і: үйүр ө&lt;е: өрекше дөдөк қақ</p> <p>о&lt;а; бейчора обайла</p>	<p>былғары ылақтыр былға арғымақ мылқау бійдай ійір ерекше дедек қақ</p> <p>бейшара абайла</p>	<p>былғары лақтыр былға (ласта) арғымақ мылқау бійдай малды йір ерекше дедек қақ</p> <p>бейшара абайла</p>

Сондай-ақ осындай сөздер оңтүстікте де бар:

<p>ү&lt;ы: қансыра дастұрқан шала-шұрпұ тұмақ пыш болды ү&lt;а: жұуап ү&lt;і: түнүке Бүбү, Бүбүш Бүбүхан о&lt;а/а: ондо-сондо салом тобип онон сосон өзәлда о&lt;ы: барғасон айқасон үу&lt;іі: бұудай</p>	<p>қансыра дастарқан/тастарқан шала-шарпы тымақ пыш болды жауап тініке Бійбі, Бійбіш Бійбіхан анда-санда сәлем/салам тәуіп онан сосұн әзелде барғасын айтқасын бійдай</p>	<p>қансыра дастарқан шала-шарпы тымақ пыш болды жауап тініке Бибі, Бибіш Бибіхан анда-санда сәлем тәуіп онан сосын әзілде барғасын айтқасын бидай</p>
---	---	---

көп жерінде осы үлгіде айтылғанымен, *салом*, *өзолда*, *тобип* дегендердің оңтүстіктің біраз жерінде басқа үлгіде айтылатыны аңғарылады. Соңғы сөздердің негізгі кездесетін жері — өзбек жұртымен көршілес, аралас отырған өңір. Бұлай болуы бұл сөздердің фонетикалық өзгеріске түсуінің негізгі кілті тәжік, өзбек тілдерінде жатыр. Сол себептен де олар осы тілдермен жақын қарым-қатынастағы говорларға ғана тараған. Бұған дәлел түркі тілдеріне араб тілінен ауысқан сөздердің ерін дыбысы о-мен айтылуы көбіне-көп осы тілдерге тән белгі. Мысалы, қазақша *сәлем* боп айтылатын араб сөзінің өзбек тілінде *салом* деген үлгіде қолданылатыны мәлім.

Жергілікті диалектілік белгілердің ішінде аномастикалық атаулардың арасына тараған белгілер де көп. Әсіресе антропонимдер-

дің жергілікті түрлерінің қалыптасуына диалектілік белгілердің едәуір ықпалы бар. Лексикалық элементтерді былай қойғанда, фонетикалық белгілердің табып кісі аттарынан жні кездестіреміз. Жоғарыдағы тізімде көрсетілген бірінші сыңары араб-парсы тілінен енген кірме есімдер — *Мыса, Мыстай, Мысабек, Мықан, Мырт* дегендегі бірінші буындағы *ы* < *ү* алмасуы — осының айқын дәлелі. Бұл есімдер Қазақстанның шығыс атырабында осы фонетикалық үлгіде ірге тепкен. Алматы, Жамбыл облысының қырғыз жұртымен шектес отырған аудандарында кездесетін әйел аттары *Бүбу, Бүбүхан, Бүбүш* дегендер де осындай антропонимдер. Мұны Т. Жанұзақов қырғыз тілінің ықпалымен байланыстырып қарайды<sup>1</sup>. Анығында да, қазақтағы *бибі* дегенді қырғыз ағайындардың *бүбу* деп қолданатыны рас. Қырғыз фольклорында *бүбү* сөзі — бақсы әйелді (шамаңка) білдіретін атау: *Бақшы менен бүбүдөн, немесін койбой чакырды*.

Лабиалдану, делабиалдану деп атап отырған құбылыстың қай түріне жататын жергілікті сөздерді алсақ та, олардың арасында қазақ говорларының типін, жігін ажыратып берерліктей ірі белгілер бар деп айта алмаймыз. Ол туралы жоғарыда айттық. Әйтсе де бұл тұжырымды жеке сөздердің бәрінің басына қатысты тұжырым деп ұғу керек. Әйтпесе *ұлақтыр* — *ылақтыр, арғұмақ* — *арғымақ* деген сөздердің құрамындағы *ы*-ның лабиалдануы Қазақстанның шығысына, *қансұра* — *қансыра, түнүке* — *тініке* дегендегі езу дыбыстарының лабиалдануы оңтүстігіне тән екенін бекерге шығарған болар едік. Демек, бұл — осы құбылысқа жататын сөздердің әрбіреуінің өз изоглоссасы бар деген сөз. Бірақ бұдан лабиалдану говорларымыздың нақты тобының сипатты белгісі деген қорытынды шықпайды. Бұл — осы құбылыстың екі түрінің екеуі де говорларымызда аралас ұшырауынан.

Бұл құбылыстың түркі тілдерінің жалпы дыбыс жүйесіндегі жайы да осыған ұқсас. Жұптас дауыстылардың езулік сыңарларының орнына оның бірыңғай еріндік сыңарларын, я болмаса бұл дауыстыларды бұған бірыңғай керісінше қолданатын түркі тілдері әсте жоқ. Сол үшін де қазақ говорларындағы бұл құбылыс нақтылы бір түркі тілінің ықпалы деп қарауды көтермейді. Біздегі сияқты лабиалдану мен делабиалдану құбылысының бір-бірімен жарысып қолданылуы — өзге түркі диалектілерінің дыбыс құрылысында да бар. Мәселен, қазақша *баяу* сөзінің башқұрт тілінің шығыс диалектінде<sup>2</sup> *бийау, қолжаулық* сөзінің *қылйаулық* боп айтылатыны бар. Ал біздегі *қарлығаш* сөзінің дәл сол говорда осыған керісінше *карлуғас* деген нұсқада қолданылатынын көреміз. Х. Данияров өзбек тілінің бір ғана қыпшақ диалектісінің ішінде *ұйқы, ұл, ұн, түтүн, пұчұқ, мұрны* деген сөздердің *ұйқы//ыйқы, ул//ыл, ун//ын, тытын, пычық, мырны*<sup>3</sup> деген екі ұдай нұсқасы ба-

<sup>1</sup> Жанұзақов Т. Жергілікті тіл ерекшеліктеріне байланысты кісі аттары ҚД. I-шығ., 1965, 196-б.

<sup>2</sup> Максимова Н. Х. Восточный диалект башкирского языка. М., 1976, 90-б.

<sup>3</sup> Данияров Х. Опыт изучения джекающих (кыпчакских) диалектов в сравнении с узбекским литературным языком, Ташкент, 1975, 21—107-б.

рын айтады. Мұндай жай татар тілінің диалектілерінде де бар: *тормыш*//*тырмыш*, *тоқмач*//*тықмач*<sup>1</sup>. Сондай-ақ оны біз қарайым тілінің диалектілерінен де кездестіреміз. К. Мұсаев осы тілдің трақай диалектісіндегі ерін дауыстысының орнына галич диалектісінде езу дауыстысы қолданылатындығын айтады<sup>2</sup>. Бұл жағынан кейінгі диалектінің қыпшақ тобындағы өзге тілдер мен диалектілерден біраз ерекшелігі бар екені байқалады. Біздің тіліміздегі, сол секілді көптеген қыпшақ тілдеріндегі *өш* (кек), *кун*, *өкур*, *өрнөк*, *сөк* (ұрыс) тәрізді сөздер аталған галич диалектісінде *эц*, *кин*, *экир*, *эрнек*, *сек* түрінде айтылады екен. Ал енді осы тілдің екінші диалектісінде бұл сөздердің бәрінің ерін дыбысымен *өч*, *кюн*, *өкир*, *өрняк*, *сөк* болып айтылатыны көрінеді. Осындай мысалдарды өзге түркі тілінен де келтіруге болады. Солардың қай-қайсысына көз салсақ та, бұл жердегі лабиалдану мен делабиалдану құбылысы жеке-жеке алғанда нақтылы бір түркі тілінің я диалектісінің, немесе түркі тілдерінің дербес бір тобының фонетикалық ең таңбасы, соның өзіне ғана тән белгі боп табылмайтыны айқын аңғарылады. Дегенмен бұл осы құбылысқа қатысты сөздердің арасында дыбыстық кескін-кейпі бөгде тіл ықпалымен қалыптасқан сөздер мүлдем болмайды дегендік емес. Бұл сөздердің арасында да лексикалық кірмелер сияқты көрші тілдегі үлгіде айтылатын сөздердің болуы әбден ықтимал. Мысалы, оңтүстік говорларымызда ұзақ қарғаның *ызақ*, *ызақша* боп айтылуынан осындай жай аңғарамыз. Себебі бұл сөздің өзбек тілінің Ташкент шекасында *зәғ*, *зәғчә*<sup>3</sup> деген нұсқада қолданылатыны белгілі. Ал Ташкенттен жырақтағы қазақтардың тілінде бұл сөздің мұндай үлгісі жоқ. Демек, бұл сөздің өз басындағы фонетикалық өзгерісті өзбек тілінің ықпалынан деп қараудың ыңғайы бар.

Бұдан тыс енді бір сөздердегі ерін-езу дауыстыларының алмасуы дыбыстардың позициялық өзгерісінен туған. Мысалы, *анча-мүнча*, *атар* дегендегі бірінші буындағы *о*-ның *а*-ға өтуі соңғы буындағы езулік дауысты *а*-ның ықпалынан: *анча* < *онша*, *атар* < *отар*. Сондай-ақ *ондо-сондо* дегендегі *о*-ның пайда болуы да осы сияқты, бірақ мұнда ықпал етуші — бірінші буындағы *о*: *ондо-сондо* < *онда-сонда*.

Осы орайда бір ескерте кететін нәрсе кейінгі келтірілген мысалдардағы алмасушы ерін-езу дыбыстарының алғашқы нұсқасы қайсы екенін ажырату қиын болмағанымен, осындай дыбыстардың ішінде қайсысының бірінші, қайсысының кейін екенін ажырату әр кез мүмкін емес. Айталық *былақ-бұлақ* дегендегі этимологиялық дауысты *ы* ма, әлде *ү* ма дегенді айту оп-оңай нәрсе емес, көп дәлелді қажет етеді. Сондықтан мұндай сөздердегі ана дыбыс, мына дыбыспен алмасады дегенді ол сөздердің әдеби тілде қалыптасқан

<sup>1</sup> Якупова Г. К. Камышлы сөйләшенең фонетик үзенчәлекләре. Материалы по татарской диалектологии. Казань, 1974, 122-б.

<sup>2</sup> Мұсаев К. М. Грамматика карaimского языка. Фонетика и морфология. М., 1964, 56—90-б.

<sup>3</sup> Решетов В. В. Узбекской язык. ч. I. Введение. Фонетика. Ташкент, 1969, 118-б.

нұсқасы тұрғысынан ғана шартты түрде айтпасақ, басқа лажы жоқ. Ал сөздердің әдеби тілде ірге тейкен нұсқасы ол сөздің алғашқы нұсқасы екендігінің кенізі бола алмасы өзінен-өзі түсінікті.

*малды үйір, асықты үйір, суды түндүр, жұмысты тындыр* деген тәрізді бірлі-жарым ретте болмаса, жоғарыда келтірілген мысалдардағы алмасушы ерін-езу дыбыстарына түсетін фонологиялық салмақ жоқ, сол себептен де бұл сөздердегі ерін-езу дыбыстары бір говорда ана үлгіде, бір говорда мына үлгіде қалыптасқан. Абзалында, қазақ тіліндегі ерін-езу дауыстыларының диалектаралық алмасуы байқалатын сөздердің көбінің бір түркі тілі мен екінші бір түркі тілінің арасындағы дыбыстық алмасумен астасып жатуында да осындай сыр болса керек. Мәселен, жоғарыдағы тізімде көрсетілген *тымау-тұмау, тыман-тұман, бызау-бұзау* дегендердің екі нұсқасының екеуін де өзге түркі тілдерінен табуға болады: ноғ.— *тымав*, башқ.— *тымау*, өзб.— *тумов*; башқ.— *тыман*<sup>1</sup>//*туман*, өзб.— *туман*; башқ.— *бызау*, өзб.— *бузоқ* т. б.

Қазақ говорларының көпшілік тобындағы *үндәме* деген етістіктің басқы дыбысының *індеме* болып езулік *i* дауыстысымен алмасуы Ташкент, Шымкент облысындағы қазақтардың тіліне аса бір тән белгі десек болады. Мұндағы анлаут ерін дыбысы *ү*-нің езулік *i*-мен айтылуы сол төңіректегі өзбек говорларында да бар — *иннә-мә*<sup>2</sup>. *өрүк* деген жеміс атының қарақалпақ, түрікмен жеріндегі, сондай-ақ Маңғыстау атырабындағы қазақтардың тілінде *ерік* болып айтылуы да осы сияқты. Мұның ұқсас нұсқасын сол өңірлермен көрші тіл—қарақалпақ, түрікмен тілінен табуға болады: қарақалпақша *ерик*, түрікменше *эрик*.

Дауыстылардың езу және ерін дыбыстары болып бөлінуі — түркі тілдеріне тән ежелгі белгілердің бірі. Алайда қазіргі кей түркі тілдерінің дауыстылар жүйесінде осы заңдылықтың аракідік сақталмау ыңғайы байқалады. Мәселен, өзбек, татар, башқұрт тілдеріндегі *a* дауыстысы ерін дыбыс *o*-ға бейім айтылады. Жалпы түркілік *a*-ның ерін элементіне ие болуын әр ғалымдар әр түрлі түсіндіреді. Өзбек тіліндегі бұл құбылысты Е. Д. Поливанов сыртқы фактордың, яғни тәжік тілінің әсерінен деп ұғады<sup>3</sup>. В. В. Решетов, Ф. Абдуллаев мұны бірыңғай сыртқы ықпалдың нәтижесі деп қарамай, кей сөздердегі *a*-ның лабиалдануы сөз ішіндегі фонетикалық қоршаудың ықпалынан да болатынын айтады<sup>4</sup>. А. М. Щербак өзбек тіліндегі *a*-ның бұлайша өзгерісін жалғыз субстрат теориясымен түсіндіріліп болмайтынын, бұл өзгерістің арғы астарында біраз ішкі себептердің болу мүмкіндігін айтады. Субстрат ықпалдың айқындалуына түрткі болған жайдың өзі — *a*-ның сөз ішінде

<sup>1</sup> Максютова Н. Х. Восточный диалект башкирского языка. М., 1976, 90-б.

<sup>2</sup> Решетов В. В. Узбекский язык. ч. I, Введение. Фонетика. Ташкент, 1969, 245-б.

<sup>3</sup> Поливанов Е. Д. Звуковой состав Ташкентского диалекта. «Наука и просвещение». 1922 № 1, 17-б.

<sup>4</sup> Решетов В. В. Аталған еңбек, 206-б. Абдуллаев Ф. Қ вопросу об «канье» в узбекском языке. УДМ, I, 1957, 263-б.

ерін дыбыстарымен көршілес келу ынғайы деп көрсетеді<sup>1</sup>. Якут тіліндегі *хатын* — *хотун* тәрізді сөздердің диалектаралық жіктелісін зерттеген С. А. Иванов мұндай сөздердің о-мен келетін нұсқасын эвенка тілінің әсерінен деп таниды. Ол кісінің айтуынша бұл сөздің езу дауыстыларымен қолданылатын нұсқасы — ең көне түрі<sup>2</sup>.

Е. И. Убрятованың айтуынша якут говорларында *а/о* алмасуы байқалатын түбірлер тым аз, әрі оның біразы — монғол тілінен ауысқан түбірлер. Көне түркі тілінің, сондай-ақ монғол тілінің дерегімен осы түбірлерді салыстыру — ол түбірлерде әуелде ерін дауыстысы *о* айтылғанын дәлелден бере алмайды. Сондықтан деп көрсетеді зерттеуші — бұл түбірлердегі *а/о* дауыстыларының алмасуын якут тілінің өз ішкі даму заңдылығы, якут дауыстыларының өз үндесу заңдылығы тудырған<sup>3</sup>.

Қазақ тілінде ерін үндестігінің басымдылығына байланысты кейбір біріккен түбірлерде екінші буындағы ерін дауыстысының езу дыбысына айналатын кезі бар. Оңтүстік говорлардағы *әлекпе* < *әлөкпе* < *алаөкпе*; *абрай* < *аброй*, өзб., тәж. *обруй*; байқыс < тат. байғыш, қырғ. *байқуш*, ұйғ. *байқуш*, аз. *байгуш*.

## ДАУЫСТЫЛАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ БАСҚА ҚҰБЫЛЫСТАР

### Дауыстылардың фонеморфологиялық өзгерісі

Жіктік көрсеткішінің құрамындағы дауыстылардың алмасуы. Қазақ говорларының көпшілік тобы мен әдеби тілімізде жіктік жалғауының жекеше түрінің бірінші, екінші жағының көрсеткіштері *-мын* (*-мін*), *-пын* (*-пін*), *-сың* (*-сің*) деген үлгіде қысаң дауыстылармен (*ы, і*) айтылатыны белгілі. Жіктік жалғауының тұлғасына тән осы дыбыстық заңдылықтың өзбек, қарақалпақ жұртымен аралас отырған қазақтардың тілінде сақтала бермейтінін көреміз. Әр жылдарда осы өңірлерден жазылып алынған диалектологиялық деректерде бұл қосымшаның кейде *-ман* (*-мен, -мән*), *-саң* (*-сең, -сәң*) деген үлгіде ашық дауыстылармен айтылатыны көрінеді. К. Бердімұратовтың Қарақалпақ АССР-інің Тақтакөпір ауданында тұратын қазақтардың тілінен жинаған деректерінің ішінен біз *-ман* қосымшасын мына секілді етістер мен есім сөздердің құрамынан ұшырастырамыз: *қыйатырман* (келе жатырмын), *барасаң* (барасың), *келесаң* (келесің), *отырман* (отырмын), *дыйқанман* (дыйқанмын). Н. А. Баскаков 30-жылдарда Қарақалпақстанда болған сапарында қарақалпақтың халық тілінің дерегінен тыс осы өлкені мекендейтін қазақтардың тілінен де едәуір мәлімет жазып алған. Мұның ішінде автономиялы республиканың

<sup>1</sup> Шербак А. М. Сравнительная фонетика тюркских языков. 41-б.

<sup>2</sup> Иванов С. А. Аканье и оканье в говорах якутского языка. Якутск, 1980, 98-б.

<sup>3</sup> Убрятова Е. И. Опыт сравнительного изучения фонетических особенностей языка населения некоторых районов Якутской АССР. М., 1960, 40—41-беттер.

Тақтакөпір, Қараөзек, Мойнақ, Шымбай, Қоңырат, Шоманай, Ходжейлі, Төрткүл аудандарының қазағының тілінен жазылған мәлімет бар. Олардың біразып ол кісі қарақалпақ тілінің дерегімен қоса 1951 ж. жариялаған болатын. Міне осындағы және оған қоса Өзбекстанның Тамды ауданындағы қазақтардың тілінен ғалымның тікелей жазып алған текстерінің арасында да бұл форма *бараман, танийман, алмайман, жеймен, барасаң, бересең, айтпайсең* деген тәріздес фонетикалық нұсқада ұшырайды<sup>1</sup>. Бұдан тыс бұл форманың осы нұсқасын Ж. Досқараевтың Жамбыл қаласының іргесінде тұратын құрамалардың (өздерінің атауынша — шала қазақ) тілінен жариялаған мақаласынан кездестіреміз<sup>2</sup>. Мұндай нұсқа Қарақалпақстан мен Өзбекстанның Бұхар, Хорезм облысында тұратын қазақтардың тілінен авторлардың өзінің кейінгі жылдарда жинастырған экспедициялық деректерінде де бар.

Жоғарыда аталып өткен дерек жиналған жерлерден тыс жіктіктің мұндай түрінің басқа кездескен жері әзірге болған емес. Бұл құбылыстың изоглоссасының ең шоғыр жері — Қарақалпақ АССР-і мен Өзбек ССР-інің соған көршілес Тамды, Кенимех (Бұхар облысы) аудандары. Сонымен бірге оның осы өңірге жақын Хорезм облысының қазағы бар бірлі-жарым қоныстарында байқалатыны бар. Қазақстанның өз территориясында оның Ж. Досқараевтың аталған мақаласында көрсетілген бір ғана жерден өзге жерде кездескен ыңғайы болған емес. Бұл құбылыстың таралу географиясының шағындығы, әрі оның изоглоссалық шоғырының қарақалпақ, өзбек жұртымен қазақтардың көршілес я аралас отырған жерімен дөп түсіп жатуы — бұл құбылысты қарақалпақ, өзбек тілінен ауысқан құбылыс емес пе екен деген сауалға еріксіз жетелейді. Дұрысында да, аталған төңіректен шалғай жатқан қазақ говорының бәрінде де етістіктің бұл формасының қысқа дауыстылармен келетін нұсқада айтылатыны мәлім. Ал мұндай етістік тұлғасының ашық дауыстылармен келетін түрі осы тілдерге тән екені және мәлім. Сол үшін де аталған диалектілік региондағы бұл тұлғаны өзбек, қарақалпақ тілдерінен ауысқан тұлға деп қарауға толық негіз бар. Бұл арадағы сәл кілтипан — мұндай тұлғаның Жамбыл қаласына жақын жердегі құрама қазақтарының тілінде кездесуі. Осыдан өзге Қазақстанның ішкі қонысында ондай тұлғаның байқалған жері болған емес. Ал аталған говордың өкілдерінің біразы Жамбыл төңірегіндегі Ұлы жүз қазақтарының арасына өткен ғасырдың орта шенінде Ферғана, Наманган, Ташкент жағынан ауып келіп орналасқан. Олар қазір осындағы Дулат, Ошақты, Ойық тәрізді қазақ руларымен аралас отырады. Осы себептен де зерттеуші жоғарыда көрсетілген мақаласында олардың говорын құрама қазақтарының говоры деп атаған. Жалғыз осы форма ғана емес-ау, бұл говорда сақталған бұдан басқа да толып жатқан өзбек элементтері бар. Сөз болып отырған тұл-

<sup>1</sup> Баскаков Н. А. Каракалпакский язык. 1. Материалы по диалектологии (тексты и словарь). М., 1951, 78, 106, 264-б.

<sup>2</sup> Досқараев Ж. Қазақ тілінің құрама говоры туралы. «Қазақ тілінің тарихы туралы зерттеулер». Алматы, 1965, 124-б.

ғаның географиялық жағынан қазақ жерінің өз ішіндегі нақтылы бір ғана қоныста байқалып, өзге жерде байқалмауында осындай сыр бар.

Енді осы әңгімелеп отырған тұлғамыздың өзбек, қарақалпақ тілімен арадағы ұқсастығын түсіну үшін назарды төмендегі салыстырма деректерге аударайық:

Орта Азияның ішкі қоныстарындағы қазақтардың тілінде	Өзбек тілінде	Қарақалпақ тілінде
бараман барасаң келеман//келемен келесаң//келесең отыраман отырасаң тоныйман танысаң жеймен жейсең аламан аласаң	бараман барасан келаман келасан утираман утирасан тониман тонисан ейман? ейсан? оламан оласан	бараман барасаң келеман келесаң отыраман отырасаң таныйман таныйсаң жеймен жейсең аламан аласаң

Мұнда біз мысалға осы шақ пен келер шақта қолданылған етістіктерді ғана келтірдік. Өзге шақтық формаларда да, сондай-ақ есім сөздерге жалғанғанында да жіктіктің бұл көрсеткіші жергілікті халықтың тілінде өзгеріссіз дәл осы күйде айтылады. Мыс: *қойыппан, қойыпсаң, көрөрмен, көрөрсең; дыйқанман, дыйқансаң.*

Аталған мысалдардың қай-қайсысын алсақ та, ондағы қазақ тұрғындарының тілі үшін жіктіктің бұл көрсеткішінің дәл осы үлгіде айтылуы бұлжымас шарт емес екені көрінеді. Бұл жай әсіресе Қарақалпақстанның солтүстігінде тұратын қазақтардың тіліне қатысты. Мұнда сөз болып отырған тұлғаның ашық дауыстымен келетін нұсқасы қысаң нұсқасымен көбіне аралас қолданылады. Бұдан *-ман* қосымшалы тұлғаның халық тілінде әлі орнығып жетпеген ыңғайы байқалады.

**Көмектес септігінің құрамындағы дауыстылардың алмасуы.** Дауыстылар алмасуының осы түріне жақын дыбыстық құбылыстың бірі — *a/e* алмасуы. Мұның дыбыс алмасуының өзге түрінен бір ерекшелігі: ол көбіне-көп нақтылы бір грамматикалық тұлғалардың құрамына ғана тән болады да, басқа ыңғайда көп байқала бермейді. Осындай тұлғалардың ең бастысы — есімдердің көмектес септік тұлғасы. Өзге түркі тілдерінің бәрінде көмекші есім есебінде танылып жүрген осы тұлғаның қазақ говорларының көпшілік тобында *-мен, -бен, -пен, сосын -менен, -бенен, -пенен* (қысқаша *-мен*) деген фонетикалық нұсқаларда ұшырайтыны мәлім. Әдеби тілімізде қалыптасқан нұсқалары да осы. Алайда жергілікті халық тілінің дерегіне үңілу бұл тұлғаның тілімізде



бұдан өзге де фонетикалық нұсқаларға ие екенін көрсетеді. Дәлірек айтсақ, қазақ жерінің оңтүстік өңірінен бұл тұлғаны *-ман, -бан, -пан, -мынан, -бынан, -пынан, -манан, -банан, -панан* (қысқаша *-ман*) деген нұсқаларда кездестіреміз. Көмектес септігінің бұл түрінің ең мол тараған жері — Шымкент, Жамбыл облысының территориясы мен Ташкент облысының кей аудандары. Сондай-ақ Алматы облысының кей жерлерінде ол ішінара кездеседі.<sup>1</sup> Бұл нұсқалардың бәрі әуелде бір морфемадан өрбіген. Осы себептен де олардың әрқайсысы арқылы танылатын грамматикалық мағынада еш айырма жоқ. Айырма — тек бұлардың сыртқы дыбыстық кейпінде ғана. Бұлар дұрысында *a/e* дауыстыларының алмасуы нәтижесінде пайда болған бір морфеманың екі ұдай фонетикалық көрінісі ғана. Екеуінің грамматикалық мағынасы мен қызметінде бір-бірінен алшақтықтың жоқ екенін түсіну үшін осы жерде — *ман* тұлғасының мына секілді қолданылуын салыстырайық. Мыс: *тайақпан* ұрды, *құлағымман* естідім.

Істі, қимылды атқаруға қатысқан субъектіні білдіретін ыңғайы. Мыс: *қызбан* отыр, *Сәулеман* сөйлесті.

Істің, қимылдың тәсілін, амалын білдіретін ыңғайы. Мыс.: *ақылмынан* істе, *ынты-шынтыман* оқыйды.

Істің, қимылдың орнын мекенін білдіретін ыңғайы. Мыс.: *Алыспан* жүрмей, *жақынман* жүр. *Жотаманан* келе атыр. *Сұу сайман* ағады.

Көмектес септігінің осы тұлғасы білдіретін мағыналық белгілердің түр-түрін бұдан әрі де көрсете түсуге болар еді, бірақ оның халық тілінде қолданылу аясының қаншалықты екенін түсіну үшін осының өзі де жеткілікті сияқты.

Таза септік мағынадан тыс *-ман* қосымшасының есімшенің өткен шағына жалғанып, қарсылық мәнге ие болатын кезі де бар. Мұны сөз болып отырған тұлғаның көнерген түрі деуімізге болады. Бұл жағынан да *-ман* тұлғасының қызметі оның әдеби нұсқасының қызметімен дөп түсіп жатыр. Мыс.: *Айтқанман*, ақылды тыңдамады.

*-ман* қосымшалы тұлғаның көнерген түрінің бірі деп оның халық тілінде мезгіл мағыналы сөздерге жалғанып үстеу тудыратын қызметін атауға болады. Мыс.: *Қар қысыман* (қыс бойы, қыстай) жауды. *Жазыман* (жаз бойы, жаздай) күн ыссы болды. Көмектес тұлғасының көнерген түрінің бірі — *осымен, сонымен* тәрізді шылаулық қызметінде жұмсалатын сөздердің құрамындағы *a, e* дауыстыларының да алмасатыны көрінеді. Мыс.: соныманан, осыман т. б. Кейде осы сөздердің жергілікті халық тілінде *соман* деген ретпен ықшамдалып айтылатын кездері де бар. Бұл да көнере бастаған тұлға<sup>2</sup>.

<sup>1</sup> Досқараев Ж. Бір экспедиция отрядының диалектологиялық жұмысы туралы. 194-б. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959, 253-б. Нақысбеков О. Қазақ тілінің ауыспалы говору. Алматы, 1972, 29, 165-б.

<sup>2</sup> Досқараев Ж. Қазақ тілінің құрама говору туралы. «Қазақ тілінің тарихы туралы зерттеулер». Алматы, 1965, 224-б.

Қысаң *e* дауыстысының ашық *a* дауыстысына осындағы тәртіппен өтуі тегі жағынан мүлдем басқа, бірақ дыбыстық жағынан әуендес өзге қосымшалардың бойында да байқалатынын көреміз. Мыс.: *дййрман-дййрмен, кетман-кетпен*. Қсйде дәл осы дыбыстық заңдылық аталған өңірдің қазағының тілінде өзге жүйелі тілдерден ауысқан сөздерде де сақталатыны көрінеді. Мыс.: *Өскеман// Өскәман* (Өскемен, Усть-Каменогорск).

Көмектес септігінің қосымшасы *-мен*-нің тіліміздегі *мен* жалғаулық шылаумен төркіні жағынан тектес екені мәлім. Осыдан да болу керек көмектес септігінің құрамындағы *a/e* алмасуы аталған диалектілік аймақтағы халықтың тілінде осы жалғаулық шылаудың бойынан да байқалатынын көреміз. Мыс.: *Құдабай ман Есен, қырық пан жүз, найман ман арғын*.

Сөз болып отырған морфема көмектес септігінің қызметінде жұмсалғанда да, жалғаулық шылау қызметінде жұмсалғанда да буын үндестігі заңына бағынбай, жуан, жінішке дауыстыларға қатысы жағынан бір-ақ үлгіде айтылады. Бұл — осы морфеманың әдеби түріне де, диалектілік түріне де — мұның екеуіне де бірдей қатысты заңдылық. Әдеби тіліміз бен қазақ говорларының көпшілік тобында бұл морфема тек жінішке үлгіде айтылса, аталған өңірдің қазағының тілінде оның тек жуан үлгіде айтылатынын көреміз. Мыс.: *Есенман келді* (Есенмен келді); *Жәмиләмынан сөйлесті; дййрман; Әбдімүтән ман Әбдіманан*.

Бұл морфеманың жуан нұсқасының басқа жерде айтылмай, тек оңтүстік өңірдің өзбектермен іргелес жатқан жерлерінде ғана айтылуына қарап, бұл құбылысты көрші тілдердің ықпалынан емес пе екен деп түспалдауға болады. Бұлай деудің жаны да бар сияқты. Өйткені тіліне осы құбылыс тән деген қазақтармен көршілес өзбек говорларында мұндай құбылыстың байқалатыны бар. Т. Мирсоотовтың өзбек тілінің қырық говору жөніндегі еңбегінен біз бұл тұлғаның қосымшасын *-мынан, -ман, -пан, -минән, -мән, -пән* тәрізді фонетикалық нұсқаларда ұшырастырамыз. Мыс.: *атамынан, атамман*<sup>1</sup>.

Ауызекі сөйлеуден тыс осы өңірдегі жергілікті халықтың ауыз әдебиеті үлгілерінде де бұл тұлға осы нұсқада айтылады. Мәселен, Ташкент облысының Бостандық, Калинин, Орта Шыршық. Ақкорған, Шымкент облысының Келес, Сарыағаш, Ленин ауданынан жиналған диалектологиялық деректердің ішінде мынадай ауыз әдебиеті текстері кездеседі.

*Алыспан қандайсыз, жақынман қандайсыз?*

Ұйқұңыз қандай, несіеңіз өнді ме? *Таспен* ұрғанды *аспан* ұр т. б. *Аспанда* ызақ (ұзақ) ұшар *тобұманан*,

*Астында* түйған ұшар *қобұманан*.

Бұл тұлғаны түркі тілін бұрын-сонды зерттеушілердің бәрі дерлік түркі тілінің көбінде *бірлән, бірлә, билә* деген үлгіде айтылатын көмекші сөзбен төркіндес тұлға деп есептейді. Бұл пікір

<sup>1</sup> Мирсоотов Т. Узбек тилининг қирк шеваси. УДМ. I 1957, 252-6. Соныкі. Крыкский говор узбекского языка. Автореф канд. дисс., 1954. 12-6.

бойынша *бірлән* сөзі *бір* деген сан есімнен өрбіген. В. В. Радлов *бірлән* дегендегі *-ла, -лан* дегендерді *екеуле, үшеуле* деген тәрізді етістіктердің моделімен салыстырып, *-ла, -лан* дегендердің қосымша екенін дәлелдейді. Мұны *іл* етістігімен (Бағр), тіпті *бел* деген зат есіммен тектес деп (Вамбери) қарайтын да көзқарас бар<sup>1</sup>. Көп сөздерге энклитика есебінде қосылатын бұл тұлғаның дауыстылар үндестігіне бағынбай жалғанатынына қарап, М. Ряснен мұны құранды шылау дегенге күмән келтіреді<sup>2</sup>.

*-рақ, -рек* қосымшасының қолданылуындағы дыбыстық ерекшелік. Түркі тілдері ішіндегі дауыстылар үндестігі берік сақталған, әсіресе *су* дауыстыларының үндестігі берік сақталған тілдердің бірі — қазақ тілі екені мәлім. Сөздің бірінші буынындағы дауысты жуан болса, қалған буындағы дауыстылардың жуан айтылуы, сондай-ақ бірінші буындағы дауысты жіңішке болса, қалған буындағы дауыстылардың жіңішке айтылуы — тілімізбен ежелден қоса жасасып келе жатқан тапжылмас заң. Бөгде тілден еншіленген некен-саяқ қосымшалардан тыс тіліміздің дыбыс жүйесінде дәл осы заңға бағынбай айтылатын морфологиялық элемент те, фонетикалық элемент те кездес-кем. Сөздің барша буыны бірінші буының жетекшілік ықпалына түсетін болғандықтан, тіліміздегі сөздердің бастан-аяқ я бірыңғай жуан, я бірыңғай жіңішке айтылуы — негізгі белгі. Алайда кей өлкенің жергілікті халқының ауызекі тілінде жеке дара сөздердің айтылуына келгенде, тіліміздің сүйегіне сіңген осы заңның үнесі сақтала бермейтінін көреміз. Мұндай жай өзбек жұртына жақын отырған, әсіресе олармен аралас отырған қазақтардың тілінде жиі байқалады. Жоғарыда әңгіме болған жіктік тұлғалы қосымша мен көмектес септігінің жалғауы сияқты өз алдына жүйе құрайтын белгілер бұл құбылыстың арасында аз. Әйтсе де кейбір жеке тұлғалардың қолданылуында байқалатын біршама тұрақтылықтың бар екенін де бекерге шығаруға болмайды. Солардың бірі — бір заттың сапасының молдығын, я аздығын білдіретін сын есімнің *-рақ (-ырақ)* тұлғасы. Мұндай қосымшаның әдеби тіліміз бен көпшілік говорларымызда *-рақ (-ырақ)* және *рек (-ірек)* деген жуанды-жіңішкелі нұсқада қолданылатыны белгілі. Мұның жуан нұсқасының буын үндестігінің тәртібімен соңғы буыны жуан айтылған, жіңішке нұсқасының соңғы буыны жіңішке айтылған сөздерге жалғанатыны бір қарағанда тіліміздің дыбыс құрылысында әбден ірге тепкен қағида тәрізденіп көрінеді. Алайда халық говорларының фонетикалық жүйесіне үнілу — бұл қағиданың қазақ говорларының кей тобы үшін мүлдем тапжылмайтын, қатып қалған заң емес екенін айқын аңғартады. Мәселен, әр жылдарда өзіміз жинастырған диалектологиялық деректердің арасынан біз оңтүстік атырапта тұратын қазақтардың тілінен жазылып алынған *тезырақ, көбырақ, ертерақ, үлкенырақ,*

<sup>1</sup> Кононов А. Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. М.—Л., 1960, 298-б.

<sup>2</sup> Ряснен М. Материалы по исторической фонетике тюркских языков. М., 1955, 93-б.

*ішкерірақ, кішірақ* тәрізді бір топ сөз кездестіреміз. Егер осыны қазақ говорларының көпшілік тобының (батыс, шығыс, солтүстік, орталық) дерегімен салыстырар болсақ, бұл сөздердің бірде-біріндегі *-рақ* қосымшасының мұндай жуан тұлғада айтылмайтыны айдан анық. Келтіріліп отырған мысалдардың құрамындағы қосымша аталған өңірден өзге өңірлердегі говорларымыздың бәрінде *тезірек, көбірек, ертерек, үлкенірек, ішкерірек, кішірек* боп жінішке нұсқада айтылады. Келтіріліп отырған мысалдардың әдеби тіліміздегі қалыптасқан айтылу нұсқасы да жінішке. Егер бұл қосымша бөгде тілден ауысқан қосымша болса екен, онда бір сәрі. Тілімізде *-кер, -паз, -қор* сынды парсы тілінен иемденген бір топ қосымша бар екенін білеміз. Олардың көбінің буын үндестігі заңына бағынуы тілімізде шарт емес. Мұндайлардың жөні бір басқа. Ал мынау біз әңгімелеп отырған қосымшаның түркі тілдерінің өз төл қосымшасы екені аян.

Бұл қосымшаның жоғарыдағы мысалдардағыдай жуан үлгіде айтылуы — осы қосымша бар жердегі барлық сөздер үшін міндетті ме, әлде кей сөздердің құрамында олардың жінішке үлгіде айтылуы да мүмкін бе деген сауалға келетін болсақ, бұған үзілді-кесілді жауап беру қиын. Өйткені осы қосымша келетін жердегі барлық сөздерді аталған өңірдің қазағының тілінен бастан-аяқ сүзіп шыққан адам жоқ. Бұл құбылыс туралы жазғанда біз көбіне-көп өзіміздің жеке байқауымызға сүйеніп жазып отырмыз. Дегенмен айта кетейік, осындағы келтіріліп отырған мысалдардың бар-баршасының құрамындағы *-рақ* қосымшасының өзбек жұртымен көршілес, әсіресе солармен аралас отырған аудандардың қазағының тілінде жуан айтылатынының басы ашық. Бұл — әңгіме болып отырған құбылыстың қолданылуында едәуір тұрақтылық бар деген сөз. Өзбектермен жақын-жуық келетін говорларымызда ғана қолданылып, өзге говорларымызда байқалмауы бұл құбылысты өзбек тілінің әсерінен пайда болған құбылыс емес пе деген сұраққа еріксіз итермелейді. Дұрысында да, көп түркі тілдері ішінде бұл қосымшаны тек жуан нұсқада қолданатын тіл — өзбек тілі, бұл қосымша өзбек әдеби тілінде тек жуан нұсқада ғана қалыптасқан. Әйтеуір, қазіргі өзбек әдеби тілінің норматив грамматикаларында оны біз тек жуан үлгіде ғана ұшырастырамыз<sup>1</sup>. Соған қарағанда аталған атыраптағы қазақ говорларындағы бұл құбылыстың жайын өзбек тілінің ықпалымен байланысты деп қараудың ыңғайы әбден бар. Төмендегі ішінара салыстырулар да осы қорытындының дұрыстығын құптайды. (келесі беттегі табл. қараңыз).

*-рақ* қосымшалы тұлға — түркі тілдеріне аса кең тараған тұлға. Әсіресе оны қыпшақ тілдеріндегі сын есімнің аса бір сипатты белгісі деп қарауымызға болады. Қыпшақ тілдерімен салыстырғанда оның кей түркі тілдеріндегі қолданылу аясы тарырақ. Мәсе-

<sup>1</sup> Кононов А. Н. Грамматика современного узбекского литературного языка, М.—Л., 1960, 162-б. Хозирги замон узбек тили, лексикология, фоника, графика ва орфография, морфология. Тошкент, 1957, 481-б.

<sup>2</sup> Абдуллаев Ф. Урганч шеvasининг баъзибир фонетик хусусиятлари. Материалы по узбекской диалектологии, I, Ташкент, 1957, 303-б.

Оңтүстік қазақ говорларында	Өзбек тілінде	Қазақ говорларының көпшілік тобында	Қазақ әдеби тілінде
тезырақ кейінырақ көбұрақ ертерак ілгерірақ кішірақ	тезроқ кейінроқ купроқ эртароқ илгарироқ кичироқ киччирақ <sup>2</sup>	тезірек кейінірек көбүрек ертерек ілгерірек кішірек	тезірек кейінірек көбірек ертерек ілгерірек кішірек

лен, оғұз тілдерінде<sup>1</sup>. Оның қазақ тіліндегідей сингармониялық тұрғыдан құбылып, жуанды-жіңішкелі қолданылуы — барлық түркі тілдеріне дерлік тән құбылыс. Жоғарыда айтқанымыздай, бұл турасында өзге түркі тілдерінен ерек тұрған тіл — өзбек тілі. Сол үшін де біздегі *-рақ* қосымшасының оңтүстікте жауан үлгіде қолданылуын осы тілдің әсерімен байланыстырып қарап отырмыз.

Бұл қосымшаның шығу төркіні хақында әр ғалымдар әр түрлі көзқараста. М. Рясенен бұл қосымша *ұрақ* «алыс, жырақ» деген сөзден шыққан дейді<sup>2</sup>. Әрине, бұл пікірді М. Рясененге дейін де айтқан оқымыстылар болған. Сондай-ақ бұл қосымшаның алғашқы *-ра-* деген бөлегін есімдерден етістік тудыратын жұрнақтан (*бозар* дегендегі тәрізді), кейінгі *-қ* бөлігін етістіктен есім тудыратын жұрнақтан (*қонақ* дегендегі тәрізді) өрбіген күрделі қосымша деп қарайтын да көзқарас бар. А. Н. Қононов бұл қосымшаны *тайлақ*, *шақалақ* дегендегі кішірейткіш мәндегі *-лақ* қосымшасымен төркіндес қосымша деп қарағанды құптайды<sup>3</sup>. Н. А. Басқаков М. Рясененнің «Түркі тілдері тарихи фонетикасының деректері» деген еңбегінің орысша басылуына арналған «Ескертпелерде» бұл қосымшаны *ийрақ* (қазақша-жырақ) деген сөзден шықты деген пікірдің орынсыздығын айтады. Себебі сын есімдердің анықталушы сөзден кейін келуі — түркі тілдерінің синтаксистік құрылымына тән белгі емес, оның үстіне бұл сөзбен аталған қосымшаның арасында семантикалық тұрғыдан зор алшақтық бар деп көрсетеді<sup>4</sup>.

Хакас, тува, шор тілдерінде әңгіме етіліп отырған қосымшамен мағыналас келетін *арах* (хакашша), *арак* (туваша) деген шылау сөз бар. Бұл шылаудың грамматикалық қызметінде де, семантикасында да біздегі *-рақ* қосымшасынан еш айырмасы жоқ. Салыстырыңыз: хакас тілінде *коқ арах*<sup>5</sup>, тува тілінде *коқ арак*<sup>6</sup>, шор тілін-

<sup>1</sup> Севортян Э. В. Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке. М., 1966, 183-б.

<sup>2</sup> Рясенен М. Материалы по исторической фонетике тюркских языков, М., 1955, 49-б.

<sup>3</sup> Қононов А. Н. Грамматика современного узбекского...

<sup>4</sup> Рясенен М. Материалы по исторической фонетике тюркских языков, М., 1955, 214-б.

<sup>5</sup> Грамматика хакасского языка. М., 1975, 93-б.

<sup>6</sup> Исхаков Ф. Г., Пальмбах А. А. Грамматика тувинского языка. Фонетика и морфология, М., 1961, 186-б.

де *кок арақ*<sup>1</sup>. Бұларды қазақшаласақ, мағынасы мен айтылуы *көгірек* деген сын есімге дөп келеді.

Қазақ тілінде *-рақ* қосымшасының сын есімнен өзге сөздерге де жалғанатын кезі көп. Мәселен, *ішкерек, ілгерірек, барырақ* т. б. *-рақ* қосымшасының басындағы бұл жай өзге түркі тілдерінде де бар. Сын есімнен басқа да сөздерге жалғану қабілеті — бұл қосымшаның о баста жеке сөзден өрбігендігінің мықты бір дәйегі деп көрсетеді А. М. Щербак. Бұлай деудің жаны бар, өйткені көптеген шылау сөздер түркі тілдерінде өзінің грамматикалық, семантикалық қызметі жағынан әлі күнге бір-бірінен ада-күде ажырап үлгірген жоқ. Қазақ тіліндегі көмектес септігі жалғауының ағайын тілдердің баршасында күні бүгінге дейін шылау сөз есебінде танылып келе жатқаны — мұның айқын кепілі. Ал осындағы *арақ, арақ* дегенді өзінен бұрынғы сөзге қосып жазу, түптен келгенде, емленің мәселесі, шартты ғана нәрсе. Қазақ тілінің өз басына келетін болсақ, біздегі *-рақ* қосымшасының сын есімнің өзге шырай жұрнақтарынан грамматикалық қызметі жағынан еш айырмасы жоқ. Біздің тіліміздегі *-рақ* — дербестік қасиетін әлдеқашан жойған, тұлға тудырушылық қызметке толық ауысқан морфологиялық элемент.

Некен-саяқ қазақ говорларында бұл қосымшаның *-дырақ, -дірек* (бұрұндырақ, жұуандырақ, жылдамдырақ, былайдырақ, көрімдірек) деген де сингармониялық нұсқасы кездеседі. Мұны Ж. Болатов Шығыс Қазақстан облысының Большенарым ауданында тұратын жергілікті халықтың тілінен жазып алған. Автор мұндағы *-рақ*-тың алдындағы *-ды, -ді* деген элементті сөз ішіндегі *д* дыбысының тұрақсыздығы тәрізді фонетикалық құбылыспен сабақтас құбылыс деп түсіндіреді. Дұрысына келсек, бұл жердегі *-ды, -ді* дегендер есім сөздерден сын есім тудыратын жұрнақтың мағыналық жағынан көнере бастаған түрі. Ол мұнда *-ырақ* қосымшасымен бірігіп, күрделі қосымшаға айналған да, сонымен бірге бір грамматикалық қызмет атқаруға ауысқан. Тарихи тұрғыдан *бұрындырақ, жұуандырақ* дегендегі *-ды*-ның тіліміздегі жаппай қолданылып жүрген *қуштүрек, мелжемдірек* деген тәрізді тұлғалардағы *-ті, -ді* қосымшасынан еш өзгешелігі жоқ.

**Өзге қосымшалар мен жеке сөздердің қолданылуындағы дыбыстық ерекшелік.** Қазақ тілінде сөздің түбіріне үндестік заңының тәртібіне бағынбай жалғанатын қосымшалардың тобы да бар екені жұрттың бәріне мәлім. Олар — көбіне-көп бөгде тілден енген қосымшалар. Бұл тұстағы әңгіме ондай қосымшалар тұрасында емес, говорларымыздың көпшілік тобы мен әдеби тілімізде сөздің соңғы буынының әуеніне еріп жуанды-жіңішкелі нұсқада қолданылатын кейбір қосымшалардың сөздің соңғы буынының ықпалына ермей, я жуан, я жіңішке боп бірақ үлгіде қолданылуы тұрасында. Әрине, мұндай қосымшалар говорларымызда көп емес, некен-саяқ. Әрі олардың арасында жоғарыда әңгіме боп өткен *-рақ* қосымшасы сияқты жүйе құрайтындары жоқ. Асылында, мұндайларды дербес бір жүйе тұрғысынан емес, жеке сөздердің басындағы

<sup>1</sup> Дыренкова Н. П. Грамматика шорского языка. М.—Л., 1941.

жай тұрғысынан қарастырған абзал. Міне осындай қосымшалардың бірі — өткен шақ есімшенің қосымшасы *-қан* (*-ған*, *-қан*, *-кен*). Бұл жөнінде өзбек арасындағы қазақтар мен өзбек жеріне шекаралас отырған аудандардың қазағының тілінен жазылып алынған *йекан* (екен), *өткан* (өткен), қарақалпақ арасындағы қазақтардың тілінен жазылып алынған *қарыген* (қартайған), *қалеген* (қалаған) тәрізді бірнеше мысал келтіруімізге болады. Мысалдарға назар аудару — олардың құрамындағы *-қан* қосымшасының барлық жағдайда жуандық-жіңішкелік жағынан өзінен бұрынғы буынмен үндеспей, қайта оған қарама-қарсы үлгіде қолданылғанын аңғартады. Тіптен, *йекан*, *өткан* деген сөздердің сапынан бұл қосымшаның өзге говорларымыз бен әдеби тілімізде мүлде жоқ *-қан* тәрізді нұсқасы бар екені байқалады. Бұл қосымшаның осы жерде жіңішке буыннан тұратын түбір сөзге жуан үлгіде жалғанғанын былай қойғанда, мұндағы *к*, *а* дыбыстарының тіркесі (*-ка-*) тіліміздің дыбыс жүйесі үшін жат құбылыс екенін айтуымыз керек. Қазақ тіліндегі *а* жуан дыбыс болғандықтан, ол мұндай ретте тек *қ*, *ғ* тәрізді жуан дауыссыздармен ғана тіркесе алады. Ал қазақ тіліндегі *к*-ны алатын болсақ, бұл — табиғаты жөнінен жіңішке дыбыс. Аталған өңірдің қазағының тілінен сөз етіліп отырған қосымшаның *-кан* деген үлгісін кездестіретін болсақ, мұны тек бөгде тілдің әсерінен пайда болған жай деп білуіміз керек. Бұл өңірдегі мұндай тіл, — әрине, өзбек тілі. Бұған көз жеткізу үшін осы сөздердің өзбек тілінде *экан*, *утган*//*уткан* деген үлгіде *а* дауыстысымен айтылатындығын еске салудың өзі-ақ жеткілікті.

*-кан* қосымшасының басындағы бұл жайды бір тұрғыдан *а*, *е* дауыстыларының алмасуы деп қарауымызға да болады, өйткені өзге говорларымыз бен әдеби тілімізде келтіріліп отырған мысалдарды біз тек *екен*, *өткен* деген нұсқада ғана кездестіреміз. Мұны алмасу құбылысы деп танудан аталған сөздердің құрамындағы сингармониялық ауытқуға келетін нұсқан, әрине, жоқ.

Мысалдардың соңғы екеуінің құрамындағы есімше тұлғасының басындағы жай жоғарыдағыға қарама-қарсы. Мұнда әңгіме боп отырған қосымша сөздің бастапқы буынының жуан екеніне қарамастан *қарыген*, *қалеген* боп, керісінше, жіңішке айтылған. Бұл мысалдардың да дәл осындай нұсқасын қарақалпақ тілінен табуға болады. Әдеби тіліміз бен көпшілік говорларымыздағы *келешек*, *көрешек* секілді есім сөздердің оңтүстік-батыс өңірде етістік мәнінде *кележақ*, *көрежақ* болып айтылуы да осы сияқты. Бұлардың да осыған ұқсас фонетикалық нұсқасын қарақалпақ тілінен табамыз.

Жуан, жіңішке дауыстылардың бір-бірімен үндесу заңы тұрғысынан қазақ тіліне соншалық жақын тіл болғанымен, өзбек тілінің ықпалынан ба, әйтсеуір, кейбір жеке-дара сөздердің қарақалпақ тілінде де үндестік заңынан ауытқып қолданылатын кездері бар. Мысалы: *мақсет-мақсат*, *қалем-қалам* т. б. Біз келтіріп отырған мысалдар да осындай сөздер.

Жоғарыдағы *қары* (кәрі) сын есіміне жіңішке үлгіде қосылатын жұрнақтың бірі *-лік*. Есім сөздерден абстракт есім тудыратын бұл жұрнақтың да тілімізде бірнеше сингармониялық варианты

бар екені мәлім. Бірақ солай бола тұрғанымен, Ташкент облысының көп аудандарының қазағының тілінде оның *қары* сөзіне *қарылік* боп жіңішке фонетикалық нұсқада қосылатынын білеміз. Бұл сөздің де осы нұсқасы өзбек тілінің дерегімен дәл келеді. (өзбекше: *қарилик*).

Ташкент облысында тұратын қазақтардың тілінен сөз етіліп отырған дыбыстық құбылысқа қатысты жазылып алынған сөздердің бір парасы — *бү йерда* (*бү жерде*), *сү йерда//сү йерда* (*сө жерде, сө жерде*) боп айтылатын есімдіктер мен зат есімдердің тіркесі. Мұнда да *йер* (жер) сөзі жіңішке болғанымен, оған қосылатын *-да* қосымшасының жуан нұсқаға *йе* екені көрінеді. Осы қосымшаның *қай* деген сұрау есімдігінің жіңішке түріне қосылатын нұсқасының да осы өлкенің қазағының тілінде *кәйта* (кайта) болып жуан айтылатынын байқаймыз.

Өздері тіркесіп айтылатын мағыналық дербестігі бар сөздердің жетегіне еріп, энклитикаға айналатын қасиет қазақ тіліндегі шылау сөздердің көпшілігінде-ақ бар екенін жақсы білеміз. Өзінен бұрынғы сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай шылау сөздер де сингармониялық тұрғыдан құбылып отырады. Алайда тіліміздің дыбыс құрылысына тән осы жалпы заңдылықтың өзбек жұртымен аралас отырған аймақтың жергілікті халқының тілінде мүлтіксіз сақтала бермейтіні көрінеді. Айталық, тілімізде жуанды-жіңішкелі *да, де* деген екі нұсқада қолданылатын жалғаулық шылаудың жуан нұсқасы *да*-ның өзбек жеріндегі қазақтардың тілінде жіңішке буынға біткен сөздерден кейін де айтыла беретін ыңғайы бар. Мысалы: соны *білдім да*, сөзімді қойдым. Әліге жана тууған құлұнымды *міндім да*, биіемді өңгердім. Мұндағы кейінгі сөйлем Н. А. Баскаковтың қарақалпақ арасында тұратын қазақтардың тілінен жинаған диалектологиялық деректерінен алынып отыр<sup>1</sup>.

Осындай жайды біз Ташкент облысының жергілікті қазағының ауызекі сөйлеуіндегі сұраулық *ма* шылауы мен демеулік *ғой* шылауының басынан да кездестіреміз. Сұраулық *ма*-ның жалныхалықтық тілімізде *ма, ме* деген екі нұсқада қолданылатыны белгілі. Мұның жуан түрінің тек жуан буынға аяқталған сөздермен ғана тіркесе алатыны да бәрімізге таныс заңдылық. Ал аталған маңның қазағының тілінде ол жуан буынға аяқталған сөздер мен жіңішке буынға аяқталған сөздердің екеуіне бірдей тіркесе береді. Мысалы: Құдаларың *келді ма?* Елінде жыйын-теріп *бітті ма?*

Ал енді осындағы *ғой-ға* келсек, мұның әдеби тіліміз бен говорларымыздың бәрінде дерлік тек қана жуан нұсқада (*ғой, қой*) қолданылатын шылау екені мәлім. Мұның жіңішке түрі тілімізде тіпті жоқ десек те сыяды. Ташкент төңірегі қазақтары болса, бұл шылауды айтылған жайға қарама-қарсы көбіне *сү* деген жіңішке үлгіде қолданатынын байқаймыз. Бұл жағдай да осы шылаудан бұрын тұрған сөздің соңғы буынының не жуан, не жіңішке айтылуына әсте шартты жағдай емес.

<sup>1</sup> Баскаков Н. А. Каракалпакский язык. I. Материалы по диалектологии. М., 1951, 106-6.



Өзінен бұрынғы сөз мейлі жуан айтылып, мейлі жіңішке айтылсын бұл шылауды біз көбіне жоғарыда келтірілген үлгіде кездестіреміз. Мысалы: *о: у* тұрған жай бар *еу — со* бізкі. Барам деп *айттым еу*. Бұл жөнінен де жергілікті халық тілінің дерегі өзбек тілінен алшақ кетпейді. Өйткені бұл шылаудың осындай жіңішке нұсқасы өзбек тілінде де бар (*келди-ку* «келді ғой», *мен-ку* «мен ғой»)¹.

Жоғарыда біз үндестік заңынан ауытқудың соншалық ірі жүйе түрінде болмаса да бір қыдыру жиі ұшырайтын реттері хақында әңгіме еттік. Дәл бұлардай болмағанымен, осы айтылғандарға ұқсас жайды біз аталған аймақтың тұрғындарының тіліндегі өзге де біраз сөздердің құрамынан кездестіреміз. Мұндай сөздердің басындағы ауытқудың жоғарыдағы әңгіме болған жайлардан принциптік еш айырмашылығы жоқ. Айырма тек бұлардың жеке-дара сөздердің құрамында ғана байқалуында. Мұның мысалы ретінде өзбек, тәжік, ішінара қарақалпақ арасындағы қазақтардың тілінен жазылып алынған мына секілді бірнеше сөзді келтіруге болады: *бійкар* (бекер), *бійкаршы* (*бекерші* — еңбек етпейтін адам), *үкүмат* (үкімет), *кемал* (кемел), *какбыр* (кәкпір, тесік ожау), *бадал* (бедел, екі айдың *бадалында* — екі айдың беделінде, екі айдың жүзінде), *Абабакір* (кісі аты, Әбубәкір), *қамек* (кәмек, жетілмеген қауын), *қалем* (қалам), *безар* (безер, жексұрын), *дауран* (дәурен), *шүдүгар* (сүдігер, жыртылған жер), *шүдүгарла* (сүдігерле, жер жырт) т. б.

Келтіріліп отырған мысалдардың қай-қайсысын алсақ та, олардың құрамындағы буындардың арасында жуандық-жіңішкелік жағынан әуендестік жоқ екенін оңай аңғарамыз. Әсіресе осындағы бірқатар сөздердің дыбыстық құрамындағы *к* дауыссызының жуан *а* дауыстысымен тіркес айтылуы — өте-мөте назар аударарлық жай. Бұл туралы осының алдында өткен шақ есімше жұрнағының айтылу ерекшелігіне қатысты сөз еткенбіз. Бұл да дауыстылар үндестігінің сақталмау ыңғайының бір көрінісі есепті. Бұған да себепкер болып отырған жай — бағзы-баяғы аталған тілдермен, әсіресе, өзбек тілімен байланыс. Мысал ретінде алынған сөздердің айтылуын өзбек тілінің дерегімен салыстыру — біздің көзімізді бұған кәміл жеткізеді. (келесі беттегі табл. қараңыз).

Жалпы алғанда, жұмыстың осы бөлімінде сөз болған дыбыстық құбылыстардың қай түрін алсақ та, олар жергілікті халықтың тіліне тамырын кең жайған фонетикалық ірі жүйе сипатындағы құбылыстар емес. Мұның жаппай байқалмай, біреуінің ана сөздің, біреуінің мына сөздің құрамында байқалуында да осындай себеп бар. Бұлардың ішіндегі азды-көпті жүйеге келеді деп *-рақ* қосымшасының қолданылуындағы ерекшелікті атауға болады. Қалғандарының дені — жеке сөздердің басына ғана қатысты жайлар. Сондықтан да мұндай сөздердің айтылуындағы ерекшелікті таза фонетикалық белгі деуден гөрі лексикалық-фонетикалық белгі деп атау орындырақ. Өйткені бұл белгілер осы сөздердің бойымен

¹ Кононов А. Н. Грамматика современного узбекского литературного языка, 335-б.

Өзбек арасындағы казактардың тілінде	Өзбек тілінде	Қазақ говорларының көпшілігінде	Әдеби тілде
бійкар бійкаршы үкүмат кемал камек бадал бөзар дәуран шүдүгар шүдүгарла дйірман	бөкор бөкорчи хүкүмат камал хомак бадал бөзор даврон шүдгор шүдгорла тегирмон	бекер бекерші үкүмет кемел көмек — бөзер дәурен сүдүгер сүдүгерле дйірмен	бекер — үкімет кемел — — бөзер, жөксұрын дәурен сүдйгер сүдйгерле дйірмен

бөгде тілден бірге келген де, тілдің ішкі жүйесінен фонетикалық заңдылық есебінде ірге тебе алмаған.

Дауыстылар сингармонизмінің қалса барша түркі текті тілдердің, оса тілдердің алтай тобы деп аталатын үлкен тобының өзгелерден окшау тұрған, ерекше бір маңызды белгісі екені мәлім. Бірақ осы белгінің әр тілдегі қолданылу аясы, түр-сипаты, әрине, бір-бірімен теп-тең емес. Алайда ол — қазіргі өзбек әдеби тілінен басқа түркі тілдердің бәрінде де бар заңдылық.

Бүкіл түркі тілдерінің фонетикасына мейлінше кең тараған осы құбылыстың — дауыстылардың үндесу заңдылығының өзбектің қалалық говорлары мен өзбек әдеби тіліне келгенде байқалмауы — осы тілдің өзгеден ерекше, өзіндік бір сипаты боп танылатыны мәлім. Әрине, өзбек тілі дегенде бұл жерде біз жоғарыда көрсеткеніміздей өзбектің әдеби тілі мен оның қалалық жетекші диалектілері туралы ғана айтып отырмыз. Өзбектің халық диалектілерінің басқа тобын алатын болсақ, әсіресе қалалардан шалғайдағы өзбек қышлақтарындағы қалың өзбек қауымының тілін алатын болсақ, олардың көбінің тілінде-ақ сингармонизм құбылысының бар екенін аңғарамыз. Бұлай болуының сыры бағзы-баяғы өзбектердің құрамына енген, оның халық боп қалыптасуына негіз болған текті ірі тайпалар мен тайпалық одақтардың тіліне байланысты. Міне өзбек шаңырағын көтерісіп, іргесін қаласқан, оның этностық құрамының басты бір бөлегі саналатын ірі тайпалардың бірі — қыпшақтар екені аян. Қыпшақтардың бұл өлкедегі тараған жері Өзбекстанның едәуір бөлегін алып жатыр. Мәселен, ондағы Жизак, Самарқанд, Сырдария, Сұрхандария, Қашқадария, Ташкент, Хорезм облыстарындағы өзбектердің дені — қыпшақ диалектісінде сөйлейтіндер. Онымен бірге өзбек қыпшақтар Ферғана, Бұқар облысы мен Қазақстанның Шымкент, Тәжікстанның Дүйшамбы, Ленинабад облыстарында да ішінара ұшырайды. Олардың Ауғанстанда да тұратындары бар көрінеді.

Дауыстылардың гармониясы да, кейінірек әңгіме боғалы отырған дж-шылдық құбылыс та, мұның екеуі де, осы қыпшақтардың тіліне тән белгілер. Ежелгі қыпшақтардың үрім-бұтағы саналатын ру-тайпалар тараған жердің бәрінде осы екі құбылыстың екеуі де жақсы сақталған. Өзбек тіл маманы Х. Данияровтың<sup>1</sup> қыпшақ диалектісі туралы еңбегінде сингармонизмнің қазіргі жай-жапсары, өткендегі тарихқа қатысы туралы мәселе өте-мөте жақсы айтылған. Бұл жөнінде ғалым мынадай пікір айтады.

Әлбетте шағатай әдебиетінің тілі туралы, Науаи мен оның тұстастарының тілі туралы сөз еткенде, зерттеушілерде бұрын бұлардың бәрін тек ұйғырдың әдеби дәстүрімен ғана шендестіре қарайтын, олардағы тілдік, әдеби іліктестіктің бар-баршасын осы ұйғыр дәстүріне апарып тірейтін бағыт болатын. Науаи шығармаларының тілін зерттеу арқылы назар аударып отырған кітаптың авторы мұндай бағыттың бір жақты екенін, Науаидың да, оның алдындағы Лұтфи, Сәккәки, Әміри, Ходжанди секілді акындардың шығармаларының тілінде де қыпшақ элементінің көрнекті орынға ие екендігін дәлелді байыптайды. Осы ыңғайда еңбекте Науаи шығармаларының тексінде қолданылған дауысты дыбыстардың жүйесі хақында айтылған жерді ғалымның нәзік лингвистикалық байқампаздықпен аңғарған жері деуіміз орынды. Зерттеуші Науаи шығармаларында тоғыз дауыстыдан тұратын вокализм жүйесінің барын нақтылы деректер келтіре отырып анықтайды. Мұндай шындықтың бетін ашу — Науаи шығармаларында сингармонизм заңы сақталуының тапжылмас айғағы екені талассыз. Бұл заң болса, оның бүкіл түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің, қала берді өзбек қыпшақтары тілінің сүйегіне сіңген, ең сипатты фонетикалық ең-таңба екені жоғарыда айтылды. Науаи шығармаларында тоғыз дауысты дыбыс бар көрінеді. Бұл — дауыстылардың жуан-жінішке болып жұптасып келуінен туатын заңдылық. Өзбектің қазіргі әдеби тілі сингармонизмнің болмауы себепті дауыстылар санының тоғыз болуын қаламайды, сондықтан да ондағы дауыстылардың саны — алтау. Мұның мәнісі — дауыстылардың онда жуан, жінішке сыңары жоқ деген сөз. Ал қыпшақ өзбектердің диалектіндегі жағдай бұған керісінше. дәлірек айтсақ, ондағы дауыстылардың саны мен сапасы қазақ тіліндегімен бірдей. Бұлай болуының өзі қазақ елінің құрамына енген ру-тайпалар мен өзбек қыпшақтарының әуелде біріне-бірі тым жақын этностық топтардан өрбігендігінің тағы да бір кепілі есепті. Қыпшақ өзбектердің тілін қазақ тілімен астастырып қарарлық бұлардан өзге де дыбыстық, сол сияқты морфологиялық, лексикалық ерекшеліктер толып жатыр. Бірақ олардың бәрін бұл жерде жіпке тізіп жатудың қажеті бола қоймас.

<sup>1</sup> Данияров Х. Опыт изучения джекающих (кыпчакских) диалектов в сравнении с узбекским литературным языком. Ташкент, 1975, 36, 49-б.

## Дауыстылардың дифтонг, монофтонг өзгерісі

1. Қарақалпақ арасында тұратын қазақтардың тіліне аса бір кең тараған құбылыстардың бірі — тіліміздегі келте (қысқа) айтылатын *ы, і* қысаңдарының өзінен кейін *й* дауыссызын қабылдап, қос дыбыс сипатына ие болу ыңғайы, мәселен, *қып-қызыл* деген тәрізді қоспа буынды сын есімнің алғашқы сыңарындағы *ы* осы өңірдің қазағының ауызекі тілінде қос дыбыс *ый*-ға айналып, сапа жағынан да, сан жағынан да зор өзгеріске түседі. Мұндай ретте бұл сөздің алдындағы күшейткіш қосалқы буын *қып*-болып айтылмай *қыйп* болып айтылады. *ый* өзінің сипаты жөнінен тұйық дифтонгке өте-мөте ұқсас. Мысалы. Гөзү *қыйп-қызыл* боп тұрұпты.

Осындағы қосалқы буынның кейде аса созылыңқы үнмен айтылатын кезі бар. Мұндай да қосалқы буын негізгі сын есім арқылы танылатын сапаның (түстің) бояуының неғұрлым қою, қанық екенін аңғартады. Созылыңқы айтылған қосалқы буындағы қос дыбыс *ый*-дың *оқый бастады* деген тәрізді ретте айтылатын *ый* дифтонгінен сан жағынан да, сапа жағынан да елеулі айырмашылығы бар. Бұл жердегі созылыңқылықты былай деп белгілеуге де болады: қый: п-қызыл алма.

Осындағы *қый:п-қызыл* деген сөздегі *ый* дифтонгіннің созылыңқы айтылуын Шымкент, Ташкент облысы қазақтарының тілінен де кездестіруге болады. Алайда бұл құбылыстың ең мол тараған атырабы деп Қарақалпақстан территориясын атаған жөн. Өйткені мұнда ол жоғарыдағы секілді сын есімдерден тыс өткен шақ көсемше тұлғалы етістіктердің құрамында да байқалады. Мәселен, Қарақалпақстандағы қазақ говорындағы мынадай бір сөйлемдерге назар аударайық.<sup>1</sup> Сұу құмұрдан (құбыр) *ағый:п тұрұпты*. Пахтаны машыменен *тасый:п атыр*. Осы сөйлемдерді *ағый:п, тасый:п* деген сөздердің дыбыстық құрамына назар аудару сөз болып отырған құбылыстың бұл өлкеде сын есімдерден тыс етістік сөздерді қоса қамтитынын айқын аңғартады. *отырып, жатып, келіп* тәрізді етістік сөздердегі көсемше жұрнағының құрамындағы *ы* дауыссызын қажет болған жерде қос дыбысқа айналдырып, созыңқы үнмен *отырый:п, жатый:п, келій:п* деп айту — бұл өлкенің қазағының тілі үшін де, қарақалпағының тілі үшін де машықты жағдай.

Мұнда да *ағып, тасып, отырып, жатып, кийіп* дегендер мен *ағый:п, тасый:п, отырый:п, жатый:п, кий:п* дегендердің арасында елеулі мағыналық айырма бар. Бұл жердегі *ы, і* дауыссыздарының созылыңқы дифтонгке ұласуы осы етістіктер арқылы танылатын іс-қимылға күшейткіштік, ұлғайтқыштық тәрізді мағына үстемелейді. *Сұу ағып тұр* дегеннен гөрі *ағый:п тұр* дегенде ағу процесінің ұзаққа созылғаны, судың ағып жатқаны аңғарылады.

Қысаң *і* дауыстысының қос дыбысқа айналуының жергілікті халық тілінде байқалған бір сөзі бар, ол — *кім?* — деген сұрау есімдігінің *кійм* болып айтылуы. Мұны біз Ж. Досқараевтың Жам-

<sup>1</sup> Досқараев Ж. Қазақ тілінің құрама говоры туралы. «Қазақ тілінің тарихы туралы зерттеулер» Алматы, 1965, 124-б.

был төңірегінде тұратын құрамалардың тілінен жазып алған декреттерінен кездестіреміз<sup>1</sup>.

Қарақалпақстанның теріскейінде тұратын қазақтардың тілінде *текемет* сөзінің *текімет* болып айтылуынан да біз осыған ұқсас жайды көреміз. Бірақ мұндағы дыбыс өзгерісі — әрине, *e* мен *й*-дің өзгерісі.

Жалпы алғанда, бұл құбылыстың да жергілікті говорларымызда пайда болуының із-өкшесі көршілес ағайын тілдерде жатыр деп қарауымызға болады. Әсіресе, оның қарақалпақтың арасындағы қазақтардың тіліндегі тағдырының осы тілмен ортақ екенінің басы ашық. Оған жоғарыдағы мысалдардың қарақалпақ тілінің фактісімен дәл түсін жатуы айғақ бола алады.

Әсер өз алдына, бірақ әлгі әсер етіп отырған тілдің өзінде неге *ы*, *і* дегендер *ый*, *ій* болып өзгереді? Біздіңше, бұл өзгеріс түркі тілдері дыбыс жүйесінің дамуына тән. С. Е. Малов<sup>2</sup> айтқан тіл арты дыбыстарының тіл алды дыбыстарына қарап бірте-бірте жылжу тенденциясының (опереднение) бір көрінісі болу керек. Мұндағы *ы*, *і* дауыстыларының тілдің алдыңғы бөлігіне қарай бейім айтылуында *й* дыбысының зор дәнекерлік қызметі бар.

2. Ендігі бір әңгіме жоғарыда айтылған құбылысқа қарама-қарсы қосар дауысты *ый*, *ій* дегендердің жалаң дауыстыға, монофтонгке айналу жайы. Мұның байқалатын жері де Ташкент төңірегі мен Шымкент облысының батыс аудандары, сондай-ақ ол Шу алқабында да кездеседі. Бұл құбылыстың қамтитын сөздері аса көп емес. Мұндай сөздердің қатарында біз *қыймыл*, *қыймылда*, *әр қыйлы*, *үйұқта*, *мыйрас*, *пыйғыл*, *пійда*, *ыйнабат*, *ійшарат*, *ықтың-мал* секілді жеке-дара сөздерді ғана атай аламыз. Осы сөздердің құрамындағы *ый*, *ій* дыбыстарының тіркесі аталған аймақтың жергілікті тұрғындарының ауызекі сөйлеуінде қысқарып, жалаң дауысты қысаң *ы*-ға айналады. Демек, бұл сөздер жоғарыдағыдай *й*-мен айтылмай, *қымыл*, *қымылда*, *әр қылы*, *ұхта*, *мырас*, *пығыл*, *підә//пыда*, *інәбәт*, *ішәрәт//ішәрәт*, *ықтымал* боп келте айтылады. Әрине, бұл сөздердің де осыған ұқсас фонетикалық нұсқасын көрші тілдерден табуға болады. Мәселен, өзбек тілінен. (82-б. таблица).

Бұл сөздердегі *и* — өзбек тілінде қысқа айтылатын дыбыс. Бұл жөнінен ол біздің тіліміздегі *ы*, *і* дауыстыларына өте жақын. Ол жағдайды мынадай салыстырудан айқын аңғарамыз: *хотин* — *қатын*, *ини* — *іні*, *олди* — *алды*, *келди* — *келді*.

Келтіріліп өткен мысалдардың ішінде изоглоссасы бір шама кеңірегі — *ұхта* деген етістік. Оның аталған оңтүстік аудандардан тыс сиректеу болса да Қызылорда маңында да кездесетін кездері бар. Ал Сыр бойы қазақтарының өзбек жұртымен арадағы байланысының тамыры тым әріде жатқандығында ешкімнің де таласы бола қоймас деп ойлаймыз. Демек, бұл сөздердегі қос дыбыс *ый*,

<sup>1</sup> Досқараев Ж. Қазақ тілінің құрама говору туралы. «Қазақ тілінің тарихы туралы зерттеулер», Алматы 1965, 124-б.

<sup>2</sup> Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности. М.—Л., 1951, 6-б.

Оңтүстік говорларда	Өзбек тілінде	Говорларымыздың көпшілігінде	Әдеби тілімізде
қымыл қымылда әр қылы ұхта мырас пығыл	қимил қимилла хар хил ухла мерос феъл	қыймыл қыймылда әр қыйлы ұйұқта мыйрас пыйғыл/бийғыл бейіл	қимыл қимылда әр қилы ұйықта мирас пигыл
пйда//пыда інәбәт ішірәт//ішәрәт ықтымал тарық	фидо инобат ишора эхтимол тарих	пийда (бийда) ыйнабат ийшарат ықтыймал тарыйқ	пидда инабат ишарат ықтымал тарих

*йй* дегендердің жалқы дауысты *ы*, *і*-ге ауысуын да өзбек тілінің ықпалымен байланыстырып қараудан байқалатын қайшылық жоқ. Алайда дәл осы сөздердің жеке басына қатысты ғана айтпасақ, мұндай дыбыстық белгінің өзбек тілінің өз ішіндегі өрісі қаншалықты екенін айту қиын. Әрі мұның өзі — қазақ говорларына іргесін кең жая қойған фонетикалық белгі емес, некен-саяқ лексикалық элементтердің құрамында ғана байқалатын белгі. Бұл жөнінен осында әңгіме болып отырған сөздерді лексикалық кірмелермен шендестіруге болады. Олай дейтініміз осы сөздердің арасындағы *қимыл*, *қымылда*, *ұхта* тәрізді бірлі-жарым сөздер болмаса, қалғандарының көбі кірме сөздер. Мәселен, *мырас*, *пығыл*, *пйда*, *ішірәт*//*ішәрәт*, *тарық* дегендердің араб сөздері екені белгілі. Демек бұл сөздердің жергілікті халық тілінде айтылуы өзбекше машықта қалыптасқан. Бұлар — бөгде сөзді фонетикалық тұрғыдан нгерудің жемісі.

Әңгіме болып өткен мысалдардың қалғандарының бәрінің дерлік изоглоссасы Ташкент, Шымкент облысының және Жамбыл облысының оңтүстік-батыс төңірегімен шектеледі.

## ДАУЫССЫЗДАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ

### ДАУЫССЫЗДАРДЫҢ АЛМАСУЫ

*т/д* дауыссыздарының алмасуы. Қазақ сөзінің басына тән фонетикалық белгінің бірі дыбыс алмасуының осы түріне байланысты. Дауыссыз жұптың бұл түрінің екі сыңарының екеуі де сөздің бас шебінде тілімізде қолданылуын қолданылады. Бірақ олардың әрқайсысының сөздің осы шебіне деген талғамы бірдей емес. Мұның қатаң сыңарымен салыстырғанда ұяң сыңарының тілімізде сөз басында қолданылуы әлдеқайда сирек. Мәселен, қазақ тілінің екі томдық түсіндірме сөздігіне енген осы екі дыбыстан басталатын сөздердің шама-шарқын салыстыру — мұндағы *т*-дан басталатын сөздердің *д*-дан басталатын сөздерге қарағанда сан жағынан үш

есе мол енгенін көрсетеді. Сондай-ақ бұл сөздердің арасындағы осы деңгейлес пропорцияны қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінсі де аңғарамыз<sup>1</sup>.

Сөздіктердің дерегі бұл құбылыстың статистикасын толық ашып бере алмағанмен, ауыртпалықтың таразының қай басында жатқандығын түсіндіру үшін елеулі мәні бар.

Бірі қатаң, бірі ұяң осы екі ұдай дыбыстан басталатын сөздердің қазақ говорларындағы арасалмағы бір-бірімен тепе-тең емес. Бір говорлардағы *t*-мен айтылатын сөздердің говорлардың енді бір тобында *ð*-мен айтылатынын, сондай-ақ кейде жағдайдың бұған тіпті керісінше болатын ретінің де барын байқаймыз.

Мысалға Орта Азияның ішкі қонысын алатын болсақ, мұндағы көп аудандардың қазағының тілінде кей сөздердің басындағы *ð*-ның өзге өңірдің қазағының тіліндегі қатаң *t* орнына қолданылатыны аңғарылады. Мұндай сөздердің ең жиі кездесетін жері — Қарақалпақ АССР-інің оңтүстік аудандары мен соларға іргелес қазағы бар қоныстар, Өзбек ССР-інің Хорезм, Бұхар облыстары мен Түрікмен ССР-інің Ташауыз облысының көршілес аудандары. Сондықтан бұл жайдың межесін ұғыну үшін осы құбылысқа қатысты жиналған диалектологиялық мәліметтерді ең алдымен түрікмен тілінің мәліметімен байланыстырудың реті бар. Себебі осы лингвистикалық региондағы қазақ тілімен салыстырғанда сөз басында *ð*-ны мол қолданатын тіл — түрікмен тілі.

Орта Азияның ішкі қоныстары қазағының тілінде	Түрікмен тілінде	Қазақ говорларының көпшілік тобында	Әдеби тілімізде
дұман	думан	тұман	тұман
дұуры	догры//дуры	тұура	тура
деңіз	деңиз	теңіз	теңіз
дұр//дор	дур	тұр	тұр
дым	дым	тым	тым (жақсы)
дүрлү-дүрлү	дүрли-дүрли	түрлү-түрлү	түрлі
ділмәш	дилмач	тілмәш	тілмаш
дізе	диз	тізе	тізе
дүз	дүз	түз	түз
діз	диз	тіз	тіз

Жоғарыдағы тізімде тек түрікмен тілімен ортақ сөздер ғана салыстырылып отыр. Орта Азияның ішкі қоныстарының қазағының тілінен жиналған бас шебінде *t/ð* алмасуы байқалатын бұлардан өзге де көп сөз бар. Ортақ түбірден өрбіген сөздер болмағандықтан, олардың бәрі бірдей түрікмен тілінің дерегімен қабыса бермейді. Бірақ оның есесіне мұндай сөздердің ұқсас фонетикалық

<sup>1</sup> Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1959, I т. Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. Алматы, 1969.

нұсқаларын сол атыраптағы қазақ говорларымен тікелей қарым-қатынасты екінші бір тіл — қарақалпақ тілінен табамыз.

Қазақ тіліне қарағанда қарақалпақ тілі — аталған лингвистикалық региондағы түрікмен, өзбек тілінің ықпалына мөлірақ шалдыққан тілдердің бірі. Бұл жайды біз әсіресе сөздің ұшар басындағы қатаң дыбыстардың ұяндануы тәрізді құбылыстан кәміл аңғарамыз. Осындай дыбыстық құбылыстың бір түрі сөз басындағы *t*-ның ұяндап *ð*-ға айналуы. Бұл — көбіне қарақалпақ тілінің оңтүстік диалектісіне тән құбылыс.

Сол төңіректегі қазақ говорларынан терілген *d/t* алмасуына қатысты сөздердің біразы-ақ қарақалпақ тілінің осы диалектісінің дерегімен ұйқасым табады. Бұдан оғұз тілдеріне тән әңгіме болып отырған дыбыстық ен-таңбаның қазақ говорына сіңісуіне белгілі дәрежеде қарақалпақ тілінің де үлесі болғанын ұғыну қиын емес.

Енді мына мысалдарды салыстырайық:

Орта Азияның ішкі қоныстарының қазағының тілінде	Қарақалпақ тілінің оңтүстік диалектісінде	Қазақ говорларының көпшілік тобында	Әдеби тілімізде
дегершік ділмәр ділмәш дор//дұр догөрөк//дөңүрөк// дегерек дұман дым (жаксы) дүшшү дүүрү дүйүстүр дүмбүште/дөмпөште дөрезе	дегершнк дилуар дилмаш дур дөгсрек  думан дым душшы доғру//дуры дүгүстпр дүмбишле дәрээ	тегершік тілмәр тілмәш тұр төңкүрөк  тұман тым түшшу тұура түйүстүр төмпөште терезе	тегершік тілмар тілмаш тұр төңірек  тұман тым тұшы тура түйістір төмпеште терезе

Салыстырма тізімдерде біз тек түрікмен, қарақалпақ тілінің дерегімен үйлесім табатын сөздерді ғана көрсетіп отырмыз. Әйтпесе осы өңірден жазылып алынған бас шебінде *d/t* алмасуы байқалатын бұлардан өзге сөздер де жоқ емес. Олардың бәрінің бірдей ұқсас фонетикалық нұсқасын түрікмен тілінен табу қиын, өйткені ол сөздердің бірқатарының түрікмен әдеби тілінде біздегіден басқаша лексикалық элементтермен берілетіні мәлім. Мәселен, біздегі *дөрезе-терезе*, *дәулік-тәулік* сөздерінің орнына түрікмен тілінде *пенжире*, *гиге-гүндиз* сөздері қолданылатынын көреміз. Мұндай бірлі-жарым сөздердің арасындағы лексикалық кереғарлық сөз болып отырған аймақтағы қазақ говорларына тән бұл құбылысты (*d/t*) түрікмен тілінің ықпалымен сабақтастырып қарауға кедергі бола алмаса керек. Өйткені осы лингвистикалық алқаптағы сөзінің басына *ð* көбірек тән тіл — түрікмен тілі екені белгілі. *ð*-мен



басталатын сөздердің қарақалпақ тілінің оңтүстік диалектісінде мольгуына ықпал етін отырған тіл де, біздіңше, осы тіл. Себебі түрікмендерден шалғайдағы солтүстік қарақалпақ диалектісінде осы дауыссызларды сөз басында қолдану жөнінен жағдайдың оңтүстіктен гөрі едәуір басқаша екені көрінеді. Мұнда сөз басындағы *t*-ның оңтүстікке қарағанда едәуір тұрақтылығы бар. Оңтүстік қарақалпақ диалектісінде болса, түйе//дүйе, төсек//дөсек тәрізді сөздердің басқы дыбысы бірде ұяң, бірде қатаң нұсқада айтыла береді. Сол үшін де бұл диалектіні Н. А. Баскаков *t/d* дауыссыздарының сөз басында қолданылуы тұрғысынан оғұз тілдерімен арадағы ортақ сипатқа ие диалект деп есептейді<sup>1</sup>. Осы қорытындыны қарақалпақ АССР-інің Амудария, Беруни, Төрткүл аудандары мен Өзбек ССР-нің Ташауыз облысының осы аудандарға іргелес қоныстарының қазағының тілі туралы да айтуға әбден болады.

Мұнда да әңгіме болып отырған тіс дауыссыздарының сөз басында қолданылуы соншалық тұрақты емес. Тұрақсыздық тізімге енген сөздердің басында да, сондай-ақ осы існеттес өзге сөздердің басында да бар. Б. Бекстовтың диалектологиялық жазбаларынан *домбақ//томпақ, дәулік//тәулік, дүрбат//түрпат, дыйанақ//тыйанақ* секілді аталған аудандардың қазағының тілінен жинап-терілген екі ұдай үлгіде айтылатын сөздерді кездестіруіміз — осыған дәлел. Дұрысында да, Орта Азия республикаларындағы қазақ говорлары ішінде *d/t* алмасуының ең жиі байқалатын жері — осы аудандардың қазағының тілі. Бір қызығы, Түрікменстанның өз табанында тұратын қазақтардың тілінде бұл құбылыстың кездесуі некен-саяқ.<sup>2</sup> Олай болатыны түрікмен жеріндегі қазақтардың дені — адайлар мен табындар бергі дәуірлерде, өткен ғасыр мен үстіміздегі ғасырдың 20—30 жылдарында келіп ірге тепкен.<sup>3</sup> Ал Қарақалпақстанның оңтүстігі мен Хорезм, Бұхар облыстарының жеріндегі әлім, шөмен, шөмекей, қарасақал, бозғыл, тама, керейт, табын, алтын, жаппас, серкеш руларының көпшілігі бұл өңірге XVIII ғасырдың алғашқы ширегінде жоңғар шапқыншылығы кезінде<sup>4</sup>, сосын сол ғасырдың 40-жылдарында Кіші жүз ханы Әбілхайыр тұсында қарақалпақтармен бірге Сыр бойынан ауып келген<sup>5</sup>.

Мұндағы қазақтар түрікмен, сондай-ақ өзбек, қарақалпақ жұртымен қазірде аралас отырады. Олардың тілінде өзге өңірдің қаза-

<sup>1</sup> Баскаков Н. А. Қарақалпақский язык. II, Фонетика и морфология, ч. I, М., 1952, 94-б.

<sup>2</sup> Нұрмағамбетов Ә. Түрікменстандағы қазақтардың тілі. Алматы, 1974, 53-б.

<sup>3</sup> Левшин А. Описание киргиз-кайсацких орд и степей. ч. II. СПб., 1832, 324-б. Галкин М. Н. Этнографические материалы по Средней Азии и Оренбургскому краю. СПб., 1867, 211-б. Материалы по историко-этнографическому атласу Средней Азии и Казахстана. М.—Л., 1961, 33-б.

<sup>4</sup> История Узбекской ССР. С древнейших времен до наших дней. Ташкент, 1974, 136-б.

<sup>5</sup> Народы Средней Азии и Казахстана, т. I, М., 1962, 415—416-б., т. II, М., 1963, 331-б.

ғының тіліне қарағанда осы тілдерге тән элементтердің жиірек байқалуының осындай сыры бар.

Қарақалпақстанның оңтүстігі мен Өзбек ССР-нің Хорезм, Бұхар, Түрікмен ССР-нің Ташауыз облыстарында тұратын қазақтардың тіліндегі осы құбылысқа қатысты біраз сөздердегі ұқсастықты біз Хорезм өзбектерінің тілінен табамыз. Мәселен, сол өңірдің қазағының тілінде *дүр* (тұр), *дөрт* (төрт), *діл* (тіл), *ділмаш* (тілмаш), *дерезе* (терезе) сөздерінің осындай фонетикалық үлгіде айтылуы Хорезм өзбектерінің тілінде де бар. Мұны А. М. Щербак оңтүстіктегі Хорезм говорларына тән оғұз белгісі деп таниды.<sup>1</sup>

Сөз басындағы *д* қазақ тіліне мүлдем жат дыбыстық белгі емес екендігін біз әңгімеміздің бас жағында айтқан едік. Басқы шебінде *д* қолданылатын сөздердің арасында жалпы қазақтық сипатқа не сөздер бар да, атыраптық сипатқа не сөздер бар. Мұның алғашқысы әдеби нормаға айналған, кейінгісі диалектілік шеңберден аса алмаған. Демек, тілімізде анлауында *т*, сосын *д* айтылатын сөздердің жеке-жеке жүйесі бар. Бірақ осы екі сала сөздердің қай-қайсысын алсақ та, олардың құрамына енетін сөздердің бәрінің бірдей бас позициясындағы *т* мен *д*-ның тұрақты болып келе бермейтінін көреміз. Бұл жағдайдың сөздердің едәуір бөлігін қамтитын құбылыс екені жоғарыдағы мысалдардан анық байқалады. Жалғыз сөз болып өткен деректер ғана емес-ау, бұлардан тыс та осы құбылысқа қатысты әр жердің қазағының тілінде бірде *т*, енді бірде *д* мен әр түрлі айтылып жүрген біраз сөз кездестіре аламыз. Мәселен, әдеби тілімізде емлесі — *тізгін, тіз, тізбек, тұл, тұздық, тұз, тиірмен, түзіліс, тізе, тізерле, тұзақ, тот//тат, тақ* [сан] болып қалыптасқан сөздердің басқы дыбысы ұяңмен келетін нұсқасын Орта Азияның ішкі қоныстарының қазағының тілін былай қойғанда қазақ жерінің өз табанындағы говорларымыздың талайынан-ақ ұшырастыруға болады.<sup>2</sup>

Мұның бұлай болуын Ж. Досқараев қазақ сахарасында ерте-ректе IX—XI ғғ. өмір кешкен оғұз тайпаларымен арадағы тілдік ауыс-түйістің нәтижесі деп есептейді. Шынында да, сельджук қозғалысынан (XI ғ.) арғы дәуірлерде Сыр бойының, Солтүстік Каспий, Арал маңының, Қаратау, Жетісу алқабының көп жерінің ежелгі оғұз мемлекетінің қол астында болғаны тарихтан мәлім.<sup>3</sup>

Шәуелдер, Байындыр, Шәудір, Егдір, Бозашы, Бұрынжық, Теке тәрізді түрікмен рулары атының қазақ жерінің кей қонысының аты есбінде ұшырауы, сондай-ақ Деніз, Қара Дермен, Сары Дермен секілді басқы дыбысы *д*-мен келетін жер атауының байқалуы — оғұз елімен ежелгі байланыстың халық жадында сақталған табы іспетті.

<sup>1</sup> Щербак А. М. Основные особенности Южно-Хорезмского говора в сравнительном освещении. Материалы по узбекской диалектологии. Ташкент 1961, 82-б.

<sup>2</sup> Досқараев Ж. Байғанин ауданында тұратын қазақтардың тіліндегі фонетикалық ерекшеліктер. КТДМ, 2-шығ., Алматы, 1960, 11-б.

<sup>3</sup> Бартольд В. В. Очерк истории Туркменского народа. Туркмения, т. I. Л., 1929, 5—6, 10—33-б., Толстов С. П. Города гузов. «Советская этнография», 1917. № 3, 56-б.

Сонда халықтық тіліміздің дыбыс жүйесіндегі кей сөздердің басындағы *д/т* алмасуын оғұз текті жұрттармен арадағы тілдік байланыстың тарихи екі дәуірінің жемісі деп қарасак болады. Мұның бірі — осының алдында айтылған ежелгі дәуірдегі байланыс, екіншісі бергі (XVII ғасырдан басталатын) дәуірдегі байланыс. Алғашқы дәуірде ауысқан бойына осы дыбыстық белгі тән деген сөздердің географиясы аса кең. Тіліміздегі *диз, дізе, дүз, дізгін, дүзгүн, дійірмен* секілді сөздер — осындай сөздер. Бұл сөздердің басындағы *д*-ның айтылуы Орта Азия ішкі қоныстарында тұрақты да, Қазақстанның өз табанындағы говорларда — факультатив. Бұлардың арасындағы кей сөздердің изоглоссасы Қазақстанның батысы мен шығысын, кейбіреуінікі орталық өңірі мен солтүстігін, кейде тіптен оңтүстігін түгелдей қамтиды. Сол үшін де бұл сөздердің құрамындағы *д/т* алмасуын диалектілік құбылыс деп таниудан гөрі ауызекі тілімізде жалпылама қолданылатын элемент есебінде ұғыну анағұрлым ақылға қонымды. Бұл сөздердің «*д*» вариантының таралу шегіндегі осыншалық жайылыңқылықты бір тұрғыдан олардың көне құбылыс болуынан деп те түсіндіруге болады. Себебі Қазақстан жеріндегі ертедегі оғұз бірлестігі ыдыраған кезде олардың құрамындағы кей ру-тайпалардың қазақ арасына сіңіп кеткен кездері де болған<sup>1</sup>.

Оғұз текті тілдермен бергі дәуірдегі байланыс нәтижесінде ірге тепкен анлауында *д/т* алмасуы байқалатын сөздердің жайы жоғарғылармен салыстырғанда мүлдем басқаша, олар қазақ говорларының тек Орта Азия алқабындағы тобына ғана тараған.

Сөз басындағы *д* ұяны, негізінен, оғұз тобындағы тілдерге тән белгі екені жоғарыда әңгіме болған жайлардан аян. Алайда бұдан *т* қатаңынан басталатын сөз оғұз тілдерінде мүлдем жоқ екен деген ұғым тумайды. Оғұз тілдерінде *д*-дан басталатын сөздер де, *т*-дан басталатын сөздер де — мұның скеуі де бар.<sup>2</sup> Тілдердің бұл тобының қыпшақ тобындағы тілдерден осы дыбыстық ен-танбаға қатысты айырмасы тек мынада: оғұз тілдерінде бас шебінде *д* қолданылатын сөздердің саны қыпшақ тілдерімен салыстырғанда әлдеқайда көп. Ал қыпшақ тілдерінде болса, жағдай бұған керісінше: мұнда бас шебінде *т* айтылатын сөздер басы *д*-мен келетін сөздерге қарағанда сан жағынан анағұрлым басым. Демек, бұл — тілдердің осы екі тобының екеуінде де жұп дауыссыз *т* мен *д*-ның екеуі де анлаутта қолданылады деген сөз. Айырым дегенді тек осы жұптың сөз басына ұяң сынары тәнірек пе, әлде қатаң сынары тәнірек пе деген тұрғыдан ғана алып түсіну қажет болады.

Сөз басында *д*-ның молырақ қолданылуы оғұз тілдерінен тыс тува, тофалар<sup>3</sup> тілі секілді тілдерде де бар. Қазіргі түркі тілдеріндегі сөз басындағы ұяң *д*-ны А. М. Щербак қатаң *т*-ның әлсіреуі

<sup>1</sup> КСЭ, 8 т., Алматы, 1976, 438—439-б.

<sup>2</sup> Азербайжан тіліндегі сөз басындағы *т/д* алмасуын М. Шивалиев қыпшақ элементі деп есептейді. Қыпшақские элементы в азербайджанском языке. «Исследования по грамматике и лексике тюркских языков», Ташкент, 1963, 5-б.

<sup>3</sup> Рассадин В. И. Фонетика и лексика тофаларского языка. Улан-Удэ, 1971, 47, 168-б.

тәрізді дыбыстық процестің нәтижесінде кейін пайда болған белгі деп есентейді.<sup>1</sup> Ол кісінің түсіндіруінше қатаң *t*-ның әлсіреуі қатаң *n*-ның әлсіреуі сияқты түркі тілдерін мол қамти алмаған. Қазіргі көп тілдердің сөзінің басына *t*-ның төндігі, ал сөз басындағы *ð*-ның тілдердің шағын тобында ғана кездесуі осыдан.

Орта Азияның кей ішкі қоныстары және Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік батысының соған іргелес жерлеріне тән дыбыстық өзгешеліктің бірі — жоғарыдағы дауыссыз жұптың сөздің бас шебінде керісінше алмасуы (*t/ð*). Қазақ говорларының көпшілігіндегі, сондай-ақ әдеби тіліміздегі біраз сөздердің басындағы *ð* дауыссызы аталған алқаптың жергілікті қазақ тұрғындарының тілінде жоғарыда әңгіме болған жайға қарама-қарсы *t*-мен айтылатыны байқалады. Аталған аймақтардың қазағының тілінен жиналған деректер Орта Азиядағы көрші түркі тілдері ішінде ұқсастықты көбіне-көп қырғыз тілінен табады. Сол секілді мысалдардың арасында осы алқаптағы өзге тілдердің дерегімен ұқсасатын сөздер де жоқ емес.

Жиналған мысалдардың басқы дыбысының Орта Азиядағы қай тілге жақындығы қаншалықты екенін байқау үшін назарды салыстырма тізімге аударайық. (89-б. қараңыз).

Салыстырма тізімге енген сөздердің арасында қырғыз тілінен тыс біраз сөздің қарақалпақ, өзбек тілінің дерегімен ұқсастығы бары көрінді. Бұл жай бәрінен бұрын мысалдардағы араб, парсы кірмелерінің дыбыстық құрамына қатысты. Өйткені тұуар, топ, тала, тұуалақ тәрізді бірлі-жарым түркі түбірлі сөзден өзге кейінгі тілдердің дерегімен сәйкесетін тізімдегі сөздердің дені — осындай кірмелер. Мәселен, *тене*, *тұушар*, *түрүс*, *торба*, *тастарқан*, *тұшпан*, *тайар* дегендер — парсы кірмелері де, *тәріп*, *түкөн*, *тайын* (тағайын) дегендер — араб кірмелері.

Араб, парсы сөздерінің басындағы *t/ð* алмасуы бұл сөздердің қай тілде қалай игерілуіне байланысты. Өзбек, қарақалпақ сөзінің басына *t*-ның көбірек тән болуы себепті арабтан, парсыдан кірген сөздердің кейбіреуінің әуелгі нұсқасындағы басқы дыбысы *ð* болуына қарамастан олар мұнда *t* үлгісінде қалыптасқан.

Жоғарыдағы салыстырулардан тағы бір көрінетін нәрсе — парсы кірмесі *тайар*, араб кірмесі *тайын* дегендер мен олардан өрбіген туынды сөздердің басқы дыбыстарының Орта Азиядағы түркі тілдерінің бәрінде біркелкі қатаң үлгіде айтылады. Бұл жайдың осы алқаптағы *ð*-шыл тіл түрікмен тіліне де қатысы бар. Салыстырылып отырған тілдердің баршасының дерегі бұл сөздердің әуелгі араб-парсы нұсқасына сәйкес келеді. Сонда аталған сөздердің басқы дыбысының осы өлкенің қазағының тілінде қазақ говорларының өзге көпшілік тобынан бөле-жара неге қатаң айтылатынын түсіну аса қиынға соқпаса керек.

Жалпы, араб-парсы кірмелерінің басындағы *t*, *ð* дауыссыздарын қолданудағы екі ұштылықтан жалпы халықтық тіліміз де құр

<sup>1</sup> Щербак А. М. Сравнительная фонетика тюркских языков. Л., 1970, 90-б.

Орта Азияның кей коньастары мен соған көршілес өңірде	Қырғыз тілінде	Қарақалпақ тілінде	Өзбек тілінде	Қазік говорларының көпшілік тобында	Әдеби тілімізде
тұуар//тоғар томала	тогор томоло	тууар думала /жумада	юмала	доғар домала	доғар домала
томалақ топ төңгелө төңгөлөк	томолоқ топ төңгелө төңгөлөк// төнөлүк	домалақ топ дөңгеле дөңгелск	думолоқ туп — —	домалақ доп дөңгелө дөңгөлөк	домалақ доп дөңгеле дөңгелск
тала тұуалақ тайын тайында түкөн тұушар тұрус торба тене тастарқан// тастұрқан түшпан//түспан	талаа тоодақ тайын тайында түкөн тушоор турус торбо тене тасторкон тушман	дала тууалақ тайын тайынла түкөн дуушар дұрыс — дсене дастурхан	тала — тайын тайынла дукан — дурст — дастурхан	дала дұуадақ дайын дайында дүкөн дұушар дұрус дорба дене дастарқан	дала дуадақ дайын дайында дүкен дүшар дұрыс дорба дсене дастархан
тарбыз тәріпте тоға тилдө//тиллө тилдә тайар тайарла	тарбыз — тогоо тилла//дилде — —	гарбыз — тоға тилла тайар тайарла	тарвуз тағрифла дуға тилла тайер тайерла	карбыз дәріпте доға ділдә дайар дайарла	карбыз дәріпте доға ділда даяр даярла

алақан емес, *тажал//дажал* (а), *тағдыр//дағдыр* (а.), *тозақ//дозақ* (п.), *тапа//таба//даба* (п.) тәрізді кірмелерді бірде т, бірде д-мен айтып, тіптен кейде екі ұдай емлемен жазуымыз — осының салдары.

Сөз басындағы т тіліміздің дыбыс жүйесіне д-мен салыстырғанда анағұрлым тән белгі екеніне қарамастан жоғарыда келтірілген деректерде т-дан басталатын сөздердің біразын диалектілік шеңберде алып түсіндірдік. Себебі мұндағы сөздердің басқы дыбысының қатаң айтылуы белгілі бір географиялық аймақтың қазағының тіліне ғана тән. Сол себептен де болу керек, олардың баршасының әдеби нұсқасы тілімізде д үлгісінде қалыптасқан. Әдеби норма болатын болса, оның әр кез тілдегі түбегейлі заңдылықты ұстана бермейтіні белгілі. Мұның бер жағында сөз басындағы д тіліміздің дыбыс жүйесінен тысқары жатқан белгі емес екенін осында өзіміз көріп-біліп отырымыз.

Бас шебінде т айтылатын сөздер де жоғарыдағы д айтылатын сөздер тәрізді. Мұның ішінде де жалпы халықтық сипатқа ие сөз-

дер бар да, диалектілік сипатқа не сөздер бар. Кейінгілер сан жағынан тіліміздегі сөздердің шағын ғана тобын қамтиды.

Қыпшақ текті тілдердің арғы даму дәуірінде осындағы дауыссыз жұптың көбіне-көп сөз басында қатаң сыңары қолданылған дейтін жалпы қағиданы мойындасақ, онда қазақ сөзінің анлауындағы *t/d* алмасуын көне белгі деп тануымызға әбден болады. Дыбыс алмасуының осы түріне байланысты бұдан бұрынырақ әңгіме болған *тіз//діз, тізе//дізе, тізгін//дізгін, тұзақ//дұзақ, тұз//дұз, тот//тат//дат, тиірмен//диірмен, түзу//дүзу, тыбыс//дыбыс* тәрізді параллельдердің басқы дыбысының халық тілінде бірле ұян, бірде қатаң боп құбылуы, біздіңше, осындай себептен. Сөздердің осы тобының басқы дауыссызының біздегіше екі фонетикалық нұсқада айтылуы Орта Азиядағы өзге түркі тілдерінде де бар. Мәселен, өзбек тілінің жиззак, маңғыт шевасынан да<sup>1</sup>, сондай-ақ қырғыз тілінің ош, талас говорларынан осындай екі ұдайылықты көреміз.

Әрине, мұндай сөздердің тіліміздегі әуелгі нұсқасы қатаңнан басталғанын жаза бастырмай дәлелдеп берерліктей хат бетіне түскен деректер біздің қолымызда жоқ екені аян. Алайда көне жыр үлгілерінің там-тұмдаған мағлұматына сүйеніп, осындағы сөздердің басқы дыбысы тілімізде ертеде *t*-мен айтылған деген тұспал жасауға болады. Мәселен, «Ер Тарғынның» табын Марабай жырау жырлаған дейтін версиясында *домаланған* деген етістікті *томаланған* деген нұсқада ұшырастырамыз.

Тоғайға барсаң, тоғайда  
*Томаланған* қоян бар,  
Қоянды көр де, жоным көр

Ендігі бір назар аударарлық жай — осындағы салыстырылып берілген диалектілік сөздердің өзгеден гөрі қырғыз тілінің мәліметімен көбірек жанасатындығы. Дұрысында да, мұндай сөздердің көбі қазақ жерінің қырғыздармен шекаралас өңірінде молырақ сақталған<sup>1</sup>. Сөз басындағы қатаң *t* дауыссызының дәл осы өңірде көбірек байқалуында қырғыз тілінің ықпалы бар екені шүбәсыз. Келтірілген сөздердің қырғыз тілімен арадағы сәйкестігі және олардың бұл өңірден жырағырақтағы қазақ говорларында «*d*» үлгісінде айтылуы бізді осыған меңзейді. Ал сөздің бас позициясындағы *t/d* алмасуы тәрізді белгінің қырғыздың көбіне-көп Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс аудандарымен көршілес говорларына тән белгі екені мәлім.

*c/ш* дауыссыздарының алмасуы. Қыпшақ-ноғай тобындағы тілдерді өзге көп түркі тілдерінен ерекшелейтін басты бір фонетикалық белгінің *c*-шылдық (соканье) құбылыс болатыны көпшілікке аян. *c*-шылдық деп отырғанымыз — түркі тілдерінің бірқатарындағы *ш* дауыссызының орнына *c*-ның қолданылуы. Мұны көз алдымызға нақтылы елестету үшін қазақ, қарақалпақ, ноғай әдеби тіліндегі

<sup>1</sup> Гуломов Х. Узбек тилининг Жиззак шеваси, УДМ, I, 72-б.

*бес* деген сан есімнің ұйғыр, түрікмен тілінде *бәш* азерб., түрік, гагауз, қырым татары, құмық, қырғыз, өзбек тілінде *беш*, башқұрт, татар тілінде *биш* боп айтылатынын еске салудың өзі-ақ жеткілікті.

Әдеби тіліміз демесек, диалектологиялық деректерге үйілу — осы *с*-шылдық түс-таңбаны сақтауда халық тілінің дыбыс жүйесінде тұрақсыздық барын аңғартады. Дәлірек айтсақ, мұндағы біраз сөздердегі *с*-ның тіліміздегі жалпы заңдылыққа қарама-қарсы *ш* дауыссызымен алмасатын жайы бар. Мәселен, *моқшал*, *мосы*, *үйқас*, *сері* деудің орнына *мошқал*, *мошы*, *үйқаш*, *шері* деп қолдану. Мұндай құбылыстың жиі байқалатын жері — қазақ жұрты тараған өңірдің түскей жағы. Әсіресе оны біз оңтүстікте өзбек, түрікмен, ұйғыр, қырғыз халқымен, батыста татар, башқұрт халқымен аралас отырған, сондай-ақ соларға қонысы жағынан жақын орналасқан қазақтардың тілінен мол ұшырастырамыз. Сондықтан да бұл құбылысқа қатысты диалектілік деректердің де деңіні әрі тумалас, әрі көршілес осы халықтардың тілдік ықпалымен шендестірін қараудың орайы бар. Себебі жоғарыда аталып өткен тілдердің бәрінде де біздегі *с* дауыссызының орнына үнемі дерлік *ш* дауыссызы қолданылады. Және оның үстіне дыбыстық құрамындағы *с/ш* алмасуы байқалатын қазақ диалектілеріндегі сөздердің деңі осы тілдердің дерегімен сәйкесім табады. Әрі бұл сөздердің көпшілігінің *ш*-мен келетін нұсқасын өзге тілдермен шектес өңірден алшақ жатқан говорларымыздан кездестіре алмаймыз.

Орта Азияның ішкі қоныстары мен соған іргелес аудандардың қазағының тілінен жиналған төмендегі сынды мысалдарды олармен көршілес өзбек, түрікмен, қырғыз тілінің мәліметімен, қалды өзге қазақ говорлары мәліметімен салыстыру — біздің көзімізді бұған кәміл жеткізеді. (келесі беттегі табл.)

Тізімде біз Орта Азия мен соған іргелес өңірдің қазағының тілінен жиналған сөздердің ішінен өзбек, қырғыз, түрікмен, тілінің дерегімен сәйкес келетін сөздерді ғана қамтып өттік. Әрине, *с/ш* алмасуы байқалатын сөздердің негізгі тобын құрайтын сол сөздер екені рас. Алайда бұлардан тыс өзге өңірден жиналған сөздердің де бар екенін айтуымыз керек. Бірақ ол сөздердің бәрінің бірдей фонетикалық параллельдері салыстырылып отырған тілдерден табыла бермейді. Әрі олардың арасындағы Орта Азиядан шалғай өлкелердегі кездесетін тілдік ауыс-түйіс тұрғысынан өзбек, қырғыз, түрікмен тілінің дерегімен салыстырып жатудың лайығы жоқ. Әрине, мұндай сөздердің арасынан да жоғарыдағы тілдердің дерегімен сәйкес келетін сөздердің кездесіп қалуы ғажап емес. Бірақ таралу географиясының тым жайылыңқылығы себепті олардың бойындағы фонетикалық өзгеріс жалаң осы тілдердің ықпалынан деп тануды көтермейді. Қазақ жерінің батысында, теріскейінде және кейбір басқа аймақтарында да бірде олай, бірде бұлай қолданылатын *оқшаш//ұқшаш//ұқсас*, *ауышқан//ауысқан*, *тұрмұш//тұрмұс*, *мышық//мысық*, *шайқымазақ//сайқымазақ*, *машқара//масқара*, *мәш//мәсі*, *оқымыш//оқымыс*, *қошта//қоста*, *қышта//қыста* (қысу) тәрізді жұптардың кездесуі *с/ш* алмасуы байқалатын сөздердің бірқатарының тағдырын бұдан гөрі басқашарақ қарауды ма-

Орта Азия мен сөгі иргедіс өңірдің қаза- ғының тілінде	Озбек тілінде	Кыргыз тілінде	Түрікмен тілінде	Қарақалпақ тілінің оңтүстік диалекті- сіне	Қазак говорларының көпшілік тобына	Қазак әдеби тілінде
шор	шур	шор	шор	шор	сор	сор
шортаң	шуртаң	шордоқ	шортаң	шортаң	сортаң	сортаң
шора	шура	шоро	шора	шора	сора	сора,
шерік	шерик	шерик	—	шерик	серік	серік
баш	бош	бан	баш	баш	бас	бас
башқар	бошқар	башқар	—	башқар	басқар	басқар
шү//шүул	шул	шол	шү//шол	шол//шүл	сол	сол
ишля	ишла	иште	ишля	исля	істе	істе
шаты	шотч	шаты	—	—	саты	саты
пыштан	пуштан	быштан	—	—	пыстан	пыстан
шорпа	шурва	шорпо	чорба	сорпа	сорпа	сорпа
мүйүш	мүйюн	—	—	мүйеш	мүйүс	мүйіс
пышык//пінш	мүйшук	пышык	пишик	мышык	мысык	мысык
ек//мышык						
шамал	шамол	шамал	шамал	шамал	самал	самал
шамалда	шамолла	шамалда	шамалла	шамалла	самалда	самалда
беш	беш	беш	бәш	беш	бес	бес
бешақа	паншаха	—	—	—	бесақа	—
бешатар	бешотар	бешатар	бәшатар	—	бесатар	бесатар
қошмаша	қушнмча	қошмо	гошмача	—	қосумша	қосымша
өштүп	уш	ошөнтүп	—	—	өстүп	өстіп
есіт	эшит	эшит	эшит	есит	есіт	есіт
аш	ош	аш	аш	ас	ас	ас
ошү	уша	ошо	—	усу	осы	осы
алтмыш//	олтмиш	алтымыш	алтмыш	алтмыш	алпыс	алпыс
ылтмыш						
таш	тош	таш	даш	таш	тас	тас
машақ	машоқ	машак	баш	масак	масак	масак
пййшембі	пайшанба	бейшембә	пеншенбе	бийшенбе	бейсембі	бейсембі
түшүн	тушун	түшүн	дүшүн	түсін	түсүн	түсін
төшек	тушак	төнөк	дүшек	дөшек	төсөк	төсек
машахана//	пашшаха-	майшаха-	пешехана	пешехана	масахана	масахана
мешехана	на	на				
аша	оша	аша	—	аша	аса	аса
шабаз	шоввоз	шабас	шабаз	шабаз	сабаз	сабаз
ашык	ошик	ашык	ашык	асык	асык	асык
башка	бошка	башка	башга	башқа	басқа	басқа
қурдаш	курдош	курдаш	—	қурдаш	құрдас	құрдас
ташта	тошла	ташта	ташла	ташла	таста	таста
текшер//	текшер	текшер	—	тексер	тексер	тексер
тешкер						
тұрмұш	турмуш	турмуш	дүрмұш	турмыс	тұрмұс	тұрмыс
тіиш	тегишли	тийиш	—	тийис	тиіс	тиіс
қарашты	қарашли	қараштуу	—	—	қарасты	қарасты
тырыш	тириш	тырыш	дырыш	тырыс	тырыс	тырыс
байғұш	—	байқуш	байғуш	байғұс	байғұс	байғұс
күнүш	—	кунуш	—	куныш	күнүс	күнүс
бүрүш	буруш	бүрүш	бүрүш	бурис	бүрүс	бүріс
оқұмыш	укимиш	—	укимиш	оқымыс	оқұмыс	оқымыс
айырбаш	айырбош	—	айырбаш	айырбас	айырбас	айырбас
жетпіш	етмиш	жетмиш	етмиш	жетмиш	жетпіс	жетпіс
ұқша	ұқша	оқшо	—	—	ұқса	ұқса



тышқары контта кеууш тұшамынш ешек қышлақ	тышқары — — тушнов эшак кишлов	тышқары контто кебинш тұшамынш эшек қыштак	дишары гошла — душак эшек гышкы	тышқарый кошла геуиш тусау ешек кышлақ	тысқары қоста кебіс тұсамыс есек кыстақ	тысқары қоста кебіс тұсамыс есек кыстақ// кыстау
--	---	---	--	---	--	--

құлдайды. Изоглоссасы тым үлкен географиялық кеңістікті қамтитын мұндай сөздердің қазақ елімен ежелден аралас-құралас ағайын халық — татар тілінің ықпалы болуы да немесе халқымыздың құрамында бағы замандарда болған тайпалық бір диалектілерден қалған көне белгі болуы да ықтимал.

Жалпы алғанда, дыбыс алмасуының осы түрі сияқты ана тілдің де, мына тілдің де белгілерімен үйлесіп жататын кірме құбылыстардың әуелгі із-өкшесі осы тілдердің қайсысына барып саятынын анықтаудың басты бір уәжі бар, ол — географиялық фактор. Бірақ бұл фактордың жалаң өзіне ғана қол арту жеткіліксіз. Өйткені халықтың дәл осы күнгі мекен жайы оның осы қоныста тапжылмай ежелден өмір кешіп келе жатқандығының бірден-бір дәлелі бола алмасы түсінікті. Тарихта халықтардың, ру-тайпалардың көбінің ақ сан қилы миграцияға ұшырағаны мәлім. Сондықтан географиялық фактор әр кез халық басынан кешкен өткендегі тарихқа ұштастырыла, сабақтастырыла алынған болса, сонда ғана оның дұрыстығына жүгінсе болады. Осы фонетикалық белгіге қатысты Б. Бұхатын<sup>1</sup> Монголияда, Таулы Алтай автономиясы және республикамыздың шығыс бөлігінде тұратын қазақтардың тілінде айтылатын *ұқшаш/оқшаш* (ұқсас), *тұрмұш* (тұрмыс), *тійіш* (тійіс), *шерік* (серік), *беш* (бес), *қарашты* (қарасты) деген тәрізді бірнеше мысал келтіреді. Бұл сөздердің *ш*-мен келетін нұсқасының Орта Азиядағы түркі тілдерінде де бар екендігі жоғарыдағы салыстырма тізімнен белгілі. Қазақ жұрты тараған өлкенің шығысында бұл сөздердің *ш*-мен айтылуында өзбек, түрікмен тілінің үлесі бар еді десек, мұнымыз, әрине, асыра сілтегендік боп көрінер еді. Алайда, оның есесіне, осы құбылыстың тағдырына қазіргі Алатау атырабындағы қырғыз тілінің қатысын айтудың еш әбестігі жоқ. Олай дейтініміз қырғыздардың кейінгі қонысқа сол шығыс жақ беттен бергі дәуірлерде келіп ірге тепкені тарихтан аян<sup>2</sup>. Сол үшін де бұл сөздердің дыбыстық кейпіндегі қырғыз тілімен әуенділікке таңырқауға болмайды. Әрине, бұл сөздердің қырғыз тіліне аса жақын шығыстағы алтай тілінің дерегімен ұқсас келетін де жайы бар.

<sup>1</sup> Бұхатын Базылхан. Монголияда тұратын қазақтардың..., ҚД, Алматы, 1965, 38-б.

<sup>2</sup> Петров К. И. К истории движения киргизов на Тянь-Шань и их взаимоотношения с ойратами в XIII—XV вв., Фрунзе, 1961.

Жоғарыда біз қазақ говорларындағы *с/ш* алмасуына қатысты сөздердің географиялық шегінің әр түрлі боп келетінін айтқан едік. Басқасын былай қойғанда, Орта Азия жеріндегі түркі тілдерінің дерегімен ден түсін жатқан сөздердің таралу географиясында да біркелкілік жоқ. Олардың ішінде жоғарыда айтылып өткендерден басқа да географиясы ауқымдырақ деген *шамал* (самал), *жетпіш* (жетпіс), *байғұш* (байғұс), *оқымыш* (оқымыс), *ешек* (есек) тәрізді біраз сөздер бар. Бірақ мұндайлар сан жағынан аса көп емес. Салыстырылып отырған сөздердің негізгі тобын құрайтындарының таралу шегі мейлінше ықшам. Олардың деінің изоглоссасы Орта Азияның өз табанынан асып жарымайды. Мәселен, тіліміздегі *шор* (сор, сортаң), *башқа* (басқа), *башқар* (басқар), *шаты* (саты), *шорпа* (сорпа), *мүйіш* (мүйіс), *аш* (ас, тағам), *құрдаш* (құрдас), *түшүг* (түсін), *машақ* (масақ), *таш* (тас), *алтмыш* (алпыс), *ешіт* (есіт), *шұл* (сол), *төшек* (төсек), *башла* (баста) деген тәрізді сөздер — осындай сөздер. Изоглоссаның осы өңірдегі көрші тілдермен орайлас жатуының өзінен-ақ бұлардағы өзгерістің түп тамыры сол тілдермен бір екені көрінеді. *ш* дауыссызын *с*-ның орнына қолдану жөнінен өзбек, түрікмен тілінің ықпалына молырақ шалдыққан осы лингвистикалық алқаптағы тілдердің бірі — қарақалпақ тілі. АССР-дің Беруни, Амудария, Төрткүл тәрізді оңтүстік аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі *с/ш* алмасуы байқалатын барша сөздің дәл осындай фонетикалық нұсқасын сол жердегі қарақалпақ говорынан да табуға болады<sup>1</sup>. Бұлай болатыны, біздіңше, осы жердің қазағы мен қарақалпағының тіліндегі бұл дыбыстық белгінің әдепкі шыққан арнасы бір. Ол — өзбек тілі мен түрікмен тілі. *ш*-мен айтылатын сөздердің бәрі болмаса да олардың кей тобының мұндағы қазақ говорына аталған тілдерден қарақалпақ тілі арқылы енуі де әбден ықтимал. Енді назарды мысалдарға аударайық. Қарақалпақстанда тұратын қазақтардың тілінен Б. Бекетовтің жинаған деректерінде республиканың аталған аудандарындағы қазақтардың тіліне тән деген *шора* (сора, шөп түрі), *башла* (баста), *шор* (сор, сор жер), *башқа* (басқа), *ташта* (таста), *құрдаш* (құрдас), *таш* (тас), *алтмыш/ылтмыш* (алпыс), *бешатар* (бесатар), *ешіт* (есіт) тәрізді және одан да басқа көптеген сөздер келтірілген. Бұл сөздердің осы секілді *ш*-мен айтылатын нұсқасы сол аудандардың қарақалпағының тілінде де ортақ<sup>2</sup>.

Тілімізге бөгде тілден дыбыстық белгілердің өтуі хақында әңгіме болған жердің бәрінде біз бұл мәселені нақтылы сөздердің басындағы жаймен тікелей байланыстыра қарастырдық. Дұрысында да, фонетикалық ауыс-түйіс атаулының қай-қайсысын алсақта, олардың бір тілден екінші тілге енуіндегі алғашқы өткелдің тілдің лексика саласы болатынын көреміз. Дәлірек айтсақ, бөгде тілдің фонетикалық ен-таңбасы екінші тілге алдымен лексикалық

<sup>1</sup> Насыров Д. Н. Становление каракалпакского общенародного языка и его диалектная система. Нукус-Казань, 1976, 235-б.

<sup>2</sup> Баскаков Н. А. Каракалпакский язык, I, Материалы по диалектологии (тексты и словарь), М., 1951, 315-б.

кірмелердің бойына ерін келеді. Бөгде дыбыстық белгінің тілге жұғысуы жөнінде оқулықтарда, зерттеулерде жалпылама айтылып жүрген, ел-жұртқа таныс түсінік — осы. Бірақ осы процестің егжей-тегжейін нақтылы деректерге сүйеніп баяндаған, оның механизмін көрсетіп берген ой-пікірді әлі күнге кездестірген емеспіз.

Тектес тілдер мен диалектілер арасындағы қарым-қатынас, ауыс-түйіс мәселесіне қатысты өзіміз жинап байқастырған кейбір деректер бөгде тілдік фонетикалық белгінің тілге ауысуы хақында мынадай тұспалдар жасауға мүмкіндік береді.

Лексикалық кірмелермен бірге ерін келген бөгде фонетикалық белгінің бәрі бірдей тілде өз алдына дыбыстық жүйе құра алмайды. Олардың көбі-ақ жеке-дара кірмелердің құрамында ғана айтылып, сол шеңберден алысқа ұзап жарымайды. Мұндай сөздердің бойындағы дыбыстық белгіні тілде дыбыстық құбылыс ретінде қалыптасқан қасиет деп айтуға әсте болмайды. Мәселен, өзбек арасында және солармен іргелес қоныстардың қазағының тілінде айтылатын *заңжыр//жанжыр, шойан, өрдөк//үрдөк, мақта* сол секілді қарақалпақ арасындағы қазақтарда айтылатын *дастық, серхош* тәрізді сөздер бар. Бұлар — өзге говорларымыз бен әдеби тіліміздегі *шынжыр, шойын, үйрек, мақта, жастық, селқос* деген сөздердің жергілікті халық тілінде өзбек, қарақалпақ үлгісінде қалыптасқан нұсқасы. Бұлардың әрқайсысының бір ғана сөздің әр түрлі фонетикалық варианты екені рас.

Солай бола тұрса да олардың бойындағы белгіні осы өңірлердегі қазақ говорының дыбыс жүйесін танытатын, соған аса тән белгі деп қарауға болмайды. Себебі тек осы сөздерде ғана болмаса, мұндай дыбыстық өзгешеліктердің басқа сөздерде байқалуы некен-саяқ, немесе мүлдем жоқ. Демек, кірме сөздің бойындағы дыбыстық өзгешеліктер фонетикалық белгі дәрежесіне айналған деп тану үшін оны куәландыратын басқа деректердің болғаны абзал. Сондықтан жоғарыдағы сөздерді фонетиканың объектісі деп танудан гөрі лексиканың объектісі деп тану анағұрлым ақылға қонымды.

Кірме сөздермен бірге келген дыбыстық ерекшеліктің әуелде сол сөздердің жеке басына тән ерекшелік болуына қарамастан кейін тілде жүйелі фонетикалық құбылысқа айналатын кездері бар. Бұл жағдай бойына бір өңкей дыбыстық белгі тән боп келетін кірме сөздердің қабылдаушы тілде сан жағынан молығуы және олардың стильдік өрісі кеңеюі сияқты фактормен шарттас.

Кірме сөздердің тілге өзге жүйелі тілдерден енуі бар да, тектес тілдерден енуі бар. Осы екі ұдай кірмелердің әрқайсысының қабылдаушы тілде игерілу сипаты әр басқа.

Тектес тілден енген кірмелердің фонологиялық тұрғыдан игерілуі өзге жүйедегі тілден енген кірмелерге қарағанда анағұрлым жеңілрек. Өйткені олардың денінің құрамы ана тілінде бұрыннан бар дыбыстардан тұрады. Әсіресе тегі жағынан тым жақын тілдер мен диалектілерден ауысқан сөздерге мұндай қасиет көбірек тән. Осындағы біз әңгімелеп отырған *с/ш* алмасуына қатысты қазақ

говорларындағы кірмелердің дыбыстық кейпінен бұл жағдай анық аңғарылады. Келтірілген мысалдардың қай түрін алсақ та, олардың дыбыс құрамынан қазақ тілінің фонетика жүйесінен оқшау тұрған ерекше бір дыбыстың жоқ екенін көреміз. Мұндағы гәп тіліміздің бір дыбысының орнына тілімізде әуелден бар екінші бір дыбыстың қолданылуы хақында. Қазақ тілінде *c* да бар, *ш* да бар. Бірақ осы дыбыстардың әрбіреуінің қолданылатын сөздерінің аясы өз алдына бөлек-бөлек. Ал Орта Азия республикаларының жеріндегі қазақ говорларында кей сөздердегі *c* дауыссызының орнына *ш* қолданылатын болса, мұның себебін бұл дыбыстың фонологиялық қызметінің ұлғаяуынан деп түсіну керек. Бұлай болуы көрші тілдермен, диалектілермен арадағы қарым-қатынастың жемісі екенін жоғарыда айттық.

Бөгде фонетикалық белгінің орнығуы үшін бойына осы белгі тән кірмелердің қабылдаушы тілде мейлінше жиі қолданылуы шарт. Алдымен кірме сөздердің фонетикалық нұсқасы сол сөздердің қабылдаушы тілдегі әуелден бар фонетикалық сыңарымен жарыса тайталас қолданыла бастайды. Бұл жағдай қабылдаушы тілде тұрақсыз, факультатив түрде айтылатын ала-құла сөздердің көбеюіне әкеледі. Бірақ тіл стихиясы мұндай анархияға ұзақ уақыт төзе алмайды. Дыбыстық құрамына нақтылы бір фонетикалық түс-таңба тән бір өңкей кірмелердің тобы қабылдаушы тілде неғұрлым молыққан сайын мұндай фонетикалық ерекшеліктің онда ірге тебу мүмкіндігі де соғұрлым арта түседі.

Ауызекі сөйлеуде бір-бірімен алма-кезектесіп қолданылатын фонетикалық дублеттерде синонимдердегідей стильдік-лексикалық өң, бояу болмайтыны түсінікті. Сол себептен де мұндай жарыспалар тілде қатар өмір сүре алмайды. Ондайлардың тілде қатар өмір сүруінің бір-ақ негізі бар. Ол: олардың әрқайсысының өз алдына дербес-дербес лексикалық мәні, стильдік реңі болуы (мәселен, *егеу, сабау* деген етістік тұлғасының аспап мәніндегі есім қызметіне ие болуы сияқты). Бұлай болмаған жерде фонетикалық жарыспалар тілдің нормаға, жүйеге түсу процесіне кедергі жасайды, дұрыс сөйлеуімізге оралғы болады. Сондықтан да фонетикалық жарыспалардың тіл тек бір сыңарына ғана артықшылық беріп, қалғандарынан арылуға мүдделі. Егер артықшылық бірыңғай фонетикалық жарыспалардың төл сыңарынан гөрі бөгде сыңарына берілген болса, онда олардың бойындағы дыбыстық бөгде нышанның бірте-бірте дербес фонетикалық жүйеге ұласуы кәдік. Осындағы *ш*-ның *c* орнына қолданылуынан, сондай-ақ Орта Азияның ішкі қоныстарының қазағының тіліндегі бұдан өзге де дыбыстық алмасулардан (*д, т/л, ғ/қ, ж/й* т. б.) біз осындай тенденцияны аңғарамыз.

Сонда бөгде фонетикалық нышанның тілге сіңісу процесінде мынадай үш кезеңнің барын айтуға болады:

Бірінші — бөгде фонетикалық белгінің жеке-дара сөздердің құрамында ғана байқалатын кезеңі.

Екінші — бөгде фонетикалық белгінің жеке-дара сөздердің бірыңғай тобында байқалатын кезеңі. Бұл кезеңде сөздердің осы то-

бын құрайтын кірмелер қабылдаушы тілдегі байырғы фонетикалық сыңарлармен жарыса қолданылады.

Үшінші — фонетикалық жарыспа жұптардың төл сыңарын бөгде тілдік сыңар ығыстырып шығарып, соның орнын өзі басатын кезең. Осы соңғы кезеңнің талабын қанағаттандырарлық жағдай фонетикалық жарыспалардың біз айтып отырған түрінің арасында жаппай сипат ала бастаған кезде бөгде тілдік лексикалық элементтердің бойындағы дыбыстық белгінің жүйелі фонетикалық статуска ұласу процесі тәмамдалады.

Осы айтылғандарды *с/ш* алмасуына қатысты мысалдардың тіліне айналдырар болсақ, онда жоғарыдағы *ас//аш, тас//таш, сора//шора, төсөк//төшөк* сынды фонетикалық дублеттердің өз алдына аталған диалектілік алқапта бір-бірімен жарыса қолданылған жұптар болғандығын, бертін келе артықшылық бұлардың *ш*-мен келетін сыңарына берілгендігін айтуымыз керек.

Мұндай жұптардың артықшылық қай сыңарына берілетіні, әрине, тіл несі халықтың осы процеске саналы түрде араласуы нәтижесінде болатын нәрсе емес, стихиялы түрде болатын объективті заңдылық. Бұл ыңғайда салмақ таразының қай басына ауатынын шешетін — өзара қарым-қатынасқа түсуші тілдердің, диалектілердің қоғамдық арнадағы әлеуметтік орны, беделі. Бөгде тіл элементінің қабылдаушы тілдегі осымен бара-бар элементпен тайталас қолданылуының өзі мәселенің түбінде ықпал етіп отырған тілдің пайдасына шешілетіндігінің бейне бір кепілі іспетті. Сонда да болса жарыспа сыңарлардың қатар қолданылуын бөгде фонетикалық ерекшеліктің сол тілге қалай да олай сіңетіндігінің үзілді-кесілді үкімі деп тануға болмайды. Олардағы сыңарлардың тілде тұрақтау-тұрақтамауы тілдік контактының әрмен қарайғы өрістеу сипатына, шама-шарқына байланысты. Тілдің әлеуметтік салмағы, беделі неғұрлым басым болған сайын, оның көрші тілдермен диалектілерге етер ықпалы да соғұрлым пәрменді болмақ. Орта Азиядағы, әсіресе, оның ішкі қоныстарындағы қазақ говорларының дыбыстық жүйесіне үңілу бұл жайды анық аңғартады. Ондағы жергілікті қазақтардың тілінің коммуникациялық қызметін, қолдану өрісін халықтың көпшілік тобының тілін өзбек, түрікмен, қарақалпақ т. б. тілдермен салыстырып болмасы өзінен-өзі түсінікті. Қазақ говорларындағы *с*-ның *ш*-ға өтуі көрші тілдердің ықпалынан дегенді зерттеушілердің көпшілігі-ақ (Ж. Досқараев<sup>1</sup>, Ю. Әбдіұәлиев<sup>2</sup>, Б. Бекетов<sup>3</sup>, Ә. Құрышжанов<sup>4</sup>) мақұлдайды. Қазақ халқы тараған өлкенің оңтүстігіне келгенде мұндай тұжырымның дұрыс болатынына, әрине, шүбәланбасқа болады. Кей сөз-

<sup>1</sup> Досқараев Ж. Байғанин ауданында тұратын қазақтардың тіліндегі фонетикалық ерекшеліктер. ҚТДМ, 2-шығ., 12-б.

<sup>2</sup> Абдуәлиев Ю. Фонетико-морфологические особенности Ташкентского говора казахского языка. Автореф. канд. дисс., Алма-Ата, 67, 11-б.

<sup>3</sup> Бекетов Б. Казахский говор южной Каракалпакии. Автореф. канд. дисс., Алма-Ата, 1969, 12-б.

<sup>4</sup> Құрышжанов А. Қарақалпақ АССР-ында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір ерекшеліктер. ҚТДМ, 5-шығ., 161-б.

дердің географиялық таралу шегіндегі тым жайылыңқылық олардағы бұл құбылыстың сырын басқашарақ ұғынуды керек қылатын сияқты. Мәселен, *тышқары* сөзі қазақ говорларының көпшілік тобында осы үлгіде айтылғанымен, «Шыққан қыз шиден тышқары» деген мақалда Қазақстанның орталығы мен оңтүстігінің өзінде оның тышқары болып *ш*-мен айтылатыны бар. Мұның географиясының жайылыңқылығын былай қойғанда, өзге жағдайда байқалмай, тек осы мақалда ғана байқалуынан бұл сөздегі *с*-ның *ш*-ға өтуі әрегіректегі дәуірлерге барып тіреледі деп тұспалдауға болады. Тараған аймағы кең бұдан өзге де сөздердің говорларымызда бар екені бізге бұрын келтірілген деректерден мәлім. Кезінде С. Аманжоловтың тіліміздің диалектілік жүйесіндегі бұл белгіні бірде ру-тайпа тілінің қалдығы, бірде өзге тіл ықпалы деп жорамалдауына желеу берген де, бәлкі *с/ш* алмасуы байқалатын сөздердің географиясындағы осы секілді ала-құлалық болу керек<sup>1</sup>.

Жоғарыда айтқанымыздай таралу географиясындағы ерекшелік дыбыс алмасуының бұл түріне қатысты сөздердің әр тобының тағдырын әр басқа қарастыруды қажет етеді, демек, бұл құбылыстың қазақ топырағында пайда болуының түп себебі ағайын тілдердің ықпалы екенін мойындай отырып, оның жоғарыдағы *тышқары* тәрізді нақтылы сөздердің жеке басында ұшырасуынан көнеліктің табы барын да бекерге шығаруға болмайды. Сөздердің кей тобындағы *с/ш* алмасуы пайда болуының бұлардан басқадай да себебі жоқ емес. Мәселен, *басқыш//башқыш, қысқаш//қышқаш, сүйінші//шүйінші, ұқсас//ұқшаш* (соңғы *с/ш*), *сарша тамыз//шарша тамыз, серкеш//шеркеш* сынды бір топ сөздердің халық тілінде бірде *с*, бірде *ш*-мен құбылып айтылуы, біздіңше, тіліміз дамуының ішкі заңдылығы тудырған құбылыс. Мұндағы *с*-ның *ш*-ға ауысуы сөз ішіндегі әуелден бар *ш*-ның ассимиляциялық әсерінен екені кәміл.

Алмасудың бұл түрі сөздің бас шебінде де, ортасында да, аяғында да келе беретіні мысалдардан айқын көрінеді<sup>2</sup>. Позиция жағынан ол талғаусыз. Бірақ сонда да болса морфемалардың кейбір тобындағы *с*-ның *ш*-ға өтуі өзгелерге қарағанда анағұрлым жиірек екенін айтудың орны бар. Біздің мысалдарымыздың ішінде мұндай жағдай әсіресе *-мыс, -міс*, қосымшасымен келетін сөздерге тән ірек. Бұл ыңғайда назарды *тұрмұш, оқұмұш, алтмыш, йетміш, тұшамыш, дейді-міш* секілді сөздердің айтылуына аударуға болады.

Тектес тілдердің көпшілік тобымен салыстырғанда *с*-ны *ш*-ның орнына жүйелі түрде қолданатын тіл болғандықтан, тіліміздегі әдеби норманың осында келтіріліп отырған сөздерде *с* үлгісіндегі

<sup>1</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1956, 238, 298-б.

<sup>2</sup> Ряснянен М. Көне түркі тілінде *ш*-ның сөз басында айтылуы екі ұшты дейді. *сү* «сол» дегенде сөз басындағы дауысты түсіп қалған, *чіс* «тіс» дегендегі алғашқы *ч* ассимиляция жолымен пайда болған дейді. Ряснянен М. Аталған еңбек 155-б.

қалыптасуы да заңды. *с/ш* алмасуына қатысты бірлі-жарым фонетикалық параллельдердің емлемізде *с* үлгісіне артықшылық берілуінің осындай да дәлелі бар. Алайда әдеби нормамыз үшін мұндай екі ұдай айтылатын сөздердің *ш*-мен келетін нұсқасын иемденуде соншалық жат нәрсе емес. Ондай сөздер әдеби тілімізде бар да. Біраз жердің қазағының тілінде *мұрса//мұрша, сап бер//шап бер, сек келтір//шек келтір, сүкүр//шүкүр, патса//патша, дұспан//дұшпан, нақыс//нақыш, терлеп-тепсін//терлеп-тепшін, келесек//келешек, секер//шекер, құмсекер//құмшекер* болып құбылып келетін сөздердің әдеби нұсқасы *ш* үлгісінде орныққаны — осының айғағы.

Дыбыс алмасуының басқа түрлеріндегі сияқты құрамына *с/ш* алмасуы тән сөздердің де төркіні жағынан бәрі бірдей ана тіліміздің төл сөздері емес. Негізгі арқауы өз сөзіміз болғанымен, олардың арасында парсы кірмелері де, тіпті бірлі-жарым араб кірмелері де бар. Мәселен, біздің мысалдарымыздың ішіндегі *шабаз, шембі, пейшембі, шамал* тәрізділер — парсы кірмелері де, *шерік, мұрша* тәрізділер — араб кірмелері. Қазақ говорларының қалың тобында *с*-мен айтылатын болғандықтан мұндай сөздерді де *с/ш* алмасуының өзі-ақ ол сөздердің оңтүстік өңірдегі қазақ говорларына Орта Азиядағы өзге тілдер арқылы өткендігін айғақтайды. Жоғарыда біз өзге түркі тілінің көпшілігіндегі *ш*-ның орнында бізде *с* қолданылатынын айтқан едік. Дәл біздегі сияқты осындай жағдайды кейбір солтүстік түркі тілдерінен де байқаймыз. Мәселен, біздегі *бас, тас, бес* секілді сөздердің аяғында осылайша *с* айтылуы якут (*бас, тас, биэс*), хакас (*нас, тас, пиес*), сары ұйғыр (*нас//наш, тас нес//ніс*) тілдерінде де бар. Сондай-ақ кейінгі тілде *с*-ның сөз ішінде де айтыла беретіні байқалады: *кісе* (кісі), *йасыл* (жасыл) т. б. Бұл дыбыстардың сөз басында алмасуы түркі тілдерінің фонетикасына аса тән құбылыс емес. Қыпшақ текті тілдер демесек, түркі тілдерінің көбінде *ш*-ның сөз басында айтылуы сирек. Ал бізде болса сөз басындағы *ш* дауыссызының *с*-дан гөрі көбіне-көп өзге тілдердегі аффрикат *ч* дауыссызымен алмасуға бейім екені белгілі.

*с, ш* дауыссыздарын бірінің орнына бірін қолдану жөнінен түркі тілдерінің фонетикасында екі жүйенің бары аңғарылады. Мұның бірін шартты түрде *ш-шыл* (шипящие языки), бірін *с-шыл* (свистящие языки) тілдер деп атайтын болсақ, біздің тіліміз, сөз жоқ, мұның кейінгі тобына кірмек. Алайда осы топқа енетін тілдердің санында болғанымен, жоғарыдағы якут, хакас тілдерімен салыстырғанда, қазақ тілінде *с*-ның *ш* орнына қолданылуы әлдеқайда сирек. Якут тілінде, хакас тілінің кей диалектісінде *ш* түркі сөздерінің түбірінде айтылмайды. Оларда мұндай сөздердегі *ш*-ның орнына *с* қолданылады<sup>1</sup>. Мәселен, якут тілінде біздегі *піш, пышақ* деген тәрізді сөздердің *быс, пысақ*, хакас тілінің сағай диалектісін-

<sup>1</sup> Баскаков Н. А. Введение в изучение тюркских языков. М., 1969 325-б.

де біздегі *шәш*, *аш* (есік аш), *ағаш* деген тәрізді сөздердің *сас*, *ас*, *ағыс* болып айтылатынын көреміз<sup>1</sup>.

Ежелгі түркі жазбаларының деніне осындағы бірімен-бірі алмасатын дыбыстық жұптың көбіне *ш* сыңары тән. Дегенмен кейбір ескерткіштердің тілінде *с* мен *ш*-ның жарыса қолданылған реттері де кездеспейді емес. Мәселен, орхон жазбаларында *бес* сан есімінің *бес* [түмен], *бес* [балық], *біс*, *бісінч* [бесінші] деген нұсқаларымен бірге *биш* деген нұсқасы қатар қолданылған<sup>2</sup>. Сондай-ақ мұндай жағдайды осы ескерткіштердегі өзге сөздердің құрамынан да байқауға болады. Мәселен: *кісі//кіші*, *күміс//күміш*, *қабыс//қабыш* т. б.<sup>3</sup> «Кодекс Куманикус» ескерткішіне *ш*-ның тән екеніне қарамастан, онда *масқара*, *тас* (тас аяқ) тәрізді сөздерді де ұшыратамыз<sup>4</sup>. Фонологиялық тұрғыдан алып қарайтын болсақ, осындағы бірінің орнына бірі қолданылатын дыбыс жұптарының әр сыңары дербес-дербес фонема деп тануды еш көтермейді. Себебі бұлай деп тануымыз үшін бұлардың әрқайсысының сөз мағынасын ажыратарлықтай қасиеті болу керек. Мысалға *таш//тас*, *шекер//секер*, *қошта//қоста* секілді параллельдерді алатын болсақ, бұлардың екі жағы да мағына жөнінен егіздің сыңарындай бір-бірінен айырғысыз. Мұндағы *таш* дегеннің де, *тас* дегеннің де беретін мағынасы біреу-ақ: Ол — кәдімгі «тас». *шекер//секер*, *қошта//қоста* дегендер де осы сияқты. Сөздердің бұл жұбының құрамындағы бір-бірімен алмасып келетін *с*, *ш* дауыссыздарының сөз мағынасына еш қатысы жоқ. Сол үшін де бұл жерде олар басбасына фонема бола алмайды. Дұрысында, мұндағы *с*, *ш* бір ғана фонеманың әр түрлі варианттары — аллофоналар ғана.

Бұған қарап *с*, *ш* дауыссыздарының дербес-дербес фонемалық қызметі тілімізде мүлдем жоқ деп ұқпасақ керек. Бұл екі дауыссыздың екеуінің де қазақ тілінің дыбыс жүйесінде актив фонологиялық қызметі бар дыбыстар екені сөзсіз. Мұнымыз түсінікті болу үшін осы тұста сөздердің мына секілді тобына назар аударуымызға болады: *қашық-қасық*, *шат-сат*, *құрыш-құрыс* т. б. Жұпжұбымен келтіріліп отырған осы сөздердің әр сыңарының әр басқа семантикасы бар сөздер екені айтпасақ та түсінікті. Бұл жұптардың сыңарларын сыртқы дыбыс кейпі жағынан ажыратушы *с*, *ш* дауыссыздарының бір-бірінен фонологиялық айырым, парқы бар. Ол — олардың сөз мағынасымен арадағы байланысы, семантикаға қатысы. Сондықтан да бұл жердегі *с*, *ш* дегендер — әрқайсысы өз алдына дербес-дербес фонемалар. Ал тіліміздің диалектілік жүйесіндегі бір-бірімен алмасып келетін дыбыстардың ешқайсысы да мұндай қасиетке ие емес. Осыған дейін әңгіме етілген дыбыс алмасуының қай түрін алсақ та, мейлі ол *а/ә*, *қ/ғ*, *з/с* се-

<sup>1</sup> Грамматика хакаского языка. М., 1975, 4-6.

<sup>2</sup> Айдаров Г. Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII в., Алма-Ата, 1971, 66, 357-б.

<sup>3</sup> Батманов И. А. Некоторые особенности языка памятников орхон-енисейской письменности и их отражение в современных-тюркских языках. Вопросы диалектологии тюркских языков. Баку, 1963, 119-бет.

<sup>4</sup> Куманша-қазақша жиілік сөздік. Алматы, 1978.



кілді артикуляция-акустика жағынан бір-біріне жақын жұп дыбыстар болсын, мейлі  $d(t)/l$  секілді бірінен-бірі алшақ дыбыстар болсын фонология теориясы тұрғысынан алғанда бұл жұптардың екі сыңарының екеуі де бір-ақ фонеманың шеңберінде танылмақ. Өйткені бас-басына дербес дыбыстар болғанымен, алмасып қолданылған бұл дыбыстардан сөз мағынасына келетін еш нұқсан жоқ.

*д-л, т-л* дегендер жұп дыбыстар болғанымен, қазақ тілінде кей қосымшалардың құрамындағы *д-т* дауыссыздарының түркі тілдерінің бір қатарындағы *л*-дың ассимиляциялық вариантына айналатыны мәлім. Мысалы: *өңду* қарақ. *өңли*, өзб. онгли, *тасты* қарақ. *таслы*, өзб. *тошли* т. б. Сөздің мұндай шебіндегі *л* дауыссызының ассимиляциялық құбылуынан туатын тіліміздегі *д, т, л* дегендер әуелде дербес фонемалар емес, бір дыбыстың әр түрлі фонетикалық варианттары (дивергенттер).

**қ/ғ, к/г дауыссыздарының алмасуы.** Түркі тілдері фонетикалық жүйесінің жай-жапсарына көз жүгіртіп бақсақ, сөздің басқы дыбысының қатаң дауыссызбен айтылуы да, ұяң дауыссызбен айтылуы да — мұның екеуі де көптеген түркі тілдері мен диалектерінің бойына дарыған дыбыстық қасиет скенін айқын аңғарамыз. Бұл құбылыстың қазіргі түркі текті тілдердің фонетикалық жүйесіндегі арасалмағы тепе-тең емес. Барша сөздері біркелкі ұяң дауыссыздардан басталатын бірде-бір түркі тілі қазір жоқ десек те болады. Ал сөздің бірыңғай қатаң дауыссыздан басталуы секілді белгі тек бірді-екілі түркі тілдерінде ғана (хакас, чуваш) ұшырайды. Қалған түркі тілдерінің бірде-біреуінде бұл екі ұдай дыбыстық белгінің екеуі де жеке-жеке алғанда таза күйінде қазір кездеспейді. Бірақ дәл осылай болғанымен, осы күнгі түркі тілдері арасында сөз басында қатаң дауыссыздарды қолдануға бейім тілдер бар да, сосын сөз басында ұяң дауыссыздарды қолдануға бейім тілдер бар. Бұл ретте бір сыңары қатаң, бір сыңары ұяң болып алма-кезек айтылатын егіз дауыссыздардың әр тілде қолданылу жайына үңілу — бұл жағдайдың сипатын анығырақ байқатады. Осындай дауыссыздардың ішінен түркі тілдерінің дыбыстық жүйесін жіктестіру тәжірибесінде ертеден көбірек ауызға алынып жүрген, бірі қатаң, бірі ұяң, егіз дауыссыздардың бірсыпырасы — *ғ, г, қ, к* дыбыстары.

Осы дыбыстардың қатаң сыңары мен ұяң сыңарының біреуінің сөздің басқы позициясында жиірек қолданылуына қарай қазіргі түркі тілдері арасынан тілдердің ірі-ірі екі саласын ажыратуға болады. Мұның бірі — сөз басында аталған дыбыстардың ұяң сыңарын қолдануға бейім тілдер де, екіншісі — қатаң сыңарын қолдануға бейім тілдер. Мұның алғашқы тобының көбіне-көп оғұз тілдерінің аясымен шектелетіні, ал қалған тобының өзге де көптеген түркі тілдерімен қатар, қыпшақ тілдерін қамтитыны мәлім. Бірақ, осы бірі қатаң, бірі ұяң деп айтып отырған екі айырым дыбыстық белгінің әрқайсысын дербес алатын болсақ, олардың екеуінің де осындағы аталған екі топтың ішіне кіретін тілдердің бәрінде бірдей күйде ұшыраспайтынын көреміз. Айталық, оғуз

тобына жататын тілдерде қыпшақ тілдеріндегі қатаң қ мен к дауыссызының орнына сөз басында ұяң Ғ, ғ дауыссыздарының жиі қолданылатыны рас. Алайда бұл — оғұз тілдеріндегі осы дыбыстардан басталуы ықтимал сөздердің барлығы үшін бұлжымас шарт емес. Қатаң қ, к дауыссыздарымен айтылатын сөздер оғұз тілдерінде де байқалады. Осы секілді қыпшақ тілдері үшін де сөздің ұяң Ғ, ғ дауыссыздарынан басталуы мүлдем жат нәрсе емес. Осы дыбыстарға қатысты сөз басының қатандығы немесе ұяндығы дегенді бұл екі белгінің қайсысының аталған тілдердің қай тобында жиірек ұшырайтыны тұрғысынан түсіну керек.

Қазақ говорлары ішінде аталған дауыссыздарға қатысты сөз басы ұяндығы ең кең тараған аймақ қай жер дегенде Орта Азия республикаларының территориясын ауызға аламыз. Сонымен бірге осы республикалармен шектес отырған Қазақстанның бірқатар аудандарының жергілікті халқының тілі үшін де бұл жат құбылыс емес.

Тарихи-лингвистикалық, географиялық т. б. себептерге ойша көз жүгіртіп өтсек, мұның бұлай болу сырын ұғыну оншалық қиынға соқпайды. Сөз етіліп отырған фонетикалық белгінің көрсетілген территорияларда кездесуінің бірден-бір түйіні, асылында, осы атырапты мекендейтін қазақтардың туысқан түрікмен, өзбек, қарақалпақ халықтарымен ежелден қоныстас, тарихи тағдыры ортақ жұрттар болғандығында деп тануымыз керек.

Бұл фонетикалық нышан қазақ говорларына ең алдымен түрікмен тілінің қала берді өзбек, қарақалпақ тілдерінің көршілес диалектілерінің дыбыстық жүйесінен сініскен. Жағдайдың дәл осылай екенінің мына секілді екі түрлі бұлтартпас дәлелі бар. Оның бірі — мұндай белгінің жоғарыда аталып өткен аймақтарда ғана ұшырап, қазақ топырағының олардан шалғай жатқан өлкелерінің бірде-біреуінде ұшыраспауы. Ал екіншісі — мұндағы қазақ говорларындағы бойына осы фонетикалық белгі тән деген сөздердің бәрінің бастапқы дыбысы мен ол сөздердің өзбекше, қарақалпақша, түрікменше нұсқасындағы бастапқы дыбыс арасындағы толық сәйкестіктің болуы. Енді назарды салыстырма тізімге аударалық (келесі беттегі табл. қараңыз).

Тізімге кірген сөздердің бәрі — өзге говорларымызда болсын, әдеби тілімізде болсын фонетикалық баламасы бар сөздер. Жергілікті халық тіліндегі осы құбылысқа байланысты ұшырасатын сөздердің енді бір саласын алатын болсақ, салыстырылып отырған говорларымыздан да, әдеби тілімізден де олардың көбінің фонетикалық баламаларын кездестірмейміз. Бұның бұлай болуының себебі — ол сөздердің өзінің жергілікті қазақтардың тіліне бөгде тілден өткен кірме сөз болуынан. Мұндай сөздің қатарында қарақалпақ арасындағы қазақтар қолданатын *гешір* (сәбіз, қарақ, гешир), *гүнжі*, (күнжіт, қарақ. гүнжи.), *гүрбек*, *түрбік* (қауынның бір түрі. қарақ. гүрбек), *гүржі* (қоржынның ілгегі, қарақ. гүржи), *гүр* (ұсақ, мұз, қарақ. гүр) *гезік* (тұмау ауруы, қарақ. гезик), *гөррек* (ішінде мақтасы бар мақта қауашағы, қарақ. горек) сынды сөздерді атауға болады. Осы келтіріп өткен тізбекті жай бағдар-

Орта Азияның ішкі қоныстары мен соған іргеліс өңірдің қазғаның тілінде	Түрікмен тілінде	Қарақалпақ тілінің оңтүстік диалектісінде	Өзбек диалектілерінде	Қазақ говорларының көпшілік тобында	Қазақ әдеби тілімізде
гедей	гедай	гедей	гадой	кедей	кедей
гүмбөз	гүммез	гүмбез	гүмбаз	күмбез	күмбез
гууә	гувә	гуда	гувох	күүә	куә
гөр	гөр	гөр	гур	көр	көр
гуна	гүнә	гуна	гунох	күнә	күна
гүнәкәр	гүнәкәр	гунакар	гунәһар	күнәкәр	күнәкәр
ғайрат	ғайрат	ғайрат	ғайрат	қайрат	қайрат
ғам (жеме)	ғам	ғам	ғам	қам	қам
ғамқор	ғамқор	ғамқор	ғамқур	қамқор	қамқор
ғаз	ғаз	ғаз	ғоз	қаз	қазқор
ғоза	ғоза	ғоза	гуза	қоза	қоза
ғұмай	ғұмай	—	ғумой	құмай	құмай
ғашыр	ғашыр	ғашыр	хачир	қашыр	қашыр
ғарбыз	ғарпыз	ғарбыз	тарвуз	қарбыз//дарбыз/тарбыз	қарбыз
ғарғыс	ғарғыш	ғарғыс	қарғаш	қарғыс	қарғыс
ғазна	ғазна	ғазыйне	хазине	қазына	қазына
гүз	гүйз	гүз	—	күз	күз
гүрөс	гөреш	гүрес	—	күрес	күрес
гілем	—	гилем	гилам	кілем	кілем
гөдек	гөдек	гөдек	гудак	көдек	көдек
гүпү	гүпби	гүпи	гуппи	күпү	күпі
гөз	гөз	гөз	куз	көз	көз

лаудан-ақ бұл сөздердің кірмелер екені көзге бірден шалынады. Өйткені бұлардың көбінің осы өлкенің халқының жергілікті кәсібін, әдет-ғұрпына байланысты қолданылатын сөздер екені мәлім. Мысалға, осындағы ғоза, гүнжі, гөрөк, гүрбек секілді сөздерді алатын болсақ, олардың жергілікті диқаншылық кәсіпке байланысты қолданылатын сөздер екені бесенеден белгілі. Бұлардың басқаша фонетикалық нұсқасының өзге өңірдің қазағының тілі мен әдеби тілімізде кездеспеуі себебі де осыдан.

Қазақ говорларында сөз басы ұяндарының (g, f) пайда болуына аталған тілдердің (түрікмен, қарақалпақ, өзбек) әрқайсысы еткен әсердің шама-шарқы тең емес екені түсінікті. Осы құбылыстың сөз болып отырған қазақ говорына сіңуіне бұлардың қайсысының қосқан үлесі басымырақ деген сауалдың жауабын табу қиын. Қай диалектідегі g, f дауыссызына қатысты сөз басы ұяндығында қай тілдің әсері басым дегенді көбіне-көп говордың нақтылы тілдермен тарихи байланысы, қазіргі аралас-құраластағы тұрғысынан алып шешкен абзал.

Өзге тіл ықпалы дегенде мәселеге ықпал етуші тілдің әдеби нұсқасының тұрғысынан ғана келу тым жеткіліксіз. Жоғарыдағы мысалдарды тегіс сүзіп шығар болсақ, олардың біразын өзбек әдеби тілінен таба алмаймыз. Дегенмен бұл — өзбек тілінде мұндай сөздер мүлдем жоқ деген сөз емес. Неге десеңіз, алып отырған нақтылы сөзіміздің әдеби тілде қолданылмауы — осы сөздің ха-

лық тілінде жоқтығының кепілі бола алмайды. Диалектілердегі бөгде тіл элементін із кесіп анықтау үшін олармен қазір көршілес отырған немесе өткен бір заманда тарихи байланыста болған өзге тіл диалектілеріндегі осы элементтің жай-жапсары қалай екен? — міне, назарды ең алдымен мәселенің осы жағына аударған абзал. Мәселен, Бұқар, Самарқанд төңірегіндегі қазақтарда айтылатын *гөзе* (көзе), *гөне* (көне), *гәрум* (кәрім), *гөбелек* (көбелек), *геугім* (кеугім) тәріздес бір топ сөздердің осындағыдай ұяң дауыссыздан басталатын нұсқасын өзбек әдеби тілінен емес, өзбек тілінің Хорезм говорларынан кездестіруіміз — тілдік кірмелердің із-өкшесін анықтаудағы осы жолдың дұрыстығын құптайды.

Сөз болып отырған дауыссыздарға қатысты сөз басы ұяңдығының оғұз тілдеріне тән құбылыс екенін жоғарыда айттық. Мысалдардың көбінің түрікмен тілімен жұп түсіп жатуы да осыдан. Бірақ олардың ішінен түрікмен тілі дерегімен мүлдем қабыспайтын сөздердің де талайын табуға болады. Өзбекстанның да, Қарақалпақстанның да қазағының тіліне бірдей ортақ *гүруш*, *гөң*, *гілем*, *гүман* дегендердің фонетикалық варианты түгіл түрікмен тілінен өзін кездестіре алмауымыз — осының бір кепілі. Түрікмен тілінің бізге мәлім сөздіктерінде бұл сөздер арқылы танылатын ұғым басқаша лексикалық атаулармен берілген. Мәселен, *күришти* түрікменше *түви* немесе *бүрунч*, *көнді* — *дерс*, *кілемді* — *халы*, *күман* дегенді *шүбхе* (қазақша шүбә) дейді екен. Оның есесіне кестеде көрсетілген жергілікті сөздердің ұяңнан басталатын фонетикалық нұсқасын біз өзбек, қарақалпақ тілдерінде ұшырастырамыз. Мұның бәрі бізге жоғарыда өзіміз таныстырып өткен салыстырма кестедегі мысалдардан белгілі. Демек, аталған өңірдің қазағының тіліндегі көп сөздердің басқа дыбысы үйлесімді түрікмен тілінен таппай, қайта үйлесімді қарақалпақ, өзбек тілінен табады екен. Осы себептенде мұндай сөздердегі ұяңдық белгінің арғы астары соңғы аталған тілдерде жатыр демеске лажымыз жоқ. Ұяң *г*, *ғ* дыбыстарынан басталатын диалектілік сөздердің арасындағы түрікмен тілінің дерегімен қабыспайтын сөздердің енді бір қатары — *гіне*, *герен*, *гөбелек*, *гешір*, *ғоза*, *гүзе*//*гөзе*, *гіна*, *гүрре*, *гүде* деген тәрізді сөздер. Бұл сөздердің басқы дыбысының ұяң айтылуының төркіні тікелей түрікмен тілінде жатқан болса, олардың осы іспеттес нұсқасын түрікмен тілінен тапсақ керек еді. Бірақ жағдайдың бұл арада біз күткендегіден басқаша екенін көреміз. Түрікмен әдеби тілінде бұл сөздердің ешқайсысы ұяң дыбыстан басталмай, қайта керісінше *көне*, *кер* (керен), *көбелек*, *кәшир*, *хоз*, *күйзе* *күрре*, *күде* боп айтылып, қатаң дыбыстан басталатыны байқалды. Бізге таныс түрікмен сөздіктерінің дерегі осылай. Бұл жердегі алауттағы ұяңдық та біздің говорларымыздағы осы сөздердің арғы тамырының бағзы-баяғы өзбек, қарақалпақ тілдерімен сабақтас екенін танытады. Өйткені ол сөздердің ұяңнан басталатын варианты өзбек, қарақалпақ тілдеріне тән. Сондай-ақ өзбек жерінде тұратын қазақтардың тілінде қолданылатын *гөш* (ет, өзб. гушт), *гәдә-гәдә* (кей-кейде, анда-санда, өзб. гохида-гохида, транслитерациясы: гәһидә), *гіләс* (шие, өзб. гилос), *гәрау* (аманат, өзб. гаров).

*гәрстан* (бейт, өзб. гурстон), *гуәлә//гуәләк* (домалақ шикі кірпіш, өзб. гувала//гувалай) сынды сөздердің басқа дыбысының ұяң айтылуы шу дегенде дыбыс алмасуы нәтижесінде пайда болған құбылыс тәрізденіп көрінеді. Дұрысына келсек, бұл жердегі ұяңдық белгіні тудырушы дыбыстардың алмасу заңдылығы емес.

Бұлар — осы өлкенің қазақтарының тіліне өзбек тілінен ауысқан лексикалық кірмелер. Бұл сөздердің кейбіреуінің тек өзбек тұрмысына ғана тән ұғым-нанымға байланысты қолданылуы осының айғағы. Мәселен, осындағы *гуәлә//гуәләк* сөзін алатын болсақ, ол арқылы танылатын нәрсе — сырт пішіні жұмыр немесе сопақша шикі кірпіш — өзбек тұрмысына ғана тән нәрсе. Бір мықтап еске тұтатын нәрсе — иран текті тілдердің әсері жөніндегі мәселе. Осындағы мысалға келтірілген сөздердің қай тобын алсақ та, түп төркінін қазбалай келгенде, оның бәрі бірдей түркі тілдерінің қолтума сөздері болып шықпайды. Байырғы түркі сөздерінен тыс бұлардың қатарында өзге жүйедегі тілдермен, әсіресе иран текті тілдермен ұқсасып жататын лексикалық элементтерді көп кездестіреміз. Бұлай болуы заңды да. Иран жұртының Орта Азиядағы түркі халықтарымен тұрмыстық хал-ақуалы жағынан да, саяси-әлеуметтік жағынан да атам заманнан тығыз қарым-қатынастағы ел болғаны белгілі. Көбінесе бұл жағдайдың осында тілінен өзіміз дерек келтіріп отырған қарақалпақ, өзбек, түрікмен арасындағы қазақтарға тікелей қатысы бар. Өйткені олардың көп заманғы тұрағы Амудария мен Сыр бойында Иран текті халықтардың талай ғасыр дәурен сүрген ежелгі мемлекеттерінің болғаны аян. Жалғыз бұл өлке ғана емес-ау, иран жұртының тілімен, мәдениетімен сабақтастықты біз барша түркі халқынан табамыз. Түркі тілдерінің бәрінің дерлік лексикасында парсы-тәжік элементінің мол сақталуы — осының бір айғағы. Тым әрегіректегі дәуірлердің жемісі болуы себепті тіліміздегі мұндай лексикалық элементтердің дені ішкі мазмұны тұрғысынан да, сырт пішіні тұрғысынан да қазір мықтап өзгеріске ұшыраған. Өзгерістің елеулі екені соншалық, тіпті әр-берден соң олардың кейбірінің иран элементі екенін мойындаудың өзі салдарлы дәйектеме қажет етеді. Жергілікті халық тілінен жоғарыдағы біз келтіріп отырған мысалдардың арасында да парсы тілінің дерегімен кейде ішінара, кейде толық сәйкес түсіп жататын сөздер бар. Мәселен, *гілем*, *гөр*, *гөрстан*, *гәуірт*, *ғоза*, *гәрт* (ұлпа), *гәрәмет//гарамат*, *гүләбі* (алмұрт) деген сияқтылар осындай сөздер. Бұлардың қазақ тіліне өтуіндегі негізгі бір көпірдің өзбек тілі болғаны түсінікті.

Сөз басында *г*, *ғ* ұяңдарының ана тіліміздің байырғы сөздерінде кездеспейтінін айту үстінде ескеретін тағы бір кілтипан бар. Бұл еліктеу сөздер мен солардан өрбіген кейбір туынды сөздерге қатысты. Айналамызды қоршаған дүниедегі дыбыстарды еліктетуден туған *гу-гу*, *гүр-гүр*, *гүрс-гүрс*, *гүмп-гүмп*, *гөй-гөй*, *гүмбір-гүмбір*, *ғүж-ғүж*, *гүж-гүж* секілді аздаған қосарлар және түрлі грамматикалық тәсілдердің көмегімен осылардан жасалған *гуіл-гуілде*, *гу ет*, *гүріл-гүрілде*, *гүр ет*, *гүрсіл-гүрсілде*, *гүрс ет* — деген есім мен етістіктер — осындай сөздер. Құлаққа естілген үнді, әуенді тіл

дыбыстарымен қайталаудан туған мұндай еліктеме сөздер анлауттағы *г*-нің тілімізге әуелден тән екендігінің еш уақыт кепілі бола алмайды. Әрі оның үстіне бұл арадағы *г*-нің *күріл-күрілде, күмбір-күмбірле* болып алма кезектесіп айтылатын тұрақсыздығы тағы бар. Бұл айтылғандардан тыс тілімізде тек *гүл//күл, гәп-кеп, гәусәр — кеусәр, гәуһәр//кәукәр//қауқар, гүжбән//күжбан, гүждей//күждей* деген сынды некен-саяқ дербес сөздерден *гөрі, ғана//қана, ғой//қой* сынды бірен-саран шылаулардың бас позициясындағы *г/к, ғ/қ* дауыссыздарының бірде олай, бірде былай естілетінін байқаймыз. Мұндағы *гүл, гәп, гәуһәр, гәусәр, гәуһәр* дегендер — әуелде тілімізге парсы тілінен енген сөздер. Бұлардың бас позициясындағы *г* мен *ғ*-да қазір сол парсы тіліндегі бағзы бір күйінде тапжылмай сақталып қалған деп айта алмаймыз. Олардың қатаң дыбыстан басталатын жоғарыдағы тәрізді фонетикалық дублеттерінің бар екендігінің өзі-ақ осы жайды айқын аңғартады. *Гүлсайран, Гүлбаршын* секілді кісі аттарын кейде *Күлсайран, Күлбаршын* деп, *гәп* дегенді кейде *әңгіме — кеп* деп, сол сияқты *гәусәр суы* дегенді кейде *кәусәр* немесе *кеусәр суы* деп дыбыстық тұрғыдан құбылтып қолдануымыз — бұл сөздердің басқы дыбысындағы осындай екі ұдайлықтан туған.

Ал, *ғана, ғой, гөрі* дегендегі *г, ғ* секілділерге келсек, олар дыбыстардың комбинатор құбылуынан туған. Себебі мұндағы демеулік шылаулар мағыналы сөз болмағандықтан, акцентуациялық тұрғыдан әр кез өзінен бұрынғы сөзге селбесіп айтылады да, энклизаға ұшырап, өздері сол сөздің бейне бір бөлшегі тәрізденіп кетеді. Сол себептен де олардың басқы дауыссызы ассимиляцияға өте-мөте бейім келеді. Демек *ғой//қой, ғана//қана* шылауларының анлаут позициясындағы дауыссыздардың бірде *ғ*, бірде *қ* болып құбылуы бұл шылаулар ілесе айтылатын негізгі сөздердің соңғы дыбысының әуеніне байланысты. Мысалы, *айта ғой, жолдас қой, хабар ғана, хат қана* т. б. *гөрі* шылауындағы басқы дыбыстың ұяң айтылуы да осы сияқты заңдылықтан. Мұның жоғарғыдағылардан айырмасы — бас позициядағы ұяңдықты үнемі сақтауы. Бұлай болатыны *гөрі* шылауы тіркесетін негізгі сөздің шығыс септікте айтылуынан. Шығыс септік жалғауының сонар *н* дауыссызына аяқталуы себепті энклитикаға айналып отырған сөздің басқы дыбысы өзінен бұрынғы дыбыстың әуеніне еріп, ілгергі ықпалдың пәрменімен амалсыз ұяңдайтыны көп түсінік тілемейді.

Шылаулар ғана емес-ау, жоғарыдағы ретпен ассимиляцияға ұшыраған кезде *к, қ* қатандарынан басталатын өзге де сөздердің басқы дыбысының ұяңдау факторы қазақ тілінде жиі байқалады. Мәселен, *кіші-гірім, апыл-ғұпыл, қыз-қырқын* секілді кей қос сөздердің екінші сыңарының басында да *г, ғ* ұяңдары айтылатыны бар. Жазу тәжірибесінде еленбегені болмаса, *ере келді, ала қашты, әрмен қарай* сынды сөз тізбектерінің екінші сыңарындағы *келді, қашты, қарай* дегендердің басқы дыбысының айтылуда *ере гелді, ала ғашты, әрмен ғарай* болып құлаққа ұяң естілетіні мәлім. Дыбыстардың мұндай комбинатор жолмен құбылуы нәтижесінде пайда болған ұяңдық белгілердің мысалы тілімізде толып жатыр.

Бірақ ондайлардың бірде-біреуінің осындағы әңгімелеп отырған дыбыстық құбылысқа еш қатысы жоқ.

Анлауттағы ұяндық белгінің жіңішке *ƒ* дауыссызына қатысты жері лексикамыздың тек осында көрсетіліп өткен салаларымен ғана шектеледі. Ал оның жуан *ƒ* дауыссызына қатысты жағында бұдан гөрі біраз айырма бар. Ол былай: әдеби тілімізде, қазақ топырағының өз табанындағы говорларымыздың бірде-бірінде байырғы сөздерде *ƒ* дыбысы сөз басында мүлдем байқалмайды дегенді жоғарыда айтқанбыз. Әрине, бұл тұжырым, қайталап айталық, тек байырғы сөздер жайында ғана. Әйтпесе *ƒ* дыбысын сөз басында қолданудан әдеби тіліміз болсын, говорларымыз болсын әсте кенде емес. Бірақ бұлай дегенде біз тек лексикамыздағы араб тілінен енген сөздерді ғана еске аламыз. Түптеп келгенде, сөз басындағы *ƒ*-ның әдеби тіліміз бен говорларымыздың бар-баршасындағы (әрине, аталған өңірдің қазақтарының тілін есептемегенде) тағдыры жалғыз осы араб кірмелеріне ғана байланысты. Бұдан тыс жерде тілімізде, әсіресе әдеби тілімізде, сөз басында *ƒ* бар дегенге құптап жауап беруге болмайды. Араб кірмелері мен жоғарыда айтылған парсы кірмелерінің арасында тарихи тұрғыдан алғанда уақыт жағынан айырма бар. Кейінгі дәуірлердің жемісі болуы ықтимал бірлі-жарым сөздерді еспке алмағанда, парсы кірмелерінің бәрінің дерлік тілімізге өту тарихы тым әрегіректегі замандарда жатқанын осының алдында айттық. Ал, араб кірмелері болса, олардың бар-баршасының тарихы бергі дәуірлерге, қазақ арасына ислам тараған дәуірлерге келіп саяры мәлім. Осы себептен лексикалық жүйеміздегі араб тілінен ауысқан кірмелерді сөздердің өзге топтарынан ажыратып алудың парсы кірмелерімен салыстырғанда біраз жеңілдігі бар. Тіліміздің лексикасына қаншалық ет-етене боп сіңісіп кеткенімен, соның ішінде әсіресе басқы дыбысы *ƒ* ұяңымен келетін араб сөздерін ажырату аса қымбатқа түспейді. Өйткені бұлардың өзін-өзі анадайдан мен мында деп көрсетіп тұратын түс-таңбасы бар. Ол — сол сөз басындағы *ƒ* дыбысының өзі. Бұл жердегі *ƒ* дыбысын араб тіліндегі ұяң көмей дауыссызы *айн* дыбысының қазақ тілінің артикуляция заңдылығына әбден бейімделіп кеткен өзгерінді фонетикалық нұсқасы десе де болады. Оның дыбысталуында осыдан бұрын әңгіме болып өткен *ғой*, *ғана* шылауларының бас позициясындағы *ƒ* дауыссызынан бәлендей алшақ жатқан өзгешелік жоқ. Тіліміздегі *ғасыр*, *ғалым*, *ғажап* деген тәрізді сөздердің басында айтылатын *ƒ* дыбысы — осы дыбыс.

Қазақ тілі фонетикасы үшін сөздің бас шенінде *ƒ* ұяңын қолдану әдеттен тыс құбылыс болуы себепті лексикамызға араб тілінен ауысқан *айн* дауыссызынан басталатын сөздердің бәрінде бірдей бұл құбылыс *ƒ* ұяңына өтіп кете алмаған. Революциядан бұрынғы кітаби дәстүрде жазылған дүниеліктер демесек, бұл дыбыстың сөз басында ұяң *ƒ* күйінде сақталуы — халық тілінде некен-саяқ. Көбінесе ол ауызекі сөйлеуде түсіріліп, яки *ƒ* ұяңының қатаң сыңары *қ* дауыссызымен ауыстырылып айтылады. Мәселен, *ақыл*, *азап*, *айып*, *амал*, *әдет*, *әділ*, *әскер* тәрізді тіліміздегі араб кірмелерінің

бас шенінде ол мүлдем түсіп қалып, ноль дыбысқа айналғанда, *қапыл, қазы* секілді сөздерде қатаң *қ* дауыссызына ауысқан. Жалпы, *айн* дауыссызынан басталатын тіліміздегі араб кірмелерінің қай-қайсысын алсақ та оның басқы дыбысының айтылуынан тұрақсыздықтың барын байқаймыз: *әділет//ғаділет, әлем//ғалам*: он сегіз мың ғалам, *ғибадат//ибадат, ғашық//ашық//асық, өмір//ғұмыр//құмыр* сынды фонетикалық дублеттердің ауызекі тілімізде тай-талас жарыса жұмсала беруі — осындай тұрақсыздықтың белгісі, дәл осы жайды өзге республикалардың территориясында тұрушы қазақтардың тілінен де байқаймыз. ХІХ ғасырдағы, сондай-ақ ХХ ғасырдың бас кезіндегі кейбір қазақша жазбаларға қарағанда, мұсылманша хат білетін зиялы қауым арасында араб кірмелерінің бас позициясындағы *айн* дауыссызын сақтап жазуға әдейі ұмтылушылықтың болғаны аңғарылады. Мұндай дәстүрдің кезінде Абайға да, қала берді жазба әдебиетіміздің өзге де өкілдеріне белгілі дәрежеде ықпалы болғаны мәлім. Қазіргі әдеби тілімізде осында айтылғандар тәріздес бірен-саран араб кірмелерінің бас позициясында *ғ* дауыссызын қолданып жүрсек, мұны тек өткендегі жазба тілден мирас тұтқан белгілердің қалдығы деп қана тануымыз керек. Оның үстіне қазір ауызекі тіліміз былай тұрсын, әдеби тіліміздің өзінде де аталғандар іспеттес кірме сөздердің бәрі бірдей орфоэпия мен емле тезіне әбден ада-күде салынып болды деп айта алмаймыз.

Сонымен, әңгіме болып отырған өлкеден тысқарғы қазақ говорлары мен әдеби тіліміздегі бас позицияда *ғ, г* ұяндары келетін сөздердің жайылған өрісінің бар жері — осылар ғана. Көрсетіліп өткен сөздердің қай тобын алсақ та, оның бірде-біреуінің қазақ тілінде әуелде сөз басында *г, ғ* ұяндары болғандығына кепілдік бере алмайтынын көреміз. Қазақ тілінің фонетикалық жүйесі үшін анлауттағы *г, ғ* ұяндары бөгде тілден ауысқан кірме құбылыс.

Әңгімемізді бастаған бойда-ақ біз бұл құбылыстың бірқатар түркі текті тілдердің фонетикалық жүйесіне тән белгі екендігін айтқан едік. Әсіресе осы дыбыстарға байланысты анлауттағы ұяндық жөнінде сөз қозғағанда, ең бірінші ойда тұратыны — оғұз тобындағы тілдер. Барша түркі текті тілдер ішінде бұл құбылыстың ең жиі ұшырайтын жері, дұрысында да, осы оғұз тілдері. Алайда бұл топқа жатпайтын кей түркі тілдері мен диалектілерінің фонетикалық жүйесінде де бұл құбылыстың окта-текте бой көтеріп қалатын жайы бар. Оның дәлелдерінің бірі — осында өзіміз айтып өткен қарақалпақ тілі мен өзбек тілі. Ал енді құмық сынды жеке-дара қыпшақ тілдерінде мұндағы *г, ғ* ұяндарының сөз басына таралуы тіпті кейбір оғұз тілдерімен деңгейлес дерлік. Осы тәрізді аталған ұяндарды сөз басында қолданудан ұйғыр, татар, қырым татары, өзбек, қырғыз, якут тілі секілді тілдер де құр алақан емес. Ескі түркі жазба ескерткіштерінің бірсыпырасында мұндай фонетикалық белгі бірінде аз, бірінде көп дегендейін, әйтеуір, ұшырасып отыратыны кәміл.

Сөз басы ұяндығы мен қатаңдығының тарихи жағына келсек, бұл құбылыстың арғы төркіні жөнінде айтылып жүрген сан қилы



пікір бар. Әрине сөз басының ұяңдығы мен қатаңдығы деген мәселе тек біз осында айтып отырған дауыссыздардың жай-жапсарын әңгімелеумен ғана шектелмейтіні түсінікті. Өйткені біздің тілімізде де, қала берді басқа да толып жатқан түркі тілдерінде де сөз басында ұшырайтын ұяң дауыссыздар мен қатаң дауыссыздардың бұлардан өзге де түрлерінің бар екені мәлім. Мәселен, бір сыңары ұяң, бір сыңары қатаң айтылатын *б/п, д/т* дауыссыздары — осындай дыбыстар. Жоғарыдағы *г/к, ғ/қ* дауыссыздарына байланысты айтқанымыз сияқты басқы дыбысы осы аталған екі дауыссыздың (*б/п, д/т*) бір өңкей ұяң сыңарынан, яки бір өңкей қатаң сыңарынан басталатын түркі тілдері кемде-кем. Осы ретте анлаутта ылғи қатаң дауыссыздарды қолданатын хакас, чуваш тілдерін, сосын сөз басында *б* орнына *п* қолданатын шор тілін айтпаса, қазіргі түркі тілдерінің бірде-біреуінде бұл дауыссыздар сөз басында бірыңғай ұяң, я бірыңғай қатаң күйде кездеспейді деуімізге болады. Бірақ осы дыбыстардың ұяң сыңары мен қатаң сыңарының қайсысы қай түркі тілдерінде анлаутта жиірек немесе сирегірек айтылады деген — бұл мәселенің басқа жағы. Мысал үшін *д/т* дауыссыздарын алатын болсақ, мұның ұяң сыңарының сөз басында келуі бағзы баяғы оғұз тілдеріне, сосын тува тіліне, ал қатаң сыңарының түркі тілдерінің өзге топтарына тән екендігін көреміз. Алайда сол оғұз тілдері деп отырған тілдердің өзінде де бұл дауыссыздардың анлаутта ұяң нұсқасының айтылуы үнемі айнымайтын, тапжылмас заң емес. Басы ұяңнан басталатын сөздер оғұз тобындағы тілдердің бәрінде де, мәселен, азербайжан, түрік, түрікмен, гагауз тілдерінде де, сол сияқты тува тілінде де бар. Осының керісінше, сөзінің бас позициясына қатаң *т* дауыссызы тән деп танылатын қыпшақ тілдерінде де *д* ұяңнан басталатын сөздердің талай мысалын табуға болады. *б/п* дауыссыздарының таралуы да осыған ұқсас. Мұның да екі сыңары сөз басында көбіне-көп аралас ұшырайды.

Түркі тілдерінің дыбыстық құрылысы жөніндегі ілімде қалыптасқан дәстүр бойынша сөз басының ұяңдығы мен қатаңдығы дегенде әлбетте біздің ұғатынымыз — бірі ұяң, бірі қатаң боп жұптасып келетін, аталған *г/к, ғ/қ, б/п, д/т* дауыссыздардың анлаутта қолданылу жайы. Түркі тілдерінің дыбыстық жүйесінде бұлардан өзге де *з/с, ж/ш, дж/ч* тәрізді қатаң-ұяң нұсқада айтылатын жұп дауыссыздар бар. Бұлардың сөз басында бір-бірімен алмасып келуі — қазіргі түркі тілдерінде жоқтың қасы.

Бұларды айтудағы мәселе түйіні — сөздің ұяң бастамасының да, қатаң бастамасының да — мұның екеуінің де қазіргі түркі тілдерінің бәрінің дерлік фонетикалық жүйесінен байқалуы. Жағдайдың бұлай болуы осы күнгі түркі тілдері мен өткендегі көне түркі тілдерінің бар-баршасының өрбуіне ұйтқы болған төркін тілдің (паязык) фонетикалық жүйесінде сөздің басы ұяң дыбыстан басталған ба, қатаң дыбыстан басталған ба, әлде болмаса осы екі белгінің скеуі де шу дегеннен-ақ негіз тілдің өзінде қатар өмір сүрген бе деген тәрізді сауалдардың шешімін іздестіруді күн тәр-

тібіне көптен қойып келеді. Бұл турасындағы ғалымдардың көзқарасына ілгеріде кеңірек тоқталмақпыз.

*ж/дж дауыссыздарының алмасуы.* Жергілікті халық тіліне тән фонетикалық белгілердің бірі *дж*-шылдық (джеканье), яғни аффрикат дыбыс *дж*-ның сөз басында қолданылуы. Қазақ тілі сөз басында аффрикат *дж*-дан гөрі жалаң *ж* дыбысын қолдануға бейім тілдер қатарында екені мәлім. Бірақ қазақ сөзінің басында жалаң *ж*-мен бірге аффрикат дыбыс *дж*-ның да ұшырайтынын ешкім беркеге шығарған емес. Алайда қазақ диалектілерінің дыбыс жүйесіне үңілу — сөз басында *дж*-ны қолданатын говорларымыздың көлем жағынан сөздің дәл осы шебінде *ж*-ны қолданатын говорлармен салыстырғанда, анағұрлым шағын екенін аңғартады. *дж*-шылдық құбылыстың өте-мөте айқын байқалатын территориясы — қазақ жұрты тараған өңірдің шығысы мен оңтүстік-шығыс, сондай-ақ бұл құбылыстың ежелгі Хорезм төңірегі қазақтарының тілінде де байқалатын кездері бар. *дж*-ның осы өңірде қолданылатыны жөніндегі алғашқы деректі біз Ж. Аралбаевтың диалектологиялық жазбаларынан, сондай-ақ Б. Бекетовтің қарақалпақ арасындағы қазақтардың тілі туралы зерттеулерінен кездестіреміз. Осы өңірден тысқары қазақ говорларының бәрінде де сөз басына *дж* емес *ж* тән. Түркологиялық зерттеулерде қазақ тілінің сөз басында жалаң *ж*-ны қолданатын тілдер қатарында танылуы да көбіне-көп осы жағдайға байланысты. Сөз басында *ж*-ны қолданатын говорлар қазақ говорларының дені екені рас.

*ж* мен *дж*-ны сөз басында бірінің орнына бірінің қолданылуы жөнінде қазақ тілінің дыбыс жүйесінде географиялық жіктің бар екенін тұңғыш байқаған адам — П. М. Мелиоранский. Ол кісі батыс өңірдің қазағының тілінде бұл дыбыстың құрамында *д* тәрізді элементтің мүлдем жоқ екенін айтады<sup>1</sup>. Ал қазақ жерінің бүкіл шығысында сөз басында *дж* қолданылатыны және оның құрамындағы *д*-ның құлаққа өте-мөте айқын естілетіні жөніндегі деректі біз В. В. Радловтан кездестіреміз<sup>2</sup>. Қошағаш қазақтарының тілі туралы А. Н. Самойлович келтірген мәліметтерді де *дж*-ның мұнда сөз басына аса тән дыбыс екені айтылады. Ол кісінің өз сөзімен айтқанда былай дейді: «Алғашқы бөлегі әнтек *д* дауыссызымен айтылатын сөз басындағы *дж* дыбысын Қошағаш қазақтарының тілінен құлағым кәміл шалғанын бәрінен бұрын еске салғанды паныз деп білемін. Мұны Радлов барша шығыс қазақтарының тілінен байқаған болатын<sup>3</sup>». Аңлаут *дж*-ның қазақ жерінің шығыс, оңтүстік-шығыс өңіріне кең тараған құбылыс екені жөніндегі дерек қазақ диалектологтарының көпшілігінде-ақ бар.

Говорларымыздың деніндегі жалаң *ж*-ның орнына аталған атыраптың қазағының тілінде аффрикат *дж*-ның қолданылуы да жо-

<sup>1</sup> Мелиоранский П. М. Краткая грамматика казак-киргизского языка ч. I., СПб., 1894, 8-б.

<sup>2</sup> Радлов В. В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в южной Сибири и Джунгарской степи. ч. III. СПб., 1870, 26-б.

<sup>3</sup> Самойлович А. Н. Казаки Кош-агачского аймака Ойротской автономной области. «Казаки», Л., 1930, 208-б.

ғарыда әңгіме болған фонетикалық құбылыстар тәрізді. Мұнда да белгілі дәрежеде бөгде тіл дерегімен сабақтастық бар. Аффрикат *дж*-ның қазақ арасына тараған жерінің бәрі осы дыбыс актив қолданатын тілдерімен көршілес өңір, осы себептен де зерттеушілердің бірқатары қазақ говорларындағы аффрикат *дж*-ның шыққан ізін көрші ағайын тілдердің әсеріне апарып тірейді. Мәселен, Б. Бекетов<sup>1</sup>, Ә. Нұрмағамбетов<sup>2</sup> қарақалпақ арасындағы қазақтардағы *ж*-ның *дж*-ға өтуін оңтүстік қарақалпақ диалектісінің ықпалынан пайда болған құбылыс деп ұғынады. Аффрикат *дж*-ның Шу бойы қазақтарының тілінде мол қолданылуын қырғыз тілімен орайластырып қарайтын пікір О. Нақысбековтің зерттеулерінде де бар.<sup>3</sup> Бұлай қарау бір есептен дұрыс та. Өйткені қазақ говорларынан осы құбылысқа қатысты жинастырылған деректердің қай-қайсысын алсақ та олардың баршасының қырғыз тілі дерегімен зор ұқсастығы барын аңғарамыз. Ол үшін мына төмендегі мысалдарды салыстырып көрелік.

Дж-шыл қазақ говорларында	Қырғыз тілінде	Қазақ говорларының көпшілігінде	Қазақ әдеби тілінде
джәйлау	джайлоо	жәйлау	жайлау
джаңар	джаныр	жаңар	жанар
джапалақ	джапалақ	жапалақ	жапалақ
джұп	джуп	жұп	жұп
джорға	джорго	жорға	жорға
джый	джый	жый	жи
джүрөк	джүрөк	жүрөк	жүрек
джүген	джүген	жүген	жүген
джыртық	джыртық	жыртық	жыртық
джел	джел	жел	жел

Анығында да, аффрикат *дж*-ның қазақ говорларына тараған географиясы осы дыбыс фонетикалық жүйесіне аса тән деген түркі тілдері мен диалектілеріне астас, шектес жатыр. Оңтүстік Қарақалпақстан қазақтарының тіліндегі *дж*-ның жөн-жосығы туралы жоғарыда айтқанбыз. Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысындағы *дж*-ның жай-жапсары да осыған ұқсас. Мұнда да оның оңтүстіктің барлық жеріне таралуы біркелкі емес, әсіресе, ол қырғыз елімен іргелес, аралас жатқан алқапқа молырақ тараған. Мысалға, республикамыздың оңтүстігіндегі қазіргі Жамбыл облысының әкімшілік территориясын алатын болсақ, сөз басындағы *дж* мұның Қордай, Меркі, Луговой, Красногор, Шу тәрізді қырғыздарға жақын-жуық отырған оңтүстік беткейдегі аудандарында молырақ ұшырайды. Облыстың өзге жерлерінде бұл құбылыстың байқалуы некен-саяқ. Алматы облысы тұрғындарының тіліндегі *дж*-нің

<sup>1</sup> Бекетов Б. Казахский говор южной Каракалпакии, 12-б

<sup>2</sup> Нурмағамбетов А. Западная группа говоров казахского языка. Автореф. док. дисс., Алма-Ата, 1974, 31-б.

<sup>3</sup> Нақысбеков О. Языковые особенности казаков Чуйской долины. Автореф канд. дисс. Алма-Ата, 1963. 9-б.

тағдырында қырғыз тілінің ықпалымен сабақтастырып қараудың орайы бар. Өйткені қазіргі Жамбыл облысының жері сияқты Алматы облысының жері де ежелден қырғыз елімен тығыз қарым-қатынаста болған өлкенің бірі. Атам заманнан қалыптасқан осы қарым-қатынастың әлі күнге арасы үзілмей атадан балаға мұра есепті жалғасып келе жатқанын еске алсақ, әңгіме болып отырған фонетикалық белгінің екі халықтың тіліне де ортақ сыры болуының себебін ұғыну қиынға соқпаса керек.

Қырғыздардың Тянь-Шань алқабына ірге тебуінен әрідегі тарихқа жүгінсек те, говорларымыздағы аталған дыбыстық құбылысты қырғыз тілімен астарлас деп танудың еш оғаштығы жоқ. Талдықорған, Семей, Шығыс Қазақстан облысының оңтүстігі мен Таулы Алтай автономиялы облысындағы Қошағаш ауданы, сондай-ақ Монғолиядағы Баянөлгий аймағы қазақтарының да ертеде Енисей қырғыздарымен жақын-жуық қоныста өмір кешкені белгілі. Қырғыз елі мен қазақ елінің әрідегі байланысының тарихы сол бір орта ғасырлардағы дәуірден басталатыны аян. Қазақ халқы тараған территорияның көпшілік жерінде байқалмай, бұл құбылыстың оның тек оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында кездесуінде қырғыз жұртымен осындай арғы замандардағы жалғастықтың ізі, табы жатқаны аңғарылады.

Әрине, мұны айтқанда біз аталған өңірдегі говорларымыздың бәріндегі *дж*-ны тікелей қырғыз тілінің ықпалынан пайда болған дыбыс деп түйгелі отырған жоқпыз. Біздің тұспалымызша, қазақ халқының құрамына енген қазақ жерінің қазіргі оңтүстігі мен оңтүстік-шығысына тараған ежелгі түркі ру-тайпаларының диалектілерінде *дж*-шылдық құбылыс бұрыннан-ақ болған. Бертін келе ол халықтық тіліміздің қалыптасуына негіз болған диалектілердің көпшілік тобының ықпалынан бірте-бірте әлсіреп, тек қазақ жұрты тұратын өлкенің шалғайында (пограничные зоны) ғана сақталып қалған. Сонда қазақ арасына *дж*-ның таралу географиясының көне мекен Алтай төңірегінен басталып, қазіргі қырғыздармен шекаралас отырған өңірге барып ұласатынын көреміз. Бұрыннан тілімізде бар осы белгінің қырғыздармен көршілес алқапта күні бүгінге дейін ізі көмескі тартпаса, оны тектес тіл — қырғыз тілінің жанама ықпалынан деп білуіміз қажет. Мұны тілде әуелден бар ең — таңбаның бөгде бір тілмен ортақ қарым-қатынас нәтижесінде ұзақ сақталуының айқын бір көрінісі десек болады.

Біздің бұған дейінгі әңгіmemіз аффрикат *дж* дауыссызының сөз басында қолдану жайы болды. Бұхатын Базылханның дерегіне сүйенсек, *дж*-ның қазақ говорларында сөздің өзге шебінде де қолданылатын кездері бар. Дәлірек айтқанда, бұл автор Монғол Халық Республикасында тұратын қазақтардың тілінде аффрикат *дж* сөз ішінде де қолданылады дегенді айтып, оған *қалджа*, *олджа*, *қанджар* деген бірнеше мысал келтіреді<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> Бұхатын Базылхан. Монғолияда тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір жергілікті ерекшеліктер. ҚД, 1-шығ., 36-б.

*ж, дж/й* дауыссыздарының алмасуы. Орта Азияның ішкі қоныстары мен Қазақстанның соған іргелес жатқан аудандарында тұратын қазақтардың тіліне тән фонетикалық белгілердің бірі — кей сөздердегі фрикатив *ж, дж* дауыссызының орнына *й* дауыссызының қолданылуы. Мәселен, *жоқ* немесе *джоқ* деудің орнына *йоқ* деп қолдану.

Мұндай дыбыстық құбылыс біраздан бері байқалып жүргенімен, қамтитын дерегінің көлем жағынан шағындығы себепті болу керек, диалектологиялық зерттеулерде көпке дейін еленбей келгенді. Осы құбылысқа қатысты бірер сөзді біз Ж. Аралбаевтың 1947 ж. Қарақалпақ АССР-нің Қоңырат ауданында, К. Бердімұратовтың Тақта-көпір ауданында тұратын қазақтардың тілінен жинаған мәліметтерінен кездестіреміз. Сол секілді Ж. Досқараев та құрамалардың тілі жөніндегі мақаласында осы құбылысқа қатысты бірнеше мысал келтірген. Бұл жөніндегі деректердің ең молы — Б. Бекетовтікі. Оның бәрі Қарақалпақстанның оңтүстігін мекендейтін қазақтардың тілінен жиналған. Осы құбылыстың өзбек, түрікмендермен аралас отырған қазақтардың тілінде де бар екендігін дәлелдейтін біраз мағлұмат бар.

Аталған аймақтан тысқары жерде бірде-бір қазақ говорында *ж, дж* дауыссыздарының орнына *й* дауыссызы сөздің ұшар басында мүлдем қолданылмайды десек, қателескен болмаймыз. Түркі тілдер ішінде қазақ тілі сөз басында *ж, дж* дауыссыздарын аса жүйелі түрде қолданатын тілдердің бірі екені мәлім. Алайда, өзбек, түрікмен, қарақалпақ арасы мен соған іргелес өңірдің қазағының тілінде дыбыстық жүйемізге тән деген осы бір заңдылықтың еркін сақталмайтынын аңғарамыз. Мұның былай болуын осы ағайын тілдердің ықпалынан деп түсінуден басқа дәлел жоқ. Өзге зерттеушілердің жинастырған деректері де осы пікірдің дұрыстығына саяды<sup>1</sup>. (Келесі беттегі табл. қараңыз).

Сөз басындағы *й* — Орта Азия жеріне тараған түркі тілдері ішінде әсіресе түрікмен тіліне мейлінше тән белгі екені белгілі. Қыпшақ текті говорларын есептемесек, өзбек диалектілерінің басымы тобы мен әдеби тілінде де біздегі *ж(дж)* орнына сөздің аялауында үнемі дерлік *й* қолданылатыны белгілі. Ал қарақалпақ тілі болатын болса, бұл тілдің өзінің де дыбыс жүйесінің аталған тілдердің ықпалына молырақ шалдыққаны байқалады. Сөз басындағы *й*-дің оңтүстік қарақалпақ диалектісіне бірқыдыру кең тарауы — соның бір мықты бір дәйегі десек болғандай. Бірақ зерттеушілер арасында мұны басқаша түсіндіретін де көзқарас бар. С. Е. Малов қарақалпақ тіліндегі *ж, дж, й* дауыссыздарының сөз басындағы тұрақсыздығын бөгде тілдің ықпалы деуден гөрі қарақалпақ тілінің өзіне әуелден тән қасиет деп тануды мақұлдайды. Ол кісінің түсіндіруінше, бұл жағдайдың өзі қарақалпақ халқының, оның тілінің қалыптасуына негіз болған этностық-тілдік ортаға байланысты<sup>2</sup>.

<sup>1</sup> Нұрмағамбетов Ә. Қазақ тілі говорларының батыс тобы. Алматы, 1978, 67-б. Бекетов Б. Казахский говор южной Каракалпакии, 13-б.

<sup>2</sup> Малов С. Е. Заметки о каракалпакском языке. Нукус, 1966 24-б.

Орта Азия мен соған іргелес өңірдің қазғының тілінде	Түрікмен тілінде	Өзбек тілінде	Оңтүстік қарақалпақ диалектісінде	Қазақ говорларының көпшілік тобында
йаш	яш	еш	йаш	жас//джас
йаш	яш	еш	йаш	жас//джас
йақши	яғшы	якши	йағшы	жақсы//джақсы
йаңа	—	йана	янги	жаңа//джаңа
йетті/йети	еди	етти	йетти//йедди	жеті//джеті
йап	яп	еп	йап//йаб	жай//джай
йыл	йыл	йил	йыл	жыл//джыл
йағдай	яғдай	—	јағдай	жағдай//джағдай
йок/йақ	ек	йук	йок	жок//джок
йүз:йекі	йүз	юз	йюз	жүз//джүз//дүз
йүр	йөр	юр	йюр	жүр//джүр
йат	ят	ет	йат	жат//джат
йарым	ярым	ярым	йарым	жарым//джарым
йар сүйгөн	—	—	—	—
йар	яр	ер	йар	жар//джар
йаби	ябы	—	—	жабы//джабы
йығ	йыгна	йигна	йигна	жый//джый
бү йақ	—	ек	бу як	жак//джак
бү йер	ер	ер	йер	жер//джер
йалқау	—	—	йалқау	жалқау//джалқау

Н. А. Баскаков солтүстік қарақалпақ диалектісінде сөз басында көбіне-көп *ж* (*дж*) дауыссыздары айтылатынына, сондай-ақ қарақалпақ әдеби тіліндегі норманың да осылай екеніне қарамастан республиканың оңтүстік аудандарының қарақалпағы *й* дауыссызын *ж* (*дж*) орнына факультатив қолданатынын айтады<sup>1</sup>. Ал келтіріліп отырған мысалдардың дені АССР-дің Төрткүл, Беруни, Амудария тәрізді оңтүстік аудандарында тұратын қазақтардың тілінен жиналған.

Мінекей, осындай-осындай себептерге сүйенсек, өзге говорларымыздың бәріндегі сөздің бас шебіндегі *ж* (*дж*) дауыссызының өзбек, түрікмен, қарақалпақ жеріндегі қазақтардың тілінде неліктен *й* дауыссызымен алмасатынын түсіну аса қиын емес. Сөз жоқ аталған өңірдің жергілікті қазақтарының тіліндегі бұл құбылыс та бөгде тілдік ықпал нәтижесінде пайда болған құбылыс. Қазақ говорларының өзгесінде мұндай құбылыс неге байқалмайды деген сауалдың жауабы да, сондай-ақ оның таралу географиясының аталған өңірмен шектелуі де осындай байламның дұрыстығын құптайды.

Түркі сөзінің басына тән фонетикалық заңдылық тұрғысынан алғанда, әңгіме болып отырған дауыссыздардың бір-бірімен алмасуы — аса бір көңіл аударарлық белгі. Қазіргі түркі тілдері ішінде сөз басындағы *й* азербайжан, түрік, түрікмен, гагауз тәрізді оғуз

<sup>1</sup> Баскаков Н. А. Қарақалпақский язык. II. Фонетика и морфология, М., 1952. 86-б.

тобындағы тілдерге өте-мөте тән. Сондай-ақ бұл дыбыстың сөздің осы шебінде жиі қолданылуы өзбек, ұйғыр (қарлұқ тобы), құмық, башқұрт, татар, қарайым, ноғай (қыпшақ тобы) тілдерінде де бар. Бұлардан өзге түркі тілдерінің бірқатарында сөздің осы шебіндегі *й* орнына спирант *ж* мен аффрикат *дж* қолданатынын байқаймыз. Қырғыз, қарақалпақ, қарачай-балқар тілі, сосын өзбек, ноғай, татар тілінің кей диалектілері, біздің тіліміз — осындай тілдер. Тіпті түркі тілдері мен диалектілерінің кейбіреуінде осы позициядағы *й, ж, дж* дауыссыздарының орнына басқаша дыбыстардың қолданатын да ыңғайы бар. Мәселен, хакас, шор, тува, тілінде аталған дауыссыздардың орнына сөз басында *ч*, якут тілінде *с*, чуваш тілінде *с'*, татар тілінің кей диалектінде *з*, ал алтай әдеби тілі мен диалектілерінде *ть, дь, ч, нь, кь, гь* дауыссыздары жұмсалады. (Кейінгі тілде *й*-дің де қолданылатын сөздері бар). Айталық, қазақ, қырғыз, қарақалпақ, қарачай-балқар тіліндегі, өзбек, ноғай тілінің кей диалектілеріндегі *жат//джат* етістігі түрік, түрікмен, башқұрт, ноғай әдеби тілінде *йат*, өзбек әдеби тілі мен қалалық говорларында *йот* түрінде ұшырайтыны белгілі. Біздегі *жыл* сөзінің алтай диалектілерінде *йыл//дьыл//чыл, жең* дегеннің *дынь//ньень, жетіп* дегеннің *кьедип//гьедип* деген нұсқалары бар<sup>1</sup>. Демек, қазақ сөзінің басындағы *ж* (кейде *дж*) өзге түркі тілдері мен диалектілерінде сөздің осы шебіндегі мына секілді дыбыстармен сәйкеседі екен: *ж, дж, й, д, т, ч, з, с, н, к, г*<sup>2</sup>. Сондай-ақ сөз басындағы *й, дж* дауыссыздарының кейде айтылмай түсіп қалатын реттері де болады. Мұндай жағдайдың байқалуы азербайжан, қарачай-балқар тілдерінде, көнедегі кейбір қыпшақ жазбаларында бар. Сондай-ақ кейде *й*-дің протеза түрінде пайда болатын тілдері де бар<sup>3</sup>.

*ж* (*дж*) және *й* дауыссыздарының сөз басында қайсысы денірек қолданады деген тұрғыдан алғанда қазіргі түркі тілдерінің басым көпшілігі екі ірі жікке ажыратылады. Мұның бірі — *й* тобы да, екіншісі — *ж* (*дж*) тілдер тобы, немесе *й-шыл* және *ж-шыл* (*дж-шыл*) тілдер тобы.

Түркі сөздерінің басына тән осы екі ұдайы дыбыстық белгінің тым әріден келе жатқан белгі екенін көнедегі жазба нұсқалардың мәліметі де құптайды. Бұл хақында әсіресе М. Қашқаридің өз аузымен берген мағлұматтары аса көңіл аударарлық. Сөздіктің кіріспе бөлімінде автор: «*й*-мен басталған есім және етістіктердің басқы дыбысын оғуз бен қыпшақтар *а*-ға яки *дж*-ға айналдырады» деп көрсетеді<sup>4</sup>. Сөздікте осы екі айырым белгінің қайсысы қай түркі тілінде айтылатынын түсіндіруге арналған салыстырма

<sup>1</sup> Баскаков Н. А. Алтайский язык. М., 1958, 70-б.

<sup>2</sup> *ж* (*дж*) дауыссызының *д, т, н* дауыссызымен алмасуынан қазақ тілінің дыбыс жүйесі де құр алақан емес. Халық тілінде *жүзік//дүзік, жүзу//дүзу, жүз//дүз, Жүсіп//Түсіп//Нүсіп, жүзген//дүзген//түзген* (өсімдік) тәрізді сөз нұсқаларының кездесуі осыған дәлел.

<sup>3</sup> Дмитриев Н. К. Фонетические закономерности начала и конца тюркского слова. ИСГТЯ. I. 266-б.

<sup>4</sup> Махмуд Қошқари. Девону луғотит турк. I. т. Тошкент, 1960 66—67-б.

мысалдар бар. Мәселен: «Түріктер дүр, меруертті *йінжу* десе, оғуздар *жінжу* деп айтады — дейді автор. Кіріспедегі салыстырма мысалдардан тыс сөздікке *ж* (*дж*)-дан басталатын реестр сөздердің ірі тобы кірген<sup>1</sup>.

*дж*-шылдық белгінің М. Қашқаридың «Диванынан» арғы дәуірлерде де болғандығы жөніндегі мәліметтерді өзге зерттеушілерден де табуға болады<sup>2</sup>. Алайда сөз басына тән осы екі ұдай фонетикалық қасиеттің жүйсілі түрде сақталуы некен-саяқ. Түркі тілдерінің біразында ол көбіне аралас күйде ұшырайды. Сондықтан тілдердің *ж*-шыл (*дж*-шыл), *й*-шыл тобы дегенді осы екі белгінің қайсысы қай тілде молырақ байқалады, қайсысы қай тілде басымырақ деген тұрғыдан алып қараған абзал. Мәселен, өзбек әдеби тілі мен қалалық говорларында сөз аңлауына *й* тән болғанымен, қылшақ текті өзбек говорларында оның орнына *дж* қолданатынын көреміз<sup>3</sup>. Осындай жағдай ұйғыр тілінің диалектілерінде де бар<sup>4</sup>.

Осы орайда назар аударар кететін бір жай — мынау. Ол — сөз басындағы *ж* дауыссызының орнына *й*-дің қолдануының жоғарыдағыдан басқаша бір түрі. Мәселен, *келе жатыр*, *ол жер* дудің орнына *келе йатыр*, *о йер* деп қолдану. Бұл туралы мәлімет диалектологиялық зерттеулердің көбінде бар. Бұл жерде біз тек оның жоғарыда әңгіме болған *ж* (*дж*)/*й* алмасуынан өзгешелігі неде екеніне сәл тоқтала кетпекпіз.

Біріншіден, *ж* (*дж*)/*й* алмасуының бұл түрінің таралу географиясы оның жоғарыда сөз болған түрімен салыстырғанда әлдеқайда кең. Ол қазақ говорларының бүкіл оңтүстік және батыс тобын, сосын оңтүстік говорлардың батыс жақ бөлігін түгел қамтиды.

Екіншіден, *ж* (*дж*)/*й* алмасуының бұл түрі байқалатын позицияны сөздің ұшар басы деп айтуға сыймайды. *бү йақ*, *қа йақ*, *міне йер*, *бара йатыр*, *келе йатыр* дегендегі сөздердің бір-бірімен тіркескен жігі бұл [бү] *жақ*, *қай* [қа] *жақ*, *міне жер*, *бара жатыр*, *келе жатыр* дегендегідей айқын емес. Ондағы тіркесуші сыңарлар бір-бірімен әбден жымдасып, бірігіп кеткен. Сондықтан олар әрқашан тұтас сөз тәрізденіп, жігі ажырамай айтылады. Бұларды бір-бірінен бөліп жазып көрсетуіміздің өзі шартты ғана. Диалектологиялық жазба үшін дұрысында оларды *бұйақ*, *қайақ*, *мінейер*, *өйер*, *сөйер* деген ретпен біріктіріп жазған абзал. Сөздердің дәл осындай тізбегіндегі *йақ* [жақ], *йер* [жер], *йатыр* [жатыр] деген компоненттердің басқы дыбысы *й* сөздің ұшар басындағы дыбыс болып есептелмейтіні осындай себептерге байланысты. Бұл жердегі фонетикалық өзгеріс, анығында, тіркестің алғашқы сыңарының соңғы дыбысының ықпалынан болатын позициялық өзгеріс. Өйт-

<sup>1</sup> Девону луғотит турк. Индкс — луғот. Тошкент. 1967, 88-б.

<sup>2</sup> Бернштам А. О древнейших следах джеканыя в тюркских языках Средней Азии. Сб. Памяти акад. Н. Я. Марра, М — Л., 1938, 17—24-б.

<sup>3</sup> Решетов В. В. Узбекский язык. ч. I. Ташкент, 1959, 60-б.

<sup>4</sup> Кайдаров А. Т. Развитие современного уйгурского литературного языка. Уйгурские диалекты и диалектная основа литературного языка. Алма-Ата. 1959, 89-б.



кені мұндағы *йақ, йер, йатыр* деген сөздер ауыспалы типтегі говорлардан тыс жерде дербес тұрғанда еш уақыт тілімізде *й*-мен айтылмайды. Әрі олардың осы фонетикалық нұсқада жұмсалудың өзге сөздерге ілес келген жерде де әзірге байқаған емеспіз (әрине, ауыспалы деп отырған говорлардағы жағдай басқаша, оны жоғарыда айттық).

Қазақ тілінде мұндай фонетикалық өзгерістің байқалатын жері — көбіне *жақ, жер* сөздерінің *бұл, сол, ол, қай* есімдіктеріне, *жатыр* сөзінің көсемше тұлғалы етістікке (-а, -е) ілес айтылатын сөз аралығындағы жік екендігін келтіріліп отырған мысалдардан айқын көреміз<sup>1</sup>. Мұндайда аталған есімдіктердің соңындағы дауыссыздар түсіп қалып, олар ылғи да *бү, со, о, қа* деген аяғы дауыстымен тынатын келте нұсқада айтылады. Бұлардың осылайша айтылуы кейінгі сөздің басқы дыбысының өзгеріске түсуінің (*ж/й*) бейне бір шарты есепті. Мысалы: *бұл жақ-бұйақ, сол жер-сөйер, бүйер* (бұл жер), *өйер* (ол жер) дегендердің құрамындағы есімдіктердің *сө, бү, ө* болып жінішке нұсқаға ауысуы кейінгі сөздің құрамындағы *е* дауыссызының регрессив ықпалынан.

Ал жатыр етістігінің алдындағы *бара, келе* дегендер дауыстыға аяқталған сөз болғандықтан (-а, -е тұлғалы көсемше) ол бағзы күйінде өзгеріссіз айтылады. Мысалы: *келе жатыр* — *келе йатыр*. Дауысты дыбыстан кейін іле-шала айтылған *дж, ж* дауыссыздарының әлсіреп, *й*-ға айналуы өзге түркі тілдерінде де бар<sup>2</sup>.

Фонетикалық өзгерістің бұл түрін бір есептен аталған сөздердің жігіндегі *ж* дауыссызының тұрақсыздығымен байланыстырып қарауға да болады. *Бара жатыр, келе жатыр* дегендердің ауызекі тілімізде кейде *баратыр, келатыр* болып құбылуы бұл орындағы *ж* тұрақсыздығының жанама бір кепілі деуге келеді. Бәлкім осы тұрғыдан алғанда бұл жердегі *й*-дің пайда болуын орыс тіліндегі дәнекерлегіш дауыстының (соединительные гласные) қызметімен салыстыруға да болар.

Дыбыс алмасуының *дж/ж* түрі мен *ж (дж)/й* түрінің арасында сабақтастықтың бар екені жоғарыда айтылған жайдан белгілі. Егер қазақ говорларының өз ішіндегі жайды алатын болсақ, онда дыбыс алмасуының жоғарыдағы екі түрінің басын мынадай ортақ схемамен біріктіріп көрсетуге болады: *дж/ж/й*. Яғни қазақ говорларындағы дауыссыздардың бұл тобы сөздің бас шебінде келген жерде бірінің қызметін бірі атқаруға аса бейім. Ал енді түркі тілдердің жалпы фонетикалық жүйесіне келгенде бұл дыбыстардың алмасатын дауыссыздарының саны тіптен көп екенін айтуымыз керек. Біздегі *дж, ж, й* дауыссыздары өзге түркі тілдерінде бұлардың өздерінен тыс *д, т, ч, з, с, н, к, г* секілді дауыссыздармен де алмаса алады. Мысалы, түрік, азербайжан, гагауз, түрікмен, өзбек, құмық, башқұрт әдеби тілі мен орхон-енисей, ұйғыр жазба-

<sup>1</sup> Нақысбеков О. Қазақ тілінің ауыспалы говоруы. Шу бойындағы қазақтар тілінен жиналған материалдар бойынша. Алматы, 1972, 55-6

<sup>2</sup> Решетов В. В. Аталған еңбек, 60-б.

ларында *й* дауыссызынан басталатын *йол* (жол), *йер//ер* (жер) тәрізді сөздер қырғыз тілінде *джол*, *джер*, татар тілінің мишер диалектісінде *зул*, *зер*, алтай тілінде *дьол*, *дьер*, хакас, тува тілінде *чир//чер*, якут тілінде *суол*, *сир* болып айтылады.

Жоғарыдағы мысалдарға қарап отырып, мұндағы дыбыс оппозициясының бір жағын *й* деп, қалғандарын соған қарама-қарсы дауыссыздар есебінде оппозицияның екінші жағына топтауға болады. Түркі тілдердегі осы дыбыстық оппозицияның қай жағы бұрын пайда болған деген сауалдың төңірегінде айтылған түрлі-түрлі пікір бар. М. Рясянен сөз басындағы *й* пратүрі тіліне тән дыбыс деп ұғынып, осы позициядағы онымен алмасатын дауыссыздарды осыдан өрбіген дыбыстар деп біледі<sup>1</sup>. Н. А. Баскаков сөз басындағы *дж*-ның *й*-дан өрбуі туралы жоғарыдағы пікірдің шүбәлі екенін айтады. Бұл кісінің пікірінше мұндағы *й*-дың өзі қайта, керісінше, аффрикат, фрикатив (ызың) дыбыстардан өрбуі әбден ықтимал<sup>2</sup>. А. М. Щербак болса, сөздің осы шебіндегі *й*-дің аргы төркіні тісаралық қатаң спирант дыбысқа барып тірелетіні жөніндегі пікірді ұсынады<sup>3</sup>. Кейінгі ғалымның бұл жөніндегі пікірінің ұзын ырғасы мынадай: чуваш, якут тілдерінде бұл дыбыс өзінің алғашқы сапасын тым тәуір сақтаған. Ал бұл екі тіл болатын болса, оның екеуінің бойында да көпе тілдік белгілердің молырақ сақталғаны жұрттың бәріне таныс жай. *й* — ежелгі праформаның ең солғындаған үлгісі. Сондықтан да оның қазір біршама жас тілдер деп танылып жүрген оғуз тілдеріне өте-мөте тән болуы осыдан. Анлауттағы бастапқы қарқынды дауыссыздардың солғындауы өзге тілдерден гөрі оғуз тілдерінде көбірек байқалатыны да осының бір дәлелі есепті. Бұдан әрі А. М. Щербак шұғыл, ызың дауыссыздардың түркі тілдерінде *й*-ға өтуін дәлелдейтін бірнеше мысал келтіреді. Мәселен, парсы сөзі *жанның*, араб сөзі *жәмғәт*, *жәннәт* дегендердің башқұрт тілінде *йән*, *йәмғәт*, *йәннәт* деген нұсқада, араб сөзі *жауаб* дегеннің өзбек говорларында йвап деген нұсқада айтылуы.

Алайда кей түркі тілдерінің дыбыс жүйесінде бұған қарама-қарсы бағытта байқалмайды емес. Ә. Қайдаров совет ұйғырларының әдеби тілінде 20—30 жылдармен салыстырғанда *ж*, *дж* дауыссыздарынан басталатын сөздердің саны *й* дауыссызынан басталатын сөздерге карағанда едәуір дәрежеде ұлғая бастағандығын айтады<sup>4</sup>. Автор бұл жағдайды тілдің дыбыс құрамында жанадан бір сапалық өзгерістің пайда болғандығынан емес, *ж*-шыл (*дж*-шыл) диалектінің әдеби тілге ықпалының күштілігінен деп ұғындырады. Осы ыңғайда, әрине, совет ұйғырларының әдеби тіліндегі

<sup>1</sup> Рясянен М. Материалы по фонетике тюркских языков. М., 1955, 160-б.

<sup>2</sup> Сонда. Примечания к русскому изданию, 216-б., 29-ескертпе.

<sup>3</sup> Щербак А. М. Сравнительная фонетика тюркских языков. Л., 1970, 79-б.

<sup>4</sup> Қайдаров А. Т. Развитие современного уйгурского литературного языка, I. Уйгурские диалекты и диалектная основа литературного языка. Алма-Ата, 1969, 179, 283-б.

ж-шылдық (дж-шылдық) белгінің жандануына Іле-Жетісу ұйғырлары мен қазақ елінің арасындағы бір ғасырдан астамырақ уақыт ішіндегі тығыз байланыс-бірліктің де белгілі дәрежеде үлесі болғанын айтқан абзал.

Сөздің бас шебінде байқалатын дыбыс алмасуының осы түріне қатысты тарихи экскурс есебінде мына бір қызғылықты жайға назар аудара кетсек пе деп едік. Ол — өзбек тілінің қыпшақ диалектісі деп аталатын ірі тармағы мен қазақ тілінің арасындағы байланыстың жайы. Әңгімеге кіріспес бұрын осы дыбыстық белгіге тән мына секілді жалпы заңдылықтардың басын әлде де болса саралай кетейік.

Түркі тіл атаулының дыбыс жүйесін тұтас алып қарар болсақ, олардың басын бір арнаға біріктіретін ең негізгі деген ортақ белгілермен қатар бұл тілдердің әр тобын бір-бірінен даралайтын айырым белгілердің де бар екенін айқын сеземіз. Мұндай айырмалардың кейбіреуі жеке-дара тілдердің басына ған тән белгі болса, бірқатары тілдердің ірі тобына тән белгі болып келеді. Көптеген түркі тілдердің бойына дарыған осындай тұс-таңбаның басты бірі деп осында әңгіме болып өткен сөз басында *й* мен *ж* (*дж*) дыбыстарының қолданылуы тәрізді фонетикалық белгіні атасақ лайық. Осы дауыссыздардың сөздің ең алғашқы дыбысы есебінде бірінің орнына бірінің қолданылуына қарай, жоғарыда еске салғанымыздай, түркі тілдерінің қомақты бір тобын екі салаға ажыратуға болады. Мұның бірі — сөзінің басында көбіне-көп *й* дыбысын қолдануға бейім тілдер де, бірі *ж* (кей түркі тілдері мен диалектілерінде *дж* болып айтылады) дыбысын қолдануға бейім тілдер. Қыпшақ тобына жататын біздің тіліміз бен қарақалпақ, қарачай-балқар тілі, сосын қырғыз тілі, өзбек тілінің қыпшақ диалектісі, ноғай, татар тілінің көп диалектілері мұның соңғы тобына, ал түрікмен, азербайжан, құмық, башқұрт, түрік, гагауз әдеби тілі сынды тілдер болса, алғашқы тобына кіретіні мәлім. Алайда біздің бұл арада *й*-ді қолдануға бейім, *ж* (*дж*)-ны қолдануға бейім тілдер деп айтуымызда мән бар. Өйткені сөз басындағы бұл екі ұдай белгінің екеуін де жеке-жеке алғанда тілдердің аталған екі тобының бар-баршасында сытықсыз таза күйінде ұшырайды деп айту қиын. Дұрысында, бұл белгілерді аталып өткен түркі тілдерінің біразынан аралас күйде ұшырастырамыз. Мәселен, татар әдеби тілінде норма *й* болғанымен, кейде *дж*-ның айтылатын кездері де бар. Ноғай тіліндегі екі жетекші диалектінің бірінде — *й* де, бірінде — *дж*. Сол үшін де біздің бұл жіктестіруімізді осы екі белгінің қайсысы қай тілге тәнірек, қайсысы қай тілде молырақ кездеседі деген тұрғыдан алып түсіну қажет. Мәселен, қазақ сөзінің басына *й/ж* (*дж*) дауыссызының тән екендігіне еш талас болмаса керек. Өйтсе де бұл қазақ тілінде сөз басында *й* мүлдем айтылмайды деген тұрғыдан алып түсіну қажет. Мәселен, қазақ сөзінің басына деп айтушылықты әрқайсымыздың да құлағымыздың шалғаны бар. Әрине, қазақ тілі үшін мұндай бірлі-жарым өзгешеліктің елеулі мәні жоқ екені түсінікті. Дәл осыған ұқсас жайды аталған түркі тілдерінен де байқауға болады. Соның бірі — өзбек тілі. Бұл

ларында *й* дауыссызынан басталатын *йол* (жол), *йер//ер* (жер) тәрізді сөздер қырғыз тілінде *джол*, *джер*, татар тілінің мишер диалектісінде *зул*, *зер*, алтай тілінде *дьол*, *дьер*, хакас, тува тілінде *чир//чер*, якут тілінде *суол*, *сир* болып айтылады.

Жоғарыдағы мысалдарға қарап отырып, мұндағы дыбыс оппозициясының бір жағын *й* деп, қалғандарын соған қарама-қарсы дауыссыздар есебінде оппозицияның екінші жағына топтауға болады. Түркі тілдердегі осы дыбыстық оппозицияның қай жағы бұрын пайда болған деген сауалдың төңірегінде айтылған түрлі-түрлі пікір бар. М. Ряснен сөз басындағы *й* пратүрі тіліне тән дыбыс деп ұғынып, осы позициядағы онымен алмасатын дауыссыздарды осыдан өрбіген дыбыстар деп біледі<sup>1</sup>. Н. А. Баскаков сөз басындағы *дж*-ның *й*-дан өрбуі туралы жоғарыдағы пікірдің шүбәлі екенін айтады. Бұл кісінің пікірінше мұндағы *й*-дың өзі қайта, керісінше, аффрикат, фрикатив (ызың) дыбыстардан өрбуі әбден ықтимал<sup>2</sup>. А. М. Щербак болса, сөздің осы шебіндегі *й*-дің аргы төркіні тісаралық қатаң спирант дыбысқа барып тірелетіні жөніндегі пікірді ұсынады<sup>3</sup>. Кейінгі ғалымның бұл жөніндегі пікірінің ұзын ырғасы мынадай: чуваш, якут тілдерінде бұл дыбыс өзінің алғашқы сапасын тым тәуір сақтаған. Ал бұл екі тіл болатын болса, оның екеуінің бойында да көне тілдік белгілердің молырақ сақталғаны жұрттың бәріне таныс жай. *й* — ежелгі праформаның ең солғындаған үлгісі. Сондықтан да оның қазір біршама жас тілдер деп танылып жүрген оғуз тілдеріне өте-мөте тән болуы осыдан. Анлауттағы бастапқы қарқынды дауыссыздардың солғындауы өзге тілдерден гөрі оғуз тілдерінде көбірек байқалатыны да осының бір дәлелі есепті. Бұдан әрі А. М. Щербак шұғыл, ызың дауыссыздардың түркі тілдерінде *й*-ға өтуін дәлелдейтін бірнеше мысал келтіреді. Мәселен, парсы сөзі *жанның*, араб сөзі *жәмәғат*, *жәннәт* дегендердің башқұрт тілінде *йән*, *йәмғиәт*, *йәннәт* деген нұсқада, араб сөзі *жауаб* дегеннің өзбек говорларында йавап деген нұсқада айтылуы.

Алайда кей түркі тілдерінің дыбыс жүйесінде бұған қарама-қарсы бағытта байқалмайды емес. Ә. Қайдаров совет ұйғырларының әдеби тілінде 20—30 жылдармен салыстырғанда *ж*, *дж* дауыссыздарынан басталатын сөздердің саны *й* дауыссызынан басталатын сөздерге қарағанда едәуір дәрсжеде ұлғая бастағандығын айтады<sup>4</sup>. Автор бұл жағдайды тілдің дыбыс құрамында жаңадан бір сапалық өзгерістің пайда болғандығынан емес, *ж*-шыл (*дж*-шыл) диалектінің әдеби тілге ықпалының күштілігінен деп ұғындырады. Осы ыңғайда, әрине, совет ұйғырларының әдеби тіліндегі

<sup>1</sup> Ряснен М. Материалы по фонетике тюркских языков. М., 1955, 160-б.

<sup>2</sup> Сонда. Примечания к русскому изданию, 216-б., 29-ескертпе.

<sup>3</sup> Щербак А. М. Сравнительная фонетика тюркских языков. Л., 1970, 79-б.

<sup>4</sup> Қайдаров А. Т. Развитие современного уйгурского литературного языка, I. Уйгурские диалекты и диалектная основа литературного языка. Алма-Ата, 1969, 179, 283-б.

ж-шылдық (дж-шылдық) белгінің жандануына Іле-Жетісу ұйғырлары мен қазақ елінің арасындағы бір ғасырдан астамырақ уақыт ішіндегі тығыз байланыс-бірліктің де белгілі дәрежеде үлесі болғанын айтқан абзал.

Сөздің бас шебінде байқалатын дыбыс алмасуының осы түріне қатысты тарихи экскурс есебінде мына бір қызғылықты жайға назар аудара кетсек пе деп едік. Ол — өзбек тілінің қыпшақ диалектісі деп аталатын ірі тармағы мен қазақ тілінің арасындағы байланыстың жайы. Әңгімеге кіріспес бұрын осы дыбыстық белгіге тән мына секілді жалпы заңдылықтардың басын әлде де болса саралай кетсейік.

Түркі тіл атаулының дыбыс жүйесін тұтас алып қарар болсақ, олардың басын бір арнаға біріктіретін ең негізгі деген ортақ белгілермен қатар бұл тілдердің әр тобын бір-бірінен даралайтын айырым белгілердің де бар екенін айқын сеземіз. Мұндай айырмалардың кейбіреуі жеке-дара тілдердің басына ған тән белгі болса, бірқатары тілдердің ірі тобына тән белгі болып келеді. Көптеген түркі тілдердің бойына дарыған осындай тұс-таңбаның басты бірі деп осында әңгіме болып өткен сөз басында *й* мен *ж* (*дж*) дыбыстарының қолданылуы тәрізді фонетикалық белгіні атасақ лайық. Осы дауыссыздардың сөздің ең алғашқы дыбысы есебінде бірінің орнына бірінің қолданылуына қарай, жоғарыда еске салғанымыздай, түркі тілдерінің қомақты бір тобын екі салаға ажыратуға болады. Мұның бірі — сөзінің басында көбіне-көп *й* дыбысын қолдануға бейім тілдер де, бірі *ж* (кей түркі тілдері мен диалектілерінде *дж* болып айтылады) дыбысын қолдануға бейім тілдер. Қыпшақ тобына жататын біздің тіліміз бен қарақалпақ, қарачай-балқар тілі, сосын қырғыз тілі, өзбек тілінің қыпшақ диалектісі, ноғай, татар тілінің көп диалектілері мұның соңғы тобына, ал түрікмен, азербайжан, құмық, башқұрт, түрік, гагауз әдеби тілі сынды тілдер болса, алғашқы тобына кіретіні мәлім. Алайда біздің бұл арада *й*-ді қолдануға бейім, *ж* (*дж*)-ны қолдануға бейім тілдер деп айтуымызда мән бар. Өйткені сөз басындағы бұл екі ұдай белгінің екеуін де жеке-жеке алғанда тілдердің аталған екі тобының бар-баршасында сытықсыз таза күйінде ұшырайды деп айту қиын. Дұрысында, бұл белгілерді аталып өткен түркі тілдерінің біразынан аралас күйде ұшырастырамыз. Мәселен, татар әдеби тілінде норма *й* болғанымен, кейде *дж*-ның айтылатын кездері де бар. Ноғай тіліндегі екі жетекші диалектінің бірінде — *й* де, бірінде — *дж*. Сол үшін де біздің бұл жіктестіруімізді осы екі белгінің қайсысы қай тілге тәнірек, қайсысы қай тілде молырақ кездеседі деген тұрғыдан алып түсіну қажет. Мәселен, қазақ сөзінің басына *й/ж* (*дж*) дауыссызының тән екендігіне еш талас болмаса керек. Әйтсе де бұл қазақ тілінде сөз басында *й* мүлдем айтылмайды деген тұрғыдан алып түсіну қажет. Мәселен, қазақ сөзінің басына деп айтушылықты әрқайсымыздың да құлағымыздың шалғаны бар. Әрине, қазақ тілі үшін мұндай бірлі-жарым өзгешеліктің елеулі мәні жоқ екені түсінікті. Дәл осыған ұқсас жайды аталған түркі тілдерінен де байқауға болады. Соның бірі — өзбек тілі. Бұл

тілді біз жоғарыда сөзінің басында *й* дыбысын қолдануға бейім тілдер қатарында атағанбыз. Әдеби тілі мен көпшілік диалектілері тұрғысынан алғанда өзбек тілін сөзінің басы *й* дауыссызынан басталатын тілге жатқызу дұрыс. Дегенмен өзбек тілі диалектілерінің қыпшақ тобы делінетін бір зор саласын алатын болсақ, онда сөз басында өзбек әдеби тіліндегідей *й* емес, қазақ тіліндегідей *ж*, сосын осы дыбыстың аффрикат нұсқасы қос дауыссыз *дж* қолданылатынын көреміз. Кейінгі аффрикат дыбысты сөздің дәл осы шебінде қолдану біздің тілімізде де бар. Мәселен, қазақ топырағының оңтүстігінің біраз жері мен оңтүстік-шығыс өңірінде тұрушы жергілікті халықтың тілінде *жат*, *жүрек*, *жүген* секілді сөздердің *джат*, *джүрек*, *джүген* болып айтылатыны мәлім. Демек, өзбек қыпшақтарының тілі мен қазақ тілі бұл жөнінен де бір-бірінен алшақ кетпейді екен. Өзбек диалектілерінің қыпшақ тобының *дж*-шыл деп аталуының себебі де осы аффрикат дыбысты қолдануға байланысты. Осы жөнінен алғанда өзбек тілінің осы бір ірі тармағының қыпшақ текті тілдермен (қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар т. б.), соның ішінде әсіресе біздің тілімізбен тікелей өзектестігі бар. Бұл диалектінің бойына тән *дж*-шылдық деп атап отырған дәл осы қасиетті оның біздің тілімізге етене жақындығының бұлтартпас бір айғағы десек те болады.

Өзге өзбек диалектілерінің һәммесінде сөз басында *й* айтылып, қыпшақ диалектісіне келгенде оның орнына *ж*, *дж* айтылуы және оның қазақ тілі дерегімен дөп түсіп жатуы — әсте кездейсоқтық нышан танылмасқа тиіс. Мұның *дж*-шыл өзбек диалектісінің өкілдері мен қазақ жұртының тарихи тағдырларындағы ежелгі ортақ жайларды меңзейтін аса маңызды лингвистикалық фактор екені даусыз. Тілінің дыбыс жүйесіне осы белгі тән деген барлық өзбек қыпшақтарының сөйлеу машығындағы, сөз бедеріндегі бұдан өзге де сан қилы тілдік белгі біткеннің басын қазақ тілімен бір арнаға сарқып, түйісіп жатуынан біз осыны көреміз. *дж*-шылдық белгінің мойнына құрықты ең негізгі бір ен-танба есебінде салғанымызбен, тілдік өзге белгілердің де өзбек диалектілерінің бұл тобын қазақ тілімен астарластыра, қабыстыра қарауға келгенде, одан еш кем соқпас белгі екенін айтуымыз керек. Қыпшақ диалектісіне тән сондай ірі белгілердің бірі — дауыстылар сингармонизмі. Ол туралы дауысты дыбыстарға байланысты бұдан бұрын тоқталғанбыз. Ежелгі қыпшақтардың үрім-бұтағы саналатын ру-тайпалар тараған жердің бәрінде осы екі құбылыстың екеуі де жақсы сақталған.

*дж*-шылдық құбылыстың географиялық таралу шегін анықтау мақсатында жиналған деректерге, сол тәрізді бұрынды-соңды жарық көрген тарихи да лингвистикалық зерттеулерге сүйенсек, бұл құбылыстың Орта Азия жеріндегі тамыры тым тереңде жатқандығын көреміз. Өзбек ғалымы Х. Данияров өзбек деген этнонимнің Орта Азияға келуі Шәйбани өзбектерінің есімімен байланысты екенін таяныш тұтып, қыпшақтардың алғаш бұл өңірге ірге теуін сол дәуірге ғана апарып тірейтін кейбір зерттеушілердің пікірінің жаңсақтығын көрсетеді. Ташкент, Ферғана, Зарафшан алқабын, Бұқар, Хива жерін қыпшақтар біздің жыл санауымыздан

арғы дәуірлерде-ақ мекен қылған дейтін Н. А. Аристовтың<sup>1</sup> шығыс деректеріне негіздеп айтқан байламын құптап, бұл кісі *Дж-шылдық* құбылыстың зерттеліп отырған өңірдегі аса ірі тіл құбылысының бірі екенін баяндайды<sup>2</sup>. Оның таралу шегі кейде тұтас желі боп тартылып келіп, кейде өзбек жерінің әр түкпірінде үзік-үзік, ойдым-ойдым аралық жай боп жатуында осындай кілттипан бар деп түйеді. Асылында, бұл құбылыстың Орта Азияда ең көне дәуірлердің өзінде-ақ болғаны туралы осы жөнінде арнайы зерттеу жазған А. Н. Бернштам да айтқан болатын. Орта Азия жеріне қыпшақтардың дендеп қоныс аударуы XVI ғасырдың басындағы Шәйбани жорықтарына байланысты екені тарихтан аян. Алайда бұдан ол төңіректе қыпшақтар бұрын тіптен жоқ еді деген түсінік тумайды. Ал *Дж-шылдық* болса, оның қыпшақ тілдеріне тән құбылыс екенін жоғарыда айттық. Осы реттен алғанда зерттеушінің бұлайша дәлелдеуінің жаны әбден бар. *Дж-шылдық* құбылыстың қазіргі таралу шегіне қарап, Х. Данияров қыпшақтардың санының XVI ғасырдың басында Орта Азияда елсулі дәрежеде болғанын айтады. Осы себептен де қыпшақтар қазіргі өзбек халқының құрылуына, қалыптасуына ұйтқы болған негізгі компонент деп тұжырады аталған еңбектің авторы.

Әдеби тілдің негізгі арқауы да, ол нәр алып сусындайтын бұлақтың да халық тілі екенін мойындасақ, өзбек әдеби тілінің де өркен жайып өрістеуіне, бұғанасы бекіп, қанаты қатаюына оның халық диалектілері қосқан үлестің соншалық мол да қомақты екенін көреміз. Қазіргі өзбек әдеби тілінің негізгі арна, таяныш-тірегі шаһар диалектілері болғанымен, оның сөз қорын байытып, стильдік нақышын шыңдауда қыпшақ диалектісінің де қыруар олжа, сыбағалы үлес қосып отырғаны аян. Өзбек жерінде өсіп-өніп, орта ғасырларда қалам тебіrentкен ірі оқымысты қыпшақ нәсілінен шыққаны өткендегі тарихтан мағлұм. Олардың да шығарымпаздық өнері мен тілінің сол кезеңдегі әдеби тілге тиісінше ықпалы болғаны сөзсіз. Х. Данияровтың айтуынша қыпшақтар ортасында туған «Алпамыс», «Жәдігер» сынды халық дастандарының қазіргі өзбек әдеби тіліне пәрменді ықпалы болған. Зерттеушінің еңбегінде бұдан тыс орта ғасырдағы әдеби тіл — шағатай тілі мен қыпшақ диалектісінің арасындағы астарластықтың сыр-сипатын ұғынуға да қажетті көп деректер бар.

Тілдік жақындықтың болуының өзі қазақ елінің құрамына енген ру-тайпалар мен өзбек қыпшақтарының әуелде біріне-бірі тым жақын этностық топтардан өрбігендігінің ірі бір кепілі есепті. Расында да, бір тектен өрбіген халықтардың тіл жақындығын ұғыну үшін өзге деректермен бірге этногенез жөніндегі деректердің де мәні зор. Өзбек қыпшақтарының өзбектің басқа этностық топтары-

<sup>1</sup> Аристов Н. А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. «Живая старина». СПб., 1896, вып. III—IV, 17, 35—36-б.

<sup>2</sup> Данияров Х. Опыт изучения джекающих диалектов в сравнении с узбекским литературным языком. Ташкент. 1975.

нан, мәселен, шаһарлық өзбектерден тағы бір ерекшелігі — оларда ру-тайпалық бөліністің жігі, шежіренің әлі күнге сақталуы. Осы жағынан да өзбек қыпшақтары мен біздің халқымыздың арасында айта қалғандай этнографиялық жақындық елес береді. Мәселен, өзбек қыпшақтарындағы найман, жүз, жалайыр, қоңырат, қыпшақ, қатаған, қаңлы, үйсін, арғын т. б. осылар тәрізді ру-тайпалардың қазақ ру-тайпаларымен аттас келіп жатуынан біз осындай жақындықты ұғамыз.

Арғы тарихындағы тамырластықты былай қойғанда, қыпшақ говорларының өзбек арасында тұратын қазақтардың тілімен қазіргі сәттегі байланысы және бар. Осындағы айтып отырған аффрикат *дж*-ны алсақ та, немесе *л* дауыссызының сөз ортасында түсіп қалуы (*алса, келсе* деудің орнына *аса, кесе* деу) тәрізді құбылысты алсақ та, бұларды сол маңның қазағының қыпшақ диалектісіндегідей осы күйінде бұлтарыссыз қолданатынын байқаймыз. Сондай-ақ олардың тіліндегі жоғарыда сөз болып өткен *тіләк* (тілек), *бойақ* (баяу), *үрүғ* (ру), *егәр* (ер-тұрман) іспетті сөздердің, фонетикалық белгілердің кездесуінен де қыпшақ диалектісімен зор ұқсастық аңғарылады. Қазақ диалектологтарының өзбек арасындағы қазақтардың тілінен жинаған бұдан басқа да көп деректері осыған дәлел.

Ең негізгі деген дыбыс белгілері тұрғысынан алып қарайтын болсақ, өзбек қыпшақтарының тілі осы күнгі өзбек әдеби тілінен гөрі қазақ тіліне жақын. Сондықтан да түркі тілдерінің классификациялық жіктелісінде өзбек говорларының бұл тобын әлбетте қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерімен бірге бір ұядан өрбіген тілдерге жатқызады.

***б/п* дауыссыздарының алмасуы.** Сөз басында келген сәтте арқалайтын фонологиялық жүгінің бәлендей еместігінен болу керек, бір қыдыру түркі тілдерінің фонетикалық жүйесіндегі *п, б* дыбыстары бірінің қызметін бірі атқаруға аса бейім. Алайда бұдан олардың сөздің осы шебінде жұмсалыуында соншалық еркіндік бар екен деген ұғым тумайды. Тілдердің фонетикалық құрылысына үңілу — бұл дыбыстардың сөз басында айтылуында кәміл жүйенің барын аңғартады. Түркі тілдерінің арасында сөз басында осы бір жұп дауыссыздың бірыңғай қатаң сыңарын денірек, сосын бір өңкей ұяң сыңарын денірек қолданатын тілдерді бөліп шығаруға болады. Сөзінің бас позициясында ұяң дыбыстар айтылмайтын чуваш, хакас тілдері былай тұрсын, қалған түркі тілдерінің ішінде де сөз басында бұл дыбыстардың ұяң сыңарынан гөрі қатаң сыңарын молырақ қолданатын тілдер бар. Мәселен шор, тува, алтай, сары ұйғыр тілдері — осындай тілдер. Оның есесіне бұған керісінше жағдайды біз башқұрт тілінен кездестіреміз. Бұл тілде ұяң *б* дауыссызының кейде өзге тілден ауысқан сөздердегі қатаң *п*-ның орнына қолданылатын да жайы бар. Түркі тілдерінің жалпы фонетикасы тұрғысынан келгенде анлаутта қатаң *п* дыбысын қолданатын тілдер осы позицияға ұяң *б* дауыссызын қолданатын тілдерге қарағанда некен-саяқ. Аталған тілдерден тысқары түркі тілдерінің баршасында дерлік бұл дауыссыз жұптың қатаң, ұяң сы-



нарлары сөз басында көбіне-көп аралас қолданылады. Дегенмен осы кейінгі топ тілдердің өз ішінде де жеке-жеке алғанда бұл дауыссыздардың әр сыңарының анлауттағы жұмсалу аясы бірдей емес. Бұлардың арасынан да сөз басында осы ерін дауыссыздарының біреуінен гөрі біреуін молырақ қолданатын тілдерді табуға болады. Айталық, қазақ тілі мен қырғыз тілінде ұяң *б* дауыссызы оның қатаң сыңары *п*-ға қарағанда сөз басында анағұрлым жиі ұшырайды. Н. К. Дмитриевтің көрсетуінше соңғы екі тілдегі *п* дауыссызынан басталатын сөздердің өзі — басқа тілден ауысқан кірме сөздер. Бұдан тысқары жайда *п*-ның қазақ тілі мен қырғыз тілінде сөз басына кездесетін жері — дыбыстық еліктеуден туған сөздер.<sup>1</sup> Мұның ішінде қазақ тілінің дәл өз басына келетін болсақ, кейбір говорларда жеке-дара сөздердің бас шеніндегі ұяң *б* мен қатаң *п*-ның бірде олай, бірде бұлай құбылып, кейде бірінің орнына бірінің қолданылатын, я дүдемал естілетін кездері бар. Қалайда сөз басындағы *п*-ның *б*-ға өтуінен гөрі, *б*-ның *п*-ға өтуі — қазақ тілі говорларында тым сирек байқалатын құбылыс. Мұның бұлайша болуын тіліміздегі сөздердің бас позициясына аталған ерін дауыссыздарының көбіне-көп ұяң сыңарының тәндігінен деп ұғыну керек. Әдеби тілімізде болсын, говорларымызда болсын қатаң *п* дауыссызы байырғы қолтума сөздерімізде оқпалы болмаса, анлаутта көп айтыла бермейді. Бұған дейінгі диалектологиялық мәлімет жиналған қазақ говорлары арасында бұл құбылыстың (ұяң *б*-ның қатаң *п*-ға ауысуының) бір шама жиірек байқалған жері — Өзбекстан, Тәжікстан, Қарақалпақстан, Түрікменстан республикаларының территориясы мен осы республикаларға шектес аймақта тұратын қазақтардың тілі. Мәселен, әдеби тіліміз бен көпшілік говорларымызда *біт*, *біте*, *болат*, *бал*, *бұқара*, *балпан*, *бұу* боп айтылатын сөздердің басқы дыбысы қатандап мұндағы қазақтарда *пит*, *пите*, *полат*, *пал*, *пұқара*, *палапан*, *пұу* түрінде айтылатыны көрінеді.

Осы өңірдің қазағының тілінде жиі байқалып, өзге өңірлердің қазағының тілінде аса сирек ұшырауы — бұл құбылыстың да төркіні өзбек, қарақалпақ, түрікмен тілдерімен астарлас болмады ма екен деген сауалға еріксіз итермелейді. Өйткені аталған атырапты мекендейтін қазақтар сөз басында қатаң *п* дауыссызын қолдануға өте-мөте бейім тілдерден чуваш, хакас, алтай, шор, тува, сары ұйғыр) қоныс жағынан тым шалғайда жатыр. Ал қазақ топырағының өзге қоныстарына келетін болсақ, мұндағы қазақтарда жаңағы өңірдің қазағының тіліндегі бас шенінде қатаң *п* айтылатын сөздердің бәрінде дерлік ұяң *б* айтылады екен. Төменде беріліп отырған сөздердің тізбегі бізге осыны дәлелдейді.

Ал өзбек, қарақалпақ, түрікмен тілдері болса, бұлардың *п* қатаңын сөз басында қолдану жөнінен басқа түркі тілдерінен оза шауып тұрған тілдер емес екені рас. Бірақ біздің бұл түсінігіміздің өзі — тек сырт қарағандағы, осы тілдердің әдеби формасы тұрғысы-

<sup>1</sup> Дмитриев Н. К. Фонетические закономерности начала и конца тюркского слова. «Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков», I. Фонетика. М., 1955, 270-бет.

нан қарағандағы ғана түсінік. Бір тіл мен бір тілдің арасында байланыс атаулының бар-баршасына тек олардың әдеби түрінің деңгейінен ғана қарау — мәселенің мәнісін үстіртін түсінгендік болар еді. Тіл аралығында болатын қарым-қатынастың шұу деп басталар арнасының өзі, абзалында, халық тілінде, дәлірек айтқанда, халық тілінің жергілікті диалектілері мен говорларында жатпақ. Әдеби тіл деңгейінде болатын байланыс тіл-тілдің аралығында болуы ықтимал байланыстың бір жағы ғана. Ежелден тарихи тағдыры ортақ, қонысы іргелес жұрттардың бір-біріне өзара тигізер тілдік ықпалы туралы сөз еткенде, бұл мәселені халық диалектілерінің шеңберінен тыс алып түсіндіру өсте мүмкін емес. Әсіресе мән-мәнісін тек диалектілік ауқымда ғана танып білуге болатын тіл құбылысының шыққан ізін бағдарлау үшін мәселеге өзара зерттеліп отырған тілдердің көршілес диалектілері тұрғысынан қарау—бірден-бір парыз. Осы жағынан алғанда, әңгіме етіліп отырған дыбыстық жұптың қатаң сыңарын сөз басында қолданудың аталған өңірдің қазақтарымен көршілес тілдердің диалектілеріндегі жай-жапсары қандай екен, міне соған тоқталсақ.

Алдымен әңгіме қарақалпақ тілі туралы болсын. Қазақ тілінде басқы дыбысы ұяң айтылатын *бу, борсық, борсы, бәсең, бүге* (асық туралы), *бөстек* сөздері 1958 ж. шыққан қарақалпақша — орысша сөздікте *пуу, порсық, порсы, пәсең, пүкке, пөстек* боп берілген. Сонымен, сырт қарағанда қарақалпақ тілі қыпшақ тобындағы өзге тілдер секілді *п* қатанын сөз басында сарабдал қолданатын тіл болып көрінгенімен, оның дыбыс жүйесінде, әсіресе оңтүстік қарақалпақ говорларында бұл құбылыстың елеулі орын алатыны аңғарылады. Бірақ осы екі дауыссыздың қайсысы сөз басында қарақалпақ тілінде жиі ұшырайды десек, әрине, онда ұяң *б*-ны айтуға тура келеді. Бұл—қыпшақ тобындағы тілдердің бәріне тән ортақ қасиет. Бұл жағдайларды баяндаудағы мақсат—қарақалпақ жерін қоныстанған қазақтардың тілінде сөздің бас шенінде кездесетін *п* қатанының ғайыптан пайда болмағанын, оның қарақалпақ тіліндегі өзіне ұқсас осындай құбылыспен сабақтас құбылыс екендігін айту (келесі беттегі табл. қараныз).

Айтылып отырған дауыссыздарға қатысты анлаут қатаңдығының сөздердің жоғарыдағы тізбегінен тысқары енді бір тараған лексикалық өрісі антропонимдер мен топонимдерді қамтиды. Топоним дегенде, әрине, өлкенің кейінгі тұрғындарының ежелден ірге тепкен жер аттарын өзінен бұрынғы сол өлкеде тіршілік кешкен халықтар қалай атап келсе, оны өзгертпей сол қаз қалпында я болмаса өзінің тіліне ыңғайлап, аздаған фонетикалық өзгерістермен атай беретін жай—халық тілінде жиі кездеседі. Өлкенің топонимикалық атауларындағы көне иран субстратын былай қойғанда, мұнда қарақалпақ тілінің дыбыстық әуенімен айтылатын түркіше жер-су аттары да толып жатыр. Мұның бәрін өлкенің қазіргі түбегейлі тұрғындары қарақалпақтар қалай айтса, мұндағы қазақтардың да дәл осылай айтатыны өз-өзінен түсінікті. Өйткені олардың бәрін бұл жердің қазағы қарақалпақ тілінен еншіленіп отыр. Әрі оның үстіне қазақ тілі мен қарақалпақ тілі дыбыстық

Қарақалпақ арасында тұратын қазақтардың тілінде	Қарақалпақ тілінің оңтүстік диалектінде	Қазақ жерінің солтүстік, батыс, шығыс, орталық және оңтүстік-шығыс өңірінде	Қазақ әдеби тілінде
пұта	пута	бұта	бұта
пұтақ	путақ	бұтақ	бұтақ
палапан	палапан	балапан	балапан
палақпан	палақпан	балақпан	балақпан
питегене	питеген	бітегене	бітегене
палуан	палуан	балуан	балуан
песін	песни	бесін	бесін
пәте	пәте	бата	бата
пұт	пут	бұт	бұт
пұткүл	пүткил	бұткүл	бүткіл
пыт-пыт	пыт-пыт	быт-быт	быт-быт
пәйік	пәйекши	бәйск	бәйек
пор	пор	бор	бор
пуу	пуу	буу	бу
пақыр	пақыр	бақыр	бақыр (айқайла)
пәкі	пәки	бәкі	бәкі
палшы	палшы	балшы	балгер
пiте	питә	біте	біте
полат	полат	болат	болат
пал	пал	бал	бал
палдай	палдай	балдай	балдай
пал (аш)	пал (аш)	бал (аш)	бал (аш)
палгер	палкер	бәлгер	балгер
пұқара	пуқара	бұқара	бұқара
посқан	посқан	босқан	босқан
пәлек	пәлек	бәлек	бәлек
пит	пит	біт	біт
питкер	питкер	біткер	біткер
питік	питик	бітік	бітік
питім	питим	бітім	бітім
пүтүн	пүтүн	бүтүн	бүтін

жағынан да, өзге жағынан да бір-біріне аса жақын тілдер ғой. Сондықтан да олар Қарақалпақ тіліндегі атауларды өз ана тіліне бейімдеуді соншалық қажет етпейді де. Мәселен, осындағы *п* дауыссызынан басталатын *Порсы*, *Пақтарына* сынды жер аттарын қазақтар *Борсы*, *Мақтарна* деп атаса керек еді, бірақ олай етпейді. Бұл атаулар қазақ тілінде сол қарақалпақ тіліндегі фонетикалық нұсқасында қалыптасқан. Біздің айтып отырғанымыз мұндай атаулар жөнінде емес, бұл өлкенің жеріне қатысы жоқ географиялық атаулардың айтылысы жайында. Бағы заманнан қазақ жұртының тілінде *Бұқар*, *Бұқара* деген нұсқада қалыптасқан қала атын (немесе хандықтың аты) бұл жердің қазағының тілінен *Пұқара* шәһәрі, *Пұқара* әмірі деген нұсқада ұшырастырамыз. Мұның басқы дыбысының бұлайша қатаң айтылуында да қарақалпақ тілінің табы бар. Өйткені қарақалпақтар бұл атауды үнемі осы фонетикалық үлгіде қолданады. Сонымен қатар бұл сөздің қарақалпақ жеріндегі қазақтардың тіліндегі *пұқара* (халық) сөзімен дыбыстық әуендестігі барын білеміз. Ал енді антропонимдерге

келсек, мұның жөні топонимдерден бір басқа. Мұнда кісі атын құрайтын негізгі морфологиялық компоненттердің көбі-ақ айтыла келе әбден құлаққа сіңіп, өзге тілден келгенімен, ана тілінің бейне бір қолтума элементіне айналады. Мұндай атаулардағы өзге тілден ауысқан дыбыстық модельдер нәрестеге қойылған аттан бастап, атадан балаға мирас есепті лексикамыздың өнбойына селбесіп еріп отырады. Өзге жұрттың арасында отырған жергілікті халықтың тілінде сол жұртқа тән адам есімдерінің жиірек кездесуі де осыдан. Бұл тәрізді жайдың қарақалпақ арасындағы қазақтардың тілінен сан мысалын келтіруімізге болар еді. Бірақ оның бәрін бұл жерде қажеті жоқ. Тек өзіміз әңгіме етіп отырған дыбыстық құбылысқа байланысты басы қатаңмен айтылатын *Піржан*, *Пірімжан*, *Палымбет*, *Пірімбет*, *Палым*, *Палайым* секілді бір топ атаулардың барын еске сала кетсек пе дейміз. Бұл есімдердің бәрі де осы атыраптағы жергілікті қазақтардың лексиконына әбден сіңіскен, орныққан есімдер. Егер қазақ жерінің орталық, солтүстік, батыс немесе шығыс өңірінде болса, бұл секілді кісі аттары *Біржан*, *Бірімжан*, *Бірназар*, *Болымбет*, *Бірімбет*, *Балайым* болып аталған болар еді. Мұның олай болмауының негізгі себебі — бағзы-баяғы өзге тілдік қоршаудың ықпалынан. Қарақалпақ тілінде де бұл есімдердің бас позициясында үнемі қатаң *n* қолданылады екен. Этимологиялық тұрғыдан алғанда, осындағы кей кісі есімдеріндегі бірінші морфеманың (*пір*, *бір*) басқы дыбысы *n* мен *b*-ның қайсысын бұрынырақ десек, онда *n*-ны бірінші орынға қоюға тура келеді. Олай болатыны *пір//бір* морфемасының бастапқы нұсқасы парсының ақсақал қария мағынасындағы сөзі екені белгілі. Қазақ ауыз әдебиетіндегі «жеті көміл перлері», «йа, пірім, қолда» деген сияқты реттерде дем беруші, қолдаушы жөнінде айтылатын *пір* сөзі — осы сөз. Бірақ әдепкі төркін нұсқасындағы басқы дыбысы *n* болғанымен ол қазақ топырағының көпшілік жеріндегі кісі есімдерінде *бір* — деген фонетикалық нұсқада басы ұяң айтылатын болып қалыптасқан. *Палайым* есімінің неге қатаң дауыссыздан басталуының сырын ұғыну үшін салыстырма тізімдегі бал сөзінің қарақалпақ қазақтарында *пал* болып айтылатынын еске салудың өзі-ақ жеткілікті. Осындағы *пал* сөзін жергілікті қазақтардың тіліндегі *шекерпал* деген қауын атынан да кездестіреміз. Бұл да қарақалпақ тілінде осылай айтылады. Көп жерде *Болымбет* деген формада кездесетін кісі атының бұл жердің қазағының тілінде *Полымбет* болып айтылуының сыры да осы сияқты. Бұл есім де қарақалпақ тілінде тұп-тура осы кейінгі қатаң дыбыстан басталатын нұсқадан қолданылады.

Бұл құбылыстың кісі есімдерінде байқалуы өзбек арасы мен соған шектес жатқан аудандардың қазағының тілінде де бар. *Полат*, *Полатбек*, *Пақтагүл*, *Полымбет*, *Пәсен* секілді кісі есімдерін Қазақстанның оңтүстік өңірінен жиі кездестіруіміз — осыған кепіл<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> Жанұзақов Т. Жергілікті тіл ерекшеліктеріне байланысты кісі аттары. «Қазақ диалектологиясы», 1-т. Алматы, 1965, 194-б.

Өзбек арасындағы қазақтардың тіліндегі	Өзбек тілінде	Қазақ жерінің солтүстік, батыс, шығыс, орталық және оңтүстік-шығыс өңірлерінде	Қазақ әдеби тілінде
пайқа палапқан піт пітір піткер пүтүн пақыр полат палуан пәкі пәкене пейшембі пешпет пал (аш) пәлек	пайқа палақмон пит пүтүр питкер пүтүн пақир пулат появон пакки пакана пайшанба пешмат фола (ақ) палак	байқа балақпан біт бітір біткер бүтүн бақыр болат балуан//палуан бәкі бәкене//пәкене бейсембі бешпет//бешшент бал (аш) бәлек	байқа балапқан біт бітір біткер бүтін бақыр болат балуан бәкі бәкене бейсенбі бешшент бал (аш) (қауын-қарбыз) желісі
пәтір пайтаба пешақа пұт пәте//пата//патия пүткүл пұтақ пұта пақыр	натир пайтава пашаха пут//пыт фотиха//патья нуткул пытақ//путақ ныта пақир	бәтір байтаба бесақа бұт бата бүткүл бұтақ бұта бақыр	(нан түрі) (шұлғау) (айыр) бұт бата бүткіл бұтақ бұта (шелек)

Өзбек тілі де сөзінің бас позициясында *n* мен *b* дауыссызын аралас қолданатын тілдердің қатарына жататынын айтқанбыз. Бірақ сөз басында бұл дыбыстардың ұяң түрін басым қолданатын қазақ, қырғыз тілдеріне қарағанда өзбек әдеби тілінде *n*-ның анлаутта ұшырауы анағұрлым жиірек. Ал өзбектің кей халық говорларындағы бұл дауыссыздардың аталған позицияда қолданылу жай-жапсарына назар аударар болсақ, мұнда жағдайдың өзбек әдеби тілінен гөрі басқашарақ екенін көреміз. Проф. В. В. Решетов өзбек тілінің *дж-шыл* (джекающий) говорларында көп сөздердің бас шенінде ұяң *b*-ның орнына үнемі қатаң *n* дауыссызы қолданылатындығын айтады. Сол тәрізді Хорезм өзбектерінің қыпшақ типтес говорларында оғұз диалектісіндегі *b*-ның орнына ылғи қатаң *n* жұмсалатындығы жөніндегі пікір проф. Ф. А. Абдуллаевтың зерттеулерінде де бар. Өзбек тілінен келтірілген салыстырма мысалдардың бірқатарын біз осы авторлардың еңбектерінен алып отырмыз. Қыпшақ говорларын былай қойғанда, қазіргі өзбек әдеби тілінің ірге тасын қалаған шаһарлық типтегі өзбек говорларында да осындағы біз келтіріп отырған тізімдегі көп сөздердің басында қатаң *n*-ның өзге говорлардағы *b* ұяңымен алмасатынын көреміз. Мәселен, қалалық өзбектердің тілінде *бұтақ*, *бұт* сөздерінің басқы дыбысы Ташкент өңірінде тұратын қазақтардың тілін-

дегідей *пугағ*, *пугт* деген қатан нұсқада қолданылады<sup>1</sup>. Сондай-ақ Ташкент облысының Янгиул, Калинин, Бөке, Аккорған, Орта Шыршық аудандарындағы қазақтардың тілінде кездесетін *пугтүн*, *пугтір*, *пугткен*, *пугтқұл* сынды сөздердің де бас позициясындағы еріндік дауыссыз да өзбек тілінің Ниязбашы говорында *пугън*, *пугир*, *пугкен*, *пугкул* болып, қатан вариантта айтылады екен. Ал бұл говор болса, Ташкент түбіндегі қалалық говорлар тобына жататын көрінеді. Демек, өзбек тілінің тек қыпшақ санатына кіретін говорларында ғана емес, шаһарлық говорларында да *п* қатанының ұяң *б* орнына жүретін кездері бар екен.

Өзбек әдеби тілінің де, диалектілерінің де қазақ тілінен оқшау тұрған тағы бір жері бар. Ол *ф* дыбысына байланысты. Араб тілінен енген сөздердің бас шеніндегі осы дыбыс өзбек әдеби тілі мен оның көпшілік говорларында сол бағзы қалпына жуық фонетикалық нұсқада ызын *ф* қатаңмен айтылады.<sup>2</sup> Қазақ тілінде сөздің қай шебінде болса да *ф* дауыссызының оқта-текте кездесетіні мәлім. Бірлі-жарым еліктеулер мен олағайларда демесек, ана тіліміздің төл сөздерінің бірде-бірінде бұл дыбыс байқалмайды. Араб тілінен енген сөздерде *ф* дауыссызы тілімізде бұрын да айтылып жарымаған, оны мұндай сөздерде қазір тіптең қолданбаймыз десек те болады. Әрине, араб тілінің әсері молырақ сақталған өткендегі кейбір кітаби үлгідегі жазба мұралардың жайы бір басқа. Мұндай жазбалардағы араб кірмелерінде *ф*-ның сақталуына қарап, халқымыздың ауызекі тілінде де осы сөздер сол дәуірде *ф* дауыссызымен айтылған екен деуге болмайды. Арабтан еншіленген сөздерімізде мұндай дыбысты қолдану, асылында, мұсылманша хат таныған зиялы қауым арасында болмаса, халық тілінде болмағаны аян. Тіліміздің лексикасына ертеде сіңіскен араб сөздерінің бар-баршасында түп нұсқадағы арабша *ф* дауыссызы келген жердің бәрінде де ол дыбыс қазақ тілінде әлбетте *п*-ға, яки ара-тұра оның ұяң сыңары *б*-ға ауысады. *фараз*, *фида*, *фикр*, *фиғл* сынды басқа дыбысы *ф* дауыссызымен келетін араб сөздерін әдеби тіліміз бен жергілікті халық тілінен *парыз*//*барыз*, *пида*//*бида*, *пикір*//*бікір*, *пығыл*//*пығыл*//*биғыл* секілді нұсқада ұшырастыруымыз да осыдан. Араб кірмелеріндегі *ф*-ның қазақ тіліне келгенде жүйелі түрде қос ерін дыбысы *п* мен *б*-ға өтуінің сырын тек ана тіліміздің фонетикалық табиғатына мұндай лабиоденталь дыбыстың тән еместігінен деп қана түсіндіруге болады. Ал қазіргі интернационал сөздер мен терминдерде *ф* дыбысын қолданып жүрген болсақ, мұны лексикалық жолмен сол сөздерге ілесіп келген тек сол сөздердің жеке өз басына ғана тән дыбыс деп қарауымыз керек. Кейінгі жағдай қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне мұндай фонеманың тән екендігінің еш уақыт кепілі бола алмайды. Әр-берден

<sup>1</sup> Шоабдурахмонов Ш. Таянч шаһар шеһалары. Өзбек диалектологиясынан материаллар. II. Тошкент. 1961. 269-б.

<sup>2</sup> Атамйрзаева С. А. Фонетические вопросы языкового заимствования. — Советская тюркология и развитие тюркских языков в СССР. Всесоюзная тюркологическая конференция. Тезисы докладов и сообщений. Алма-Ата, 1976. 259-б.

сон қазақтың ауызекі тілі тіпті кейбір интернационал сөздердегі *ф*-ның орнына *п*, *м*, *б*-ны қолдануға бейім: *порым* (*форма*), *пәнер* (*фанера*), *манар//панар* (*фонарь*), *білте//пілте* (*фитиль*).

Байырғы сөздерде ұяң *б*-ның анлаутта *п* мен салыстырғанда басым қолданылуына қарамастан, айтып отырған фрикатив дыбыстың аталған еріндік жұптың (*п*, *б*) қатаң сыңарына денірек өтуінің себебі аса көп түсінік тілемесе керек. Өйткені араб тіліндегі *ф* қатаң дыбыс, сол үшін де ол үнің қатысы тұрғысынан алғанда ұяң *б*-дан гөрі қатаң *п*-ға анағұрлым жақын тұр. Араб тілінен енген сөздердегі *ф* дауыссызының қазақ артикуляциясына ыңғайлануындағы осы заңдылық — өзбек арасында тұратын қазақтардың тілінде де айқын байқалады. Мәселен, салыстырып өткен мысалдардан өзбек тілінде *фотиха* түрінде айтылатын сөздің мұндағы жергілікті қазақтардың тілінде *пәтия//пәте//пата* болып басқы дыбысы қатаң *п*-мен айтылатыны көрінеді. Жалғыз араб тілінен енген сөздерде ғана емес, өзбек тілінде анлауты *ф*-мен келетін сөздердің басқа тобында да осы дыбыстың орнына қазақ әдеби тілі мен жергілікті говорларында үнемі *п* дыбысының қолданылатыны мәлім. Қазақ тіліндегі *пәрмен*, *перзент*, *періште* секілді парсы сөздерінің өзбекшесінде де әр уақыт сөз басында құлағымызға *п* дауыссызы шалынуы осындай себепке байланысты (өзбекте бұл сөздер *фармон*, *фарзанд*, *фаршита* болып айтылады). Кірме сөздердегі фрикатив *ф*-ның шұғыл *п*-ға ауысуы — өзбек тілінің кей говорларында да байқалатын құбылыс. Проф. В. В. Решетов Самарқанд — Бұқар типінен тысқары говорлардың біразында өзбек әдеби тіліндегі *фарқ*, *фан* секілді кей сөздердің *пәрқ*, *пән* түрінде айтылатындығын көрсеткен.

Қазақ тілі мен қырғыз тіліндегі сөз басындағы көпшілік *п* қатанының арғы төркіні араб тілінен еншіленген фрикатив *ф*-да жатыр. Революциядан бұрынғы түркі тілдерінің көбінде *ф* дыбысының сөздің бас шебінде қолданылғаны, бөгде тілден енген сөздерде кездескен жерде оның *п* дыбысына өтетін жайындағы пікір проф. Н. К. Дмитриевтің жоғарыда көрсетілген мақаласында да бар.

Біздің тілімізде де, өзіміз әңгімелеп өткен өзбек тілінде де бас позициядағы *п* айтылатын сөздер, — негізінен алғанда, өзге тілден ауысқан кірме сөздер. Еліктеу, одағай сөздер мен солардан өрбіген туынды сөздерден тыс жерде қазақ әдеби тілі мен оның говорларының денінде сөз басында *п*-қатанының қолданылуы жоқтың қасы. Тілімізде алдыңғы сөздің соңғы дыбысы қатаң дауыссыз болса, оған жедел тұрған сөздің басындағы *б*-ның айтылуда қатаңдап *п*-ға айналатын кезі болады. Әсіресе мұндай құбылудың жиі байқалатын жері — *таспақа* (*тасбақа*), *Итпай* (*Итбай*) секілді біріккен түбірлердің жігі. Дыбыстардың комбинатор жолмен өзгеруінен туатын мұндай жәйттің біз айтып отырған фонетикалық белгіден мүлдем басқа құбылыс екені белгілі.

Ескерте кететін бір нәрсе. Сөзге экспрессиялы өң беріп, желпінте айтқан сәттерде динамикалық екпіннің бірінші буынға түсетін кезі болады. Мұндай ретте, екпіннің ыңғайынан болу керек, сөз

басындағы ұяң *б* қатаң *п*-ға ауысады, не болмаса соған шалыстау естіледі. Бұл *б*-дан басталатын барлық сөздерге тән қасиет емес. Қазақ тілінде осылай құбылуға бейім тұратын бірлі-жарым сөздер бар. Соның ішінде ауызекі сөйлеуде жиі кездесетіні — *бер* естістігі. Басқы дыбысы өзгеріске түсуі үшін оның әлбетте көсемше тұлғасында айтылуы керек. Мысалы: Мен де оны шықшыттан *періп* кеп жібердім. Автоматтың шүйдесімен офицердің шекесінен *періп* қалды. Бұл мысалдардағы аңлау *б*-ның қатаңдауы — дыбыс алмасуынан мүлдем басқа құбылыс.

Орта Азия жеріндегі түркі тілдері арасында сөз басында *п* дауыссызын молырақ қолданатын тілдің бірі — түрікмен тілі. Ұяңдардың өзге түрімен салыстырғанда бұл тілдегі жағдайдың дәл осы тұста керісінше екенін көреміз. Сол атыраптағы қазақ говорларынан жиналған осы құбылысқа қатысты бізге мәлім деректердің ішінде түрікмен тілімен сәйкесетіндері кемде-кем. Бұл — өзгімеленіп отырған дыбыстық құбылыстың, осы екі тілге ортақ лексиканың құрамында азырақ байқалуынан. Әйтпесе Орта Азияның ішкі қоныстарының қазағының тілінде *б/п* алмасуының пайда болуына түрікмен тілінің қатысы мүлдем жоқ еді деу әбестік болар еді. Бұл құбылыстың осы тілмен ортақ сөздерде байқалуы тіптен жоқ емес. Оны мына салыстырма тізімнен көруге болады:

Орта Азияның ішкі қоныстары мен соған іргелес өңірдің қазағының тілінде	Түрікмен тілінде	Қазақстанның солтүстік, батыс, шығыс, орталық және оңтүстік-шығыс өңірінде	Қазақ әдеби тілінде
пұтақ пұта пата//пәте полат пал (аш) палшы пұқара палуан пақыр пыт-пыт	пудак пуда пата полат пал (ач) палчы пуқара палван пақыр пыт-пыт	бұтақ бұта бага болат/полат бал балгер бұқара балуан//палуан бақыр быт-быт//пыт-пыт	бұтақ бұта бата болат бал балгер бұқара балуан бақыр (айқайла) быт быт

Орта Азияның ішкі қоныстарында тұратын қазақтардың жергілікті говорларында *п* дауыссызының сөздің бас шенінде әдеби тіліміз бен өзге говорларымызға қарағанда едәуір жиі айтылатынын жоғарыдағы мысалдардан көріп отырмыз. Бірақ осы мысалдардың төркінін қуалап келгенде, олардың ішінен де мынау түркі тілдерінің басы байлы өзінікі деп ұстарымыз аз. Тізімнен *піт*, *піткер*, *пітік*, *путін*, *пұта*, *пұтақ* сынды санамал сөздерден бөтен түркі түбірлес сөздердің табылуы сирек. Халықтық тіліміздегі *п*-дан басталатын сөздердің байырғы лексикамыздан гөрі кейінгі замандардың жемісі — бөгде тілден енген сөздердің бойына тән скендігінің бұ да бір дәлелі есепті. Шынында да, кестеде қамтылған сөздердің



тізбегін жай шола караудың өзі-ақ мұндағы сөздердің дені парсы тілінің дерегімен астасып жатқандығын аңғартады. Мәселен, тізімдегі *полат, пал (аш), палгер, песін, нақыр (шелек), пәлек, пәтір, палақпан, пәкене, пейшембі, пешақа, пайтаба* секілді сөздер — түркі тілдеріне әуелде иран текті тілдерден ауысқан кірме сөздер. Бұл сөздердің бірінші дыбысының иран тілдеріндегі әдепкі нұсқасы да *п, ф* дауыссыздарынан басталатынын еске түсірсек, онда өзбек, карақалпақ тілдерінде және солармен көршілес қазақтардың тілінде бұл сөздердің неге қатаң дыбыстан басталатындығын түсіну аса қиын емес.

*п, б* дауыссыздарының түркі тілдерінің дыбыстық жүйесіндегі фонологиялық қызметінің соншалық елеулі еместігі, әрі олардың сөздің барлық позициясында бірін-бірі оңай алмастыруы сияқты белгілері — сөз жоқ, бұл дыбыстардың әуелде бір фонемадан өрбігендігінің нышаны. Бұлардың әуелгі бастамасының бір дыбыс екендігі жөнінде ғылымда талас та, басқадай пікір де жоқ. Мұндағы пікір таласының негізгі тірелер жері — тек осы дыбыстардың қайсысының түркі тілдерінің дыбыстық жүйесінде тұңғыш қолданылатындығы хақында. Мәселенің тақырыбын өзіміз айтып отырған әңгімеге жақындату үшін сөздің басқа позициясында емес, бұлардың анлаутта қолданылуы жайындағы кейбір пікірлерге тоқталайық. Проф. А. Н. Щербактың<sup>1</sup> топшылауына сүйенсек, ежелгі түркі тілдерінде бұл дыбыстық жұптың сөз басында тек қатаң түрі қолданылған да, ұяң түрі содан кейін туындаған кенже құбылыс. Бұған зерттеушінің келтіретін дәлелдері мынау. Сөздің бастамасы — сөздегі ең айқын позиция, өйткені сөз арқылы алынатын информацияның көпшілігі сөздің бас жағына шоғырланады. Ал қатаң дыбыстардың ұяңдарға карағанда тегеурінді (айтылғанда құлаққа анық естілетін) фонема саналатыны белгілі. Қазіргі түркі тілдеріндегі анлауттағы ұяң *б* қатаң *п*-ның әлсіреуінен (айтылғанда құлаққа дүдәмәл естілуі) бертін келе пайда болған. Оның үстіне дауыссыздардың сөздің бас шебінде қатаң, ұяң боп жұптасып келуі — осы күнгі түркі тілдерінің бәріне бірдей тән емес. Сөзінің басында ұяң дауыссыздарды қолданбайтын да түркі тілдері бар (хакас, чуваш тілдері). Сол себептен де, — деп көрсетеді зерттеуші, — дауыссыздардағы қатаңдық, ұяңдық немесе тегеурінділік, әлсіздік секілді айырмашылықтарды түркі тілдерінде бұрын болып, кейін жойылып кеткен дыбыстық оппозицияның сарқыншағы деп танымау керек, нақтылы фонемалардың диалектілердің өз ішіндегі немесе диалект аралығындағы құбылуынан туған аллафондар (фонеманың варианттары) деп қана тану керек. Сол үшін де А. М. Щербак пратүркі тілінде болуы ықтимал бір буынды сөздердің өзі жасаған тізіміне *б*-дан басталатын бірде-бір сөз енгізбеген. Жалпы, айтылып отырған мәселе жөніндегі А. М. Щербак пікірінің ұзын ырғасы осындай. Өзбек тілінің Хорезм говорларында сөз басындағы *п* мен *б*-ның қолданылуы жөніндегі көптеген

<sup>1</sup> Щербак А. М. Сравнительная фонетика тюркских языков. Л., 1970, 89—95-б.

зерттеушілердің пікірімен салыстыра отырып, проф. Ф. А. Абдуллаев та кітабында әнгімеленіп отырған дауыссыз жұптың қатаң сыңары түркі тілдері дамуының ең көне дәуіріне тән деген тоқтамға келеді.<sup>1</sup> Түркі сөздерінің бастамасындағы қатандық туралы арнайы мақала жазған проф. Н. З. Гаджиева да жұп дауыссыздардың ұяң сыңары олардың қатан сыңарымен салыстырғанда кенже дамыған дыбыстар деп біледі.<sup>2</sup> Кейінгі зерттеушінің төркін тілдегі сөз басының қатандығы жөніндегі өзі ұсынып отырған бапты құптарлық дәйегі де жоқ емес. Зерттеуші сөздің алғашқы дыбысының қатандығы бірінші буынға түсетін күшті экспиратор екпінімен астарлас құбылыс деп түсінеді. Оның айтуынша ертедегі түркі сөздерінде екпін қазіргідей соңғы буынға емес, алғашқы буынға түскен, сонымен бірге ол әлбетте қарқынды айтылатын экспиратор екпін болған. Екпін сипатының бұрын осылай болғандығының дәлелі үшін Н. З. Гаджиева қазіргі түркі тілдері мен диалектілерінен деректер келтіреді.

Бірінші — көптеген түркі тілдері мен диалектілерінде сөздің екінші буынындағы дауыссыздардың тұрақсыз келетін жайы. Мәселен, азербайжан тіліндегі *көмір//көмүр* т. б. Мұндайларды екпіннің төркін тілде бірінші буынға түсуінен сақталған құбылыс дейді автор. Сосын екпіннің ту баста бірінші буында болуын зерттеуші түркі тілдеріндегі дауыстылар үндестігімен байланыстырады. Сөздің алғашқы буыны қалған буындарға үндестік жағынан жетекшілік қызмет атқару үшін әр кез тайға таңба басқандай анық айтылуы қажет. Осы себептен де ертедегі екпінді сөздің бірінші буыны қабылдаған. Бұл тұста зерттеуші Ф. Е. Қорштын кейінгі буындағы дауыстылардың сөз түбіріндегі дауыстының ықпалына еріп, онымен үндесуінің сыры — ежелгі түркі тілінде екпіннің алғашқы буынға түскендігінен дейтін белгілі тұжырымына сүйенеді. Бұдан кейінгі Н. З. Гаджиеваның өзі дәлелдеп отырған пікіріне таяныш тұтқаны — түркі тілдеріндегі монғол тілімен түбірлес бірқатар сөздердің монғол тіліне қарағанда келте, қысқа айтылатындығы. Мәселен, түркіше *түн*, монғолша *түне* т. б. «Сөз соңының бұлайша қысқаруы да көне түркі дәуіріндегі екпіннің бірінші буында болғандығын айғақтайды,» — дейді зерттеуші. Екпіннің әуелде осылай екендігінің тағы бір дәйегі деп бұл кісі — созылыңқы дауыссыздардың (долгие гласные) қазіргі кей түркі тілдерінде дифтонг дыбысқа айналуын айтады. Мәселен, өзбек тілінің құрама говорындағы *йит* (ит) т. б. Бұл да сол бағзы-баяғы екпіннің бірінші буында болғандығын дәйектейтін нышан деп қарайды автор. Бұл айтылғандардан тыс пратүркі тілінде қатаң-ұяң жұпта аралас қолданылған дейтін де пікір бар. Бұл — Х. Педерсен, В. М. Илич-Свитич, О. Прицак тәрізді ғалымдардың пікірі. Ұяңдардың ішінде пратүркі тіліне тәні жалғыз *б* дауыссызы ғана еді дейтін көзқарасты айтқан да ғалымдар бар (Н. Н. Поппе, В. А. Богоро-

<sup>1</sup> Абдуллаев Ф. А. Фонетика хорезмских говоров. Ташкент. 1967. 17-б.

<sup>2</sup> Гаджиева Н. З. Глухое начало слова в тюркском языке. «Советская тюркология», 1973, № 4, 3-б.

дицкий). Сөз басының қатаңдығы секілді сөз басы ұяңдығының да тамырының тым тереңде жатқандығы даусыз. Оның көптеген қазіргі тілдердегі байырғы түркі сөздерінде кездесуі бізді осыған меңзейді. Кей тілдердегі сөз басындағы *n*-ны араб-иран ықпалы деп танитын да көзқарас бар. Дәл араб-парсы кірмелерінің өз басына келгенде, бұл пікірдің дұрыстығына шүбәланудың орайы жоқ. Ал нағыз төл түркі сөздеріне келсек, оның тарихи белгі, байырғы белгі екенін айтуымыз керек.

Көне ескерткіштердің ең әрідегі үлгісі орхон-енісей жазуларын алатын болсақ, онда қатаң *n*-дан басталатын түркі сөздері жоқ екен. Оның есесіне бұларда ұяң *b* дауыссызына басталатын сөздер көп<sup>1</sup>. Бұдан кейінгі дәуірлердегі жазбалардың қай-қайсысында да *b* мен *n*-дан басталатын сөздер аралас ұшырайды деуімізге болады. Бірақ осы жерде бір азырақ кілтпан бар. Ол жазбалардың алфавитіне қатысты. Араб алфавитінде түркі тілдеріндегі *n* дауыссызына ұқсас дыбыстың жоқ екені мәлім. Араб графикасымен жазылған ескерткіштердің кейбіреуінде қатаң *n*-ны белгілейтін қосымша таңбамен берілген әріп бар да, кейбіреуінде ол жоқ. Бірақ осы таңбаның өзінің оқылуы екіталай. Мәселен, М. Қашқаридың «Диванында» ерін дыбыстарын белгілейтін түрлі таңбаны Т. А. Боровкова сөздің басында келген жердің бәрінде бір ғана ұяң *b* түрінде оқу керектігін мақұлдайды да, Қ. Брокельманның ондағы төрт сөздің анлауына *n* қойып оқыған жеріне күмән келтіреді. Қыпшақ ескерткіштерінің зерттеушісі Ә. Құрышжанов та XIII ғасырдағы «Түркі-араб сөздігінде» *n* дыбысының екі түрлі таңбамен берілгендігін айтады. Араб әліппесімен жазылған түркі жазба мұраларында сөз басындағы *b* мен *n* дауыссыздарын берудегі мұндай қайшылықтар мен екі ұшты жайларды бұл тұста соншалық тәптішпен айтып жатудың қажеті аз болар. Мұның бәрін былай қойғанда емле тәртібінің ескідегі жазбаларда мүлтіксіз сақталып отырмайтыны тағы бар. Қысқасы, мұсылманша нұсқалардағы сөз басындағы *n*-ның оқылуы тым шартты. Сондықтан көп жазба ескерткіштердің нақтылы түркі сөздеріндегі анлау *n*-ның жайы шүбәлі. Ал сөз басындағы ұяң *b* барлық араб алфавитіндегі түркі жазбаларының бәрінде де бар. Ұйғыр алфавитімен жазылған көне нұсқалардағы анлау *n* мен *b*-ға байланысты осы жерде проф. Н. К. Дмитриевтің мына бір пікірін еске сала кету орай. Бұл пікірдің араб әліппесімен жазылған ескерткіштерге де қатысы бар. Енді ғалымның өз сөзін келтірейік: «Ұйғыр алфавиті, сосын соның негізінде жасалған монғол алфавиті қатаң, ұяң дауыссыздарды бір ғана таңбамен белгілеп, оларды бір-бірінен ажырата көрсетпеген. Бұл дәстүр ертедегі түрікше-мұсылманша жазбаларға да енді. Бұларда да *b* мен *n*-ны, *дж* мен *ч*-ны бір-бірінен ерекшелейтін дербес таңба болған жоқ. В. В. Радлов ұйғыр классикалық мұрасы «Құтадғу білікті» бастырада оның транскрипциясында жаңсақтық жіберді,— дейді Н. К. Дмитриев.— XI ғасырдағы өлеңмен

<sup>1</sup> Қараңыз: Айдаров Ф., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы 1971. 85—87-бет.

жазылған бұл мұраның тілі сөз басындағы дауыссыздардың типі жөнінен Орталық Сібірдегі түркі тілдеріне /шор, хакас, тува және кейбір кіші-гірім тілдер/ жақын болар деген ниетпен В. В. Радлов текстің транскрипциясын бергенде, сөз басына бір өңкей *n* мен *t* қойып отырған. Алайда бұдан сәл кейінірек В. Томсен текстің өзіндегі ұйқастарға сүйеніп құтадғу біліктің тіліндегі сөз басында келетін дауыссыздардағы заңдылықтың бұдан гөрі басқаша екендігін, онда сөз басында ұяң *ö*-ның болғандығын дәлелдеген еді. Бұл пікірге кейін В. В. Радловтың өзі де қол қойған болатын<sup>1</sup>.

***n/ң* дауыссыздарының алмасуы.** Түркі тілдеріндегі бір-бірімен алмасатын дыбыстардың бір парасы — осы *n, ң* дауыссыздары. Құлаққа естілу тұрғысынан бір-біріне ұқсастау болып көрінгенімен, бұл екі дыбыстың әрқайсысының артикуляциялық жасалу тәсілінде бір-бірінен зор айырма бар. *ң* тілдің алдыңғы жағының тіске түйісуі арқылы жасалды да, *н* тілдің артқы жағының таңдайға түйісуі арқылы жасалады. Бұлардың акустикасын бір-біріне жақындастыратын эффект — фонациялық ауаның мұрыннан шығуы. Сондықтан да бұларды мұрын дауыссызы деп атайды. *ң* дауыссызы кей тілдердің дыбыс жүйесінде жоқ, мәселен, түрік әдеби тілінде біздегі *ң* орнына *n* қолданылады, мұндай жағдайды азербайжан тілінің кей диалектілерінен де байқауға болады. Осы жөнінен мұны кей түркі тілдің, соның бірі біздің тіліміздің, дыбыс құрылысын өзге жүйедегі тілдерден ерекшелейтін оқшау тұрған ен-таңбаның бірі деп қарауымызға болады. Жастайынан айтып машықтанған адам болмаса, тілінің дыбыс жүйесінде *ң* дауыссызы жоқ халықтың өкілі үшін бұл дыбысты айтуды төтеннен игере қою қиын. Түркі тілдеріндегі *n* мен *ң* фонологиялық қызметі солғын жерде бір-бірімен алмасуға бейім. Бұл жай біздің тілімізде де жиі байқалады.

Қазақ говорларындағы *n/ң* алмасуының да тараған аймағы көбіне-көп оңтүстік өңір. Сондай-ақ, оның арагідік шығыс атыралта да кездесетін жерлері бар. Дыбыс алмасуының бұл түрі негізінен сөздердің белгілі тобы мен кейбір грамматикалық тұлғаларда ғана байқалады. Грамматикалық тұлғалардың ішінде әсіресе оның ілік септігі жалғауының құрамында жиірек ұшырайтыны көптен мәлім. Ж. Досқараевтың, Ж. Болатовтың және басқа диалектологтарымыздың аталған өңірлерден әр жылдарда жинаған деректерінің арасынан ілік септігі қосымшасының соңғы дыбысын *біздің, сіздің, үйсүн, есіктін, жіптің, алұлдун, сырттын, көлдун, төсөктүн, кітаптын* секілді толып жатқан сөздердің құрамынан *n* түрінде кездестіруіміз — осының айғағы<sup>2</sup>.

Ілік септігі тұлғасының соңғы дыбысының осылайша *n* дауыссызымен айтылуы өзге түркі тілдерінде де бар. Жалпы дәл осы позициядағы *n* мен *ң* дауыссыздарының қайсысының айтылып,

<sup>1</sup> Дмитриев Н. К. Фонетические закономерности..., 271-бет.

<sup>2</sup> Досқараев Ж. Бір экспедиция отрядының диалектологиялық жұмысы туралы. КТДМ, 1-шығ., 1958. 182-б. Болатов Ж. Ұзынағаш экспедициясының материалдарынан. Сонда 165-б.

қайсысының айтылмайтынына қарап, қазіргі түркі тілдеріндегі ілік септігінің көрсеткішін екі топқа ажыратуға болады. Түркі тілдерінің басым көпшілігі бұл қосымшаны *ң* дауыссызымен қолданатын тілдерге жатады. Соның бірі — біздің тіліміз. Өйткені қазақ диалектілерінің бір кішкене бөлшегі демесек, олардың көбінде ілік септігі тұлғасының аяғында *н* дауыссызы мүлдем байқалмайды. Әдеби тіліміздегі жағдайдың да дәл осылай екені көпшілікке аян. Түркі тілдері ішінде ілік септігінің соңында *н* дауыссызы қолданылатын тілдер қырғыз, түрік, азербайжан, гагауз, караим тілдері, сондай-ақ чуваш тілінде де бұл қосымшаның аяғында *н* қолданылады. Бұл, әрине, осы тілдердің бәріндегі ілік тұлғасының құрамындағы қалған дыбыстардың саны да, сапасы да бірдей деген сөз емес.

Ілік септігінің соңында *н* дауыссызын да, *ң* дауыссызын да қолданбайтын тілдер бар. Құмық, карачай-балқар тілдері мен өзбек тілінің бірқатар говорларында іліктің соңында бұл екі дыбыстың екеуі де жұмсалмайды. Якут тілі болса, онда ілік септігі деген септік жалғауы тіптен жоқ.

Ілік септігіндегі соңғы дыбысты *н* түрінде қолданатын жоғарыдағы тілдердің ішінен қазақ тіліне географиялық жағынан ең жақын жатқан тіл — қырғыз тілі екені белгілі. Сондықтан басқа тілдерден гөрі қазақ тіліндегі бұл құбылыстың тағдырын қырғыз тілімен орайластырып қараудың ыңғайы бар.

Ілік септігінің мұндай түрінің біздің говорларымыздың оңтүстік тобындағы жиірек ұшырайтын жері — Жамбыл, Алматы облысының территориясы. Ж. Болатовтың мәліметіне карағанда ол Шығыс Қазақстан облысының Большенарым ауданында тұратын қазақтардың тілінде де бар. Демек, бұл құбылыс қазақ говорлары тараған аймақтың оңтүстігі мен шығысында бір-бірінен бөлек жатқан екі ойдым аралшық түрінде ұшырайды. Бұл жағынан алғанда да біздің говорларымыздағы іліктің бұл тұлғасын қырғыз тілімен астарластырып қараудан туатын қайшылық жоқ. Өйткені республикамыздың шығысындағы қазақтардың қырғыздармен арадағы байланысының тарихы тым әрідегі дәуірлерде жатқаны мәлім. Оның үстіне біздің жоғарыдағы екі территорияның екеуіндегі ілік тұлғасының фонетикалық жағынан қырғыз тіліндегі осындай тұлғадан еш айырмашылығы жоқ. Оны төмендегідей салыстырудан көруге болады (келесі беттегі табл. қараңыз).

Біздің түсінігімізше, географиялық жағынан қазақ жерінің шығысы мен оңтүстігінде бір-бірінен шалғай жатқан екі өлкеде ұшырайтын бұл белгінің төркіні қырғыз тілімен бір деп қарау тарихи шындыққа келеді. Өйткені монғол шапқыншылығынан арғы замандарда қырғыз жұрты Алтай, Саян атырабын, Енисей бойын мекендеген. В. В. Бартольд қырғыздардың негізгі тобының қазіргі қонысы Тянь-Шань төңірегіне келуін кейінгі дәуірлерде болған жәйт деп топшылайды<sup>1</sup>. Шоқан Уәлихановтың айтуынша Тянь-Шань, Ферғана маңы — қырғыздардың ежелгі мекендерінің

<sup>1</sup> Бартольд В. В. Сочинения. ч. I. М., 1963, 471-б.

Қазақ говорларының оңтүстік тобында	Шығыс Қазақстанның Большенарым ауданы қазақтарының тілінде	Қырғыз тілінде	Қазақ говорларының көпшілігі мен әдеби тілде
біздің сіздің сенін үйдүн ауылдүн сонүн есіктің елдің біреудүн кісінің	біздің сіздің сенін үйдүн ауылдүн сонүн есіктің елдің біреудүн кісінің	биздин сиздин сенин үйдүн айылдын сонун ошиктиң олдин  кишинин	біздің сіздің сенің үйдің ауылдың соның есіктің елдің біреудің кісінің

бірі. Қара Ертіс, Алтай, Қанғай, Саян төңірегі қырғыздардың көші-қонмен байланысты жаз жайлайтын қонысы болған<sup>1</sup>.

Қырғыздардың ІХ—Х ғасырларда Алатау мен Енисей аралығында үдере көшкен ел болғанын Шоқаннан кейінгі зерттеушілер де қолдайды. Ә. Марғұлан «Манас» жырындағы көш жолын зерттеу арқылы тарихи географиялық атауларға, көшпелі өмірдің этнографиялық ерекшеліктеріне сүйеніп, қырғыздардың осы екі өлкені телі қыстап, телі жайылған ел болғанын нанымды дәлелдеген<sup>2</sup>.

Осы тұрғыдан алғанда сөз болып отырған фонетика-морфологиялық белгінің қазақ халқы тараған өңірдің бір-бірінен оқшау жатқан екі шалғайының екеуінде бірдей кездесуінің қырғыз тілімен байланысы бар деген тұспалға таң қалуға болмайды.

Аталған екі топ говордың екеуінде де бұл тұлғаның *n* дыбысымен келетін түрінің қолданылуы — факультатив. Дұрысында ол ілік септігінің *н* дыбысымен келетін түрімен жергілікті халықтың тілінде жарыса, тай-талас қолданылады. Дыбыстық белгілердің, грамматикалық тұлғалардың тіптен жеке сөздердің жергілікті нұсқасының оның әдеби нұсқасымен осылайша жарыса жұмсалуды — халықтың ауызекі тіліне өте бір тән нышан десек те болады. Жағдайдың бұлай болуын әдеби тіліміздің жергілікті халықтың ауызекі тіліне тигізіп отырған игілікті ықпалынан деп білуіміз керек. Жұртшылықтың сауаттылығы, жазу-сызу мәдениеті неғұрлым артқан сайын, олардың күнделікті ауызекі сөйлеуіне әдеби тілдің нормалаушы ықпалы да соғұрлым пәрменді болмақ. Ал халқымыздың қазіргі мәдени дәрежесі дамуы деңгейінен алып қарар болсақ, жергілікті халық тіліндегі жоғарыдағылар тәрізді жарыспа құбылыстардың қатар өмір сүруінің сырын ұғыну аса қиынға соқпайды.

Міне, осы секілді *n/ң* алмасуына байланысты тілімізде бір-бірімен жарыса қолданылып жүрген өзге де фонетика-граммати-

<sup>1</sup> Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений в пяти томах, т. I, Алма-Ата, 1961, 362, 416-б.

<sup>2</sup> Марғұлан Ә. Шоқан және «Манас», Алматы, 1971, 40—46-б.

калық белгілер жоқ емес. Солардың бірі — қазақ говорларының көншілігі мен әдеби тіліміздегі жіктік жалғауының екінші жағының *-сың*, *-сің* (қысқаша *-сын*) түрінің кей өлкенің жергілікті халқының тілінде *-сын*, *-сін* (қысқаша *-сын*) түрінде айтылуы. Екінші сөзбен айтқанда, осы жалғаудың соңғы дыбысы *ң*-ның орнына *н* дауыссызының қолданылуы. Мысалы: *барасын, келесін, көрерсін, алыпсын, жақсысын, жігітсін* т. б.

Қазақ говорларындағы тараған аймағы анықталып жетпеген тұлғаның бірі — осы. Қазіргі бар диалектологиялық деректерге жүгінсек, оның тараған говорларының арасы бір-бірінен тым кереғар екенін көреміз. Ж. Досқараев мұны әрі Шымкент облысының Түлкібас ауданынан, әрі Жезқазған облысының Ұлытау ауданынан жазып алған. Ж. Болатовтың деректері бойынша жіктіктің *н* дауыссызына аяқталған түрі — қазақ говорларының шығыс тобының біразында бар. Тіптен Ж. Болатов бір мақаласында шығыс атырабынан шыққан жазушылардың шығармаларынан баяндауышы *жатасын, келерсін, жассын* деген нұсқада айтылған бірнеше сөйлемді иллюстрациялық мәлімет ретінде келтірген. Бұл тұлғаны Ю. Әбдіұәлиев Ташкент облысында тұратын жергілікті қазақтардың тіліне тән грамматикалық белгілердің бірі қатарында атайды. Сол секілді оның Торғай облысының Жанкелдин ауданы тұрғындарының тілінде бірен-саран адамдардың сөйлесуінде осы тұлғаның әдеби нұсқасымен жарыса қолданыла беретін ыңғайының байқалғаны бар. Оның бұлардан өзге қай жерде айтылып-айтылмайтыны жөніндегі дерек әзірге толық емес. Халық тілінің қарапайым сөйлеуде қолданыла беретін элементтерінің бірі деп ұққандықтан ба, диалектологтардың көбінің бұл тұлғаға назар аудармағаны көрінеді. Жоғарыдағы мәліметтерге қарағанда, жіктік көрсеткішінің бұл түрі қазақ жұрты тараған өлкенің көбінде-ақ бар. Әрине, ілгеріде бұл тұлғаның да тараған шекарасының анықталғаны керек. Жіктіктің екінші жағының осылайша *н*-мен айтылуы өзге түркі тілдерінің дыбыс жүйесінде де бар. Айталық, өзбек тілінің бұл тұлғаның көрсеткішін біз — *сан*, тува тілінен — *се*, түрік тілінен — *син*, ұйғыр тілінен — *сән*, құмық тілінен *сән*, *сен*, алтай тілінің құманды диалектісінен — *сын*, гагауз тілінен — *сын* деген үлгіде ұшырастырамыз. Ол үшін назарды мына мысалдарға аударуға болады: өзб. *етирсан* (жатырсын), тув. *тур сен* (тұрсын), түр. *фукарасын* (бұқарасын, кейдейсін), ұйғ. *турысән* (тұрсын), құм. *барасан* (барасын), алт. *кандыхсын* (қандайсың), гаг. *аларсын* (аларсың) т. б.

Жіктіктің екінші жағындағы біз әңгімелеп отырған қосымшаның соңындағы *ң* — дауыссызын кейінірек пайда болған дыбыс деп жорамалдауға негіз бар. Өйткені қазіргі түркі тілдеріндегі жіктіктің бірінші, екінші жағының жалғауларының түп төркіні — жіктеу есімдіктері деп білетін орныққан пікір түркологияда көптен бар. Ал ежелгі және қазіргі түркі тілдерінің қай-қайсысын алсақ та, олардың бірде-біреуінде жіктеу есімдіктерінің соңында *ң* — дауыссызы қолданылмайтыны аян. Қазақ тілінде, сондай-ақ өзге түркі тілдерінде де *ол, бұ, со* секілді есімдіктерді септеген

кезде аяқ астынан *н* дыбысының пайда болатыны бар: *онда, бұнда, сонда* т. б. С. Е. Малов *мен, сен* есімдіктерінің соңындағы *н* дыбысын осы аналогиямен келіп пайда болған ингредиент дыбысы деп тоңшылайды<sup>1</sup>. Сонда тіліміздегі бұл есімдіктердің бастапқы нұсқасы *ме, се* деп жорамалдауға болады. Өйткені бұлардың осыған жуық *н* дыбысынсыз қолданылатын нұсқасын қазір біз монғол тілінен табамыз. Біздегі *мен* есімдігі монғолша *би, сен* есімдігі *чи* түрінде айтылады. Демек, бұл ыңғайда да *сен* есімдігінің соңындағы дыбыстың бастапқы нұсқасы *н* емес, *ң* болды дерліктей дәлел жоқ.

Осы тұрғыдан алғанда жіктіктің екінші жағындағы — *сын* қосымшасы говорларда сақталған көне фонологиялық бытыраңқылығы да осы байламның дұрыстығының жанама бір кепілі іспетті. Бұл тұлғаның әдеби тілімізде ірге тепкен *-сын* нұсқасы — түркі дыбыс жүйесінде кенже дамыған нұсқа.

Әңгіме болып өткен морфологиялық тұлғалардан тыс *н/ң* алмасуының халық говорларына тараған тағы бір түрі бар. Жоғарыдағылардан принциптік айырмашылығы болмаса да нақтылы бір грамматикалық тұлғалардың төңірегіне топтауға келмейтіндіктен, мұны өз алдына бөліп көрсетіп, жеке сөздердің құрамында кездесетін *н/ң* алмасуы деп атауымызға болады.

*н/ң* алмасуының бұл түріне жататын сөздердің ең жиі байқалатын жері — Қазақстанның бүкіл оңтүстігі мен өзбектерге шектес, аралас жатқан алқап. Сол үшін де бұл топқа кіретін сөздердің әрқайсысын осы өңірдегі көршілес тіл өзбек тілінің дерегімен салыстырып көрсетудің орайы бар.

Говорларымыздың оңтүстік тобында	Өзбек тілінде	Қазақ говорларының көпшілік тобында	Әдеби тілімізде
өлөн	улан	өлөн	өлөн
өлөндет		өлөндет	өлөндет
өлөнші	уланчи	өлөнші	өлөнші
өлөн (шөп)	улан	өлөн	өлөн
терен	теран	терең	терең
қалын	қалин	қалың	қалың
қалын (мал)	қалин	қалың	қалың
қалынырақ	қалинрок	қалыңырақ	қалынырақ
қайын (ағаш)	қайин	қайың	қайың
ертен	эртан	ертең	ертең
аура-сарсан	овора-сарсон	әуре-сарсаң	әуре-сарсан
таңда	танла	таңда	таңда

Жалғыз осы салыстырылып отырған сөздер ғана емес, говорларымызда *н/ң* алмасуының байқалатын өзге де сөздері бар. Олардың көбінің географиясы Қазақстанның шығысы мен оңтүс-

<sup>1</sup> Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности. Тексты и исследования. М. — Л., 1951, 52-б.



тік-шығысын қамтиды. Бәлкі, мәліметтің тапшылығынан да болар, әйтеуір мұндай сөздердің бірқатарының изоглоссалық шегі де әзірге айқын емес. Мәселен, Семей облысының Ұржар ауданынан жиналған деректердің арасынан *н*-мен айтылатын *тон* (тон, тоңу), *он* (оң, оң қол) деген секілді бірер сөз кездестіреміз. Бірақ бұдан әрі олардың қай жерде айтылып, қай жерде айтылмайтыны жөніндегі мәліметіміз толық емес.

Сондай-ақ Семей облысының кей жерінде *жаңа* деген сөздің *жана*, Шығыс Қазақстанның Большенарым ауданында *көлдөнең* сөзінің *көлдөнен*, Өзбекстандағы Тамды қазақтарының тілінде *әттең* сөзінің *әттен*<sup>1</sup>, Қарақалпақстанның Тақтакөпір ауданындағы қазақтардың тілінде *тыңшы* сөзінің *тыншы* деген нұсқада айтылатыны белгілі.

Говорларымыздағы аяққы дауыссызы *н*-мен айтылатын сөздердің бәрі бірдей ағайын тілдердің дерегімен қабыса бермейді. Мысалы, *керен* (керең), *көбен* (көбең), *көлдөнен* (көлденең), *әрен* (әрең, араң), *соң* (соң), *шапшен* (шапшаң), *жәнегі* (жаңағы), *енбек* (еңбек) секілді сөздердің осыған ұқсас тіл алды мұрын дыбысымен келетін фонетикалық вариантын не қырғыз, не өзбек тілінен кездестіре алмаймыз. Қайта осы сөздердің көбінің есінде салыстырылып отырған тілдерде *ң* дауыссызы айтылады. Демек, бұл сөздердің соңындағы *ң*-ды түркі тілдеріндегі мұрын дауыссыздарының дифференциациялану кезеңінен сақталған тарихи ентаңба деп түсіндіруге болады. Салыстырма тізімде көрсетілген сөздердің изоглоссасы бәрінде бірдей тек оңтүстік өңірмен ғана шектелмейді. Олардың арасында да тараған аймағының бір шегі Қазақстанның шығысына дейін баратын сөздер бар. Мәселен, *өлән*, *ертең* (ертеңіне) деген екі сөздің *өлән*, *ертен* деген *н*-мен келетін нұсқасын Ж. Болатов Шығыс Қазақстан облысының Большенарым ауданынан жазып алған. Егер осындағы *ертен*//*ертең* сөзінің — тең деген бөлегін *таң* (таң сәрі) сөзі деп жорамалдаған кей ғалымдардың пікірін құптасақ, бұл сөздің алғашқы нұсқасы *ертен* емес, *ертең*<sup>2</sup>. Мұндағы *ер*-дің бастапқы түрі — көп зерттеушілердің пікірінше ерте деген ұғымды білдіретін *ер* сөзі. С. Аманжолов бұл сөзді (*ер*-) *арғы* деген сөзбен тәркіндес деп біледі: *ертең* < *арғы* таң<sup>3</sup>.

Бұл сөздердің бәрінің *н*-мен келетін біздегіге ұқсас нұсқасы тектес тілдерден, әрине, үнемі табыла бермейді. Сондықтан да олардың таралуындағы бытыраңқылықтың сырын дәл айтып бере қою қиын. Бірақ сонда да *өлән*, *терен*, *қалын*, *қайын*, *ертен*, *көләнке*, *әуре-сарсан* деген секілді сөздердің өзбектерге жақын отырған өңірде жиірек кездесуіне қарап, бұл сөздердің осы үлгіде сақталып қалуына өзбек тілінің жанама ықпалы бар екенін айтуы-

<sup>1</sup> Айдаров Т. Языковые особенности казахов Тамдинского района Узбекской ССР. Автореф. канд. дисс., Алма-Ата, 1967, 7-б.

<sup>2</sup> Севортян Э. В. Этимологический словарь тюркских языков. Обще тюркские и межтюркские основы на гласные. М., 1974. 305-б.

<sup>3</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959, 241-б.

мызға болады. Өйткені бұл сөздер өзбек тілінде қазір де *n* дауыссызымен қолданылады.

Өзбек тілінің ықпалы жөніндегі байламды айту — бұл сөздердің *n* дауыссызымен келетін фонетикалық нұсқасы өзге тілдерде жоқ деген сөз емес. Тізімге енген сөздердің қай-қайсысын алсақта, оның ана нұсқасы да, мына нұсқасы да ертедегі жазбалардан, я қазіргі тілдердің бірі болмаса, бірінен табарымыз хақ. Мәселен, *терең* сөзінің соңында *n* дауыссызының қолданылуы түрік (дерин), азербайжан (дэрин), башқұрт (тэрэн), татар (тирэн) т. б. түркі тілдерінде де бар. Қырғыз, алтай, қарақалпақ, тува, шор, тофалыар, хакас тағы бірқатар тілдерде бұл сөздің аяғы көпшілік қазақ говорларындағыдай *ң*-мен айтылады. Осы сияқты жай жоғарыдағы өзге сөздердің басында да бар. *Қалың* сөзінің соңғы дыбысын түрік, башқұрт, татар, ноғай тілінен *n* түрінде (қалын), түрікмен, қырғыз, қарақалпақ тілінен *ң* түрінде (қалың) ұшырастырамыз. Демек, тізімдегі сөздердің құрамындағы *n* дауыссызын өзбек тілінің әсерімен байланыстыру бұл жерде тек географиялық принципке ғана негізделіп отыр. Біздің осында келтіріп отырған деректеріміздің бәрінде де *n/ң* алмасуының қазақ говорларында байқалатын позициясы — сөздің соңы екенін көреміз. Асылында, біздің тіліміздегі *ң* — көбіне-көп сөздің соңына тән дыбыс. Сөз ортасында ол тек буынды сөздерде ғана қолданылады. Оның сөздің ұшар басында келуі еш түркі тілінде жоқ.

А. М. Щербак түркі тілдеріндегі мұрын дауыссыздарының ең көнесі деп *m*, *n* дауыссыздарын ғана атайды. Ол кісінің топшылауынша тіл арты *ң* түркі тілдерінде кейін пайда болған. Әсіресе, оның сөз ортасында дауыстылардың ортасында қолданылуы бұл дыбыстың кенже дыбыс екендігіне күмән тудыра қоймайды деп көрсетіп, оның дәлелі үшін түркі тілдеріндегі *мэнга//мэңа//баңи* (маған), *сэнга//сэңа* (саған), *анға//аңа* (оған) секілді параллелдерді мысалға келтіреді<sup>1</sup>. Расында да, бұл мысалдардағы *на*, *ңа* дегендер *нға*, *нға* дегендердің қазіргі тілдердегі бір көрінісі екендігі шүбә тудыра қоймайды. Бұл жердегі *ң* дауыссызының *нғ*, *нғ* деген дауыссыздардың тіркесінен өрбігендігінің біздіңше басы ашық. Мұны, бір жағынан, сөз ішіндегі *ғ*, *г* дауыссыздарының түркі тілдеріндегі тұрақсыздығымен де байланыстыруға болады. Ол үшін осы жұмыста әңгіме болған қазақ говорларында кездесетін мынадай сөздерге назар аударыңыз: *шаңырақ* < *шаңғырақ*, *бірдеңе* < *бірдеңке*, *ештеңе* < *ештеңке*, *дәнеңе* < *дәнеңке*, *аңыз* < *аңғыз*.

Сөз ортасындағы *ң* дауыссызының басында *нғ*, *нғ* тәрізді дыбыстық тіркестен өрбігендігін дәлелдейтін деректерді қазіргі түркі тілдерінен де, көнедегі жазбалардан да табуға болғанымен, сөз соңындағы *ң*-ды осы дыбыстық тіркестен шықты деп дәлелдеуге негіз боларлық жоғарыдағы мысалдардағыдай нақтылы дәйек жоқ. А. М. Щербак сөз соңындағы тіл арты мұрын дыбысының қандай дыбыстық құбылыстың жемісі екенін танудың қиындығына тоқта-

<sup>1</sup> Щербак А. М. Сравнительная фонетика тюркских языков. Л., 1970, 82-б.

ла келіп, дегенмен мұның да аталған дыбыстық тіркестен өрбуі мүмкін екендігін айтады. Қазіргі *күң, тең* сынды сөздердің ежелгі нұсқасы *күнк, сонк, танк* түрінде болуы ықтимал деген жорамал ұсынады.

Ілік жалғауының соңындағы тіл арты *ң* дауыссызын тіл алды *н* дауыссызынан шықты дейтін жорамал ертеден бар. Алайда пратүркі тіліндегі бір буынды сөздердің өзі жасаған тізіміне ол кісі аяғы мұндай дыбыс тіркесіне біткен сөздерді кіргізбеген. Мәселен, осындағы *күң, сең, тең* дегендерді тізімде *күң, соң, таң* үлгісінде берген<sup>1</sup>.

Г. И. Рамстедттің айтуынша ежелгі түркі тілінде ілік жалғауының соңында тіл арты *ң* дауыссызы қолданылғанымен, ол бұл жерде көне дыбыс емес. Өйткені бұл жалғаудың бастапқы түрінің өзі — *н* деген бір ғана дыбыстан тұрған<sup>2</sup>. Мұның алдында қазір қолданылатын дауыстылар — *н* жалғауының дауыссызға біткен түбірге жалғануы нәтижесінде қосымша мен түбірді дәнекерлеу рүші дыбыс ретінде кейін пайда болған. Көп ғалым ілік жалғауының ең көне түрі деп, оның біздің тіліміздегідей үш дыбыстан тұратын түрін емес, екі дыбыстан (*-ын, -ін, -ың, -ің*) тұратын түрін есептейді<sup>3</sup>. Ежелгі түркі жазбаларындағы ілік жалғауының соңындағы *ң* дауыссызының *н* дауыссызынан дамыған дыбыс екендігін М. Рясянен деп құптайды<sup>4</sup>. Алайда ілік жалғауы басында тіл алды *н* дауыссызына аяқталған деген пікірді айту түркі тілдерінде бұрын тіл арты мұрын дыбысы болмады деген сөз емес. Мұны тек осы жалғаудың өз басына ғана қатысты айтылған жай деп түсіну керек. Мұндай пікірді Г. И. Рамстедт те, М. Рясянен де айтып отырған жоқ.

Бұл екі ғалымның екеуі де сөз соңында келетін қазіргі *ң* дауыссызының түпнұсқасын да *ң* деп есептейді. Ал сөз ішінде қолданылатын *ң* дауыссызының жайы бұдан басқашарак: бұл жерде *ң* дауыссызының арғы төркіні *нг, нғ, нқ, нк* түріндегі дыбыстық тіркестерге барып саяды. Түсті білдіретін өзбек тіліндегі *қунғир*, қарачай-балқар тіліндегі *кьонгур* дегендердің қазақша *қоңыр* болып айтылуын М. Рясянен сөз ішіндегі *нғ* дыбыстық тіркесінің *ң*-ға айналуының мысалы ретінде алған. Соңғы зерттеуші түркі-монғол тілдеріндегі *ң* дауыссызының *н* дауыссызынан пайда болуы аса сирек деп көрсетіп, мұның жоғарыдағы ілік септігінен тыс тағы бір мысалы ретінде шығыс септігі қосымшасының соңындағы *н* дауыссызының *ң* болып өзгеруін атайды. Шығыс септігінің мұндай түрі алтай, тува, хакас, шор тілдерінде бар<sup>5</sup>. Мәселен, қазақ тіліндегі *-нан* (*-нен, -тан, -тен, -дан, -ден*) деген шығыс тұлғасының соңы

<sup>1</sup> Сонда 195—197-б.

<sup>2</sup> Рамстедт Г. И. Введение в алтайское языкознание. Морфология. М., 1957, 33—34-б.

<sup>3</sup> Бұл жөнінде толық мәліметті мына еңбектен алуға болады. Щербак А. М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков (ИМЯ). Л., 1977, 30-б.

<sup>4</sup> Рясянен М. Материалы по фонетике тюркских языков, 1955 169-б.

<sup>5</sup> Севортян Э. В. Категория падежа. ИСГТЯ, II. Морфология, М., 1956, 55-б.

хакас тілінде *-наң* (-нен, -таң, -тең, -даң, -дсң) болып *ң*-мен айтылады: *тағдан* (таудан), *аалдаң* (ауылдан) т. б.

Ілік көрсеткішінің соңындағы мұрын дыбысының аргы төркіні туралы жоғарыдағы айтылғандарға қарама-қарсы пікірді біз Н. К. Дмитриевтің еңбегінен кездестіреміз.

Түрік тіліндегі ілік септігінің қосымшасы *-ін* дегенді бұл кісі қазіргі өзге тілдер мен ескі жазбалардағы бұл қосымшаның — *иң* деген нұсқасынан кейін пайда болған деп біледі<sup>1</sup>.

*ң*, *н* дауыссыздарының бір-бірімен өзара алмасуынан тыс қазақ говорларында олардың басқа дыбыстармен де алмасып келетін кезі бар. Мәселен, *тыңды, сен* (егістік), *ұнтақ, шыңырау, таңба, нұра* (құла), *тоған* деген сөздер бірқатар қазақ говорында *тымбы, сел, ұмтақ, шымырау, тамға, мұра, тоғам* боп айтылатыны белгілі. Көпшілік қазақ говорлары мен әдеби тілдегі *н, ң* дегендердің орнына мұнда *м* дауыссызы қолданылған. *н, ң* дауыссыздарының *м* дауыссызымен алмасуы да түркі тілдерінің дыбыс құрылысында бар белгі. Біздегі қарын сөзі чуваш тілінде *хирам*, жүн сөзі тува тілінде *кум*, «қауырсын» шор тілінде *жум*, ал *доңыз* (шошқа) сөзі түркі тілінде *домуз* болып *м* дауыссызымен айтылады.

Қазақ говорларындағы *м < н, ң* алмасуы аса кең жүйе түрінде ұшырайтын құбылыс емес.

Әрі дыбыс құрамында осы белгі байқалатын сөздердің көбінің тараған аймағы да айқындалып жеткен жоқ. Қолтірілген мысалдардың ішіндегі тараған жері біршама айқыны — *тамға, шымырау* сөздері. Мұның алғашқысы Шымкент, Ташкент облысының территориясында тұратын қазақтардың тіліне тән де, кейінгісі Манғыстау қазақтарының тіліне тән. Мұндағы *тамға* сөзі өзбек тілінде де осы фонетикалық үлгіде айтылады. Өзбектермен аралас көршілес атырапта ғана айтылып, өзге қазақ говорларының бәрінде *таңба* түрінде ұшырауына қарағанда бұл сөздегі өзгерістің себебін қырғыз, өзбек тілінің ықпалымен байланыстырып қарауға тура келеді. Өйткені бұл сөзді осы үлгіде қолданатын тілдердің ішіндегі *тамға* деп қолданатын қазақ говорларына регион жағынан жақын келетіні осы тілдер. Әрине, бұл сөз мұндай фонетикалық нұсқада біздің өзге говорларымызда да бұрын қолданылған болса, ол ғажап емес. Бірақ оның осындай нұсқасының дәл осы өңірде сақталып қалуына аталған тілдердің ықпалы бар екенінде дау жоқ. *Таңба* дегеннің өзі — көшпелі халықтың өмірімен тығыз байланысты ұғым. Таңбаны қазақ жылқыға басқан. Әр ру-тайпаның өз таңбасы, өз ұраны болған. Таңбаға ұқсас кей әріп белгілерінің ертедегі орхон-енисей жазбаларында ұшырасуы да кездейсоқ болмаса керек. Тым арғы дәуірлерден халықпен біте қайнасқан ұғым болғандықтан бұл сөздің тарихының да әріде жатқаны талассыз. Ежелгі құлпы тас жазуларынан бастап бұл сөзді кейінгі түркі жазбаларының біразынан осындағы *тамға* деген үлгіде, я осыған жақын-жуық фонетикалық үлгіде ұшырастырамыз. Н. К. Дмитриевтің орыс тіліндегі түркі сөздері туралы мақаласында бұл сөз-

<sup>1</sup> Дмитриев Н. К. Строй тюркских языков, М., 1962, 155-б.

дің орхон жазуында, М. Қашғарида, «Кодекс Куманикусте», татар және қырым татары, қырғыз, поғай тілінде *тамға* деген нұсқада, түрік тілінде *дамға*, чуваш тілінде *тамка*, монғол тілінде *тамага* деген нұсқада кездесетіні айтылады. Бұл сөз Алтын Орда тұсында орыс арасына да көп тараған. *Таңба* ол кезде шеттен келетін товарлардың сыртына да басылатын болған. Орыс тіліндегі таможня деген алымды білдіретін сөзді Н. К. Дмитриев осы *тамға* дегеннен шыққан сөз деп түсіндіреді.

Тіл арты *ң* дауыссызының қазақ говорларында бұлардан өзге де алмасып айтылатын дыбыстары бар. Мәселен, Қазақстанның шығысы мен солтүстігінің кей жерінде *негіз, негізгі, негізінде* деген бір түбірден өрбіген сөздердің бәрінде де бұл сөздің ортасындағы *г* тіл арты мұрын дыбысы *ң*-мен айтылады: *неңіз, неңізгі, неңізінде*. Дәл осының керісінше Шығыс говорларының кей жерінде *маңыз* сөзі *мағыз* түрінде дыбысталады. Қарақалпақстанның оңтүстігіндегі қазақтардың тілінде *төңүрөк* сөзінің *төгүрөк* болып қолданылатын кезі бар. Тіл арты мұрын дыбысының осылайша *г, ғ* дауыссыздарымен алмасуын түркі тілдері арасындағы аса жиі байқалатын дыбыстық құбылыстың бірі деп атасақ та болады. Тым алысқа сілтемей-ақ қыпшақ тілдерінің өз ішін алатын болсақ, біздің говорларымыздағы *-сыңыз* жіктік тұлғасының башқұрт, татар тілдерінде *-сығыз* түрінде айтылатынын көреміз: *барасыңыз — барасығыз* т. б.<sup>1</sup> М. Қашғари өткен шақ етістіктің екінші жағының арғу диалектінде *-дуғ* түрінде айтылатынын көрсетеді. Салыстыру ретінде М. Қашғаридың өзі *тапындуғ «табындық», қачурууғ «қашырдық»* деген екі етістікті мысалға келтірген<sup>2</sup>.

*ң* дауыссызының қазақ говорларындағы бірен-саран сөздерде *у* дыбысымен алмасып қолданылатын ыңғайы да бар. Шымкент облысының оңтүстік батысындағы аудандар мен Ташкент облысында тұратын қазақтардың тілінде *аңшы, аң [аулау]* сөздерінің *аушы, ау [аулау]* түрінде айтылуы мұның айқын мысалы бола алады. Өзбек тілінде де бұл сөздердің *овчи, ов* болып айтылатыны мәлім: *овга чикмоқ «аңға шықпақ»*. Орынбор облысының кей ауданының қазағының тілінен *оңаша* деген сөздің *ауаша* деген үлгіде айтылатыны көрінеді. Жұрттың бәріне жете таныс сөз — *көңұл* дегеннің көп жердің қазағының тілінде *кеуіл* деген нұсқада айтылатынын еске салсақ та болады. Мұндағы *ң* мен *у* дауыссызының алмасуы өте-мөте айқын.

Дыбыс алмасуының барлық түріне ортақ бір қасиет — алмасушы дыбыстардың фонологиялық қызметіндегі талғамсыздық. Сөздің нақтылы шебіндегі мағына ажыратушылық қызметі солғын жерде дыбыстар алмасуға бейім келеді. *н/ң* алмасуына байланысты жоғарыда әңгіме болған жайлардың бәрінен біз осы бір заңдылықты айқын аңғарамыз. *өлең//өлен, біздің//біздің, барасың//барсын* дегендегі *н/ң* дауыссыздары алмасып қолданыла бергенімен,

<sup>1</sup> Грамматика современного башкирского литературного языка М., 1981, 273-б.

<sup>2</sup> Махмуд Қошғари. Девону луғотит турк. II т., Ташкент, 1961, 194-б.

сен — сең, кен — кең, көн — көң деген тәрізді сөздерде бұл дауыссыздар бір-бірімен алмаса қоймайды. Өйткені бұл сөздерді бір-бірінен даралап көрсетуші негізгі дыбыстық белгі — осы *н* мен *ң*. Егер дәл осы позициядағы *н*, *ң* алмасатын болса, онда бұл сөздердің семантикалық дербестігіне нұқсан келері өзінен-өзі түсінікті.

*ш/ч* дауыссыздарының алмасуы. Қазақ тіліндегі *ч* дыбысы — жұмсалы өрісі өте тар дыбыстардың бірі. *ч* дыбысын жиі қолдану тілімізде, негізінде, говорларға тән. *ч* дыбысы қазір жалпы халықтық тілде малға айтылатын *чу-чу*, *чай-чай*, *чек-чек* тәрізді бірлі-жарым одағайларда қолданылғаны болмаса, байырғы сөздердің дыбыстық құрамында ұшырамайды.

Әдеби тілімізде де *ч* дыбысы сирек айтылады. Осы күнгі қолданылып жүрген жаңа графикаға көшкенге дейін бұл дыбысты таңбалайтын жеке әріптің қазақ алфавитінде болмағандығы белгілі, әйткенмен кей дыбыстардың символының жазуда көрсетілмеуі ол дыбыстың сол тілде жоқ скендігінің толық кепілі бола алмайды.

Көптеген қазіргі түркі тілдерінде (қырғыз, түрікмен, ұйғыр, өзбек, азербайжан, түрік т. б.) *ч* дыбысы сөздің алуан түрлі позицияларында өте жиі қолданылатын фонемалардың қатарына жатады. Көне замандардағы түркі тілдерінде де *ч* дыбысы болған. V—VII ғасырлардағы құлпытасқа жазылған жазуларда да, сондай-ақ орта ғасырлардағы көне ескерткіштердің тілінде де *ч* дыбысы қолданылған. Қазіргі басқа түркі тілдеріндегі *ч* дыбысы мен қазақ тіліндегі *ч* дыбысының қолданылу дәрежесі, әрине, бірдей емес.

Қазақ тілінің говорларында кездесетін *ч* дыбысы — *т* мен *ш* дыбыстарынан құралған (тш) аффрикат дауыссыз, өйткені оның артикуляциясы шұғыл *т* мен спирант (ызың) *ш* дауыссыздарының бірінен соң бірі іле-шала айтылғандағы артикуляциялық кезеңдерден тұрады. Алайда осында біз әңгімелегелі отырған *ч* аталған дыбыстардың жай қосындысы емес, сапа жағынан да, сан жағынан да өз алдына дербес дыбыс.

*ч* дыбысын қолдануда қазақ тілі говорларының арасында заңды дыбыс сәйкестігі (звуковое соответствие) құбылысының барлығы байқалады. Бұл құбылыс әдеби тіл мен қазақ тілінің көпшілік говорларында спирант *ш* дыбысы айтылатын сөздерде кей говорларда оның орнына көбіне аффрикат *ч* дыбысының жұмсалыуымен түсіндіріледі. *ш* дыбысының орнына *ч* фонемасының айтылуы — қазақ тілінің бірқатар жергілікті говорларында көптен байқалып келе жатқан құбылыс. Қазір Қазақстан жерінің Тарбағатайдан бастап Семей облысының оңтүстігі, бүкіл Жетісу, Алатау өңіріне дейінгі аймағы, Қаспий жағасындағы Манғыстау түбегі мен Түрікменстан, ішінара Қарақалпақстан жерін мекендеуші қазақтардың тілінде аффрикат *ч* дыбысының осылайша спирант *ш*-ның орнына қолданылатындығы анықталып отыр.

Ал Қазақстанның солтүстік, орталық, солтүстік-шығыс аймақтары мен батыс бөлігінің көпшілік жерлерін алатын болсақ, онда

жағдай басқаша, бұл төңіректі қоныстанған қазақтардың тілінде сөз басында жоғарыдағы территорияларда аффрикат *ч* жұмсала-тын жерде әдеби тілдегіше спирант *ш* дыбысы айтылады. Бұдан біз аффрикат *ч* мен спирант *ш* дыбыстарын бірінің орнына бірін қолдануда қазақ тілі говорлары фонетикалық жүйесінің негізгі екі салаға бөлінетінін көрсеміз. Осыған қарап мұның алғашқысын, *ч* дыбысын қолданатын говорларды *ч*-шыл (чокающие) говорлар, кейінгісін, *ш* дыбысын қолданатын говорларды *ш*-шыл (шокающие) говорлар деп атауға болады.

Осы жерде мына бір мәселені ескерген жөн: тілдердегі диалектілердің бөлінісі ешуақытта да бір ғана құбылыстың төңірегінде қарастырылған емес, әдетте бір тілдің ішіндегі диалектілердің жіктелуі оларда болатын басты-басты фонетикалық, грамматикалық, лексикалық ерекшеліктердің жиынтығына негізделеді. Ал біз мұнда қазақ тілінің говорларының фонетикалық жүйесін екіге бөлгенде, тек осы бір ғана фонетикалық құбылыстың әр жерде әр түрлі кездесуін еске алып отырмыз. Солай болғандықтан оны қазақ тілінің диалектілерге немесе говорларға бөлінуі деген ұғыммен шатастырмау қажет.

Барша қазақ говорларындағы *ч* дауыссызын бір-бірімен тепе-тең дыбыс деуге болмайды. Сапалық, сондай-ақ сандық сипаты жөнінен алғанда қазақ говорларындағы аффрикат *ч*-ның екі аллофоны, екі нұсқасы бар: бірі — алдыңғы жағындағы әнтек естілетін *т* элементі айқын *ч* да, бірі — *т* элементі солғын *ч*. Мұның алғашқысы қазақ говорлары тараған өңірдің оңтүстік-шығысы мен шығысына тән де, кейінгісі түрікмен жері мен Қарақалпақстанның оңтүстігіндегі, сондай-ақ Маңғыстау төңірегіндегі қазақтардың тіліне тән. Қазақ диалектілеріндегі алғашқы элементі солғын *ч*-ны бірінші байқаған адам — Э. А. Шмидт. Бұрынғы Шымкент уезінің оңтүстік-батысында тұратын қазақтардың рулық құрамын зерттеген бұл кісі жергілікті халықтың тіліне де едәуір назар аударған. Әңгіме болып отырған аффрикат дыбыстың осы маңның қазағының тіліне тән екенін айта келіп, ол: «*ш* дыбысына келсек, ол бұл төңіректегі халықтың тілінде *ч* мен *ш* аралығындағы дыбыс тәрізденіп бірде *ш*-ға, бірде *ч*-ға бейім айтылады деген жалпылама пікір тәуімізге болады. Оның *ш*-дан гөрі *ч*-ға қарай ауытқуы жиірек... Осындай солқылдақ жағдайдың мәселен, *ч* мен *ш* алмасуындағы жүйесіздіктің болуы бұл дыбыстардың дүдәмал айтылуынан. Осы себептен де оны құлақ әр жағдайда әр түрлі қабылдайды» — деп жазды<sup>1</sup>.

Қазақ тілінің говорларындағы аффрикат *ч* дыбысының спирант *ш* дыбысымен сәйкесетін негізгі орны — сөздің бас позициясы. Дәлірек айтқанда, әдеби тіл мен қазақ тілінің біз *ш*-шыл деп атап отырған говорларында *ш* дауыссызынан басталатын сөздерде бұл дыбыстың орнына *ч*-шыл говорларда көбіне аффрикат *ч* дыбысы қолданылады. Мысалы, әдеби тілдегі спирант *ш* дауыссызынан

<sup>1</sup> Шмидт Э. А. Материалы по родовому составу казахского населения юго-западной части Чимкентского уезда. «В. В. Бартольд», Ташкент, 1927, 302-б.

басталатын мынадай сөздердің төменде аталған территориялардың біреуінде әдеби тілдегіше *ш*, енді бірқатарында *ч* дыбысымен айтылатындығы көрінеді:

Ш-шыл говорларда	Ч-шыл говорларда	Әдеби тілде
шет	чет	шет
шикі	чиккі	шикі
шеке	чеке	шеке
шын	чын	шын
шал	чал	шал
шық	чық	шық
шыбық	чыбық	шыбық
шебер	чебер	шебер
шешен	чешен	шешен

*ч* дыбысының сөздің бас позициясында жұмсалуы *ч* көне және қазіргі бірсыпыра түркі тілдерінің фонетикалық жүйесі үшін қалыпты жағдай. Көне түркі тілдерінің ескерткіштері: V—VII ғасырлардағы орхон-енисей жазуларында кездесетін *чаб* (әйгілі, даңқ), XI ғасырдағы Махмуд Қашқаридың сөздігінде кездесетін *чық* (шық), сондай-ақ XI ғасырдағы Құдатғу біліг пен XIV ғасырдағы Насырәддин Рабғузи шығармаларында кездесетін *чын* (шын, рас), *чәчәк* (гүл) сөздерінде аффрикат *ч* дыбысы сөз басында ұшырайды<sup>1</sup>.

Сөздің бас позициясында *ч* айтатын қазақ говорларының дерегін кей түркі тілдерінің дерегімен салыстырып көрейік.

Қазақ тілінде		Түрікмен тілінде	Қырғыз тілінде	Ұйғыр тілінде	Азербайжан тілінде	Өзбек тілінде
әдеби тіл мен ш-шыл говорларда	ч-шыл говорларда					
шақыр	чақыр	чагыр	чақыр	чақир	чағыр	чақыр
шатақ	чатақ	чатак	чатак	чатақ	чатағ	чаток
шолақ	чолақ	чолак	чолок	чолақ	чолақ	чулок
шық	чық	чык	чык	чик	чых	чик

Қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде *ч*, *ш* дыбыстары сөздің бас позициясында аралас қолданылады. Татар, өзбек, азербайжан, қырғыз, түрікмен, ұйғыр тілін алатын болсақ, бұл тілдердің бәрінде де алғашқы дыбысы *ч*-дан басталатын сөздердің де, сол сияқты алғашқы дыбысы *ш*-дан басталатын сөздердің де бар екенін көреміз. Бірақ бұл тілдерде басқы дыбысы *ч*-мен айтылатын сөздер бір

<sup>1</sup> Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности. М.—Л., 1951, 376—377-б.



бөлек те, басқы дыбысы *ш*-мен айтылатын сөздер өз алдына бір топ. Бұл тілдердің бірқатарындағы *ч* дыбысының орнына қазақтың әдеби тілі мен говорларының басым көпшілігінде *ш*, ал осы тілдердегі *ш* дыбысының орнына қазақ тілінде *с* дыбысы қолданылады. Мысалы, қазақ тіліндегі басында *с* айтылатын сол есімдігі өзбек, татар тілдерінде *шул*, қырғыз, түрікмен тілдерінде *шол* болып *ш* мен айтылады. Сондай-ақ қазақ тіліндегі *сор* деген етістікті қырғыз, ұйғыр тілінен *шор* деген нұсқада, ал қазақшасы *сімір* болып айтылатын етістікті өзбек, тілінен *шимыр* деген нұсқада ұшырас-тырамыз. *ч* мен *ш* алмасу жайы болса, ол жоғарыдағы салыстырма деректерден аян. Біздің говорларымыздағы аффрикат *ч*-ның өзге түркі тілдердегі *ч*-дан еш айырмашылығы жоқ. Біздегі *ч* айтылатын сөздердің ұқсас фонетикалық нұсқасын салыстырып отырған түркі тілдердің бірі болмаса бірінен табарымыз анық екені жоғарыдағы мысалдардан айқын аңғарылады. Бұл дыбыстардың белгілі бір сөздің басында әдеби тіл мен көпшілік говорларда *ш*, ал тіліміздің кейбір говорларында *ч* болып айтылып, диалектілік құбылуы олардың сөз басындағы қызметінің тілімізде әлі дифференциацияланып жетпегендігін аңғартады. Әдеби тілдің нормасы бойынша қазақ тілінде сөз басында аффрикат *ч* емес, спирант *ш* айтылады. Бір тұтас ұлттық әдеби тілдің қалыптасуы мен дамуы нәтижесінде тілдердегі диалектілік құбылыстардың барған сайын өрісі тарылып, бірте-бірте әдеби тілдің арнасына түсіп отыратын категория болатыны сияқты бұл құбылыстың да қазақ тілі говорларындағы қазіргі жайы оның әдеби тілдің орфоэпиялық нормасына қарай бейімделу, көшу қалпында екендігін байқатады. Осы жөнінде қазақ тілінің диалектілік жүйесін көп зерттеген ғалым Ж. Досқараев қазақ тіліндегі *ч* дыбысы қазіргі *ш* дыбысына өту күйінде, бірақ бұл әлі аяқталып болмаған процесс деген пікірді айтады<sup>1</sup>.

*ч*-шыл говорлардағы *ч* дыбысының негізгі кездесетін орны сөздің бас позициясы болумен қатар кейде ол бірлі-жарым сөздерде сөз ортасында да ұшырайды. Бірақ қазақ говорларында *ч* дыбысының негізгі кездесетін орны сөздің бас позициясы болумен қатар кейде ол бірлі-жарым сөздерде сөз ортасында да ұшырайды. Бірақ қазақ говорларында *ч* дыбысының сөз ішінде қолданылуының белгілі шектері бар: біріншіден, *ч* негізінде түбір мен қосымшаның арасында қосымшаның басқы дыбысы ретінде айтылады, екіншіден, оның көбіне үнді *н* фонемасынан кейін тұруы шарт.

Жалпы, сөз ішінде *ч* дыбысының айтылуы говорларда өте сирек. Әрі мұның өзі жоғарыдағы сөздердің барлығы үшін тұрақты жағдай емес. Алайда *ч*-ны аса айқын әрі жиі қолданатын говорларда оның сөз ішінде өзге дауыссыздардан кейін келетін де кезі көп. Мәселен, Бұхатын Базылхан жоғарыда аталған мақаласында Монғолия жеріндегі қазақтардың тілінен *ч*-ның қатаңдар мен со-

<sup>1</sup> Досқараев Ж. Қазақ тіліндегі аффрикат дыбыстардың жұмсалуы. Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарлары, лингвистикалық серия, 1950, 6-шығ. № 82, 41-б. Нұрмағамбетов Ә. Қазақ говорларындағы *ч* дыбысының пайда болуы туралы. Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарлары, қоғамдық ғылымдар сериясы, 1967, 2-шығ., 66-б.

норлардың басқа түрінен кейін қолданылу ыңғайымен бейнелейтін *апчы* (апшы), *ақча* (ақша), *жатчы* (жатшы), *емчі* (емші), *ерчі* (ерші), *елчі* (елші), *бейшара* (бейшара), *үйчүк* (үйшік), *айтұуы* (айтушы) секілді бірнеше мысал келтіреді.

*ч*-ның сөз ішінде осылайша *н* дыбысымен тетелес келуін басқа түркі тілдерімен салыстырайық:

Қырғыз тілінде	Қазақ тілінің <i>ч</i> -шыл говорларында	Қазақ әдеби тілінде
эринчээк биринчи менчик энчи қанча боюнча елчи акча	еринчек бірінші менчик енчі қанча бойынча елші ақча	еріншек бірінші меншік енші қанша бойынша елші ақша

*ч* фонемасын көп түркі тілдері үшін сөз ішіндегі позициясы тұрғысынан орын талғамайтын дыбыс деп қарауға болады. Қазіргі қырғыз, түрікмен, ұйғыр, азербайжан тілдерінде *ч* дыбысы сөздің барлық позициясында да кездеседі. Көне түркі тілдерінде *ч*-ны сөз ішінде жоғарыдағыша *н* дыбысынан кейін қолдану дағдылы құбылыс болған. Тіпті орхон-енпсей жазуларында сөз ортасында келген *нч* деген екі дыбыстың тіркесі бір ғана әріппен таңбаланған. Мысалы, *анча* (қанша) сөзіндегі қатар келген *н*, *ч* дыбыстары құлпы тастардағы жазуларда екі бөлек белгіленбей, тұтас бір таңбамен берілген<sup>1</sup>.

Аффрикат *ч*-ның қазақ говорларының барлығындағы жұмсалудәрежесі, әрине, бірдей емес. *ч* әсіресе республиканың Жетісу аймағын мекендеуші қазақтардың тілінде өте-мөте басым, *ч* — бұл төңіректе көрініс де, жастың да тілінде барынша теткусіз қолданылатын актив дыбыс. Мысалы, Алматы облысының Еңбекшіқазақ, Шелск, Іле, Кеген, Нарынқол, Жамбыл облысының Мерке, Қордай, Қрасногор аудандарында мектеп жасындағы балалардың тілінде де *ч* дыбысының сөз басында күні бүгінге дейін жиі айтылатындығы байқалып отыр. Ал говорлардың *ч*-шыл делініп отырған тобына жататын Маңғыстау говорында бұл дыбыстың қазіргі қолданылу дәрежесі әр түрлі жастағы азаматтардың тілінде әр басқа екендігі көрінеді. Маңғыстауда тұрушы қазақтардың тіліндегі *ч* — негізінде, егде тартқан адамдардың сөйлеу мәнеріне тән, жас буындардың тілінде сирек ұшырайтын дыбыс.

Жетісулықтардың тіліне қарағанда бұл өлкеде қазір *ч*-ның қолданылысында тұрақсыздықтың барлығы аңғарылады. Кейде бұл

<sup>1</sup> Малов С. Е. Енисейская письменность тюрков. М. — Л., 1952, 47-б.

говорда *ч* сапасы жағынан әлсіреп, *ш* мен *ч*-ның арасындағы аралық дыбыс тәріздесіп, дүдәмалданып отырады.

Диалектілердің фонетикасында бұл сияқты құбылыстардың болып отыруы жөнінде неміс тілінің тарихы мен диалектологиясын зерттеген ғалым В. М. Жирмунский кеңсе мен мектептердегі орфографиялық дәстүр, бір ізді жазу ережелеріне дағдыландыру — осылардың бәрі халықтың тіліндегі жергілікті фонетикалық ерекшеліктердің әуелдегі күйінде өмір сүре беруіне кедергі жасайтындығын, осының нәтижесінде олардың өз қалпында толық, дәл айтылмай, өзгеріске ұшырап отыратындығын айтады<sup>1</sup>. Сондықтан *ч*-ның қазақ тілінің кей говорларындағы қазіргі жұмсалы жайында байқалатын осы тәріздес ауытқушылықты біз де осы тұрғыдан қарап, мұның өзі қазақтың ұлттық әдеби тілінің жергілікті говорлардың фонетикасына тигізіп отырған әсерінен деп түсінуіміз тиіс. Осы бір ғана жайдың өзі диалектілік құбылыстардың біртұтас ұлттық әдеби тілдің дамуы барысында бірте-бірте шетке қарай ығысып, барған сайын өрісі тарылып отыратын категория екендігін дәлелдейді.

Қазақ говорларындағы аффрикат *ч* туралы тіл мамандары арасында ресми түрде де, ресми емес те айтылып жүрген пікірлер бар, олардың бәрі де, сайып келгенде, мынадай негізгі екі байламға меңзейді: бірі — бұл құбылысты қазақ тілі дамуының арғы кезеңдеріне қатысты белгі деу, екіншісі — мұны көршілес түркі тілдерінің қазақ тіліне тигізіп отырған ықпалынан деп қарау<sup>2</sup>. Мұның алғашқысы қазақ тілінде *ч* дыбысы бұрыннан бар дыбыс дегенге сүйенсе, кейінгісі *ш*-ның орнына *ч*-ны айту өзбек, ұйғыр, қырғыз, түрікмендермен іргелес отырған территорияларда ұшырайтындығына сүйенеді.

Аффрикат *ч*-ның қазақ говорларындағы тарихына қатысты пікірді ұсынғандардың бірі — проф. Н. Т. Сауранбаев. Неғұрлым айқын түсінік болу үшін ол кісінің өз сөзін осы жерде толық келтірелік. «Аффрикат *ч*-ның ең мол тараған өңіріне қарап бұл дыбысты ұйғыр, қырғыз, өзбек тілдерінің ықпалы нәтижесінде *ш*-дан кейін пайда болған дыбыс деп топшылауға болады. Бұл тілдердегі *ч*-ның тұрақты фонема екені белгілі. Мұндай тұспалдың дұрыстығын құптарлық дәйек те жоқ емес. Біріншіден, оңтүстік пен Жетісу қазақтары ұйғыр, қырғыз, өзбектермен о заманнан бері ықпал түйісе тіршілік етіп келеді, тіптен олармен аралас тұрып келген қазақтар бұрын да болған, қазір де бар. Екіншіден, Қазақстанның оңтүстік өңірін XI ғасырда мекендеген қазақ тайпаларының тілінде *ч* емес, *ш* қолданылғанын дәлелдейтін кейбір тарихи деректер де бар. Мәселен, В. В. Бартольд өзінің соғда мен тохар тілі жөніндегі еңбегінде Махмуд Қашғариге сүйене отырып: «Ескендір Зұлқарнайынның тұстасы бір түрік қағанының Баласағұнға жақын жерден өз атымен аталатын Шу деген бекініс салғанын айтады. Әрине, Баласағұн ол кезде әлі жоқ болатын. Бекіністің тұрған жерін дәл

<sup>1</sup> Жирмунский В. М. Немечкая диалектология. М.—Л., 1956, 22-б.

<sup>2</sup> Сауранбаев Н. Т., Бегалиев Ғ. Қазақ тілінің грамматикасы. Алматы, 1945, 8-б.

осылай аталатын (Шу — С. О.) өзеннің жағасы деп, ал бұл атаудың құрамындағы *ч* со замандағы жергілікті диалектіде осы күнгі қазақ тіліндегідей *ш* болып айтылған деп түсіну қажет». Қазір Шу бойының халқы *ч*-ны жүйелі түрде қолданады. Шу өзенің Чу деп атайды. В. В. Бартольд тілге тиек етіп отырған Махмуд Қашғаридың дерегіндегідей *ч* орнына *ш* қолданатын жайды біз солтүстік пен батыс қазақтарының тілінен кездестіреміз. Демек, *ч* ұйғыр, қырғыз, ішінара өзбек тілінің ықпалы нәтижесінде бергі дәуірлерде пайда болған сияқты<sup>1</sup>. Ш. Ш. Сарыбаев та қазақ тіліндегі *ч*-ны түркі тектес өзге тілдердің ықпалы деп таниды. Ол кісі де Семей облысындағы Мақаншы ауданында тұратын қазақтардың тілі жөніндегі мақаласында сол жердің жергілікті халқы сөздің бас шебі мен *-шы*, *-ші* қосымшаларының құрамындағы *ш* дауыссызын аффрикат *ч*-мен айтатынын көрсете келіп, бұл құбылысты көрші ұйғыр тілінің әсерінен деп есептеу керек деген байлам айтады<sup>2</sup>. *ч* туралы мұндай көзқарас Ж. Досқараевта да барын жоғарыда айтқанбыз.

Ойрот автономиялы облысының Қошағаш аймағында тұратын қазақтардың тілі туралы алғаш мәлімет берген А. Н. Самойлович: «Қошағаштағы ауыспалы қазақ говорының өзгеден окшау тұрған тағы бір айырым белгісі деп *ч* дыбысын атағым келеді. Радлов пен Мелпоранский берген деректерде мұндай дыбыс қазақ тілінде мүлдем жоқ деп көрсетілген. Соған қарағанда, бұл жердегі *ч*-ны, абзалында, Ойрот автономиялы облысының Қошағаш аймағындағы *ч*-шыл көрші теленгі диалектісінің ықпалы деп таудың жөні бар»<sup>3</sup>— дейді. Әрине, бұл пікірді А. Н. Самойлович жоғарыдағы ғалымдардың қазақ тілінде *ч* мүлдем жоқ деген пікірін тілге тиек етіп айтып отыр. Ол кезде қазақ тілінің өзге говорларында бұл дыбыстың бар екендігі жөніндегі дерек Самойловичке мәлім емес еді. Дегенмен Қошағаш қазақтарындағы *ч*-ның өмір сүруіне белгілі дәрежеде алтай тілінің ықпалы болды дегенді айту — жаны жоқ пікір емес.

Шынында да бұл құбылыстың Жетісу, Алатау өңірінде ұйғыр, қырғыз, өзбек халықтарымен, шығыста алтай, хакас, тувалармен, Маңғыстауда, Түрікменстан жерінде түрікмендермен аралас отырып келген қазақтардың тілінде кездесіп, ал Қазақстанның орталық, солтүстік аймақтары мен батыс бөлігінің көпшілік жері тұрғындарының тілінде байқалмауы — ойландырарлық нәрсе. Біздің ойлауымызша, осы пікірдің әрқайсысын өз алдына жалаң ұғыну жеткіліксіз. Егер *ч*-ны қазақ тілінің қалыптасуына негіз болған ежелгі ру-тайпалардың диалектілік жүйесінен ауысқан ен-таңба деп қарайтын болсақ, оның қазақ елі тараған қазіргі аймақтың

<sup>1</sup> Сауранбаев Н. Т. Диалекты в современном казахском языке. «Вопросы языкознания», 1955, № 5, 47-б.

<sup>2</sup> Сарыбаев Ш. Семей облысы Мақаншы ауданында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір диалектілік ерекшеліктер туралы. Қазақ тіл білімі мәселелері. I. Алматы, 1959, 38-б.

<sup>3</sup> Самойлович А. Н. Казаки Кош-агачского аймака Ойротской автономной области. Сб., «Казаки», Л., 1930, 323-б.

оңтүстігі мен оңтүстік шығысында молырақ сақталуына көрші тілдердің ықпалы барын да бекерге шығаруға болмайды. Бұл белгінің қазақ говорларының көпшілігінде қазіргі күнде ізі өшін, тек өзге тілдермен (қырғыз, өзбек, түрікмен, алтай, хакас, тува т. б.) іргелес өңірінде ғана қалыуынан біз осыны аңғарамыз. Бұлай деу, әрине, қазақ жұртының генезистік құрамындағы ру-тайпалардың ешбіреуінде бұрын аффрикат *ч* мүлдем қолданылмаған деген сөз емес. Мұндай ада-күде кепілдікті ешкім де бере алмайды.

Қазақ говорларының фонетикалық жүйесіндегі *ч*-шылдық құбылыс күні бүгінге дейін арнайы зерттеу объектісі болған емес. Мұндай зерттеу, сөз жоқ, қажет. Оны байыпты түрде зерттеу — тіліміздің тарихи фонетикасының кейбір мәселелерін шешудегі қажеттерімізді өтеуде, әсіресе, қазақ тілінің диалектілік бөлінісі мен олардың бір-біріне қарым-қатынасын анықтауда зор жәрдем етпек.

*д, т/л дауыссыздарының алмасуы.* Көпшілік говорларымыз бен әдеби тіліміздегі сөз ішіндегі *д(т)* дауыссызының орнына оңтүстік өңірде көп жағдайда *л* дауыссызының қолданылатыны — біраздан бері байқалып келе жатқан жай. Ауызекі қолданылуын былай қойғанда, бұл құбылыс жазба тілде де ара-тұра бой көрсетіп қалады. Оңтүстік аудандарымыздағы жергілікті баспасөз бетінен, сол сияқты осы өңірде туып-өскен ақын-жазушымыздың шығармаларынан осы құбылысқа тән сөздердің жиі ұшырастыруымыз — осының айғағы. *л/д* алмасуының жер аты, кісі аты тәрізді жалқы есімдердің құрамында келетін реті және де бар. Мәселен, «Теңлік» сынды қолхоз аты мен Оңласын, Түңлікпай, Бекберлі, Әбділлә, Меңлігүл секілді кісі есімдерінде қазақ говорларының көпшілік тобындағы — *д*-ның орнына оңтүстікте — *л*-дың айтылуы осының бір айқын көрінісі. Қазақ жерінің бүкіл батыс, шығыс, орталық атырабында *д* қолданылатын жерде түскей атырапта *л*-дың қолданылуы да, біздіңше көбіне-көп көрші тіл ықпалынан. Өйткені мұндай фонетикалық құбылыстың Орта Азия жеріндегі түркі халықтары ішінде басқадан бөрі өзбек пен қарақалпаққа тән екені белгілі. Түркі жүйелі тілдер ішінде қазақ тіліне тегі жағынан ең жақын келетін тілдердің бірі деп қарақалпақ тілін атайтын болсақ, дәл осы фонетикалық құбылыстың өз басына келгенде бұл екі тілдің арасында едәуір алшақтық бар екенін байқаймыз.

Сөзінің ішкі шебінде *д, т* дауыссыздарын тұрақты қолданатын түркі тілдерінің бірі — біздің қазақ тілі екені мәлім. Ал біздің тіліміздегі сөз ішінде *д, т* келетін жердің бәрі болмаса да, оның көпшілігінде-ақ қарақалпақ тілінде *л* дыбысымен алмасатын жайы бар. Осы себептен де С. Е. Малов қазақтағы *д, т*-ның орнына *л*-дың қолданылуын қарақалпақ тілі мен ноғай тілінің қазақ тілінен окшау ерекшелігі деп атайды<sup>1</sup>. Аталып өткен диалектілік алқапты айтпасақ, бұл құбылыстың қазақ жерінің өзге өңірінде байқалуы некен-саяқ. Әсіресе Қазақстанның орталық, шығыс теріскей, батыс, атырабында мұндай дыбыстық белгінің кездеспейтініне кепілдік

<sup>1</sup> Малов С. Е. Заметки о каракалпакском языке. Нукус. 1966. 30-б.

беруге болады. Қазақ топырағының өз табанында бұл құбылыстың ішінара тараған аймағы деп Қызылордадан бастап, Шымкент, Жамбыл, Алматы облысы территориясы мен Талдықорғанның шығысына дейінгі аралықты атауға болады. Бірақ мұның өзінде де *д*-ның алмасуы болмаса, *т*-ның *л*-мен алмасуы мұнда мүлдем байқалмайды. Әрі мұндағы *д*, *л* дыбыстары алмасу құбылысының жай-жапсары мен қарақалпақ, өзбек жұртымен аралас отырған, я соған таяу қоныстас отырған қазақтардың тілінде қолданылуында зор айырым бар. Ол мынада: біріншіден, *д*, *л* дауыссыздары алмасып келетін сөздер кейінгі аталған территорияда сәй жағынан тым шағын. Мәселен, осы құбылыс кездеседі деп отырған Қызылорда, яки Талдықорған маңы қазақтарының тілін алатын болсақ, ондай сөздердің мұндағы ұзын саны бір бес-он сөздің төңірегінен алысқа ұзап жарымайды. Екіншіден, мұнда бұл дыбыстар көбіне-көп бірақ позицияда алмасады. Ол — *д* дауыссызының *ң* дауыссызынан кейін келетін, соған ілесе алатын жері. Мысалы, *маңдай* — *маңлай*, *таңдай* — *таңлай*, *онда* — *оңла*, *теңдік* — *теңлік*, *тыңда* — *тыңла*, *таңда* — *таңла*, *түндік* — *түңлік*, *өңді* — *өңлі*, *өңде* — *өңде*.) Өзбек, қарақалпақ арасы мен соларға тым жақын-жуық тұратын қазақтардың тілі болса, онда жағдай бұдан мүлдем басқаша. Бұл құбылыстың мұндағы сөз ішінде ұшырасатын позициясының ауқымы да, қамтитын материалының көлемі де жаңағы біз айтып өткен төңіректің қазағының тілімен салыстырғанда анағұрлым кең әрі мол.

Түркі тілдерінде *л* дауыссызы *д*, *т*-мен сөздің барлық шебінде алмаса бермейді. Бұлардың бір-бірімен алмасатын нақтылы орны бар, ол морфемалардың жігі. Оның үстіне бұл дыбыстардың мұндайда қосымшаның басқы дыбысы ретінде жұмсалуды шарт. Бұл құбылыстың *ң* дауыссызынан кейін байқалатын жері де көбіне осы сияқты морфемалық жіктерге дәл келеді. Мұның былай болуы осы позициядағы *л/д*, *т* дауыссыздарының әуелде бір дыбыстан өрбігендігінен.

Осы құбылысқа байланысты бір әңгіме көптік қосымшасы жайында. Қазақ тілінде бұл қосымшасының басқы дыбысы сөздің соңғы дыбысының ықпалына еріп *-тар-тер*, *-дар-дер*, *-лар-лер* деген тәрізді бірнеше фонетикалық нұсқада құбылатынын біздің әрқайсымыз жақсы білеміз. Қазақ әдеби тілі мен көпшілік говорлары үшін бұл — тапжылмас заң сияқты. Жалпаудың осы түрінің қолданылу жүйесіне тән тіліміздегі осындай заңдылықтың өзбек, қарақалпақ жері қазағының тіліне келгенде әр кез сақтала бермейтінін көреміз. Бұл жағдай қарақалпақ арасындағы қазақтардың тілінен жиі байқалады. Өзбек жеріндегі қазақтардың тілінде қолданылу аясы аса кең емес. (келесі бетті қараңыз).

Осы өлкелердің қазағының тілінде *д/т*, *л* алмасуының тағы бір жиі байқалатын жері *лы/лі*, *-ты*, *-ті*, *-ды* *-ді*, *-лық* *-лік*, *-тық* *-тік*, *-дық*, *-дік* /*-ла/-ле*, *-та*, *-те*, *-да* *-де*/ тәрізді жұрнақтардың құрамы. Бұл жұрнақтардың үстіне тағы да қосымшалар жалғанып, күрделенген күйде ұшырауы да мүмкін. Мысалы: *шаңлат*, *мұңлас*, *таңлаулы* т. б. Бұл қосымшалардың басқы дыбысының тілімізде

Қарақалпақ, өзбек арасындағы қазақтар- дың тілінде	Қарақалпақ тілінде	Өзбек тілінде	Қазақ говорларының көпшілік тобында	Әдеби тілімізде
кітаптар сізлер таслы өңлү жүзлөп теңлік кұллуқ таңла аңла тыңла маңлай таңлай қызлар сақла демле теңле	китаптар сизлер таслы өңлү жүзлөп теңлік кұллық таңла аңла тыңла маңлай таңлай қызлар сақла демле теңле	китоблар сизлар тошли өңли юзлаб тенглик куллик таңла аңла тангла маңглай танглай қизлар сақла дамла теңгла	кітаптар сіздер тасты өңдү жүздөп теңдік кұлдуқ таңда аңда тыңда маңдай таңдай қыздар сақта демде теңде	кітаптар сіздер тасты өңді жүздеп теңдік кұлдық таңда аңда тыңда маңдай таңдай қыздар сақта демде теңде

неліктен бірде *т*, *д*, бірде *л* болып үш ыңғай айтылуының себебі де түсінікті. Әңгіме мұнда емес. Әңгіме осы қосымшалардың басындағы дыбыстың қазақ тілінің бойына сіңген жалпы фонетикалық заңдылықтан неліктен ауытқып, басқаша үлгіде қолданылатындығында. Біздіңше, мұның да өзге тілдік ықпалдан тыс алып түсіндірерлік басқаша бір себебі жоқ сияқты. Екеуінде де *л/д*, *т* дыбыстарының алмасатын жері — белгілі бір жұрнақтардың құрамы. Айырма тек мысалдардың көлемінде ғана. Қарақалпақ арасындағы қазақтардың тілінен терілген мысалдардың көлемі екінші топ мысалдарға қарағанда молырақ.

Қарақалпақтармен аралас отырған қазақтардың тілінде *д*, *т*, *л* алмасуының өзбек ішіндегі қазақтарға қарағанда, жиі байқалуының өзіндік себептері де жоқ емес. Оның ең негізгісі бұл екі тілдің бірінен-біріне тілдік белгілердің өтуіне кедергі, бөгет болатынындай арада тұрған соншалық елеулі фонетикалық, грамматикалық тосқауылдың болмауы. Өйткені қазақ тілі мен қарақалпақ тілі өзбек тіліне қарағанда құрылымы жағынан бір-біріне тым жақын. Сонымен қатар жағдайдың бұлай болуында әлеуметтік себептерінің де бар екендігінде талас жоқ. Мәселен, ондағы қазақтардың қарақалпақтармен көп заманнан бері іргесі айрылмай, бір географиялық кеңістікте тіршілік кешуі, сондай-ақ осы екі халықтың тұрмыс-салтындағы, шаруашылық-ақуалындағы, ұғымнанымындағы жақындықтың да арадағы тілдік ауыс-түйіс үшін зор ықпалы барын мойындамасқа болмайды. Бұл айтылған жайлардың жалғыз фонетика саласында ғана емес, тілдің өзге де салаларына қатысы бар. Көптік жалғаулы тұлға мен аталған жұрнақтардың құрамынан *л/д*, *т* дауыссыздарының алмасатын басқа да орындары бар. Ондайлардың көбінің сөз ішіндегі позициялық

сипаты әр қилы. Айталық, олардың біразының орны көнерген морфемалардың жігі тәрізденіп көрінгенімен, біразының бұл өлшемнің аясына сия бермейді. Мұндайларды белгілі бір классификацияның тезіне салып топтаудың өзі де қиын. Бұған жоғарыдағы *мақлайша, таңлай, тұңлік* деген тәрізділерді, сондай-ақ *селле/сәлде, молла/молда, әлле кім (әлде кім), алал (адал)* тәрізді мысалдарды жатқызуға болады.

Кейінгі келтірілген мысалдардың көпшілігі түркі түбірлі сөздер емес. Мәселен, *молла, селле*, дегендердің де араб кірмелері екені белгілі. Бірақ олардың бәрі әдеби тіліміз бен көпшілік говорларымызда *адал, молда, сәлде* түрінде қалыптасқан.

Осындағы сөздердің изоглоссасын қарақалпақ, өзбек тілінің дерегімен салыстырудан олардың таралу шегінде де зор сабақтастық, өзектестік бары байқалады. Мәселен, *л/д, т* дауыссыздарының көптік жалғауы құрамында алмасуы (бізлер, бір уақлары), немесе *л*-дың қатаң *т* дауыссызының орнына қолданылуы (таслы, атлы, есеппе) тәрізді фактілерді алатын болсақ, олардың һәммесінің изоглоссасы Өзбекстан мен Қарақалпақстаннан басталып, республикамыздың Шымкент облысының оңтүстік — батыс шегіне келген жерде мүлдем үзіліп қалатынын көреміз. *Шаңлы, еркінлік, ізле, тұллан* секілді *л*-дың *д*-мен алмасып келетін позициясына қатысты көп сөздер туралы да осыны айтуымыз керек. Бұлардың изоглоссасының Қаратау маңына ілінуі некен-саяқ. Ал енді *л/д, т* алмасуының мұрын дыбысы *ң*-нан кейін келетін позициясына тән мысалдарды (*өңле, тыңла*) алатын болсақ, олардың да көбінің изоглоссасы өзбек, қарақалпақ жерінен басталуын басталғанымен, әрісі Сыр бойынан, берісі Жетісу төңірегінен асып жарымайды. Осындай ерекшелігіне орай бойына осы құбылыс тән деген сөздердің өзін екі топқа бөліп қарауға болады. Оның бірі — изоглоссасының шеңбері тар сөздер де, екіншісі — изоглоссалық шеңбері бір шама кең сөздер. *л/д, т* дауыссыздарының көптік жалғауы құрамында алмасуы, *л*-дың қатаң *т*-мен алмасуы, сондай-ақ *-лы, -лық, -лас* сынды жұрнақтармен айтылатын сөздердің көбі мұның алғашқы тобына, ал *л*-дың мұрын дыбысы *ң*-нан кейін алмасатын сөздері кейінгі тобына жатады.

Осыған сәйкес дыбыс жүйесіне осы құбылыс тән говорларды да өз ішінен *л/д, т* алмасуы жиі байқалатын, сосын *л/д, т* алмасуы сирек байқалатын говорлар деп аталатын шағын-шағын екі топқа ажыратуға болады. Сонда қарақалпақ, өзбек арасындағы қазақтар мен соған іргелес аудандардың қазағының тілі осы екі топтың алғашқысына, Сыр бойынан (Қызылорда қаласының оңтүстігінен) Жетісудың шығыс жақ беткейіне дейінгі аралықтың қазағының тілі — соңғысына кіреді.

Ж. Досқараев қазақ тілінің оңтүстік — шығыс говорларында да *д* орнына сөздердің кей тобында *л* қолданылуын тіліміздің о заманғы көне белгісі, ежелгі ру-тайпа тілдерінің қалдығы деп қарайды. Мұны айтқанда зерттеуші және түркі жазбаларында қазіргі біз қолданып жүрген *д*-ның орнына *л* дауыссызы қолданылған дегенге сүйенеді. Біздіңше, бұл құбылыстың говорлардың аталған екі



тобының әр қайсысында қолданылуын бас-басына бөлек қарау керек сияқты. Расында, изоглоссасы сонау қарақалпақ, өзбек жерінен басталып, Семей облысының оңтүстігіне шейін желі болып созылып жатқан түңлік сөзіндегі л-дың д-мен алмасуын салыстырып отырған тілдердің ықпалынан деп түсіндіру, бір жағынан, наымысыз болып көрінуі де мүмкін. Осындай изоглоссасы тым жайылыңқы құбылыстарды тіліміздің негізін құраспап көнедегі ру-тайпа диалектісінің бірі болмаса бірінен сақталып қалған нышан деп қарауымызға болар. Бірақ мұндай сөздердің саны аса көп емес. Осы құбылысқа қатысты сөздердің изоглоссасының ең шоғыр орналасқан жері — Өзбекстан, Қарақалпақстан жері мен соның төңірегі екеніне талас бола қоймас. Сол төңіректен неғұрлым сыртқары, қазақ даласының ішкі қоныстарына қарай беттеген сайын изоглоссалардың сиреп, бірте-бірте үзіліп жататыны зерттеушілерге жеке таныс шындық. Сол үшін де біз қазақ говорларының көпшілігіндегі д-ның орнына оңтүстікте л-дың қолданылуы тәрізді белгіні, негізінен, өзге тіл ықпалы деп қарауды мақұлдаймыз. Біздің тоншылауымызша, түңлік, таңлай, маңлай, оңла, тыңла тәрізділердің өзін көне құбылыс деп танығанның өзінде, олардың өшіп кетпей халық тілінде әлі күнге сақталуының себебі де бөгде тілдік әсерден.

Сонда тілдік әсер, тілдік ықпал дегеннің өзін екі ыңғайда түсіну керек болады. Оның ең негізгі, ең басты бөлшегін құрайтын — ықпал етуші тілден еншіленген кірме құбылыстар екенінде, әрине, дау жоқ. Бірақ тілдік ықпал атаулының шеңберін нақтылы кірмелердің аясымен ғана шектеуге болмайды. Ықпалдың кейде тілдің өзінде бұрыннан бар, бірақ уақыт талқысына түсіп, қолданудан шыға бастаған кейбір тіл құбылыстарының қайтадан жандануына себепкер болатын кездері де бар. Қарақалпақ, өзбек жерінен шалғай Жетісу өлкесіндегі кей сөздердің л-мен айтылуында осындай жағдайдың салқыны бар. Олардың тамырының қарақалпақ, өзбек тілінен басталып, оңтүстікте бүкіл қазақ говорларына желі боп таралып жатуын осылай ұғыну қажет сияқты.

Әрине, бұдан мұндай белгі қазақтың халық тілінің құралуына ұйтқы болған ежелгі ру-тайпа диалектілерінің арасында бұрын болған жоқ деген ұғым тумайды. Бұлай деп кепілдік беру қаншалық қисынсыз болса, сондай диалектілер бұрын сөзсіз болып еді деп айтуға да біздің қолымызда тұрған жеткілікті дәлел жоқ. Ал дәл бұл құбылыстың говорларымыздағы қазіргі жайына келсек, жағдай оны негізінен алғанда, бөгде тіл ықпалынан деп тануға итермелейді. Тарихи жағынан да қазақ жерінің оңтүстік-шығыс аймағының өзге өңірлерге қарағанда Орта Азиямен, өзбек хандықтарымен тығызырақ байланыста болғаны белгілі. Бір заманда Жетісу өңірі Қоқан хандығының билігінде болды. Сондай-ақ өткен ғасырдың өзінде Жетісу өңірінің қазіргі Өзбекстанның көпшілік бөлігімен қоса Түркістан генерал-губернаторствосы, Сырдария облысы тәрізді бір әкімшілік территорияның құрамына еніп келгені мәлім. Ал Сыр бойы болатын болса, оның да жайы солай. Әсіресе олардың қарақалпақпен арадағы байланысы-

ның тамыры әрiде, XVIII ғасырда Сыр бойы қазағы, қарақалпағымен қоса кiшi жүз ханының қол астында болғаны мәлiм. Әрiдегi тарихқа үңiлсек, Қазақстанның оңтүстүк-шығысы, Қаратау маңы, Сыр бойының, Шағатай ұлысының негiгiндегi жерлер болғанын бiлемiз. Қысқасы, өзбек, қарақалпақ халқы мен қазақ сахарасының оңтүстiгiнiң арасындағы байланыстың ұзақ сонар тарихы бар.

д. т орнына л қолдану ортаазиялық түркі жазба дәстүрінде ертеден-ақ орын алған. Ол шағатай әдеби тілі үшін де жүйелі дәстүр болды. Қазіргі бірқатар ғалымдар «кітаби тіл» деп атап жүрген XIX ғасырда қазақ арасында едәуір дами түскен жазба тілге де мұның елеулі әсері болды. Оның бер жағында өткен ғасырдағы қазақ жазу-сызу мәдениетіне татар ықпалының пәрменді болғаны да белгілі. Бұл жағдай ортаазиялық жазба әдебиеттен басталатын кітаби тілдегі әлгі дәстүрді орнықтыра, қазықтай түсті. Өйткені *л*-ды *д*-мен *т* орнына қолдану татар тілінің дыбыстық жүйесіне тән белгі екенін жақсы білеміз. Сондай себептерге байланысты өткендегі қазақ арасына тараған хикаяларда, сол секілді революциядан бұрын шыққан кітаптар мен қазақ баспа сөзінің бетінде *д, т* орнына *л* дыбысын қолданған фактілер аз кездеспейді. Кітаби тіл стилін машықтаған мұсылманша сауатты ақындар мен жожа-молдалардың тілінде де біз айтып отырған құбылыс едәуір етек алған. Алайда кітаби тіл деп айтып отырған көнедегі шағатай, берiдегi өзбек, татар тілдерінің элементімен шұбарланған кейбір қазақ жазбалары тілінің халық тіліне соншалық ықпалы болды деп айта алмаймыз. Мұсылманша хат таныған ат төбелiндей қауым болмаса, дәл қазақтың халық тіліне, оның халық диалектілеріне жазба тіл елеулі ықпал ете алған жоқ. Жалғыз осында әңгімелеп отырған тіл құбылысынан ғана емес, кітаби тілге тән өзге белгілердің тағдырынан да біз осыны көреміз. Өйткені кітаби тілде қазақтың халық тіліне бейтаныс бұдан бөтен де талай дыбыстық құбылыстардың, грамматикалық белгілердің, сан килы сөздердің болғаны мәлім. Бірақ олардың арасынан халық тіліне сiңiп үлгiргендері кемде-кем десек болады. Егер айтып отырған фонетикалық белгі әуелде халық тіліне кітаби тілден өткен белгі болса, оны әр жердің қазағының тілінен кездестірсек керек еді. Алайда іс жүзінде бұлай емес екені көрініп тұр. Осында аталған оңтүстік және оңтүстік-шығыс өңірден тыс қазақ топырағының қалған жерінің бар түкпірінде бұл құбылыстың *д* түрінде ұшырайтыны жұртшылыққа аян. Ендігі бір әңгіме *л* — дауыссыздың *д* дауыссызына өту жайы.

Бұған дейінгі әңгіміміз керісінше фонетикалық жағдай туралы болып келгендіктен — *л*-дың *д*-ға өтуі дегеннің өзі бір есептен құлаққа тосаңдау болып естілуі мүкін. Дұрысына келсек, мұндай фонетикалық құбылыс та қазақ говорлары үшін жат құбылыс емес. Қазақстанның кейбір шығыс аудандарындағы найман, керей руына жататын қазақтардың тілінде едәуір сөздердің құрамындағы *л*-дың орнына *д* дауыссызының айтылатыны диалектологтарымызға көптен таныс. Осы құбылыс байқалатын сөздерді В. В. Рад-

ловтың өткен ғасырда қазақ арасынан жинаған ауыз әдебиеті нұсқаларының тексінен де кездестіруге болады<sup>1</sup>. Айталық, онда зордық (зорлық) деген сөздің осы үлгіде бірнеше дүркін қайталанғанын көреміз. Мысалы... *еділ болды, кісіге зұлман қылмады, зордұқ қылмады* (65-б.) *Жұртымызда ұрұлқ, өгірік, зордұқ жоқ еді* (66-б.) *Анау үшеуі зордұқ қылса, мұны өлтіріңдер* (88-б). Сонымен бірге мұндағы бір тексте сінді сөзі сінді деген вариантта жазылған. Артында анасы жоқ, сіндісі жоқ Қысынды жалғызға неге бердің (21-б).

Текстерде бұл сөздердің *д*-мен берілуіне себеп В. В. Радлов біз мысал алып отырған шығармаларды Семей облысының қазақтарының тілінен жазып алған болуы керек. Өйткені оқымыстының қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін ең көп жинаған жерінің бірі — Семей облысы мен Бұқтарма төңірегі. Қазіргі Шығыс Қазақстанның көп жері ол кезде осы Семей облысының құрамына кірген. Сол секілді *л/д* алмасуы байқалатын сөздерді Қазақстанның шығысында тұңғыш рет (1939) болған диалектологиялық экспедиция материалынан бастап, кейінгі жылдарда жиналған мәліметтердің бәрінен табуға болады.

*д*-ның *л* орнына қолданылатын жері де морфемалардың жігі. Бұл да жоғарыда аталған аффикстердің құрамында ұшырайды. Күршім, Зайсан, Тарбағатай қазақтарының тілі жөніндегі Ж. Досқараевтың<sup>2</sup>, қазақ говорларының шығыс тармағын зерттеген Ж. Болатовтың,<sup>3</sup> сондай-ақ Монғолия қазақтарының тілі жайындағы Бұхатын Базылханның<sup>4</sup> жариялаған деректерінен дыбыс алмасуының осы түрін аталған аффикстердің бәрінің құрамынан да кездестіреміз. Бұдан мұның да көбіне-көп нақтылы қосымшалардың жүйесіне тән құбылыс екені көрінеді. Қазақ елі тараған шығыс аймақта осы құбылысқа қатысты сөздердің төмендегідей бес тобы кездеседі. Олар: *л/д* алмасуының көптік тұлғаның құрамында ұшырайтын жері. Мәселен, *солар, олар, бұлар, ағалар, інілер, биелер* деудің орнына *содар, одар, бұдар, ағадар, інідер, бійедер* деп қолдану.

2. *-ла, -ле* жұрнағының ұшырайтын жері: *сөйле, үрле, терле, айғайла, биле, иле, өрле, бүйірле, бір-бірле, үйлен* деудің орнына *сөйде, үрде, терде, айғайда, бійде, ійде, өрле, бүйүрде, бір-бірде, үйден* деп қолдану.

3. *лы,-лі* жұрнағының құрамында ұшырайтын жері: *байлаулы,*

<sup>1</sup> Радлов В. В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в южной и Джунгарской степи, ч. III. Киргизское наречие. СПб. 1870 (мысалдардың қай беттен алынғаны мысалдан кейін жақша ішінде көрсетілді).

<sup>2</sup> Досқараев Ж. Күршім, Зайсан, Тарбағатай аудандарындағы қазақтардың тіл өзгешеліктері. Досқараев Ж. Мұсабаев Ф. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. I-бөлім. Алматы, 1951, 45-б.

<sup>3</sup> Болатов Ж. Қосағаш қазақтарының тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Жинақ, ҚТДМ, 4-шығ., 1962, 88-б. Бұл да соныкі. Шығыс Қазақстан облысы Большенарым селолық ауданында тұратын қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Жинақ: ҚТДМ, 5-шығ., 1963, 177-б.

<sup>4</sup> Бұхатын Базылхан. Монғолияда тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір жергілікті ерекшеліктер. Жинақ: Қазақ диалектологиясы. Алматы, 1965, 34-б.

сорлы, неғұрлым, соғұрлым, жазулы, жамаулы дегудің орнына бойдауды, сорду, неғұрду, соғұрду, джазуду, джамауду деп қолдану. Бұл ерекшелік осы жұрнақтар кісі есімдеріне қатысты болған жағдайда да сақталады. Мысалы, *Нұрлыбек, Сырлыбай, Сабырлы, Қайырлы* деген кісі аттары сөз болып отырған өңірдің қазақтарының тілінде *Нұрдүбек, Сырдыбай, Сабырды, Қайырды* деген фонетикалық нұсқада айтылады.

4. *-лық, -лік* жұрнағының құрамында кездесетін жері: *ауырлық, қорлық, батырлық, пәлен дерлік, литрлік*, дегудің орнына *ауырдық, қордық, батырдық, пәлен дердік, литірдік* деп қолдану.

5. Бұл айтылғандардан тыс оның морфемалық жігі айқын емес сөздердің, сосын араб-парсы кірмелерінің бойында да байқалатын жайы бар. Мәселен, *айнал/айлан, илан, әулие, дәулет* дегендердің *айдан, ыйдан әудіе, дәудет* деген формада жұмсалуды да дыбыс алмасуының осы түріне жатпақ.

Орта Азияның ішкі қонысынан басталып Қазақстанның бүкіл оңтүстігі мен оңтүстік-шығысын қамтитын *д/л* алмасуы тәрізді дыбыстық заңдылықтың шығыс аудандарға келгенде керісінше өзгеруінің де өзіндік тарихи-лингвистикалық себептері бары шүбәсіз. Әр жылдардағы диалектологиялық экспедиция деректеріне сүйенсек, дыбыстық құрамына осы фонетикалық белгі тән деген сөздердің изоглоссасының ең шоғыр орналасқан жері — Шығыс Қазақстан облысының территориясы мен Таулы Алтай автономиялы облысының, сосын Монғол халық республикасының қазағы бар жері. Тарихи тұрғыдан алсақ, Қазақстанның шығыс атырабының бағы заманнан-ақ найман, керей, уақ тәрізді ру-тайпалардың белгілі қоныстарының бірі болғаны аян. Шыңғысхан жорықтарынан арғы дәуірдің өзінде Алтай төңірегіннің наймандар мен керейлердің мекені болғаны жөніндегі деректер тарихи жазбаларда жақсы сақталған. Бұл екі ірі тайпаның екеуінің де қазіргі түркі-монғол тектес халықтардың біразының этностық құрамында бар екені белгілі. Қазақтағы найман, керей руларының ірі бір тобы әлі де сол өздерінің ежелгі мекені Алтай жағында, я соған жақын-жуық қоныстарда тұрады. Қазақстанның шығысы мен соған шекаралас әкімшілік аймақтардан, Монғолиядан, негізінен, осы екі ру-тайпаға (ішінара уақтар да бар) жататын қазақтарды кездестіруіміз — осыған дәлел. Наймандардың Шыңғысхан дүмпуінен Қазақстанның оңтүстік-шығысына қарай ығысуы XIII ғасырдың бас шеніне тұра келеді. Оған дейін біздегі наймандардың басқа түркі-монғол халықтарының құрамындағы басқа наймандармен қоса Алтай, Енисей төңірегін мекен қылғаны мәлім. Наймандардың сол дәуірдегі қанаттас отырған көршілерінің бірі тарихта Енисей қырғыздары аталатын түркі тайпалары болатын. Монғол үстемшілігі кезінде қырғыздар сол төңіректегі өзге түркі-монғол текті ру-тайпалармен бірге Жошы ұлысының қол астына қарады. Қырғыздардың негізгі тобының Алатау, Ыстықкөл маңына қоныс аударуы кейін, бергін келе (XIII—XIV ғғ) болған процесс екені жұртшылыққа таныс. Осындай тарихқа көз жүгіртіп бақсақ, қазіргі Алтай, Тарбағатай төңірегіндегі, сондай-ақ монғол жеріндегі най-

ман, керей руларына жататын қазақтардың қырғыздармен арадағы байланысының тамыры әріден басталатынына кәміл сенеміз. Аса арғы тарихқа бармай-ақ Түрік қағанаты құрылған VI ғасырдан Шыңғысхан жорықтарына дейінгі аралықтағы дәуірді алатын болсақ, бұл тұстағы ұйғыр (XIII—IX ғғ.), қырғыз (IX ғ.) қағанаты кезінде де және одан кейінгі әр түрлі тайпалық мемлекеттік бірлестіктер кезінде де Алтайдағы түркі-моңғол текті жұрттардың, соның ішінде біз айтып отырған найман, керей, қырғыздардың да іргелес, қоныстас өмір сүрген елдер болғаны кәміл. Кейінгі ұрпақтың тұрмыс-салтында, фольклорында, тілінде әлі күнге сақталып келе жатқан не бір ортақ жайлар бізге сол бір ежелгі тағдырластықты, сабақтастықты меңзейді. Шығыстағы қазақ рулары найман, керейлердің сөйлеуінде байқалатын кей сөздеріндегі *л*-дың *д*-ға айналуы сәкілді фонетикалық белгі де осы сияқты. Біздің топшылауымызша, бұл да сол біздегі найман, керей рулары мен қырғыздардың арасындағы ежелгі бір байланыстың елесі есепті. Осы қазақ руларының шығыс атырапта тұратын бөлігінің тілінен жазылып алынған осы құбылысқа қатысты сөздердің ұқсас фонетикалық нұсқасын қырғыз тілінен табуымыз — бізді осындай ойға жетелейді. Мұның көпсегі тіл контактысының жемісі болуы да, тарихи тұрғыдан әуелден ортақ белгі болуы да ықтимал. Қалайда, қырғыз тілі мен аталған қазақ руларының говорындағы осы құбылыстың арғы астарының бір екені — анық нәрсе. Енді диалектологиялық жазбалардан терілген мына бір топ мысалдарды қырғыз тілінің өзге қазақ говорларының, сосын әдеби тіліміздің дерегімен салыстырып көрейік.

Шығыс говорлары-мызда	Қырғыз тілінде	Өзге говорлары-мызда	Әдеби тілімізде
сінді	синди	сінділі	сінділі
түрдү	түрдүү	түрлү	түрлі
сабырды	сабырдуу	сабырлы	сабырлы
қайырды	қайырдуу	қайырлы	қайырлы
нұрду	нурдуу	нұрлү	нұрлы
қадырды	қадырдуу	қадырлы	қадырлы
сырды	сырдуу	сырлы	сырлы
ұрда	урда	ұрла	ұрла
даярдан	даярдан	даярлан	даярлан
терде	терде	терле	терле
өрте	өрдө	өрле	өрле
қорда	қордоо	қорла	қорла
қордүк	қордук	қорлүк	қорлық
зордүк	зордук	зорлүк	зорлық
ауұрдүк	оордук	ауырлық	ауырлық
үддүк		үрлүк	үрлық
батырдык	баатырдык	батырлық	батырлық
түүүрдүк	туурдук	түүүрлық	туырлық

Аталған негізгі географиялық аймақтан тыс қазақтағы *л* орнына *д* қолданатын бірен-саран сөздердің изоглоссасының Семей об-

лысының батысындағы аудандарға жететіні бар. Мәселен, *урда, дудийе, со гурду* деген сөздердің Ж. Болатов Семей облысының Абай, Шұбартау, Көкпекті, Ақсуат аудандарында да осы үлгіде дыбысталатынын айтады. Бұл сөздердің мұндағы қолданатын ортасы да найман, керей арасы, өйткені осы аудандардағы халықтың да көпшілігі — найман мен керейлер. Әрине, осы рулардың қазақ арасына тараған бар жері — республиканың шығысы мен оңтүстік-шығысы ғана емес. Өзге орта жүз руларының арасында ойдым-ойдым аралшық түрінде ұшырайтын наймандар мен керейлер де бар. Мәселен, Жезқазған облысының Жезді, Ұлытау аудандары — түгел найман. Сол сияқты керейлердің ірі бір тобын Қазақстанның солтүстік облыстарының аудандарынан кездестіруге болады. Бұлардың арасынан жинастырған диалектологиялық мәліметтерге карағанда да, мұндай фонетикалық белгінің бар екені байқалмайды. Сондай-ақ ежелгі мекен Алтаймен географиялық жағынан ұзынша бір тұтас желі болып ұласып жатқан Талдықорғандағы қалың найман арасында да бұл құбылыстың сақталғанын көрсеміз. Қайта мұнда, бұрын айтқанымыздай, көп сөздердегі *д*-ның *л*-мен алмасып жұмсалатын жайы бар. Мұның осылай болуын, сосын *л*- орнына *д* қолданатын сөздердің көпшілік тобының тек шығыспен ғана тұйықталуын найман, керейлердің көнедегі диалектісіне өзге қазақ ру-тайпаларының кейінгі дәуірлерде өткен ықпалынан деп ұғынуымыз керек. Олай дейтініміз осында келтірілген сөздердің бәріндегі *д* шығыстан өзге жердегі барша қазақ говорларында *л*-ға ауысады.

Ұ Фактілердің ішінде өзгеден оқшау бір тұрған нәрсе — көптік жалғауы *-лар, -лер* дегендердің шығыс атырабы қазақтарының тілінде *-дар, -дер* дегендермен алмасуы<sup>1</sup>. Анығына келсек, көптік тұлғаның көп вариантилылығы, дауыссыздар үндестігі елеулі деген түркі тілдерінің біразында бар. Мәселен, алтай, қырғыз, якут, тува тілдері. Соның бірі — біздің тіліміз. Бұлардың бәрінде де көптік жалғауы дауыстылармен *р, й, у* дауыссыздарынан кейін *л*-дан басталатын нұсқада қолданылады. Дегенмен, осындай жалпыға ортақ заңдылықтың сөз болып отырған атыраптың қазағының тіліне келгенде дауыстылардан кейін де *-дар, -дер*, болып өзгертетінін көреміз. Мысалы, *бұлар, олар, солар, ағалар, інілер, биелер* деудің орнына *бұдар, одар, содар, ағадар, інідер, бийедер* деп қолдану. Көптік жалғауындағы осыған ұқсас өзгерісті біздің кездестірген жеріміз — якут тілі. Е. И. Убрятованың диалектологиялық зерттеуінде якут тілінен келтірілген мынадай мысал бар: баайдар (қазақшасы — байлар), үрдэр (қазақшасы өрістері мал, өрістер<sup>2</sup>).

<sup>1</sup> Болатов Ж. Семей облысының Абай, Шұбартау аудандарында тұратын қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы. КТДМ, 2-шығ., 1960, 134-б. Бұл да соныкі, Семей облысы Көкпекті, Ақсуат аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір диалектілік ерекшеліктер туралы. КТДМ, 3-шығ., 1960, 88-б.

<sup>2</sup> Убрятова Е. И. Опыт сравнительного изучения фонетических особенностей языка населения некоторых районов Якутской АССР. М., 1960, 93-б.

Мысалдардан көптік жалғауының *й* мен *р* дауыссыздарына біткен сөздерге *д*-дан басталатын фонетикалық нұсқада жалғанатыны анық көрініп тұр. Аталған диалектілік алқантағы — *дар -дың* дауыстылардан кейін келуі де иррицип жағынан осыған ұқсас. Бірақ ағайын тілдердің арасындағы бір-бірінен ұқсас келген фактілердің бәрі тілдік ықпал тұрғысынан ғана қаралуы, әрине, шарт емес. Ұқсас белгінің тілдердің, диалектілердің арғы тегіндегі тамырластық нышаны болуы да әбден ықтимал. Якут тілінен келтірілген жоғарыдағы мысалдардағы *-л-дың д-ға* өтуін Е. И. Убрятова *и* мен *р* үнділерінің диссимпляциялық ықпалынан деп түсіндіреді.

(Жалпы алғанда, *л* мен *д*, *т* дауыссыздарын бірінің орнына бірін қолдану жөнінен түркі тілдердің фонетикалық жүйесінде екі ұдай жік байқалады. Оның бірі — сөздің белгілі позициясындағы (көбіне морфемалардың жігіндегі) *л-дың* орнына *д*, *т-ның* депірек қолданылуы да, екіншісі, — керісінше, *д*, *т-ның* орнына *л-дың* депірек қолданылуы.) Бұл — осы үш дауыссыздың әрқайсысының бірінің орнына бірінші айырым-айырым жұмсалуды дыбыс ассимиляциясына байланысты құбылыс.) Сөз ішіндегі дыбыстардың бір-біріне тигізетін ықпалы неғұрлым күштірек тілдерде жоғарыда аталған *-лы*, *-ла*, *-лық*, *-лат*, *-лас*, *-лар* іспеттес қосымшалардың баршасы көп вариантты болып келеді. Әңгіме етілген жеке-дара жағдайларды есептегенде, біздің тіліміз де осындай тіл.

Дауыссыздардың ассимиляциялық құбылуы неғұрлым солғын тілдерге келетін болсақ, оларда бұл қосымшалардағы басқы дыбыстың әлбетте өзгеріске ұшырамай, көбіне-көп бір-ақ фонетикалық вариантта *л*-мен ғана айтылатынын көреміз. Мәселен, оғұз, ұйғыр-қарлук, қыпшақ тобындағы тілдердің денінде көптік жалғауы *л* вариантында ұшырайды. Соның бірі — өзбек, қарақалпақ тілі. Түркі жүйелі тілдер ішінде дауыссыздар әуендестігі біздің тілімізден гөрі де мұқият сақталатын тілдер бар. Мұндай тілдерге жаңағы қосымшалардың фонетикалық варианттары біздегіден де молырақ. Мәселен, солтүстік түркі тілдерінде (якут, тува, хакас, шор, чуваш, барабин татары және басқа) көптік тұлғаның біздегі бар нұсқасының үстіне *н* дауыссызынан басталатын нұсқасы (*-нар*, *-нер*, *нәр*) қоса қолданылатынын көреміз. Мұрын дауыссыздарының үндестігі тұрақты тілдердің қай-қайсысында да аталып өткен қосымшалардың *н*-нан басталатын вариантының болуы заңды. Олай болатыны мұның өзі — мұрын дыбыстарының үндесуінен, әуендесуінен туатын нәрсе. Ал біздің тілімізде мұрын дауыссыздарының үндесуі онша тұрақты емес. Біраз морфемалардың жігіндегі дауыссыздарды *адамның үйіңнің* деген тәріздендіріп бір-біріне үндестіре қолданғанымызбен, *қалда*, *шопандар* дегендерге келгенде, ол заңдылықтың сақталмауы да осыдан. Бізде қайта мұрын дыбыстарының кейде өзге дыбыссыздардың ықпалына ұшырайтын реті бар. Мысалы: *дадан* (*надан* (парсы)). Сонымен түркі тілдерінде сөз ішіндегі *л-дың* дауыссыздардың аталған типімен алмасатын негізгі позициясы морфемалардың жігі. Дәлірек айтқанда, көптік жалғауы-*лар* мен есімдерден есім тудыратын *-лы*, *-лық*, есімдерден

етістік тудыратын *-ла* тәрізді қосымшалардың құрамы<sup>1</sup>. Сонымен бірге оның кей түркі тілдерінде кірме сөздердің құрамында да ұшырайтын кезі бар. Мәселен, *молла, сөзле* тәрізді араб-парсы кірмелерінің қазақ тілінде *молда, сәлде* болып айтылуы.

Түркі тілдерінде жоғарыдағы аффикстердің басқы дыбысы айтылуының мына секілді екі жүйесі бар. Бірі — осы аффикстердің тек *л*-дан басталатын көп нұсқада қолданылуы да, екіншісі — олардың *л, т, д, н*-нан басталатын көп вариантты нұсқада қолданылуы. Мұның біріншісі азербайжан, түрік, құмық, қарашай, балқар, қырым татары, қараим, ұйғыр, ноғай, сосын осында өзіміз айтып отырған өзбек, қарақалпақ тілі секілді тілдерде, екіншісі, якут, тува, хақас, чулым татары, барабин татары, шор, алтай, қырғыз, сары ұйғыр тілі секілді тілдерде байқалады. Бірақ осындағы екі ұдай белгінің де әр тілге тәнділігі соншалық абсолют емес. Әдеби нұсқасы демесек, мұндай жалпы заңдылықтан бірде олай, бірде бұлай ауытқудың осы тілдердің өз ішіндегі диалектілерінде байқалатын реті де болады. Мәселен, М. Ряснен түрік тілінің кей диалектісінде *л*-дың *д*-ға ауысатынын айтады. Бұндай жағдай азербайжан тілінде де бар деп көрсетеді.<sup>1</sup> Сондай-ақ өзбек тілінің қыпшақ тобындағы бахмал говорында көптік тұлғаның басқы дыбысы өзінен бұрын тұрған мұрын дыбысы әуендесетінін көреміз. *л* мен *д*-ның диалект аралық сәйкесуі ұйғыр тілінде де, башқұрт тілінде де бар. К. Мусаев қараим тілінің Галич диалектісінде де *л/д* дауыссыздарының алмасатынын айтады<sup>2</sup>. Сондай-ақ Н. А. Баскаков оңтүстік қарақалпақ диалектісінен *күннер, тоннар* деген мысал келтіреді. *л* мен *д/т*-ны бірінің орнына бірінің қолданылуы ыңғайына қарай қазақ говорлары Ж. Досқараев үлкен екі топқа ажыратады<sup>3</sup>. Мұның *д* қолданатын түрі қазақ говорларының солтүстік-батыс тобына тән де, *л* қолданатын түрі — оңтүстік-шығыс тобына тән. Зерттеуші мұнда өз топтамына негіз етіп *л/д* алмасуының бір-ақ жағдайын ғана алған. Ол — *л/д*-ның мұрын дауыссызы *ң*-нан кейін келетін жері. Осы себептен автор мұндай позицияның біреуін *ңд*, біреуін *ңл* деп атайды. Автордың топтамына қарағанда, *л/д* алмасуы бүкіл оңтүстік өңірге біркелкі тараған тәрізденіп көрінеді. Алайда осы құбылысқа қатысты сөздердің әрбір тобының оңтүстік-шығыстың әр жеріне таралуы әр басқа екені мәлім.

*л*-дың орнына *д* дауыссызының қолданылуы да осы секілді. Мұның да говорларымызға таралуы біркелкі емес. Мәселен, *сөйле, зорлық, сырлы* тәрізді сөздердің шығыс қазақтарында *сөйдө, зордұқ, сырды* болып айтылуынан біз осыны көреміз.

Біздіңше, жоғарыдағы говорлардың екі тобының бірін *д*-шыл

<sup>1</sup> Ряснен М. Материалы по исторической фонетике тюркских языков. М., 1955, 182-б.

<sup>2</sup> Мусаев К. М. Грамматика каримского языка. Фонетика и морфология, М., 1964, 84-б.

<sup>3</sup> Досқараев Ж. Некоторые вопросы диалектологии казахского языка. «Вестник АН Каз ССР», 1958, 48-б. Бұл да соныкі. Кейбір фонетикалық құбылыстар жайында. КТДМ 5-шығ. 141-б.



(декающий), бірін л-шыл (докающий) деп атау қолайлы сияқты. Өйткені бұлай деп атау, біріншіден, ұғынысқа жеңілдеу, екіншіден, ол — бұл құбылыстың *нд/ңл* дегеннен өзге де позициясын камтиды. Егер осылай деп атауды құп талсақ, онда қазақ жұрты тараған байтақ территорияның батыс, шығыс, орталық, солтүстік өңірдегі говорларды мұның *д*-шыл тобына жатқызамыз да, оңтүстігі мен оңтүстік-шығыс өңіріндегі говорларды *л*-шыл тобына жатқызамыз. Қазақ говорларындағы *л/д, т* алмасуының арғы-бергі тарихын анықтау мәселесі — бұл құбылыстың өзге түркі тілдеріндегі тағдырынан бөле-жара қаралмасқа тиіс. Бұлай болатыны дыбыс алмасуының бұл түрінің өзі түркі текті тілдердің жалпы фонетикалық жүйесіне тән құбылыс екендігінен. Қазіргі тілдерді былай қойғанда, көнедегі жазбалардың кейбіреулерінде де дыбыстық құрамында осы құбылыс байқалатын аффикстердің бірде *л*-мен, бірде *л, т, н*-мен қолданылған кездері бар. Айталық, Махмуд Қашқаридың диванына сөз болып отырған қосымшалардың *л* вариантының тәндігіне қарамастан, ондағы көп сөздердің құрамында мұның *д, т* вариантының да ұшырайтынын көреміз. Диванда, мәселен, *ақінді сув (ағынды су), оқта (оқта)* деген тәрізді сөздердің кездесуі осыған дәлел<sup>1</sup>. XII—XIII ғасырларға тән орта азиялық тәпсірдің А. К. Боровков түзген сөздігінде де *да -ла* жұрнақты туынды етістіктердің түр-түрі бар. Сөздіктен *башла (баста), ішла (істе)* деген тәрізділерді де, *ундо (үнде), іста (ізде)* деген тәрізділерді де табуға болады<sup>2</sup>. Сол секілді бұлардан кейінгі дәуірдегі түркі жазбаларында да мұндай фонетикалық белгі ара-тұра байқалмайды емес. Мәселен, жоғарыда *унда (үнде)* деген сөз А. М. Щербактың XIV-XVI ғасырдағы жазба нұсқалар жөніндегі зерттеуінің бір жерінде де дәл осы үлгіде берілген<sup>3</sup>. Қысқасы, назар салып іздестірсек, дыбыстардың өзара алмасуы фактісін басқа ескерткіштерден де табуға болады. Ескі жазбаларда дыбыс алмасуының осы түрінің қай варианты көбірек ұшырайды деген сауалды қояр болсақ, онда *л* вариантының басымдылығын айтуға тура келеді. Ең көне орхон-енисей нұсқаларынан бастап, мұның *л* вариантының кездеспейтін жері кемде-кем. Дыбыс алмасуының бұл түрінің *д/т* варианты *л* вариантынан кенже дамыған деген қорытынды жасалуына тізгін беріп жүрген де, бір жағынан, ескі жазбалардағы жағдайдың осындайлығынан болу керек<sup>4</sup>. Әрине, ертедегі жазба деректің тіліне мұның көбіне *л* вариантының тән болуы — осы варианттың тұңғыш екендігінің бірден-бір өлшемі бола алмайтыны түсінікті. Осы позициядағы *д, т*-ның орнына *л*-ды қолданатын түркі тілдері мен түркі диалектілері қазір де аз емес. Бірақ ол тілдердің бәрі бірдей көне тілдер

<sup>1</sup> Дивону луғотит түрк. Индекс-луғат. Тошкент, 1967, 419, 454-б.

<sup>2</sup> Боровков А. К. Лексика Среднеазиатского тefcиpa XII—XIII вв. М., 1963, 93, 125, 127, 339-беттер.

<sup>3</sup> Щербак А. М. Грамматика староузбекского языка. М. — Л., 1962, 184-б.

<sup>4</sup> Досқараев Ж. Кейбір фонетикалық құбылыстар жайында. КТДМ, 5-шығ., 141-б.

емес екенін және білеміз. Фонетикалық мұндай оппозицияның қайсысы бұрын дегенді олардың жалғыз ескі жазба деректе бар-жоғы тұрғысынан ғана қарап шешіп болмайды. Бұл үшін тілдегі осы фонетикалық құбылыстың даму бағдарын танып-білу керек. Жазба ескерткіштер болса, осыны анықтауымызға, түсінуімізге, сөз жоқ, қолқабыс ете алады. Алайда оны осыған тура апаратын бірден-бір төте жол екен деп ұқпаған абзал. Жазба ескерткіштегі нәрсенің кейде қазіргі тілдердің дерегінен кенже түсіп жататын ыңғайы да бар. Егер бұл мәселені түркі тілдерінің жалпы фонетикасы шеңберінде алып қарайтын болсақ, онда сөздің осы шебіндегі *л/д*, *т* алмасуы *л*-дан *т*, *д*, *н*-ға қарай дамыды дегенді мына бір жағдайда құптауға әбден болады. Ол — осы қосымшалардағы басқы дауыссыздың жазба ескерткіштер мен қазіргі тілдердің біразында әлі күнге бір-ақ үлгіде ғана, яғни *л*-мен айтылатыны. Түркі тілдеріндегі көп вариантты аффикстерді басында жске морфемадан, тіпті дербес сөзден өрбіді деп танытын белгілі көзқарасқа сүйенсек, әнгімелеп отырған қосымшалардың басындағы *т*, *д*, *л* дегендер *л* сонантының комбинатор өзгерісі нәтижесінде кейінгі дәуірлерде пайда болған деп тұспалдауға, шынында да, сияды. Дыбыстардың бұл жердегі бірде *л*, бірде *т*, *д*, *н* болып құбылуының ешқандай фонологиялық мәні жоқ.

Сөздің дәл осы шебіндегі *л*, *д*, *т*, *н* дегендер дыбыстардың комбинатор құбылуының нәтижесінде бір фонемадан өрбіген дивергент дыбыстар. Бұлардағы әуелгі этимологиялық қазық — *л*. Бұлай деуге дәлел — қазіргі көп түркі тілдері мен ежелгі жазбаларда *-лар*, *-лы*, *-лық*, *-ла* секілді қосымшалардың басқы дыбысының бір-ақ үлгіде осы *л*-мен айтылуы.

Жоғарыдағы қосымшалардың ішінде этимологиясы жағынан әнгіме болып жүргені — көптік қосымшасы. Көп зерттеушілердің тұспалдауынша, бұл қосымшаның прототипіндегі басқы дыбыс *л* болған. Әрине, бұдан өзгеше айтылған көзқарас та жоқ емес. Мәселен, Г. Рамстедт көптіктің әуелгі нұсқасы *-нар* түрінде болды дегенді айтады. Алайда көптіктің *-ла* деген нұсқадан өрбігендігі жөніндегі пікір қазір басымрақ<sup>1</sup>. Ал бұл қосымшадағы көп варианттылық болатын болса, оның бертін келе болған процесс екендігін біраз ғалымдар құптайды. Қазақтағы *дуадақ* — *дуалақ* деген сөздегі *л/д* алмасуына байланысты Ә. Құрышжанов мұның *дуадақ* деген варианты көнерек болу керек дейді<sup>2</sup>. Осы сөздің алғашқы нұсқасы *дуадақ* түрінде айтылған дейтін пікір Ж. Досқараевта да бар. Ж. Досқараев бұл сөз әуелде *-дақ* деген қосымшаның көмегімен *дуа* деген түбірден жасалды дегенді айтады<sup>3</sup>. Мұндағы *дуа* — тіліміздегі *түйе* сөзімен түбірлес сөз. *Түйе* сөзінің

<sup>1</sup> Серебренников Б. А. О некоторых частных деталях процессов образования аффикса множественного числа *-лар* в тюркских языках. «Советская тюркология» 1970, № 1, 51-б.

<sup>2</sup> Құрышжанов Ә. Қарақалпақ АССР-ында тұратын қазақтардың тіліндегі ... ерекшеліктер, КТДМ, 5-шығ., 1963, 160-б.

<sup>3</sup> Досқараев Ж. Кейбір фонетикалық құбылыстар жайында. Сонда. 144-б.

осыған ұқсас нұсқасын көне жазбалардан да, қазіргі тілдерден де табамыз. Шынында да, шөл құсы дуадақтың сыртқы пішінінде түйемен кейіптестік бар екені рас. Оның үстіне *-дақ* морфемасы тілімізде өзге сөздердің құрамында да кездеседі: *қуырдақ, тоғыз тоңқылдақ, бір шіңкілдек* т. б. Бұған салсақ, морфеманың *д* варианты да *л* сияқты көне вариант. Әрі біздегі *дуадақ—дуалақ* дегендердің екі нұсқасының екеуі де қазіргі түркі тілдерінің біразында бар өзб. *туадок — тувалақ*, қыр. *тоодақ*, қарақ. *туалақ* т. б.

Қысқасы, осындай жәйттерге қарағанда, әңгіме болып отырған позициядағы дауыссыздардың комбинатор өзгерісі деген мәселе түркологияда бүге-шігесіне дейін шешіліп болған мәселе деп айтуға болмайтыны түсінікті. Бұл құбылыстың біздің тіліміздегі тағдырына келсек, қазақ халқы шуу деп құралған кезде, оның құрамында *д* диалектіде сөйлейтін компоненттің де, *л* диалектіде сөйлейтін компоненттің де болғанын тұспалдауға болады. Біздегі *д* диалектіде сөйлейтін компоненттің халық тіліндегі салмағы *л* диалектімен салыстырғанда басым болды. Көпшілік қазақ қауымының қазір де *л* диалектіде сөйлейтіні осыған айғақ. Ал өзбек, қарақалпақ арасындағы қазақтар мен соған жақын-жуық жерлердің қазағының тілінде *д*, *т*-ның орнына *л*-дың молырақ айтылуы байқалса, көрші тілдер еткен кейінгі дәуірлердегі тілдік ықпалдан. Сонда тіліміздегі *л*-дың сөздің осы шебінде қазіргі көрінуін екі айырып қарауға тура келеді. Оның бірі — бұрын *л* диалектіде сөйлеген қазақ ру-тайпаларының тілінде көнеден сақталған нышан. Мұның қамтитын фактілері көлем жағынан аса мардымды болмағанымен, дәуір жағынан бұрын.

Екінші — *л*-дың ауыспалы говорларымызда бөгде тілдік ықпал нәтижесінде ірге тебуі. Бұлар — қамтитын материалының көлемі жөнінен мелжемді, бірақ дәуірі жөнінен кенже. Мұндағы бірінші топқа кіргізіп отырған диалектілік белгіге ұқсас белгілердің бәрін біз алғашқы диалектілік белгі (первичные диалектные признаки), екінші топқа кіргізіп отырған диалектілік белгіге ұқсас белгілердің бәрін кейінгі диалектілік белгі (вторичные диалектные признаки) деп атаймыз. Мұның алғашқысын, екінші сөзбен, ру-тайпалық белгі деп, кейінгісін атыраптық (территориялық) белгі деп атауға да болады. Бірақ бұлай атауда бір қолайсыздық бар. Ол — осының екеуінде де территориялық түсініктің, территориялық мотивировканың болатындығы. Диалектілік белгілерді өстіп ру-тайпалық, атыраптық деп бөлуде тағы да бір мынадай шарттылықтың бар екенін ескертуіміз керек. Ру-тайпалық деп отырған белгінің кейде атыраптық белгімен, сондай-ақ атыраптық деп отырған белгінің ру-тайпалық белгімен ұласып, астасып жататын да кезі бар. Мәселен, қарақалпақ арасында ауыл-ауыл болып шоғыр отыратын *әлім, табын, шекті* тәрізді бірнеше кіші жүз руы бар. Олардың говорындағы қарақалпақ тілінен еншіленген белгілердің изоглоссасының осы рулардың этнографиялық таралу шегімен дәл келері даусыз. Бірақ осыған қарап бұл белгілерді ру-тайпалық деп тануға болмайтыны түсінікті. Олай деп тану үшін бұл белгілерді қоныс жағынан бұдан шалғайырақтағы осы рулардың өзге өкілдерінің

тілінен де табуымыз шарт. Сонда ғана оны ру-тайпалық белгі деп атаса сияды. Сонымен бірге ру-тайпалық деп атап отырған белгінің де изоглоссасының кейде атыраптық белгілермен дәп түсіп жатуы ғажап емес. Мысал үшін *түндік — тұңлік, тыңда — тыңла, таңдай — таңлай* деген тәрізді *л/д*-ның мұрын дауыссызынан кейін алмасуын алайық. Мұның бірінші сыңарындағы *л*-мен келетін фонетикалық вариантты оңтүстік топқа жататын говорларымыздың бәрінен де кездестіреміз. Ол қарақалпақ, өзбек арасындағы қазақтарда да, сондай-ақ Сыр бойында да, Жетісу маңында да бар. Мұндайларды атыраптық дегеннен гөрі ру-тайпалық белгі деп қарауға негіз бар. Олардың осыншалық байтақ географиялық өлкеге тәндігі, әрі тараған өңірінің бір қиырының өзбек, қарақалпақ жерінен әлдеқайда шалғайлығы осыған кепіл. Солай болғандықтан да бұл құбылысты өзге тіл ықпалы деген ұғымның шеңберіне сиғызу қиын.

*з/с дауыссыздарының алмасуы.* Шу дегенде соншалық ірі дыбыстық белгі болып көріңбегенімен, сөз аяғының ұяңдығы мен қатаңдығының түркі текті тілдердің дыбыс жүйесін танып-білуде елеулі мәні бар. Бұл — бір сыңары ұяң, бір сыңары қатаң боп бір-бірімен жұптасып келетін *б/п, д/т, ғ/қ, ғ/к, з/с, ж/ш, дж/ч* сынды дауыссыздардың қай сыңарының сөздің соңғы дыбысы ретінде қолдану жайымен шарттас құбылыс. Жеке түркі тілінің қайсысының дыбыстық жүйесін алсаңыз да, осы дауыссыз жұптардың ұяң сыңары мен қатаң сыңарының сөздің аяққы шебінде талғаусыз қолданыла бермейтіні көрінеді. Түркі тілдерінің жалпы фонетикасы деңгейінен алып қарасақ, мұндағы ұяң сыңарлар мен қатаң сыңарлардың айтылып отырған позицияда қолданылуында белгілі шек бар. Түркі сөздерінің соңы осындағы дауыссыз жұптардың көбіне-көп қатаң түрі қолданылғанын қалайды. Дұрысында, келтірілген дауыссыз тізбектің ішінде түркі тілдерінде сөз соңында айтылмайтын бірде-бір қатаң дыбыс жоқ десек болады. Ал оның есесіне кейбір оғұз тілдерінен (әсіресе азербайжан тілінен) басқа түркі тілдеріндегі нағыз түркі сөздерінің өзінде аталған жұптардың ұяң сыңарының арасынан жалғыз *з*-дан өзгесі сөз аяғында қолданылмайды. Демек, бұл жердегі негізгі кілттипан *з* дауыссызына байланысты. Ұяңдардың ішінен сөздің аяққы жағында келуге бейімдірегі — осы дыбыс. Бірақ оның да сөз аяғында айтылуы — барлық түркі тілдері үшін мызғымас заң емес. Байырғы түркі сөздерінің аяғында ұяңдарды қолданбайтын алтай, шор, тува, якут, чуваш, хакас тілдерін былай қойғанда, түркі тілдерінің өзгелерінде де *з* дауыссызының аулауы ұшырауы тым сирек. Осы позициядағы *з*-ның ең көбірек ұшырайтын тілдері — жоғарыда айтқан оғұз тобына жататын азербайжан, түрік, түрікмен, гагауз тілдері мен ескідегі кейбір жазбалардың (орхон-енисей және кейбір ұйғыр ескерткіштерінің) тілі. Қалған түркі тілдерінің ешбіреуінде (әрине, сөзінкі соңында ұяң дыбыс айтылмайды деп атап өткен тілдерден өзге тілдерде) бұл дыбыс бірыңғай таза күйде қолданылмай, көбіне өзінің қатаң сыңары *с* дауыссызымен аралас қолданылады. Жұп дауыссыздардың қатаң, ұяң түрлерінің сөз аяғында жұмсалыуына байланысты түркі тілдері фонетикалық жүйесінде байқалатын заң-

дылық — қысқаша осындай. Сөз соңында ұяң з мен қатаң с-ны аралас қолданатын тілдердің бірі — біздің қазақ тілі. з-дан өзге ұяң дауыссыз төл қазақ сөзінің аяғында қолданылмайды.

Аяғында з айтылатын сөздердің тілімізде белгілі-белгілі тобы, жүйесі бар. Олардың дені *-мыз, міз, -сыз, -сіз* жалғауымен келетін жіктесу, тәуелдеу үлгісіндегі (*келеміз, келесіз, үйіміз, ауылымыз* т. б.) етістіктер мен есімдер. Сонан кейінгі сөз аяғындағы з-ның жиі ұшырайтын жері *-сыз, -сіз, -қыз, -ғыз, -гіз, -кіз* секілді жұрнақтардың көмегімен жасалған туынды етістіктер (*тамыз, еміз, айтқыз, тұрғыз, енгіз, кеткіз*) мен *-сыз, -сіз* тұлғалы туынды сын есімдер (*мұңсыз, үнсіз*). Әрине, тілімізде мұндағылардан өзге сөздердің соңында да з-ның қолданылатын реттері жоқ емес. Мәселен, *із, оз, үз, кез, жаз, без, тез, төз, тіз, саз, қаз, сөз, көз, күз, қыз, боз, біз, сіз* секілді бір буынды етістік, есім түбірлер мен *егіз, тоғыз, отыз, ауыз, киіз, жалғыз, жүлдіз, қоңыз, күндіз* секілді көп буынды сөздердің соңында да з келетіні мәлім.

Тіліміздегі осындай жалпы заңдылыққа қарамастан, кейбір говорларымызда жоғарыдағы *-мыз, -міз, -сыз, -сіз* дегендердің жіктік түрінің де, тәуелдік түрінің де аяғындағы з ұяңының с-ға өтетіні байқалады. Бұл құбылыстың тараған диалектілік атырабы — қарақалпақ жерінде тұратын қазақтардың тілі мен республикамыздың соған шектес аудандарында тұратын қазақтардың тілі. Енді осы өңірден алынған мысалдарды өзге говорларымыздың дерегімен салыстырып байқайық (келесі беттегі табл. қараңыз).

Бұл құбылыстың ең жиі ұшырайтын жері — Қарақалпақ республикасының солтүстік аудандарының территориясы. Қарақалпақстанның оңтүстік бөлегінде тұратын қазақтардың тілінде де бұл құбылыс ара-түра кездеспейді емес. Сондай-ақ бұл жөніндегі деректі Өзбек ССР-ның Бұқар облысындағы Қарақалпақстанмен көршілес Тамды қазақтарының тілінен де кездестіреміз. Ал Тамды төңірегі болса, онда қарақалпақтардың едәуір бөлегі тұратыны белгілі. Бұл құбылыстың да Қарақалпақстанның өз табаны мен соған іргелес аудандардың қазағының тілінде ғана кездесіп, қазақ жерінің өзге өңірінде байқалмауының өзіндік себептері бар. Сөз соңындағы з дауыссызының қатаң с дауыссызына өтуі қазақ тілінен гөрі қарақалпақ тілінің дыбыс жүйесіне тән құбылыс екені аян. Сондықтан қазақ говорларындағы бұл белгінің де тағдырын қарақалпақ тілімен байланыстырып қараудың орайы бар. Сөз аяғындағы з-ның с-ға өтуінің көбінесе қарақалпақ тілінің солтүстік-шығыс диалектісінде байқалатын құбылыс екендігін айта келіп, проф. Н. А. Баскаков мұның негізгі ұшырайтын жері деп жіктік жалғауы мен тәуелдік жалғауының жоғарыда біз келтірген қосымшаларын атайды<sup>1</sup>.

Сондықтан географиялық қоныс ортақтығынан тыс жоғарыдағы пікірдің дұрыстығының бұл да бір дәйегі болса керек. Өйткені говорларымыздағы бұл құбылыстың байқалатын бар-барша по-

<sup>1</sup> Баскаков Н. А. Қарақалпақский язык. II, Фонетика и морфология, часть первая, М., 1952, 95-б.

Тұлғасы	Жағы	Қарақалпақ арасында тұратын қазақтардың тілінде	Қазақ жерінің шығыс, батыс, теріскей өңірінде	Әдеби тілімізде
Жіктік тұлға	I-жақ	барамыс келеміс қараймыс дейміс айтармыс көрөрміс отұрмыс жүрмүс болмаймыс көнбейміс	барамыз келеміз қараймыз дейміз айтармыз көрөрміз отұрмыз жүрмүз болмаймыз көнбейміз	барамыз келеміз қараймыз дейміз айтармыз көрөрміз отырмыз жүрміз болмаймыз көнбейміз
	II-жақ	барасыс келесіс қарайсыс дейсіс айтарсыс көрөрсіс өтұрсыс жүрсүс болмайсыс көнбейсіс	барасыз келесіз қарайсыз дейсіз айтарсыз көрөрсіз отұрсыз жүрсіз болмайсыз көнбейсіз	барасыз келесіз қарайсыз дейсіз айтарсыз көрөрсіз отырсыз жүрсіз болмайсыз көнбейсіз
Тәуелдік тұлға	I-жақ	ағамыс ініміс бәріміс өзүміс	ағамыз ініміз бәріміз өзүміз	ағамыз ініміз бәріміз өзіміз
	II-жақ	ағаңыс ініңіс бәріңіс өзүңіс	ағаңыз ініңіз бәріңіз өзүңіз	ағаңыз ініңіз бәріңіз өзіңіз

зициясының қарақалпақ тілінің фактісімен дәл келетінін, сонымен толық сәйкесім табатынын көреміз. Мұны салыстырып отырған мысалдардан аңғаруға болады (келесі беттегі табл.).

Жоғарыдағы грамматикалық тұлғалардың соңында байқалатын дыбыс қатандығын түбір мен қосымшаның, сол сияқты сөз бен сөздің жігінде байқалатын дауыссыздардың комбинатор жолмен өзгерісінен туатын тіліміздегі дыбыс ықпалы (дауыссыздар ассиляциясы) тәрізді құбылыспен шатастырмау керек. Бұл жердегі *с*-ның өзінен кейінгі дауыссыздарға тәуелді дыбыс емес екендігінің бір дәлелі — мынау. Ол — осы позицияда келетін *с*-ның сөз аяғына кейде үстемеленіп жалғанатын қосымшалар мен сөзге ілесе айтылатын шылаулардың басқы дыбысын өз әуеніне ертіп, қатаң дауыссызға айналдыру қабілеті. *М ә с е л е н, өсімісте (өзімізде), өзіміс те*

Тұлғасы	Қарақалпақ арасындағы қазақтардың тілінде	Қарақалпақ тілінің солтүстік говорларында
Жіктік тұлға	жууамыс болармыс отырсыс сатасыс	жуамыс болармыс отырсыс сатасыс
Тәуелдік тұлға	ауұлумыс тіліміс балаңыс көздеріңіс	аулымыс тилімис балаңыс көзлеріңис

(өзіміз де), өзіміске (өзімізге), үйімістің (үйіміздің), барамыс қой (барамыз ғой) т. б. Бұл жөнінен де келтірілген жіктік, тәуелдік тұлғалардың соңындағы қатаңдық белгінің қарақалпақ тіліндегі осындай белгімен зор ұқсастығы бар. Мұндай жағдай Қарақалпақ тілінің аталған солтүстік-шығыс диалектінде де кездеседі. Мысалы: *үйлеримиске (үйлерімізге), күнлеримисте (күнлерімізде)* т. б.

Дауыссыз жұп *з* мен *с*-ны сөз аяғында қолдануға келгенде қазақ тілі мен қарақалпақ тілінің арасында кереғар алшақтықтың жоқ екені рас. Қарақалпақ тілі де қазақ тілі сияқты аталған дауыссыз жұптың сөз соңында ұяң түрі мен қатаң түрін аралас қолданатын тілдердің қатарына жатады. Кей түркі тілдерінде мәселен, оңтүстік түркі тілдерінде аяғы ұяң айтылатын *алмаз (алмас), келмес (келмес)* деген тәрізді есімшенің болымсыз түріндегі *з*-ның қазақ, қарақалпақ тілдерінде қатаң айтылатынын есептемесек, бұл тілдердің екеуінде де сөз түрлендіруші қосымшалардың соңындағы *з* дауыссызының тұрақты келетіні мәлім. Әсіресе бұл екеуінің фонетикалық жүйесінде де олардың әдеби түрі деңгейінен қарар болсақ, осындағы әңгіме қылып отырған жіктік, тәуелдік тұлғаларының соңында бұлардың екеуінде де қатаң дыбыс айтылмайтынын көреміз. Қазақ тілі қарақалпақ тіліндегі әдеби нормада бұл тұлғалардың соңындағы дауыссыздар ұяң айтылады. Бұл — тек әдеби тіл тұрғысынан алғандағы жағдай ғой. Ал тілдің дыбыстық құрылысына тән заңдылықтарды оның әдеби түрінің деңгейімен ғана өлшеу, әрине, бір жақтылық болар еді. Сөз етіліп отырған белгінің қарақалпақ халық говорларындағы жай-жапсарына үнілу — біздің көзімізді мұндай пікірдің дұрыстығына көміл жеткізеді. Нақтылап айтсақ, дәл осындағы тұлғалардың соңындағы *з* мен *с*-ға келгенде, бұл екі тілдің екеуінің фонетикалық жүйесінде көдімгідей көз тоқтатар айырманың бар екені көрінеді. Жіктік, тәуелдік жалғаулы сөздің аталған түрлеріндегі соңғы дыбысты қатаң нұсқада қолдануда қарақалпақ тілінің солтүстік диалектінде белгілі жүйе бар. Тек әдеби тілде норма етіп алынбады дегені болмаса, бұл құбылыстың жергілікті халық тіліндегі жұмсау ауқымы мұнда кең. Олай дейтініміз қарақалпақ тілінің солтүстік говор-

ларының қамтуына кіретін территорияның бар-баршасы — қарақалпақ халқының қалың ортасы. Қарақалпақ жұртының көбі (90 — проценттен астамы) республиканың осы теріскей аймағындағы аудандарға шоғырланған. Қарақалпақ әдеби тілінің негізгі арқауы да оның осы солтүстік диалектісі. Ал қазақ тілінде болатын болса, бұл дыбыстық белгінің қарақалпақ арасындағы говорларымыздан тысқарғы республикамыздың өз тобырағындағы тараған аумағын берісі Қызылорда қаласының тұсынан бастап Сыр бойының төменгі сағасына дейінгі Қарақалпақ АССР-мен іргелес алқаппен, әрісі Шалқар, Ырғыз төңірегіне дейінгі жерлермен шектеуге болады. Мұның қазақ жеріндегі негізгі тараған аймағы — осы. Байтақ қазақ сахарасының теріскей, түскей, шығыс, орталық өңірлеріндегі говорларымыздың бірде-бірінде мұндай дыбыстық нышан мүлдем байқалмайды десек, ағат айтқан болмаймыз. Ал қарақалпақ арасындағы қазақтардың тіліне келсек, оның мұнда тым жиі айтылатын фонетикалық белгі екені бізге жоғарыда баяндалған жаһлардан аян. Қарақалпақстанның өзін былай қойғанда географиялық тарау шегі одан әлдеқайда шалғай жатқан Арал теңізінің солтүстік беткейіндегі қазақ даласына дейін барып ұласатын осы фонетикалық белгіні қарақалпақ тілінің ықпалы деп тануымыздың сыры неде?

Қарақалпақ жұртының XVIII ғасырдың орта шенінен арғы дәуірлердегі тарихи тағдыры Сыр бойы мен Аралдың солтүстік шығыс жағалауындағы қазақ ру-тайпаларымен ортақ болғаны белгілі<sup>1</sup>. Тым әрідегі тарихты қазбаламай-ақ, осы XVIII ғасырдың алғашқы ширегіндегі жоңғар шапқыншылығының тұсын алайықшы. Міне, бұл дәуірдің өзінде де қарақалпақтардың Сыр бойында қазақтармен бірге болғаны аян. 1723 ж. жоңғар қалмақтарынан теперіш көріп, ақ табан шұбырынды, алқакөл сұламаға ұшырағанда қарақалпақтар Сыр бойынан қазақтармен бірге босқан. Осы уақиғаның салдарынан Сырдың төменгі сағасындағы қарақалпақтардың біразы Жайық пен Жем бойындағы қазақ даласына сіңіп, Сырдың жоғарғы жағындағылардың біразы Орта Азияның ішкергі жағына қарай ойысқан. Бұл тұстағы Сыр бойы қарақалпақтарының көпшілігі қазақтың кіші жүзінің ханы Әбілқайырдың қол астына қарайтын. Әбілқайырдың билеп-төстеуіне наразылық білдірген қарақалпақтар хан тарапынан көрсетілген қысымның әлегінен 1743 жылға салым Сыр бойынан Хиуа хандығының иелігіндегі жерлерге қарай ығыса бастайды. Сырдың оңтүстік батысына қарай үдере көшкен қарақалпақ жұртының бұл сапардағы алғашқы ат басын тіреген жері — Сырдың батыс жағындағы Жаңадария, Қуандария өзендерінің алқабы болатын. Қазіргі Қызылорда облысының Қарақалпақстанмен шектес далаларындағы арналары суалып қалған бұл дариялардың бойында қарақалпақтардың бір кездегі мекен-жайының жұрты әлі күнге кездеседі. Кейін қарақалпақтар оңтүстік батысқа қарай бірте-бірте жылжып келіп, сол XVIII ғасырдың орта шенінде Хиуа хандығына бағынады да, Хорезм ойпатындағы

<sup>1</sup> Народы Средней Азии и Казахстана, т. I, М., 1962, 410—415-б.



Амударияның сағасына, қазіргі Қарақалпақ АССР-ның территориясына ірге тебеді. Қарақалпақтардың негізгі тобы Хорезмге ауғанда, Сыр бойында, Жаңадарияға жақын жерлерде өзінің ата қонысында көпшіей отырып қалған қарақалпақтар да болған. Олардың бәрі кейін келе әбден қазақыланып, сол төңіректегі қазақ ру-тайпаларының арасына сіңіп кеткен. Осындағы әңгімелеп отырған тілдік белгінің Сыр қазақтарының тілінде ұзақ сақталуының бір жағы осындай себепке де байланысты. Қазір қаншалық қазақ боп кетті дегенмен, мұндай қарақалпақтардың біразы өзінің арғы түбі, нәмі қарақалпақ екенін біледі. Мәселен, Қызылорда облысы Тұлағаш ауданындағы Сырдың Жаңадария бетіндегі «Аққыр» совхозында тұратын маңғыт қарақалпақтар бар. Тілі, әдет-ғұрпы жөнінен сондағы кіші жүз қазақтарынан еш айырмасы болмаса да, олар өзінің арғы түбі маңғыт қарақалпақ екенін есінде жақсы сақтаған. Осындағы біз айтып отырған с-ға қатысты сөз аяғы қатаңдығы бұлардың тіліне де тән. Қысқасы, қазақ пен қарақалпақ халқының арасындағы кейінгі ғасырлар ішіндегі тарихи байланысты баяндайтын деректердің сипаты осындай. Бұл жағдай біз әңгіме етіп отырған тілдік құбылыстың тамырының тым әріде жатқандығын, оның Арал маңынан шалғайдағы кейбір қазақ говорларында қазірге дейін байқалуы — бұл екі халықтың арасындағы ежелгі тілдік қарым-қатынастың елесі екенін аңғартады. Қарақалпақ тілінің өткендегі тарихи кезеңде Сыр мен Арал маңы қазақтарының тілінде қалдырған ізінің бір көрінісі осындай.

Осы құбылыстың тіліміздегі географиялық таралу шегін айтқанда ескеруді қажет ететін бір жай бар. О. Нақысбеков өзінің бір мақаласында Орынбор облысындағы (РСФСР) Бөрте, Адамов аудандарында тұратын қазақтардың тілінен *орталыста (орталымзда), айтыңыс (айтыңыз), оқыталыс (оқытамыз), сөс (сөз)* секілді бірнеше мысал келтірген<sup>1</sup>. Мұның бұл төңіректе онан арғы тараған жері бар ма, ол жөнінде біздің қолымызда мәлімет жоқ. Тек Ә. Нұрмағамбетовтың қазақ тілінің батыс говорлары туралы зерттеуінен біз бұл құбылыстың бір шеті Ақтөбе облысының Қарабұтақ ауданына дейін келетінін, сосын оның бұл маңдағы қазақтардың тіліне әуелде татар тілінен жұғысқан құбылыс екенін білеміз<sup>2</sup>. Зерттеушінің осы региондағы сөз аяғындағы з-ның қатаң дыбысқа өтуін Сыр, Арал маңындағы қазақ говорларынан әдейілеп бөліп көрсетіп татар ықпалы деп қарауында мән бар. Өйткені бұл құбылыс мұндағы қазақтарға географиялық жағынан жақын өңірлердегі Тобыл, Барабин татарларының диалектісінде де байқалады екен. Алайда осы кейінгі айтып отырған атыраптың қазақтарының да әуелде Сыр бойында болмағандығына кім кепіл. Бұлай деуге бір дәлел: зерттеушінің өзі көрсетіп отырғандай, Қарабұтақта байқалатын осы құбылыстың сабағы Ырғыз, Шалқар

<sup>1</sup> Нақысбеков О. Орынбор облысының Адамов, Бөрте аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір жергілікті ерекшеліктер. Жынақ: КТДМ, 4-шығ., 108-б.

<sup>2</sup> Нұрмағамбетов А. Западная группа говоров казахского языка. Автореф. докт. дисс., Алма-Ата, 1974, 37-б.

аудандарына жалғаса келіп, Сыр бойына дейін созылып жатқан ұзынша бір жолақ алқап құрайды екен. Ал алқаптың бойындағы қазақтар этнос жағынан бір-біріне жақын. Олардың бәрі де кіші жүз құрамына кіретін ру-тайпалар. Ал Сыр бойындағы осы дыбыстық құбылыс тараған жерлердегі рулардың бәрі дерлік кіші жүз рулары екені тағы белгілі.

Егер түркі тілдерінің диалектологиялық атласы тұрғысынан келетін болсақ, бұл құбылыстың тараған кеңістігі (Орта Азия мен оған іргелес жерлер) қарақалпақ, қазақ тілінен тыс ішінара өзбек говорларын да қамтитынын байқаймыз. Өйткені мұндай фонетикалық белгінің тәуелдеулі сөздің соңында келетін түрі Қарақалпақстанның оңтүстік аудандарымен көршілес Хорезм өзбектерінің кей говорларында да бар. Проф. Ф. Абдулласвтың осы Хорезм өзбектерінің тілінен келтірген *нанымыс*, *ханымыс*, *жанымыс* сынды бірнеше мысалы — осыған дәлел. Сонда оңтүстікте әңгіме етіп отырған фонетикалық белгінің Бұқар облысының Кенимех, Тамды аудандарынан басталатын изоглоссасы Қарақалпақ АССР-ның түскей өңірін басып өтіп, Амударияның батыс бетіндегі Хорезм өзбектерінің тұрған жеріне ішкері қарай сұғына кіріп жатады екен. Одан әрі, осының алдында көрсеткеніміздей, қарақалпақ жерінің барша солтүстік атырабын қамтитын изоглоссаның бір шеті (әрине, арадағы елсіз шөлейттерді есептемегенде) Сырдың орта деңгейінен төменгі сағасына дейінгі алқапты бойлап келіп, Арал теңізінің теріскей бағытындағы Ырғыз, Шалқардан арғы далаларға қарай еңсіз желі боп тартылатыны көрінеді. Демек, бұл ареалдың ішіне қарақалпақ тілі мен қарақалпақ арасындағы қазақтардың говору, сосын Сыр бойы мен Арал төңірегі қазақтарының говору түгелдей кіріп кетеді де, Хорезм өзбектерінің біраз говору шет пұшпақтап енеді.

Бір географиялық ареалдың қойнауында жатуы — қарақалпақ тілі мен аталған қазақ, өзбек говорларындағы бұл құбылыстың бір-бірімен төркіндес, бір арнадан өрбіген құбылыс екендігін аңғартады. Қазақ тілінде боса болмасада, ал оның Хорезм өзбектерінің тілінде байқалуындағы әуелгі қазықты да біз қарақалпақ тілі деп есептейміз. Олай дейтініміз: мұндай фонетикалық белгінің осы ареалдағы ең басым айтылатын тілі — қарақалпақ тілі. Біздің бұл айтып отырған қорытындымызды, әрине, осындағы нақтылы географиялық ареалдың шеңберінде ғана ұғыну керек. Әйтпесе, түркі тілдерінің жалпы фонетикасы тұрғысынан келгенде, мұндағы әңгімеленіп отырған дыбыстық белгінің бұдан өзге де тараған аймақтары бар екені аян. Оның үстіне жалғыз осында көрсетілген грамматикалық тұлғалардың соңында ғана емес, *с* дауыссызына қатысты ауслаут қатаңдығы сөздердің өзге тобы үшін де жүйе боп келетін тілдер бар. Сөзінің аяғында үнемі дерлік қатаң дыбыс айтылатын әңгімеміздің бас жағында атаған шор, тува, хакас, якут, алтай сияқты шығыс түркі тілдері — осындай тілдер. Ұяң дыбыстарды сөз соңында қолданбайтын болғандықтан, мұндай тілдерде жоғарыдағы тәуелдік, жіктік тұлғаларындағы сөздерден тыс жерде де біздегі *з*-ның орнына ауслаутта *с* жұмсалатыны өзінен-өзі түсінік-

ті. Мәселен, қазақ тіліндегі *қыз, аз, сөз, күз, қаз, (құс)* тәрізді сөздердің соңындағы *з*-ның алтай, тува, шор, хакас тілдерінде қатаң нұсқада *қыс//хыс, ас, сөс//сос, күс//кус//кус//ку*, *кас//хас* болып айтылатынын байқаймыз. Сол сияқты осы сөздердің якут тілінде параллельдері барларының соңында да қатаң *с* айтылады екен: *кыис (қыз), хаас (қаз)*.

Демек, жоғарыдағыдай бірлі-жарым грамматикалық тұлғалардың бойында кездескені болмаса, *с* дауыссызына қатысты сөз аяғы қатандығының қарақалпақ тіліндегі аясының аталған тілдермен салыстырғанда әлдеқайда тар екені көрінеді. Ал енді дәл осындағы өзіміз сөз етіп отырған грамматикалық тұлғалардың өз басына келетін болсақ, бұлардың соңындағы дауыссыздың қатан айтылуы жөнінен қарақалпақ тілінің жоғарыдағы шығыс түркі тілдерімен зор ұқсастығы, үндестігі барын айтуымыз керек. Өйткені аяғы қатаң *с*-ға бітетін тәуелдік, жіктік түрлерін аталған тілдердегі осы формалар кездесетін жердің бәрінен табамыз. Мәселен, алтай тіліндегі *агабыс (ағамыз), коробис (көреміз)*<sup>1</sup>, шор тіліндегі *ешигибис (есігіміз), келербис (келерміз)*, тува тіліндегі *өшкүвүс (өшкіміз), алырбис (алармыз)*<sup>2</sup> хакас тіліндегі *килирбис (келерміз)*<sup>3</sup> деген тәуелдеу, жіктеу үлгісіндегі сөздерге назар аудару бізге осыны аңғартады. Арғы негізі бір фонетикалық құбылыс болғанымен, бұлардың қазіргі географиялық ареалы, әрине, біз көрсетіп отырған территориядан мүлдем алшақ жатқаны түсінікті. Бұдан қарақалпақ тіліндегі бұл белгінің төркіні тым әрідегі тарихи дәуірлерге меңзейтіні көрінеді. Мұның өзі қарақалпақ жұрты мен шығыс түркі тайпаларының арасындағы ежелгі бір байланыстың халық тілінде сақталған нышаны есепті. Ал енді ежелгі тарихи дәуірлерде бұл құбылыстың жайы қалай екен? Егер сөздің белгілі позициясында бірінің орнына бірі қолданылатын түркі жүйелі тілдердегі бір сыңары қатаң, бір сыңары ұяң боп келетін коррелятивтердің әу баста бір дыбыстан өрбігендігін құптайтын болсақ, онда сөз аяғындағы *с* мен *з*-ның төркіні де, түптеп келгенде, бір фонемаға барып тірелері даусыз. Бірақ осы фонема басында қатаң болған ба, әлде ұяң болған ба? Мұны қазіргі бар түркі тілдерінің дыбыстық жүйесінен шығарып айту қиын. Ең көне деген түркі жазбаларынан да бұл сұрауға жауап таба алмаймыз. Өйткені олардың өзінде де сөз соңында *с/з* аралас ұшырайды. Мәселен, орхон-енісей жазбаларында, Талас бойынан табылған ескерткіштерде соңғы дыбысы *с* мен айтылатын сөздер де, *з* мен айтылатын сөздер де бар. Әрі оның үстіне қанша атам заманғы жазба үлгі болғанымен, ондағы деректердің бәрі бірдей тілдің ең ежелгі белгісінің өлшемі бола алмасы түсінікті. Себебі жазба үлгі сол өзі жазылып қалған дәуір туралы болмаса, өзінің алдындағы алыс

<sup>1</sup> Баскаков Н. А. Диалект кумандинцев (Куманды-кижи), М., 1972 28-б.

<sup>2</sup> Исхаков Ф. Г. Тувинский язык. Материалы для научной грамматики. Очерк по фонетике, М. — Л., 1957, 388-б.

<sup>3</sup> Карпов В. Г. Хакасский язык. Языки народов СССР, II, Тюркские языки, М., 1966, 429-б.

дәуірлер туралы кепілдік бере алмайды. Міне, сол үшін де ғалымдар төркін тілдің (паязык) белгілерін іздегенде, әлбетте қазіргі бар тектес тілдер мен олардың ескіден сақталған жазба мұраларының мәліметіне сүйенеді. Біз әңгіме қылып отырған дауыссыз жұптың түп төркіні жөнінде де фонетикалық реконструкция жолымен айтылған мұндай түспал тюркологияда бар. Ол — проф. А. М. Щербактың пікірі<sup>1</sup>. Бұл кісінің топшылауынша, жалғыз осындағы з ғана емес, түркі тілдеріндегі бір сыңары қатаң, бір сыңары ұяң боп келетін барша аяққы дауыссыз жұптың ұяң сыңары әуелде олардың қатаң сыңарынан өрбіген. Сөз аяғындағы дауыссыздарда қазіргідей қатандық, ұяңдық оппозиция пратүркі тілінде болмаған. Осы күнгі бізге таныс сөз аяғындағы ұяңдардың бәрі — қатаң дыбыстан пайда болған туынды дыбыстар да, қатаңдар — алғашқы дыбыстар. Бұған зерттеушінің келтіретін дәлелі, біріншіден, қазіргі түркі тілдері арасында сөз соңында ұяң дыбыс атаулыны қолданбайтын тілдердің бар екендігі, екіншіден, қалған түркі тілдерінің бәрінде қатаңдардың ұяңдарға қарағанда сөз аяғында кеңірек ұшырайтындығы. Содан кейінгі автордың тағы бір тілге тиек егері — түркі дауыстыларында болатын бастапқы созылықтың (первичная долгота) ықпалынан оған тете тұрған сөз аяғындағы қатаң дауыссыздардың ұяңдауы. Мәселен, түрікмен тіліндегі *газ* (қазақшасы «құс аты»), *ғыз* (қазақшасы — *қыз*) атауларының соңғы дауыссызының ұяң айтылуы бұл жердегі *а*, *ы* дегендердің әуелде созылықты дауысты болғандығынан да, *ғас* (қазақшасы — қаз), *ғыс* (қазақшасы қыс) етістіктерінің соңғы дауыссызының қатаң айтылуы мұндағы *а*, *ы* дегендердің келте дауысты болуынан деп көрсетеді автор. Мұны айтқанда зерттеуші созылықты дауыстыдан кейін тұрған дауыссыздың солғын, келге дауыстыдан кейін тұрған дауыссыздың мығым естілетіндігіне сүйенеді. А. М. Щербактың сөз соңындағы өзге дауыссыз жұптарға қатысты да келтірген біраз мысалы бар. Оның бәріне бұл арада тоқталып жатудың қажеті бола қоймас. Тек зерттеушінің сөз аяғындағы *з*, *ғ* дауыссыздарының өзге ұяңдардан жағдайы бөлек екенін ескерткен жерін айта кеткен жөн. Сөз аяғында ұяңдарды қолданбайды деп атап отырған қазіргі тілдердің кейбіреуінде ауслаутта *з*, *ғ* дауыссызының кездесетіні бар. Мәселен, шор, хакас, тува тілдерінде. Ал оғұз, қарлуқ-ұйғыр тобындағы тілдерде бұл қабылыстың жиі кездесетіні боса болмаса да. Пратүркі тілінде сөз аяғының ұяң болмағаны жөніндегі өзі ұсынып отырған қағидадан шығарып, ғалым бұл жердегі *з*, *ғ* дауыссыздарын ежелгі сонант дыбыстардың қазіргі кей тілдерде сақталып қалған сүлдесі, жаңғырығы деп қарайды.

*у/қ*, *к* дауыссыздарының алмасуы. Бұған дейін әңгіме болып өткен дауыссыздардың алмасуынан дыбыс алмасуының бұл түрінің ерекшелігі — мұның тіліміздегі сөз тудыру жүйесімен астарлас белгі екендігі. Сондықтан мұны таза фонетикалық құбылыс деуден гөрі фонетика-морфологиялық құбылыс деп атау орынды.

<sup>1</sup> Щербак А. М. Сравнительная фонетика тюркских языков. 95—97-б.

Дыбыс алмасуының бұл түрі говорларымызда басында бір негізден өрбіген етістік түбірге жалғанатын нақтылы екі қосымшаның арасында ғана байқалады, олар *-қ* (*-к, -ақ, -ық, -ік, -ұқ, -үк*) мен *у* (*-уу, -үу*). Оның сөздің соңында ұшырайтын себебі осыдан. Этимологиялық негізі бір болғанымен, бұл қосымшаның әрқайсысы қазір тілімізде бөлек-бөлек морфологиялық категориялардың (величина) көрсеткішіне айналып, қызметі жағынан бір-бірінен ада-күде сараланған. Мұндағы *-қ* — тілімізде етістік түбірден есім тудыратын, яғни сөз тудырушы жұрнақ та, *-у* — етістік түбірден етістіктің тұйық рай тұлғасын тудыратын, яғни форма тудырушы жұрнақ. Бұл жұрнақтардың дифференциациялануының басы қаншалықты ашық болғанымен, *-у* жұрнағының көмегімен жасалған сөздердің арасында тілімізде екі бірдей қызметте әрі етістік, әрі есім қызметінде жұмсалып жүргендері бар. Мәселен, *егеу, қашау, сабау, тұсау* сияқты қимыл есімі қызметінде жұмсалатын тұлғаларды былай қойғанда, айны қатесіз дәл осы тұлғада келетін *егеу, қашау, сабау, тұсау* деген нақтылы аспаптар мен бұйымдардың атын білдіретін зат есімдердің бар екені мәлім. Мұндай сөздер, әрине, көптігіне көп емес, бірақ тілімізде барына бар. Лексикалық жағынан да, грамматикалық жағынан да бір-бірінен елеулі айырмашылығы болғанымен, тұлғалық кейпіндегі осыншалық ұқсастық контекстен тыс жерде мұндай сөздерді полисемиядан ажырата, өз алдына дербес-дербес лексика-грамматикалық категория ретінде, айталық, омоним ретінде тануымызға кәдімгідей кедергі жасайды.

Тіл жүйелі түрде дамитын құбылыс болғандықтан ол мұндай сыртқы түрі ұқсас, бір тектен өрбіген, бірақ беретін ұғымы басқабасқа сөздердің арқалайтын семантикалық жүгін жеңілдетуге әркез мүдделі. Осы себептен де білдіретін лексикалық мағынасы, атқаратын грамматикалық қызметі әр басқа болғандықтан, әңгіме болып отырған бір тектен өрбіген екі тұлғаның екеуінің де тілімізде көп ретте қатар сақталғанын көреміз. Мәселен, *жырту* бар да *жыртық* бар, *тесу* бар да *тесік* бар. Мұндағы *жырту, тесу* дегендердің етістік сөз, *жыртық, тесік* дегендердің есім сөз екендігіне ешкімнің таласы бола қоймас. Демек, бір тектен өрбіген екі ұдай тұлғаның екеуінің қатар сақталуына бұл жердегі себепкер болып тұрған дәйек — осы сөздердің әр тобының әрқайсысының мағынасы мен атқаратын қызметіндегі дербестік. Халық говорларының дерегі осы фонологиялық заңдылықтың сонау ежелгі замандардан бастап күні бүгінге дейін лексикамыздың он бойына селбесіп, еш толассыз жүріп келе жатқанын айқын елестетеді. Говорларымыздың көпшілігі мен әдеби тілімізде жоғарыдағы *тұсау, егеу* секілді әлдеқашан бір тұлғада табысқан сөздерге қарама-қарсы кей өлкенің қазағының тілінде бір етістік түбірдің ауқымында осы екі тұлғаның, басқаша айтқанда, дивергент дыбыстардың, алғашқы нұсқасының дербес фонологиялық қызметте (әрі морфологиялық қызметте) сақталып қалғанын көреміз. Мәселен, Орта Азияның ішкі қоныстары мен соған іргелес өңірдің қазағының тілінде байқалатын мынадай сөздер осыған куә.

Орта Азияның ішкі қоныстары мен соған іргелес өңірде	Лексикалық мағынасы	Есімдер мен етістікке қатысы	Тұйық етістік түрі
жамақ	жамау	есім сөз	жамау
бойақ	баяу	»	бойау
қамақ	түрме	»	қамау
сыбақ	сылақ	»	сыбау, сылау
шабық	шөп шабатын маусым	»	шабуу
кесік	төрелік, билік	»	кесуу
асық	асу	»	асуу
қайнақ (су)	қайнаған (су)	»	қайнау
алық	аласы	»	алуу
берік	бересі	»	беруу
сатық	сату	»	сатуу
түнөк	даладағы мал түнөтетін жер	»	түнөу
налық	налу, кейіс	»	налуу
шақырық	шақыру	»	шақыруу
ұруқ	ру	»	—
түзүк	түзу	»	—
отак	арам шөп	»	отау
қыстак	қыстау	»	қыстау
ұтық (ты)	ұтыс	»	ұтуу
жарасық (ты)	жарасым	»	жарасуу

Тізімдегі мысалдарды қазақ говорларының көпшілік тобының, сондай-ақ әдеби тіліміздің дерегімен салыстырып көретін болсақ, етістік түбірден *-қ (-к)* жұрнағының көмегімен жасалған мұндай есім сөздерді таба бермейміз. Бірақ оның есесіне салыстырудан мынадай жайға оңай көз жеткіземіз. Бұл сөздер арқылы танылатын заттық ұғымның бір сыпырасы өзге говорларымыздың көбінде, әдеби тілімізде *-у* жұрнақты тұлғаның жоғарыдағы *тұсау, егеу* дегендегі секілді — қосымша мағынасы ретінде орныққан да (жамау, бойау, асу, налу), бір сыпырасы ортақ түбірлі басқа бір тұлғаларға көшкен (аласы, бересі). Ал енді осындағы *-қ* тұлғалы қалған сөздердің лексикалық баламасы есебінде өзге говорларымызда да, әдеби тілімізде де мүлдем басқа сөздердің қолданылатыны көрінеді. Мысалы, *қамақ* дегеннің орнына *түрме, абақты, кесік* дегеннің орнына *төрелік, билік* секілді сөздердің қолданылатыны белгілі. Ал *шабық* сөзі сияқты егіннің арам шөбін отап, егілген нәрсенің түбін қосытатын маусымды, науқанды білдіретін дербес ұғымды говорларымыздан да, әдеби тілімізден де кездестіре алмадық.

Осы әңгімелеп өткен жайлардан дыбыстық кейпі ұқсас лексикалық элементтердің, грамматикалық тұлғалардың өзіне жүктелген семантикалық ауыртпалықты тілдің даму процесінде неғұрлым жеңілдетуге үнемі ынталы болып отыратынын аңғару қиын емес.

Тізімге енген сөздердің ішінде ерекшелену тұрған бірер сөз бар, соның бірі — *ұруқ* сөзі. Түбірі көмескіленіп кеткендіктен болу керек, мұның тұйық етіс тұлғасы қазір тілімізде жоқ. Бұл сөзді

Ж. Досқараев Жамбыл облысындағы Болатқосшы деген қоныста тұратын құрама қазақтарының тілінен *үрүғ* деген үлгіде жазып алған<sup>1</sup>. Оның өзге говорлармен әдеби тіліміздегі фонетикалық нұсқасы — *үрүу* (ру). Бұл сөздің қ дауыссызымен айтылатын нұсқасы қазақ елі тараған аймақтың тек екі шетінде, түскей<sup>2</sup> мен шығысында<sup>3</sup> сақталған. Бір назар аударарлық жері — өзге говорларды былай қойғанда, осы екі аймақтың ортасындағы аралық кеңістікте де ол байқалмайды. Осы жағынан алғанда оны анық ене белгі деп тануымызға болады. Түбірінің көмескіленуі, тұйық етістік тұлғасында қолданылуы секілді өзгелерден ерек белгісі де оның көнелігінің елесі есепті.

Жұрттың бәріне танымал *үрүқ шашқан* дегендегі *үрүқ* та осы сөз. Мұның мағынасының біз айтып отырған *үрүқтан* тым алшақтап кете қоймағаны да көрініп тұр. Бұл сөздің соңында ұяң *ғ*-ның қолданылуы қазіргі түркі тілдері мен диалектілеріне де, сондай-ақ ертедегі жазбаларға да кең тараған. Мәселен, өзбек, ұйғыр, азербайжан, тува тілдерінен, ұйғыр жазбаларынан<sup>4</sup>, Махмуд Қашқаридың сөздігінен<sup>5</sup>. Қиссасул әнбиядан<sup>6</sup> бұл сөзді дәл осы нұсқада кездестіреміз.

Оның соңғы дауыссызының қатаңмен айтылуы түрік тілінде қырғыз, ұйғыр диалектілерінде, Кодекс Куманикусте<sup>7</sup> бар. Мадияр тіліне де бұл сөз осы үлгіде сіңіскен. Осы тілдер мен ескі жазбалардағы бұл сөздің семантикасында да бір-бірінен кереғар жатқан ірі айырма жоқ. Бұлардың бәріндегі оның басты мағынасын «ру, ұрпақ, тек, тұқым, дән» деген ұғымдардың төңірегіне жинақтауға болады. Э. В. Севортян бұл сөздің түбірі «бала көтеру», «туу» деген ұғымды білдіретін *ур* деген етістік деп біледі<sup>8</sup>. *Ұрпақ, үрім-бұтақ, ұрық* (дән) дегендерді де осы түбірден өрбіген туынды сөздер деп түсіндіреді. А. Н. Кононов мұны монғол тіліндегі «нәсіл, тұқым» мағынасындағы *урух* — *уруг* сөзімен салыстырған<sup>9</sup>.

Тіліміздің қазіргі даму сатысынан алып қарағанда, бұл сияқты төркіні айқын емес сөздердің тізімде талайы бар. Солардың бірі — *бойақ* сөзі. Бұл сөздің осы нұсқасы есім мағынасында қазіргі түркі тілдерінің көбінде қолданылады: өзб, *буеқ*, түркм. *баяг*, аз., түр. *бойақ*, алт. *пойағ* т. б. Сондай-ақ бұл сөздің соңындағы *қ/ғ* дауыссызын оны бұдан басқаша фонетикалық нұсқада қолданатын тіл-

<sup>1</sup> Досқараев Ж. Қазақ тілінің құрама говоры туралы. «Қазақ тілінің тарихы туралы зерттеулер». Алматы, 1965, 124-б.

<sup>2</sup> Досқараев Ж., Мұсабаев Ф. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. Алматы, 1951, 14-б.

<sup>3</sup> Аралбаев Ж., Бектұров Ш. Маркакөл және Қотанқарағай экспедициясының материалынан. ҚТДМ, 5-шығ., Алматы, 1963, 279-б.

<sup>4</sup> Древнетюркский словарь, 615-б.

<sup>5</sup> Махмуд Қошғари. Девону луготит түрк, т. I, Тошкент. 1960, 95-б.

<sup>6</sup> Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности М. — Л., 1951, 439-б.

<sup>7</sup> Куманша-қазақша жиілік сөздік. Алматы, 1978. 136-б.

<sup>8</sup> Севортян Э. В. Этимологический словарь тюркских языков. Основы на гласные. М., 1974, 604—605-б.

<sup>9</sup> Кононов А. Н. Родословная туркмен. Сочинение Абу-л-гази хана Хивинского. М., — Л., 1954, 113-б.

дерден де кездестіреміз: алт. тув, як, *будук, бутук*, тоф. *бодуғ*<sup>1</sup> т. б. Өзге қыпшақ тілдерінде де бұл сөздің соңында біздің тіліміздегідей *y* дауыссыз немесе осы дауыссызға артикуляция жағынан тым жақын тұрған дауыссыз *v* дыбысы қолданылатыны мәлім. Э. В. Севортян<sup>2</sup> түркі тілдеріндегі әрі етістік, әрі есім мағынасында айтылатын *бойа* тұлғасының түбірі «баяу» деген есім мағыналы *бой* сөзі деп біледі. *бойа* деген етістіктің соңындағы *a* — етістік тудырушы жұрнақ та, *бойа* деген есімнің соңындағы *a* — есім тудыратын жұрнақ. Сөйтіп тарихи жағынан *бой* сөзінің бастапқы нұсқасы әрі есім, әрі етістік мағыналы *бод* сөзі болды деген болжамды бұрынырақ айтқан Дж. Клосонның пікірін құптайды бұл кісі.

Тізімдегі түбірі көнеленген сөздің бірі — *түзүк* (түзу) сын есімі. Дәл осы оңтүстіктегідей түзу мағынасында қолданылмағанымен бұл сөз солтүстік, орталық өңірдің қазағының тілінде *бұзық* сөзінің антонимы ретінде *бүзүк* — *түзүк* болып қатар қолданыла береді. Сол сияқты тілімізде малға жекіре айтылатын *түз түр* (жөнделіп түр) деген одағай тіркестің құрамында айтылатын да түз деген сөз бар. Осы екі жағдайдың екеуінде де *түзүк* пен *түз* сөздерінің арасында семантикалық қайшылық бары байқалмайды. Бұдан *түзүк* сөзінің түбірі бұрын бейнелеуіш үстеу мағынасында қолданылған осы *түз* сөзі екенін аңғару оңай. Ол қазір тіліміздегі *түзе* деген туынды етістіктің түбірінде сақталған. Бұл сөздің түбір күйінде есім мағынасында қолданылуы қазіргі түркі тілдерінің көбінде бар: ұйғ. *түз йол*, қыр. *түз жол*, түрікм. *дүз ел* (түзу жол) т. б.

Тізімде қамтылған жоғарыда әнгіме болған сөздерден сыртқарғы сөздердің, мәселен, *кесік, шабық, ұтық, алық* т. б. дегендердің қандай етістіктен өрбігендігі ап-айқын көрініп тұр. Олардың есім нұсқасының жергілікті халық тілінде етістік нұсқасымен қатар сақталуы — бұл жердегі фонологиялық жүкті арқалайтын *-қ, -у* дегендердің әуелде бір негізден өрбіген дыбыстар — дивергенттер екенін кәміл аңғартады. Мұндағы осы екі дыбыстың жеке нұсқасы — *қ*. Тіл эволюциясы барысында ол кейінгі дәуірлерде тілдің түпкі жағымен айтылатын дыбыстан тілдің ұшымен айтылатын дыбысқа, ерін дыбысына өткен. Бұл — түркі тілдерінің фонетикасына тән ілгерілеу (опереднение) деп аталатын белгілі дыбыстық заңдылықтың айқын бір көрінісі. Мұны түсіну үшін түркологиялық әдебиетте кең тараған мысал *тағ > тоо > тау* сөзін алуымызға болады. Бұл сөздің тас жазуларындағы *тағ*<sup>3</sup> түрінің қазіргі тілдердің біразында осы сияқты параллельдері бар. ұйғ. *тағ*, өзб. *тоғ*, шор. *таг* т. б. Ұйғыр диалектілерінде оны *тақ, тах*<sup>4</sup> деген аяғы қатаңға бітетін нұсқада ұшырастырамыз. Қырғыз тілінде мұның соңғы

<sup>1</sup> Рассадин В. И., Фонетика и лексика тофаларского языка. Улан-Удэ, 1971, 72-б.

<sup>2</sup> Севортян Э. В. Этимологический словарь тюркских языков. Основы на б., М., 1978, 179-б.

<sup>3</sup> Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности. 425-б.

<sup>4</sup> Малов С. Е. Уйгурские наречия Синьцзяна. М., 1961, 157-б.



дыбысы *o* болып (тоо), көпшілік қыпшақ тілдерінде *y* болып (таг., баш., қарақ., ноғ. *tau*) өзгерген. Осы өзгеріс жалғыз сөздің аяғы ғана емес, ортасында да байқалады: түрікм. *ағыз*, қыр. *ооз*, қаз. *ауыз*. Жоғарыдағы *тағ* сөзі Қазақстанның оңтүстігіндегі Хантағы деп аталатын тау атында дәл осы фонетикалық үлгіде сақталған. Қазақ жеріндегі Қаратау, Ұлытау, Кішітау сынды тау аттарының қазіргі тіліміздегі айтылу нормасына ауыстырсақ, бұл атау Хантауы//Хантау болып шығар еді. Бір ғажабы осындағы Қаратау, Ұлытау, Кішітау болып соңы *y* дыбысына аяқталған топонимдердің бәрі орта ғасырлық түркі жазбаларының көбінде хат бетіне Қаратағ, Ұлуғтағ, Кішітағ түрінде түсірілген<sup>1</sup>. Осыған қарап бұл атаулардың соңындағы *y/ғ* дауыссыздарының алмасуын тіліміздің дамуындағы кейінгі бір дәуірлердің жемісі деп қарауымызға әбден болады. Сонымен қатар бұл сөздің осы нұсқасын халық тіліндегі *дағдұуадақ* деген құс астынан *дағ* деген үлгіде ұшырастырамыз<sup>2</sup>.

Э. В. Севортянда ежелгі түркі жазбаларындағы сөз аяғында келетін *қ, к, ғ, г* дегендердің морфологиялық я фонетикалық белгі екендігінің басы ашық емес деген пікір бар<sup>3</sup>. Біздіңше мұны грамматикалық аспектіде де, фонетикалық аспектіде де қарай беруге болады. Өйткені тіліміздегі *қ* (к) және *y* сияқты морфологиялық көрсеткіштің пайда болуы *қ* (к), *y* дыбыстарының фонологиялық тұрғыдан дифференциациялануының жемісі екенін бұған дейін келтірілген деректерден айқын көріп отырмыз. Жоғарыдағы *бойақ-бойау* сияқтылардың екеуінің әрқайсысының нақтылы бір өлкенің халқының тілінде басқа-басқа ұғымның көрсеткіші ретінде қалыптасып, ал өзге жердің халқының тілінде олардың *y*-мен келетін нұсқасының әрі есім, әрі етістік қызметінде орнығуы — әңгіме болып отырған дыбыстардың фонологиялық қызметі говорларымыздың әр қайсысында әр дәрежеде екендігін бейнелейді. Мұндай сөздердің екі нұсқасының екеуінің де бір лексикалық мағынаның көрсеткіші ретінде тілімізде *қыстақ-қыстау* сияқты қатар қолданылып жүргендері де бар. Қазақстанның шығыс жақ тарапында елдің күзгі қонысы күзеу болып айтылғанымен, өзге жердің қазағының бәрі бұл сөзді күзек деген үлгіде қолданатыны мәлім. Абай да бұл сөзді күзек деп қолданбай, жергілікті халық тілінің колоритімен күзеу деп қолданады.

Ерте барсам жерімді жеп қоям деп,  
Біқтырма мен күзеуде отырар бай.

Тіліміздегі осы дивергент дыбыстармен келетін сөздердің арасында семантикалық жағынан қазір ада-күде дифференциацияға

<sup>1</sup> Кононов А. Н. Родословная туркмен. Сочинение. Абу-л-гази хана Хивинского. М. — Л., 1958, 185-б.

<sup>2</sup> Досқараев Ж., Мұсабаев Ғ. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. 2-бөлім, Алматы, 1951.

<sup>3</sup> Севортян Э. В. Современное состояние и некоторые вопросы исторического изучения тюркских языков в СССР. Координационное совещание по вопросам методов изучения истории тюркских языков. Тезисы докладов. Ашхабад, 1959, 23-б.

ұшырағандары да бар. Мысалға *жабық* — *жабу* дегендерді алатын болсақ, мұның алғашқысы — киіз үйдің екі туырлығының түйіскен, айқасқан жері — жабықты, кейінгісі атқа жабатын жабу-ды білдіреді. Мұның сыртында *жабық* деген сын есім мен *жабу* деген етістіктің бар екені және белгілі.

Тізімде берілген сөздердің дені жоғарыда айтқанымыздай географиялық жағынан алғанда өзбектерге, түрікмендерге жақын отырған қазақтардың тілінен жиналған, сондықтан оларды осы тілдердің дерегімен салыстырудың орайы бар.

Қазақ говорларында	Өзбек тілінде	Түрікмен тілінде	Мағынасы
жамақ	ямоқ	яма	жамау
бойақ	боек	бояг	бояу
камақ	камоқ	—	камау
сыбақ	сувоқ	суваг	сыбау
шабық	чопиқ	—	егінді копсыту
қайнақ	қайноқ	—	қайнаған су
шақырық	чакирик	чақырык	шақыру
ұрұқ	уруғ	уруг	ру
отақ	утоқ	отаг	арам шөп отау
қыстақ	қишлоқ	ғынлаг	қыстау
ұтұқ	ютук	—	ұтымды
жарасық	ярашық	ярашык	жарасымды
алық	олиқ-солиқ	—	алым-салық
сатық	савдо-сотик	—	сауда

Қазақ говорларындағы етістік түбірден жасалған *қ* дауыссызына аяқталатын бірқатар есім сөздердің әуелде солардың өздерімен бірге бір негізден өрбіген *у* дауыссызына біткен етістіктерден лексикалық мағынасы, грамматикалық қызметі жағынан дифференциациялануында ағайын тіл — өзбек тілі мен түрікмен тілінің белгілі дәрежеде ықпалы болғанын айтуымыз керек. Жоғарыда келтірілген салыстырма дерек бізге осыны мензейді. Бұл жердегі сөз сонындағы *қ* тарихи тұрғыдан *у* дауыссызынан бұрын болғанымен, дәл *жамақ*, *бойақ*, *шақырық* және басқа осы секілді қазақ говорларының көпшілігінде әлдеқашан есім мағынасынан айырылып қалған сөздердің шағын өлкенің халқының тілінде есім мағынасында орнығуында осы тілдердің үлесі барын бекерге шығаруға болмайды. Олардың есім мағынасының осы тілдердің дерегімен үйлесім табуында да осындай сыр бар. Бұл сөздердің қазіргі изоглосасы да осындай байламның дұрыстығын құптайды. Дәлірек айтсақ, бұл сөздердің тараған шегі салыстырылып отырған тілдермен қоян қолтық жатыр.

Әрине, қазақ говорларынан жиналған осы құбылысқа қатысты сөздердің ішінде салыстырылып отырған тілдердің нақтылы дерегімен қабыспайтындары да бар. Мәселен, *кесік*, *асық*, *берік*, *түнек*, *налық* тәрізділер — осындай сөздер. Мұндайлардың тараған аймағы да жоғарыдағы сөздердікінен аса қашықтап кете қоймайды. Бірақ

сонда да болса олардың нақтылы лексика-фонетикалық баламаларының өзімізге мәлім сөздіктерден кездескен ыңғайы әзірге болған жоқ. Алайда бұған қарап бұл сөздердің жергілікті халық тілінде күні қазірге дейін өзі түбірлес *y* дауыссызына біткен кимыл есімдерінен мағынасы мүлдем дербес есім сөз ретінде өмір сүруін ғайыптың ісі деп қарап болмасы өзінен-өзі түсінікті. Өзбек, түрікмен тілімен салыстырылып отырған сөздер де, сондай-ақ бұл сөздер де тілімізде әуелден бар сөздер. Мұның екеуі де тіліміздің дыбыс құрылысы дамуындағы заңдылықтың өткендегі бір тарихи кезеңінен елес беретін деректер. Осы тұрғыдан алғанда бұл сөздердің тағдыры бір-бірінен тым алшақ та жатқан жоқ.

Өзбек, түрікмен тілінен таппасақ та сөздердің кейінгі легінде аталғандардың бірі болмаса бірін өзге түркі тілдерінен, түркі жазбаларынан табарымыз хақ. Мәселен, осындағы қазақ жерінің оңтүстік-батысы (Маңғыстау) мен шығысында қолданылатын *берік*<sup>1</sup> сөзі якут тілінде (бэрик) пара мағынасында қолданылады. Мұның семантикасында біздегі берікпен зор жақындығы барында талас бола қоймаса керек. Бұл тілде сонымен қатар біздің мысалдарымыздағы *сыбах* сөзі де бар. Мұнда да ол осы біздегі мағынасында қолданылады. Сондай-ақ өзбек тіліндегі *олиқ-солиқ* (қалың мал) деген қос сөздің бірінші сыңарындағы біздің алық сөзін *алиғ*<sup>2</sup> деген үлгіде М. Қашғаридан ұшырастырамыз. Автор мұны «берілген нәрсенің қайтарылуы» деген мағынада қолданылатын оғуз бен қыпшақ тілдеріндегі сөз деп көрсеткен. Кейінгі топ сөздердің ішінде бұдан өзге де «Диванда» кездесетін сөздер бар. Олар да мұнда есім мағынасында берілген: *асіғ* (пайда), *тұнақ* (зындан, түрме). Өзбек тіліндегі *савдо-сотик*, ұйғыр тіліндегі *сода-сетик* (сауда) деген қос сөздің екінші сыңарымен сәйкесетін біздің оңтүстік говорларымыздағы *сатық* (сатылатын; сатық мал — сатылатын мал) сөзі мұнда дербес есім сөз ретінде *сатіғ* деген үлгіде сауда мағынасында берілген<sup>3</sup>. Кейінгі сөз XII—XIV ғасырлардағы ұйғық жазбаларында да осы үлгіде кездеседі<sup>4</sup>. «Кодекс Куманикусте» бұл сөздің *сатуқ* деген қ-мен айтылатын нұсқасы да, сатов деген в-мен айтылатын нұсқасы да бар. Мұның екеуі де онда сауда мағынасындағы дербес сөз ретінде жұмсалған. Қазақ тіліндегі сауда-саттық дегендегі *саттық* та осы сөз, бірақ мұндағы гемината пайда болу себебі түсініксіз.

Өзбек, түрікмен тілімен салыстырылып отырған сөздердің арасындағы сыбақ, қыстақ, қамақ, отақ секілді бірлі-жарым сөздерде қ дауыссызының айтылуы Алматы облысы тұрғындарының тілінде

<sup>1</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата. 1959, 313, 331-б. Болатов Ж. Семей облысының Абай Шұбартау аудандарында тұратын қазақтар тілінің жергілікті ерекшеліктері туралы. ҚТДМ, 2-шығ. Алматы, 1960, 65-б.

<sup>2</sup> Махмуд Қошғарий. Девону луготит түрк, I-т. Тошкент, 1960, 95-б.

<sup>3</sup> Сонда, 355-б.

<sup>4</sup> Мялов С. Е. Два уйгурских документа «В. В. Бартольд» Ташкент, 1927, 387-б., Древнетюркский словарь. Л., 1969, 491-б.

де байқалады. Басқа жердің қазағының тілінде қолданылудан шыға бастаған мұндай көне дыбыстық ен-таңбаның аталған сөздердің бойында сақталуы бір жағынан осы өлкенің кейінгі дәуірдегі тұрғындары — ұйғырлармен арадағы тілдік қарым-қатынасқа байланысты болуы да ықтимал. Неге десеңіз, әңгіме болып отырған тұлғаны бізден гөрі көбірек қолданатын тілдің бірі — осы ұйғыр тілі. Ұйғырлардың бұл өлкенің қазағымен аралас-құралас отырғанына да бір ғасырлық уақыт болды. Біздің мысалдарымыздағы сөздердің көбін жалғыз салыстырылып отырған тілдерден ғана емес, ұйғыр тілінен де дәл осы үлгіде ұшырастырамыз: *сувақ, қишлақ, қамақ [хана], отақ, ямақ, бояқ, қайнақ [су]* т. б.

Бұған дейін әңгіме болып өткен жайлардан байқайтынымыз: сөз соңындағы алмасушы дыбыстардың мұндағы *қ* түрі, жоғарыда айтқанымыздай, тіл эволюциясындағы фонологиялық жіктелістің нәтижесінде біздің тілімізде тек есім сөздердің құрамында ғана көнеленген сөз тудырушы жұрнақ ессінде сақталып қалған. Құрамында осы жұрнақ бар есім сөздер лексикамызда көп болғанымен, оның қазіргі тіліміздің сөз тудыру жүйесінде атқаратын қызметі жоққа тән. Бұл жұрнақтың басындағы осы жайды біз өзге түркі тілдерінен де байқаймыз. Оны көнеленген деп атауымыздың да себебі осыдан. Мұның өзі бұл жердегі алмасушы дыбыстардың *қ* түрінің *у*-дан анағұрлым көне белгі екендігімен тікелей байланысты.

*қ(ғ)* жұрнақты тұлғаға М. Қашқари өзінің сөздігінде әдейілеп тоқталып, оған: *аниң эт тоғрағи кор* «оның ет турауын көр» деген тәрізді бұл тұлғаның қимыл есімі екенін айқын дәлелдейтін мысал келтіреді<sup>1</sup>. Сонымен бірге сөздікте бұл тұлғаның қазіргі тілдердегідей толық есім мағынасында қолданылған мысалдары да көп: *йазақ «жайлау», йолақ «сүрлеу, жол»*<sup>2</sup>.

## ДАУЫССЫЗДАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ БАСҚА ҚҰБЫЛЫСТАР

**Дауыссыздардың қосарлануы.** Қазақ говорларының дыбыс жүйесіндегі зерттеуші назарынан қалыс келе жатқан нәрсенің бірі — дауыссыздардың қосарлануы жайындағы мәселе. Әр жылдарда әр зерттеуші жинастырған диалектологиялық мәліметтерге назар аударар болсақ, говорларымыздың кейбірінде осы дыбыстық құбылысқа қатысты едәуір дерек бар екенін аңғарамыз. Мұндай деректер қарақалпақ, өзбек арасындағы қазақтардың тілінде кездеседі. Мәселен, мына төмендегі сөздердің дыбыстық құрамындағы сыңар дауыссыздарды аталған өңірлерде *кк, пп, сс, дд* *нн, лл, рр* деген сияқты қосар үлгіде ұшырастырамыз:

<sup>1</sup> Махмуд Қошғарий. Девону луготит түрк. III т., Тошкент, 1963, 331-б.

<sup>2</sup> Сонда, 25, 174-б.

Қорқалық арасындағы  
қазақтардың тілінде:

Говорларымыздың  
көпшілігінде

Әдеби тілімізде

жекке  
тікке  
мәккә (жүгері)  
әппер  
аппар  
ыссық  
қассап  
нешше  
сеннен  
меннен  
мұннап  
соннап  
бұннан  
оннаған  
жаманнық  
келмегенді  
тұллан  
әлле кім  
әлле қашан  
жыллы  
тіллә  
ұллы  
зәрре  
беккем  
дәрруу//дәрреу  
өррө  
тәуүррәк  
қарры//ғарры  
әййем  
әууәлү  
әдден (шыққан)  
гүрре  
жәннет (ішік)  
аррағырақ

жекө//жекө  
тіке  
меке  
әппер  
аппар  
ыстық  
қасап  
неше  
сенен  
менен  
мұнап  
сонан//содан  
бұнан//бұдан  
ондаған  
жамандық  
келмегенді  
тұлдан  
әлде кім  
әлде қашан  
жылы  
тілдә/ділдә  
ұлы  
зәре (дей)  
бекем  
дереу  
өре  
тәуүірек  
қары, кәрі  
—  
әуелү  
—  
күре//кодық  
жанат  
әрегірек//арағырақ

жекө  
тіке  
(жүгері)  
әппер  
аппар  
ыстық  
қасап  
неше  
сенен  
менен  
мұнан  
сонан//содан  
бұнан//бұдан  
ондаған  
жамандық  
келмегенді  
тұлдан  
әлдекім  
әлдеқашан  
жылы  
ділда  
ұлы  
зәре (дей)  
бекем  
дереу  
өре: өре тұра келді  
тәуіірек  
кәрі  
бұрынғы, ежелгі  
әуелі  
шамадан (шыққан)  
қодық  
жанат  
әрегірек

Өзбек арасындағы  
қазақтардың тілінде:

йетті  
тіллә  
кәллә  
жінні  
мілләт  
оннан  
соннан  
газзап  
ыссығ  
мәккә (жүгерү)  
маккам//мекем  
шәдді  
қарры  
кәттә  
аллап (кетті)

жеті  
тілдә//ділдә  
келде  
жынды  
(ұлт)  
одан  
сонан//содан  
кезап//кезеп  
ыстық  
меке жүгөрү, мекейі  
бекем//мекем  
шәді//ашушан  
кәрі  
кәттә//зор  
алдап

жеті  
ділда  
(бас)  
жынды  
(ұлт)  
одан  
сонан//содан  
кезеп  
ыстық  
меке жүгері  
бекем  
(ашушан)  
кәрі  
(зор)  
алдап

Түбір (туынды түбір) мен қосымшалардың, біріккен сөздердің жігіндегі дауыссыздардың қосарланып айтылуы, гемината құбылысы, барша түркі тілдеріне, соның ішінде біздің тілімізге де тән заңдылық. Қосар дауыссыздардың қазақ тілінде пайда болуының негізгі жолы — морфемалардың жігіндегі дауыссыздардың бір-біріне тигізетін ықпалы. Қосымшаның басқы дыбысының, әлбетте, түбір сөздің соңғы дыбысының ыңғайына қарай құбылатыны — бәрімізге таныс жай. Айталық, фонетикалық нұсқалары тілімізде *л, д, т* дауыссыздарының бірінен басталатын нақтылы бір жұрнақты соңғы дыбысы *т*-ға біткен сөздерге жалғау керек болатын болса, бұл нұсқалардың ішінен оны біз тек *т*-дан басталатын үлгіде ғана жалғай аламыз. Өйткені қатаң дыбысқа аяқталған сөзге *л, д* дауыссыздарынан басталатын қосымшаның жалғанбайтыны мәлім. Сондықтан *от-оттың, сәт-сәтті, кет-кеттік, ай-айтты* болып жалғанады. Тілімізде қосар дауыссыздардың пайда болуының басты бір жолы осы, дауыссыздардың ілгерлі ықпал заңымен (прогресс ассимиляция) бірін-бірі өзгерту ыңғайы. Жоғарыдағы тізімдерде берілген мысалдардың ішіндегі *ыссық < ыстық, тұллан < тұлдан, оннаған < ондаған, жаманнық < жамандық, келмегенні < келмегенді* дегендегі қос дауыссыздардың бәрін тіліміздегі қазіргі даму деңгейінен алып қарасак, осы жолмен пайда болғанына көз жеткізу қиын емес. Бәрімізге мәлім *ашшы, тұшышы* дегендегі қосар *шш* дауыссызының жасалу жолы да осы сияқты. Халық тілінде бұлардың *ашты, тұшты* деген вариантының сақталуы осыны меңзейді: *ашшы < ашты, тұшшұ < тұшту*. Бұл сөздердің бәріндегі қосарлардың соңғы сыңары — түбір мен туынды түбірдің соңғы дауыссызы ықпалының жемісі. Олардың өрбу жолын мынадай схемамен көрсетуге болады: *сс < ст, лл < лд, нн < нд, шш < шт. аппер* (әпер), *аппар* (апар) дегендегі қосар *пп* дауыссызы да ілгерлі ықпал нәтижесінде жасалған дыбыс. Мұндағы қосардың алғашқы сыңарындағы *п* *алып бер, алып бар* деген күрделі етістіктің бірінші бөлегінің соңындағы *п* да, кейінгі сыңарындағы *п* — *бер, бар* деген сөздердің басындағы ұяң *б*-ның ықпал заңымен қатандауының көрінісі.

*соннан, бұннан, мұннан, сеннен* деген есімдіктердің құрамындағы қосар дауыссыз *нн* дегеннің де пайда болуы осы сияқты. Тіліміздің бір даму кезеңінде *сондан, бұндан, мұндан, сенден* болып айтылған бұл есімдіктердің соңындағы шығыс септігі жалғауының басқы дыбысының өзгерісін тудырған да осы ықпал заңы. Сонда бұл тұлғадағы қосарлардың эволюциясын былайша көрсетуге болады: *сонан < соннан < сондан, бұнан < бұннан < бұндан, мұнан < мұннан < мұндан, сенен < сеннен < сенден*. Бұлай деуге негіз — осындағы бастапқы тұлғаның кей тілдерде әлі күнге осы күйде сақталуы. Мәселен: қыр. *мындан, сенден*<sup>1</sup>; түрікм. *мұндан, менден, сенден, ондан*<sup>2</sup>. Сол сияқты осы жердегі *нд* дауыссыздарының тір-

<sup>1</sup> Кудайбергенов С. Кыргыз тіліндегі ат атоочтар. Фрунзе. 1960, 78-б.

<sup>2</sup> Гурбанов А. А., Күррәев Н. Түркмен дилинің грамматикасы, I бөлүм. Фонетика, морфология. Ашгабат, 1956, 82-бет.

кесін түрік, өзбек, ұйғыр т. б. тілдерден де байқаймыз. Ал есімдіктердің түбірі мен септік тұлғаның жігіндегі *ны* қосарына келсек, бұл да түркі тілдерінің көбінде бар: поғ. *меннен, сеннен, оннан*<sup>1</sup>; қарақ. *соннан*; түрік диалектілерінде *уннан* «одан», *онна* «онда»; құм. *меннен* «менен», *муннан* «мұнан»<sup>2</sup>.

Қосымшаның басындағы дауыссыздың кейді *атқосшы* > *атқошышы, тазша* > *ташша* деген ретпен сөз соңындағы дауыссызға керісінше әсер ететін кезі де болады. Бірақ мұндай кейінгі ықпал (регресс ассимиляция) жолымен қосар дауыссыздардың пайда болуы тілімізде некен-саяқ. Мұндай қосарлар тілімізде келтіріліп отырған мысалдардың арасында да байқалмайды. Әрине, қосар дауыссыздардың морфемалардың жігінде дыбыс ассимиляциясы жолымен жасалуы — негізгі тәсіл болғанымен бірден-бір тәсіл емес. Оны жоғарыдағы мысалдардан да айқын көреміз. Осындағы біраз сөздердегі қосар дауыссыздарда араб, парсы сөздерінің қазақ гозәрларында фонетикалық тұрғыдан игерілу жайымен байланыстырып қарауымызға болады. Олар — араб тілінен енген *мәккә* [жүгеру] (арабша бұл — қала аты), *маккам*//*меккем, мілләт, зәрре* (кішкентай) *газзәп, әууәллү, жінні*, парсы тілінен енген *тіллә кәллә, шәдді* тәрізді сөздер. Араб, парсы тілдерінің өзіндегі түп нұсқасында да бұл сөздердің көпшілігінің құрамында қосар дауыссыздар бар. Бұлар аталған диалектілік алқапта сақталғанмен, қазақ говорларының денінде өшіп кеткен. Мұның былай болуы біздің тіліміздің фонетикасында жалпы қосар дыбыстардың дамуында дара дыбысқа қарай ұмтылу сияқты тенденцияның болуынан. Морфемалардың жігінен тыс жерде, мәселен, қазақ сөзінің түбірінде геминация құбылысының кездесуі кемде-кем.

Қазіргі тіліміздің тұрғысынан морфологиялық бөлектерге ажыратылуы қиын кейбір сөздердің құрамындағы қосар дауыссыздардың ізі тілімізде бұл күнде жойыла бастаған. Тізімде көрсетілген *жіллі, қарры, өррә* сынды сөздердің құрамындағы қос дыбыстардың аталып өткен өңірден тысқарғы диалектілік алқаптың бар-баршасында қазір жалаң дауыссызбен айтылуы — осының салдары. Қазақ әдеби тілінде де бұл сөздер жалаң дауыссызбен келетін *жылы, кәрі, өре* секілді нұсқада қалыптасқан. Бұл сөздердің ортанғы дауыссызының әуелде қосар дыбыстан өрбуі мүмкін екендігін қазір тек диалектілеріміз бен ағайын тілдердің дерегіне сүйеніп қана жорамалдай аламыз. Мысалы: қарақ. *ғарры, жылылы*, түрікм. *ғарры т. б.*

*ғарры* (қарры, қары, кәрі) сөзінің түбірі *ғар*//*қар* болуы ықтимал. Н. А. Баскаков бұл сөздің түбірін *қары* деген етістік дейді<sup>3</sup>. Мұндай етістіктің қазақ тілінде де бар екені мәлім. Біздіңше, ол *қар* деген есім сөзден жасалған. Халық жырларында *қар* — кәрі әйел мағынасындағы сөз. Ол «Алпамыс» жырының Жүсіпбек

<sup>1</sup> Баскаков Н. А. Очерк грамматики ногайского языка. Ногайско-русский словарь, М., 1963. 517-б.

<sup>2</sup> Дмитриев Н. К. Строй тюркских языков М., 1962. 289—290-б.

<sup>3</sup> Баскаков Н. А. Русские фамилии тюркского происхождения. М., 1979. 209-б.

Шейхү-Исламов версиясындағы «Өңкей көше сақау қар» деген жыр жолында кездеседі<sup>1</sup>. Татар тілінде де кемпірді *қаршық* дейді. Мұндағы түбір соңындағы *-шық* — кішірейткіш жұрнақ.

Қазір морфологиялық тұрғыдан ажыратуға келмейтін сөздерді былай қойғанда тіптен түбірі мен қосымшасының жігінде айқындық бар кей сөздердің өзінде де қосар дауыссыздардың жалаң дауыссызға өту жайы байқалмайды емес. *аттас* деген қосар дыбысты сөздің солтүстік, орталық аймақтағы говорларымызда *адас* деген сыңар дауыссыз үлгіде айтылуы мұның айқын мысалы бола алады. Мұндағы *тт > д* болып өзгерген. Бұл сөздің жалаң дыбыспен келетін нұсқасы қазіргі түркі тілдерінің біразында, сондай-ақ ертедегі жазба ескерткіштерде де бар. Ноғай тіліндегі *адас*, өзбек, татар, түрік тілдеріндегі *адаш* (аттас деген мағынадағы), якут тіліндегі *атас*, Махмуд Қашғаридегі<sup>2</sup>, Құтадғу білігтегі<sup>3</sup>, V—VII ғасырдағы Манихей әрпімен жазылған текстер мен қазіргі ұйғыр диалектілеріндегі<sup>4</sup>, сондай-ақ Енисей жазбаларындағы<sup>5</sup>, қазіргі қырғыз тіліндегі, Бадаһ ал-луғаттағы<sup>6</sup> *адиш* (дос, жолдас) дегендердің бәрі — бір сөз. В. В. Радлов *адаш* дегеннің әуелгі нұсқасы — *аддаш//атташ//адташ* деп біледі<sup>7</sup>. Бұл сөздің біздегідей қосар дауыссызбен келетін нұсқасын қырғыз (атташ), түрікмен (атдаш), ұйғыр (атдаш) тілдерінен кездестіреміз. *Аддаш//атташ* дегендерді Э. В. Севортян осы сөздің қарақалпақ тіліндегі *атлас < ат-лас* деген нұсқасына сүйеніп, мұны қазір тілден қолданудан шығып қалған *атда* деген етістіктен *ла-с* жұрнағының көмегімен жасалған сөз деп түспалдайды<sup>8</sup>.

Әуелде бар қосар дауыссыздың жалаң дауыссызға айналуының тағы бір мысалы ретінде тіліміздегі *бақылау* сөзіндегі *қ* дауыссызын атауға болады. Бұл сөздің бастапқы формасы — *баққыла*, ол — *бақ* етістігінен *-қыла* жұрнағы арқылы жасалған. Осы жұрнақ арқылы жасалған *соққыла*, *тыққыла* секілді жоғарыдағы сөзбен тұлғалас етістіктерде қосар дауыссыз *ққ* тілімізде қазір толық сақталған.

Дауыссыздардың сан есім құрамында қосарлануының говорларымызда әзірше бізге мәлім бір-ақ фактысы бар, ол — жоғарыдағы *жетті* (жеті) сөзі. Мұны Б. Бекетов Қарақалпақстанның онтүс-

<sup>1</sup> Алпамыс батыр. Под редакцией М. Ауэзова и Н. Смирновой. Алма-Ата, 1961, 561-б.

<sup>2</sup> Махмуд Қашғари. Девону луғатит түрк. I. т., Тошкент, 1980. 92-б.

<sup>3</sup> Древнетюркский словарь, Т., 1969, 9-б.

<sup>4</sup> Малов С. Е. Уйгурские наречия Синьцзяна. М., 1961, 91-б.

<sup>5</sup> Соьыкі. Енисейская письменность тюрков. М.—Л., 1952, 101-б.

<sup>6</sup> Боровков А. К. Бадаһ ал-луғат. Словарь Тали Иманн Гератского к сочинениям Адишера Новон. М., 1961, 62-б.

<sup>7</sup> Радлов В. В. Опыт словаря тюркских наречий, т. I, СПб., 1893, 484-б.

<sup>8</sup> Севортян Э. В. Этимологический словарь... на гласные, 204-б.



тік аудандарындағы Хорезм өзбектерімен көршілес отырған қазақтардың тілінен жазып алған<sup>1</sup>.

Жалпы қосар дыбыстардың түркі тілдеріндегі ең мол тараған саласы — сан есім категориясы екені мәлім. Осы «жеті» сан есімнің түркі тілдерінде *етті* (өзб.), *йәттә* (ұйғ.), *едди* (аз.), *сәттә* (як.) тәрізді нұсқалары бар. Сондай-ақ осындай қосар дыбыспен келетін нұсқалар *екі*, *сегіз*, *отыз*, *елу* сан есімдерінде де бар. Бұлардың қосар дауыссыз нұсқасын ертедегі жазбалардан да кездестіруге болады.

Біздің тілімізге ең жақын тілдердің біразында, әсіресе, қарақалпақ, ноғай, қарачай, балқар тілдерінде осындағы *елуден* басқа сан есімдердің құрамында қосар дыбыс айтылмайды. Мұндай жай өзге говорларымызда да кездескен емес. Соған қарағанда, аталған жердің қазағы жоғарыдағы *йетті* сан есімінің мұндай фонетикалық үлгісін өзбек тілінен еншіленген деп тұспалдаудың ыңғайы бар.

Сан есім түбірдегі қосар дауыссыздар аса кең тараған дыбыстық белгі болғанымен, оның кей түркі тілінде сақталып, кей түркі тілінде сақталмау жайын түсіндіру қиын. Жалпы, қосар дауыссыз түркі сөзінің түбіріне тән белгі емес. Алайда сан есімнен тыс та жеке-дара сөздердің түбіріндегі қосарлардан кей түркі тілдері мүлдем құр алақан емес. Мұндай қосарлардың біразын азербайжан, құмық тілінен табуға болады: құм. *гиччи*, «кіші», *итти* «өткір, жіті», аз. *сағгал* «сақал», *әшиәк* «есек» т. б.<sup>2</sup>. Құмық тілінің бір ерекшелігі — мұнда өзге тілдермен салыстырғанда дауыссыз қосарлар сөз түбірінде жиірек кездескенімен, *екі*, *сегіз*, *тоғыз* сынды сан есімдердің құрамында байқалмайды екен.

Көп түркі тілдеріндегі қосар дауыссыздардың пайда болу жайы, сөз ішінде қолданылатын шегі және олар қамтитын лексикалық категориялар бір-біріне ұқсас. Бұл ретте тектес тілдер арасында оқшау тұрған тіл — жалғыз чуваш тілі. Мұнда дауыссыздардың қосарлануы — аса жүйелі құбылыс. Морфемалардың жігін былай қойғанда түбірі қосар дауыссызбен келетін *алпа* «апа», *кукка* «көке», *суккар* «соқыр» секілді сөздердің өзі мұнда көп<sup>3</sup>. Тіптен онға дейінгі есептік сан есімдердің әрқайсысының бірі жалаң дауыссызбен, бірі қосар дауыссызбен айтылатын параллельдері бар. Бұл жердегі дауыссыздардың жалаң айтылуы мен қосарлануы чуваш тілінде фонематикалық мәнге ие. Мәселен, «бір» сан есімі *перре* болып айтылса, абстракт санды, *пер* болып айтылса, жалғыз нақтылы санды білдіреді<sup>4</sup>. Сол тәрізді-*ау*, *-әу* жұрнағын қабылдап, эмоциялы экспресс мәнге ие болған жетіге дейінгі сан есімдер башқұрт тілінде де қосар дауыссызбен айтылады: *беррәу*, *иккәу* т. б. Мұндай сан есімдердегі екпін әлбетте соңғы буыннан алғаш-

<sup>1</sup> Бекетов Б. Казахский говор южной Каракалпакии. Автореф. канд. дисс., Алма-Ата, 1969. 13-б.

<sup>2</sup> Дмитриев Н. К. Двойные согласные в тюркских языках. ИСГТЯ. ч. I. Фонетика, М., 1955, 262-б.

<sup>3</sup> Сонда, 263-б.

<sup>4</sup> Сонда, 264-б.

қы буынға ауысады да, сан есімдердің өзі заттың санынан гөрі абстракт бір санның атын білдіретін категорияға ауысады. Ал «сегіз, тоғыз» сан есімдері осындай мәнге ие болған кезде бұл жұрнақтың көмегінсіз-ақ *huggez*, *tuғғыз* болып айтыла береді.

Қосар дауыссыздардың морфемалардың жігінде пайда болу механизмі түсінікті. Ал сөз түбіріндегі қосарлардың пайда болуы, я жалаң дауыссызға айналуы сияқты құбылыстың арғы-бергі тарихы туралы белгілі бір байлам айту қиын. Өйткені түркі тілдерінің арғы дәуірлерінде сөз түбірінде қосарлардың қандай дәрежеде болғандығын дәлелдейтін деректер бізге әзір мәлім емес. Сан есімнің белгілі тобындағы түркі тілдерінің көбінде, ертедегі жазбаларда бар қосарлардың кей түркі тілдерінде кейін жалаң дауыссызға айналып кетуінің сыры да оншалық айқындалып жеткен жоқ. Кейбір жорамалдар бойынша сан есімдердегі қосарлардың жойылуын тудырған фактор екпіннің бірінші буыннан соңғы буынға жылжуы: өзб. *sakkiz* > қаз. *segiz*, ұйғ. *toққуз* > қаз. *тоғуз*. Бұл сөздердің бірінші буынындағы екпіннің тұрақтылығы соншалық дүдәмал болғанымен, осындағы дыбыстық өзгеріске екпіннің белгілі дәрежеде қатысуы болуы мүмкін екендігін, бәлкім, теріске шығаруға да болмас. Алайда бұл жердегі ең шешуші фактор — біздіңше, екпін емес, қосарлардың интервокал позицияда айтылуы. Жалаң дауыссызбен салыстырғанда қосар дауыссыздардың, әсіресе жоғарыдағы тәрізді қатаң қосарлардың күшті айтылатын дыбыс екені белгілі. Ал дауыстылардың аралық шебінде келген дауыссыздардың әлсірен ұяндауы, я спирантизацияға ұшырауы — жалпы түркі тілдер фонетикасына тән заңдылық.

А. М. Щербак морфемалардың жігінде болатын қосар дауыссыздардан қосарлардың өзге түрін дербес бөліп көрсетіп, оларды нағыз геминаталар деп атайды да, геминация құбылысының бұл түрінің пайда болу сыры ғылымда әлі күнге беймәлім деп көрсетеді. Түркі тілдеріндегі геминация құбылысының сөздің нақтылы шебінде ғана ұшырайтын белгі екендігіне сүйеніп, оны интервокал жағдайдағы дауыссыздардың сапалық тұрақтылығын сақтау үшін тілде көмекші амал ретінде пайда болған құбылыс деп топшылайды. Мұны айтқандағы бұл кісінің дәйегі — қосарланған дауыссыздардың сапалық тұрғыдан мейлінше тұрақты тегеурінмен айтылатын дыбыстар екендігі<sup>1</sup>.

Біздің мысалдарымыздағы қосарлардың аталған атыраптағы жергілікті халық тілінде өмір сүруінің негізгі кілті, біздіңше, көрші тіл — өзбек, қарақалпақ тілдерінің ықпалы. Қосар дауыссыздар арқылы айтылатын тізімдегі сөздердің бар-баршасы өзге тілден гөрі осы тілдердің дерегімен көбірек үйлесім табады. Оны мынадай салыстырудан кәміл аңғарамыз:

<sup>1</sup> Щербак А. М. Сравнительная фонетика..., 104-б.

Қарақалпақ, өзбек әр сындағы қазақтардың тілінде	Қарақалпақ тілінде	Өзбек тілінде	Түрікмен тілінде	Мағын. сы
жекке	жекке	якка	—	жеке
тікке	тикке	тикка	—	тіке
кәллә//гелле	гелле	калла	келле	бас
ыссық	ыссылық	иссиқ	ыссы	ыстық
меннен	меннен	меннен	—	менен
мұннан	муннан	—	—	мұнан
соннан	соннан	—	—	сонан
әлле кім	әлле кім	алла ким	алла нәме	әлдекім
әлле қашан	әлле қашан	алла қачон	алла нәме	әлдеқашан
жіллі, жініі	жилли//жинли	жинни	—	жынды
тіллә	тиллә	тилла	тылла	ділдә
меккем//беккем	беккем	махкам	—	бекем
қассап	—	кассоб	гассап	қасап
кәттә	—	катта	—	үлкен
мілләт	миллет	миллат	миллет	ұлт
мәккә	мәкке	—	мегке	жүгері, мекейі
шәдді	—	макка	—	шәді
аппазы	—	шаддод	апбасы	20 тындық
әппер	әппер	—	—	әпер
аппар	аппар	—	—	апар
нешше	нешше	—	—	неше
туллан	туллан	—	дул (лук)	тулдан
жыллы	жыллы	—	—	жылы
ұллы	уллы	—	—	ұлы
ғарры	ғарры	—	ғарры	кәрі
әййемгі	әййемги	—	әййәмки	ежелгі
күрре//гүрре	гүрре	—	күрре	кодық*

\* Салыстырылып отырған тілдерде бұл сөздер сынар дауыссызбен айтылатын болса, ол сөздер тізімге енгізілген жоқ.

Салыстырылып өткен мысалдардан тыс *т-ның* қазақ говорларының шығыс тобында *жаттық* (жатық) деген сын есім құрамында қосарланатыны бар. Әрине, тілімізде *жаттық* деген етістік тұлғасы екені елдің бәріне аян: ол әдеби тілімізде де, говорларымызда да бар. Демек *жаттық* сөзі етістік мағынасында келгенде оның құрамындағы *т-ның* қосарлануы еш жердің қазағы үшін жат дыбыстық құбылыс емес Мәселе мұнда емес. Мәселе осы сөздің жоғарыда әдейілеп нұсқағанымыздай сын есім мағынасында келуінде. Айталық, *жатық тігіс*, *жатық сөз* деген тіркестердің құрамындағы жатықты *жаттық тігіс*, *жаттық сөз* деп қолдану говорларымыздың шығыс тобында болмаса, өзге өңірдің қазағының тілінде кездеспейді деуімізге әбден болады. Тіпті осы сын есімнің тіркестегі орын тәртібін *тігісі жатық*, *сөзі жатық* деп өзгертіп, предикаттық қатынаста қолданғанның өзінде де говорларымыздың көбінде бұл сөздің құрамындағы *т* қосар дауыссызға айнала қоймайды. *жаттық тігіс* дегендегі қосар *т-ны* шағын бір аймақтың қазағының тілінде көне дәуірден сақталып қалған белгі деп түсінуіміз керек. Тіліміздегі жалаң *т-мен* айтылатын қазіргі *жатық*,

сын есімінің бастапқы нұсқасы — осы — қосар дыбысты *жаттық*. Мұндағы қосардың бірінші сыңарындағы *т* — түбірдің соңындағы дыбыс та, кейінгісі жұрнақтың басқы дыбысы. *т*-ға аяқталған етістік түбірден есім тудыратын *-тық* жұрнағының алғашқы дауыссызын жоғалтқан бұдан басқа да сын есімдер тілімізде жоқ емес.

Егер ертедегі кей түркі жазбасының дерегіне жүгінсек, арт деген етістік түбірден жасалған тіліміздегі артық деген сын есім құрамында да әуелде қосар *тт* болғанын айтуымызға болады. Мәселен, көне ұйғыр жазбасында бұл сөз *арттоқ* деген үлгіде қолданылған<sup>1</sup>.

### Дауыссыздардың тұрақсыздығы

**л дауыссызының тұрақсыздығы.** Үнді дауыссыз *л*-дың тұрақсыздығы — түркі тілдеріне аса тән дыбыстық белгінің бірі. Әсіресе оны біз қыпшақ, оғыз тілдерінің дыбыс жүйесінен жиі кездестіреміз<sup>2</sup>. Соның бірі — біздің тіліміз. Бұл құбылыстың тілімізде көбірек байқалатын жері — *бол, ал, қал, қыл, біл, сал, әкел* тәрізді етістіктердің құрамы. Осы етістіктердің *боса болмаса да, солай босын, байқаман қап, айта сап, кім бісін, осында әкесін* деген секілді ретпен түрлі етістік тұлғаларында қолданылған кезде түсіп қалуы — көбімізге тақыс жай. Бұл жайды біз жазба тілден гөрі ауызекі тілімізден көбірек байқаймыз.

Географиялық жағынан алсақ, аталған етістік түбірлердің соңындағы *л* дауыссызының түсіп қалуы қазақ жұрты тараған өлкенің көп жерінде-ақ бар. Сол үшін де мұндайлардың денін диалектілік шеңбердегі құбылыс деп танып болмайды. Алайда бұл құбылыстың говорлардың баршасындағы байқалу шама-шарқы бірдей емес. Оның ең көп тараған аймағы — Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік шығысы. Әсіресе, оның өзбек тілінің кей диалектілері мен көршілес өңірдің қазағының тілінде байқалуы қазақ говорларының қай-қайсысымен салыстырғанда да анағұрлым жиі, анағұрлым жүйелі. Ал бұдан тысқарғы қазақ говорлары болса, онда мұның факультатив түрде ғана ұшырайтын жайы бар. Осы себептен де бұл құбылыстың тіліміздегі қазіргі жай-жапсарын екі тұрғыдан алып қарау керек болады. Бұл құбылыстың қазақ говорларының дыбыс жүйесіне жалпылама тарауы бар да, некен-саяқ тарауы бар. Әлбетте мұның алғашқысы жалпы қазақтық шеңбердегі, кейінгісі диалектілік шеңбердегі құбылыс боп танылмақ. Және *л*-дың түсіріліп айтылуы аталған етістіктердің барлық грамматикалық тұлғаларында ұшыраса бермейді. *л*-дың түсіп қалатын кезі — көбіне-көп осы етістіктердің көсемше (*боп<болып*), шартты рай (*боса<болса*), үшінші жақтық бұйрық рай (*босын<болсын*) түрінде айтылатын кезі. Әрі оның үстіне жоғарыдағы етістіктерді жеке-жеке алатын болсақ, олардың әрқайсысының бойында осы құбы-

<sup>1</sup> Рясänen М. Материалы по исторической фонетике тюркских языков. М., 1955, 122-б.

<sup>2</sup> Щербак А. М. Грамматический очерк языка тюркских текстов X—XIII вв. из Восточного Туркестана. М.—Л., 1961, 64-б.

лыстың байқалуы біркелкі емес. Мәселен, *біл* етістігін алатын болсақ, ондағы *л*-дың *кім бісін* деген конструкциядан тыс жерде түсіріліп айтылуы говорларымызда әзірге байқалған емес. Ал *бол* етістігіндегі *л* болатын болса, оның *бол* (*болып*), *боса* (*болса*), *босын* (*болсын*) тәрізді бірнеше тұлғада қатарласа түсіріліп қолданылуы говорларымыздың қай-қайсысы үшін де жат құбылыс емес.

Дыбыстық құбылыстың осы түріне қатысты жалпыхалықтық шеңберде деп тануға болатын тіл деректері сан жағынан аса көп емес. Олар, негізінен алғанда, осында аталған бір топ етістіктен әріге ұзап жарымайды. Оның бер жағында бұл етістіктердегі *л*-дың түсуі олардың санамал ғана морфологиялық тұлғада келуімен шарттас құбылыс екенін айтып отырмыз.

Ал диалектілік шеңберде деп танылатын осы құбылысқа қатысты сөздерді алатын болсақ, олардың қамтитын фактысы сан жағынан мол. Әрі құрамындағы *л* түсіп қалатын етістіктердің тұлғалық өрісі де мұнда жоғарыдағылармен салыстырғанда біршама кең. Айталық, осындағы аталып өткен етістіктердің құрамындағы *л*-дың *боған* < *болған*, *аған* < *алған*, *қаған* < *қалған*, *саған* < *салған*, *әкеген* < *әкелген* деген ретпен есімше тұлғасында түсіп қалуы, немесе осы етістіктердің болымсыз тұлғада *бомай* < *болмай*, *ала амай* < *ала алмай*, *қымай* < *қылмай*, *самай* < *салмай*, *әкемей* < *әкелмей* түрінде *л*-сыз айтылуы қазақ говорларының бәрінде бірдей ұшыраса бермейді. Бұл — қазақ елі тараған өңірдің оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында ғана кездесетін жай. Сол сияқты осы дыбыстық белгінің етістіктердің жоғарыдағыдан өзге тобында байқалуы да тек осы өңірге ғана тән. Мәселен, *кел* (*кел* < *келіп*, *кеген* < *келген*) етістігінің құрамындағы *л*-дың түсуі Қазақстанның оңтүстігінен басқа жерінде жоқ. Демек, бұл айтылған жайлардан әңгіме болып отырған құбылыстың байқалатын сөздерінің аясы да, таралу географиясы да қазақ говорларында әркелкі екенін аңғару қиын емес.

Етістіктің аталған тобындағы *л*-дың түсіп қалуындағы назар аударарлық бір нәрсе бұл — құбылыстың нақтылы бір грамматикалық тұлғалармен байланыстылығы. Ол осы етістіктердің барлық грамматикалық тұлғаларында түсе бермейді. Мәселен, оның етістіктің осы шақ формасының болымды түрінде түсіп қалуы байқалмайды<sup>1</sup>. О. Нақысбеков Қазақстанның түскей өңірінен жиналған деректерге сүйеніп, аталған етістіктердің құрамындағы *л*-дың түсуі байқалады деген грамматикалық тұлғалардың ішінен мыналарды атайды<sup>2</sup>.

1. Шартты рай тұлғасы: *аса* < *алса*, *әкесе* < *әкелсе*.
2. Көсемше тұлғасы: *ап* < *алып*, *қап* < *қалып*.
3. Етістіктің болымсыз түрі: *кете амай* < *кете алмай*.
4. Бұйрық рай тұлғасы: *сасын* < *салсын*.
5. Екінші жақтағы бұйрық райдың көпше түрі: *кеңдер* < *келіңдер*.

<sup>1</sup> Сарыбаев Ш. О неустойчивом положении сонорного *л* в казахских говорах. «Местные особенности в казахском языке». Алма-Ата, 1973, 38-бет.

<sup>2</sup> Нақысбеков О. Қазақ тілінің ауыспалы говоруы. Алматы, 1972, 58-бет.

Өзбек арасындағы және соған жақын-жуық өңірдің қазағының тілінде осы етістіктердің құрамындағы *л*-дың түсіп қалуы бұдан өзге грамматикалық тұлғаларда да ұшырасады. Олардың ішінен мына секілді етістіктерге көңіл аударуға болады.

1. Есімше тұлғасы: *боған екен* < *болған екен, бомаған екен* < *болмаған екен, қаған жоқ* < *қалған жоқ*.

2. Тұйық райдың болымсыз түрі: *олай бомау керек* < *олай болмау керек*.

3. Екінші жақтық бұйрық райдың жекеше түрі: *оны ама* < *оны алма*.

4. Бірінші жақтық ашық райдың өткен шағының жекеше түрі мен көпше түрі (немесе *-ған* тұлғалы есімшенің жіктелген түрі): *таңлап ағам* < *таңдап алғам, түк қығамыз жоқ* < *түк қылғанымыз жоқ*.

Өзбектермен көршілес кейінгі аталған алқаптың қазағының тілінде бұл құбылыстың, етістіктерді былай қойғанда, бірлі-жарым есім сөздердің құрамында ұшырайтын да ыңғайы бар. Ж. Досқараев Шымкент облысының Сарыағаш ауданында тұратын жергілікті халықтың тілінен *қалқам* деген есім сөзді *қақам* деген үлгіде жазып алған. Сол сияқты Ж. Аралбаевтың қарақалпақ жеріндегі қазақтардың тілінен жинаған деректерінен *талқан* сөзін *тақан* деген нұсқада кездестіреміз.

Оңтүстік өңірдің кей жерінде құрамында осы дыбыстық белгі тән кей етістіктердің фонематикалық мәнге ие бола бастаған фактілерін де аңғаруға болады. Мәселен, *болты* (*болыпты*) етістігі өзінің негізгі мағынасынан тыс мұнда мақұлдау, құптау мағынасындағы «жарайды» сөзінің қызметін атқаратын да кезі бар. Мысалы:

— *Мейманыңды азанда осында ап кел.*

— *Болты.*

Сол тәрізді өзбектермен көрші отырған аудандардың қазағының тілінде осы етістіктің шартты рай тұлғасының болымсыз түрі *мәйлі* деген модаль сөзге қосылып айтылған кезде де дәл осы мағынада жұмсалады.

Бұл — грамматикалық-лексикалық тұрғыдан әбден қалыптасқан фразалық түйдек түріндегі тіркес. Мысалы:

— *Біздің айтқанды ұмытып кетпең!*

— *Мәйлі бомаса.*

Қай түркі тілін алсақ та, олардың бірінде аз, бірінде көп дегендейін, әйтеуір, осы дыбыстық құбылыстың барын аңғарарымыз хақ.

Бір көңіл аударарлық жәйт — түркі тілдеріндегі осы құбылыс байқалатын сөздердің арасындағы ұқсастық. Әсіресе, қыпшақ тілдерінің бәрінде дерлік *л*-дың түсіріліп айтылатын сөздері, — негізінен алғанда, біз сөз етіп отырған жоғарыдағы етістіктер<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> Дмитриев Н. К. Неустойчивое положение сонорных *p, л, н* в тюркских языках, ИСГТЯ, 1, Фонетика, М., 1955, 279-бет. Боев Е. П. Исследования и материалы по татарской диалектологии в България, 1, София, 1971. «Годишник на Софийския университет», т. XIV, 2, 1970.

Қыпшақ тілдерінен тыс өзбек<sup>1</sup>, ұйғыр<sup>2</sup>, қырғыз<sup>3</sup>, тува<sup>4</sup> секілді түркі тілдерінің өзге тобын алатын болсақ та бұл құбылыстың та-раған аясы көбіне-көп осы етістіктер екенін көреміз.

л-дың түсіріліп айтылуы — оғұз тілдеріндегі аса дами қоймаған құбылыс. Э. В. Севортянның айтуынша қыпшақ тілдеріндегі *келсе* < *келсе*, *боса* < *болса* тәрізді етістік тұлғалар оғұз тілдеріне аса тән емес<sup>5</sup>.

Н. К. Дмитриев л дауыссызының тұрақсыздығы түркі тілдеріндегі ертеден келе жатқан көне құбылыстардың бірі деп біледі. Бұл құбылыстың дамуындағы ел-жұртқа таныс схема деп қазіргі түркі тілдеріндегі *отыр* етістігінің *о-түр* < *ол-түр* тәрізді ретпен өрбуін атауға болады. Осы схемадағы жіктеу есімдігі *ол-дың* соңындағы л-дың түсіп қалуы бірқатар түркі тілдеріне, соның ішінде біздің тілімізге аса тән қасиет.

ө йер//ө жер < о жер//ол жер, сөйер//сө жер < со жер//сол жер, бүйер//бү жер < бү жер//бұл жер тәрізді алдыңғы есімдік компоненті келте айтылатын конструкцияларды әр жердің-ақ қазағының тілінен табуға болады. Осы есімдіктерді л-сыз қолдану — Ташкент төңірегі қазақтарының ауызекі тілі үшін норма. Сілтеу есімдіктеріндегі л мұнда дауысты дыбыстардың алдында келмейді де, түсіп қала береді: бү ешек, о адам. Мұндай позициядағы есімдіктерде л-дың түсуі қазақ говорларының көпшілік тобында жоқ.

Бұл жайды осы есімдіктердің септелу үлгісінен айқынырақ аңғаруға болады: оның, оған, бұнда, содан т. б. *неғұрлым*, *соғұрлым* болып бірінің-бірі шарты ретінде айтылатын сөздердегі *со* деген элемент те осы *сол* есімдігінің сүлдесі. *соғұрлым* < *сол* *ғұрлы*, *оғұрлы* < *ол* *ғұрлы* дегендерді де осыған қосуға болады.

Осы фонетикалық заңдылықтың тілімізде қашаннан бар нышан екенін танытатын дерек есебінде *әнер*, *әкел*, *әкет* етістіктерінің *әнер* < *әннер* < *ан бер* < *алып бер*, *әкел* < *әп кел* < *ап кел* < *алып кел*, *әкет* < *әп кет* < *ап кет* < *алып кет* деген схемамен дамуын атауымызға болады. Қазақ арасындағы Ұлбосын, Ербосын сынды кісі есімдерінің құрамындағы *босын* < *болсын* дегендегі л-дың өшіп кетуі де бұл құбылыстың тілімізде көптен бері келе жатқандығының жанама бір кепілі есепті.

*баралық*, *келелік*, *баралы*, *келелі* сияқты етістік тұлғаларының *барайық*, *келейік* сияқты тұлғалармен әлі күнге жарыса қолданылуы кейінгі тұлғаның құрамында да бір заманда тілімізде л бол-

<sup>1</sup> Решетов В. В. Узбекский язык. ч. I. Введение. Фонетика. Ташкент, 1959, 260-бет.

<sup>2</sup> Қайдаров А., Сәдуақасов Ғ., Талипов Т. Назирқи заман ұйғур тили. I қисим, Лексика вә фонетика. Алматы, 1963, 219-бет.

<sup>3</sup> Авдулдаев Э., Мухамбаев Ж. Кыргыз диалектологиясының очерки. Фрунзе, 1959, 83-бет.

<sup>4</sup> Катанов Н. Ф. Опыт исследования урянхайского языка. Казань, 1903, 107-бет.

<sup>5</sup> Севортян Э. В. Выпадение согласных в южных тюркских языках. ИСГТЯ, I, Фонетика, 1955, 290-бет.

гандығын дәлелдейді. Өзбек, ұйғыр және басқа тілдердегі *езайлик*<sup>1</sup>, *борайли*, *алайлуқ*<sup>2</sup> сынды етістік тұлғалардағы *л* біздегі *барайық*, *келейік* тұлғасының әуелгі нұсқасында осы дауыссыздың болғандығының айқын еместері.

Демек, сөз ішіндегі *л* дауыссызының түсіп калуы — тіліміздің дыбыс жүйесінде ертеден-ақ орын ала бастаған қазақ тіліне кәнігі тарихи белгілердің бірі. Халық говорлары мен ауызекі тілімізде оның жиі ұшырасуының осындай себебі бар. Ал оның говорларымыздың бір тобында сарабдал, екінші бір тобында жиі қолданылуының сыры неде дейтін болсақ, онда бұл жайдың сыртқы тілдік факторлардың әсеріне байланысты болып отырғанын айтуға тура келеді. Неге өзбек арасы мен соған іргелес өңірдің қазағының тіліне бұл құбылыс кең жайылған? Біздіңше, оның бір-ақ себебі бар. Ол — сол өлкенің қазағымен қоян-қолтық аралас отырған ағайын тіл—өзбек тілінің ықпалы. Ал бұл тіл болатын болса, оның қыпшақ типті говорларының дыбыс жүйесіне осы құбылыстың өте-мөте тән құбылыс екенін өзбек диалектологы Х. Данияров айтады<sup>3</sup>.

Дұрысында да, төмендегі салыстырудан зерттеушінің өзбек қыпшақтарының тілінен осы құбылысқа қатысты келтірген деректері мен В. В. Решетовтың кітабынан алынған мысалдардың аталған атыраптағы қазақтардың тілімен дөп түсіп жататынын байқауға болады<sup>4</sup>.

Қазақ говорларының оңтүстік тобында	Өзбек говорларында	Әдеби тілімізде
боп	боп	болып
боса	боса	болса
босын	босун	болсын
бома	бома	болма
ап	ап	алып
аса	аса	алса
кып	кыб	кылып
қыса	қыса	кылса
қыған	қыған	кылған
кеп	кэб	келіп
кесе	кэса	келсе
кеген	кэган	келген
саса	саса	салса
қап	қап	қалып

Позициялық тұрғыдан алғанда *л*-дің түсіп қалатын жері — дауыссыздардың алды. Басқа түркі тілдерінде де солай<sup>5</sup>. Егер аяғы

<sup>1</sup> Кононов А. Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. М.,—Л., 1960, 234-бет.

<sup>2</sup> Ғазыриқ заман ұйғур тили. II қисм, морфология вэ синтаксис, Алмута, 1966, 216-бет.

<sup>3</sup> Данияров Х. Опыт изучения джекающих диалектов в сравнении с узбекским литературным языком. Ташкент, 1975, 18—124-беттер.

<sup>4</sup> Решетов В. В. Узбекский язык. ч. I, Введение. Фонетика, Ташкент, 1959, 260-бет.

<sup>5</sup> Баскаков Н. А. Каракалпакский язык... ч. I, 65-бет.



л-ға бітетін етістіктердің жоғарыдағы тобына жалғанатын қосымша дауысты дыбыстан басталатын болса, онда ол дауысты л-мен қоса түсіп қалады: *қап* < *қалып*, *кеп* < *келіп*. Бұлай болуы л-дың тілімізде тек дауыссыздардың алдында түсетіндігінен. Мұндай жағдайда сөз бір буынға кемиді.

Етістіктің кейбір келте тұлғаларының пайда болуында осы құбылыстың елеулі мәні бар. Оның классикалық үлгісі деп сырт бейнесі танымастай болып өзгерген жоғарыда әңгіме болған *әкел*, *әпер*, *әкет* етістіктерін атауымызға болады.

Сөздердің аталған тобындағы л-дың түсуіндегі негізгі себеп, біздің түсінуімізше, тілдегі стихиялы процесс — экономия принципінің сақталуы. Әйтпесе осындағы етістіктердің құрамындағы л-дың түсуінде көрінеу тұрған позициялық өзгеріс жоқ. Бұл құбылыстың өзге түркі тілдеріндегі жайы туралы да осыны айту керек.

**ғ, г, қ, к дауыссыздарының тұрақсыздығы.** Қазақ говорларындағы фонетикалық айырмашылықтардың бірқатары *ғ*, *г*, *қ*, *к* дауыссыздарының сөз ішіндегі тұрақсыздығына байланысты. Н. К. Дмитриев ежелгі түркі жазбаларындағы *кергек* (керәк) *кулгак* (кұлақ), *әлгәк* (еңбек), *чишқан* (тышқан) секілді сөздердің ортасында келетін *г*, *қ* дауыссыздарының қазіргі тілдердің денінде түсіп қалатынын айта келіп, бұл дыбыстардың сақталуын түркі тілдерінің көне фонетикалық белгісі деп қарайды<sup>1</sup>. Сөздің осы шебіндегі аталған дауыссыздардың түсіріліп айтылуы әсіресе оғұз тілдеріне тән. Сондай-ақ бұл құбылысты қыпшақ тілдерінен, соның ішінде біздің тілімізден де анық байқаймыз. Алайда тіліміздің дыбыс жүйесі дамуында аңғарылатын осындай тенденцияға қарама-қарсы жайды біз кейде говорларымыздан байқаймыз. Қазақ говорларында жоғарыда аталған дауыссыздардың сөз ішінде сақталуын бейнелейтін біраз деректер бар. Мұндай сөздердің көбірек кездесетін жері — оңтүстік өңір. Дегенмен, бұл белгіден говорларымыздың өзге топтары да құр алақан емес.

Говорларымыздың жеке тобындағы құрамына осы белгі тән сөздерді өзге говорларымыз бен әдеби тіліміздің дерегімен салыстырып көрсетсек былай болады: (келесі беттегі табл.).

Аталған дауыстыларға қатысты бізге мәлім диалектологиялық жазбаларда бұрынды-сонды жинап терілген сөздердің ұзын-ырғасы осындай.

Тізімнен бұл сөздердің ең молы қазақ жерінің оңтүстік атырабының еншісіне тиетіндігі көрінеді. Әсіресе, оларды біз өзбек арасындағы және солармен іргелес алқаптың қазақтарының тілінен көбірек ұшырастырамыз. Әрі олардың тараған географиялық шегі де шағын. Осы тұрғыдан алғанда кей сөздердің құрамындағы әңгіме болып отырған көне дыбыстық белгінің сақталуына өзбек тілінің де біраз үлесі болған ба деп тұспалдауымызға әбден негіз бар. Мәселен, қазақ халқы тараған өлкенің бүкіл батыс, шығыс, солтүстігінде, орталығында *г*, *ғ* дауыссыздарының қатынасынсыз

<sup>1</sup> Дмитриев Н. К. Вставка и выпадение гласных и согласных в тюркских языках. ИСГТЯ, ч. I, Фонетика, 1955, 286-б.

	Говорларымыздың көпшілік тобында	Әдеби тілімізде
<b>Оңтүстік өңірде:</b> еге//егә: үй егесі егесіз егелен егер//егар//егәр егерле//егарла жғде құмған аңғыз шаңғырақ//шаңғарак сұуғар дәненке бүлгүншілік бірденке ештенке йығ жығын шігін төңүрек тұғру//тұуру	ійе: үй ійесі ійесіз ійелен//ійемден ер: ер-тұрман ертте жейде//жййде құман аңыз шанырақ сұуар дәнене//денеме бүлүншілік бірдене//бірдеме ештеңе//ештеме жый жыйын шййін төңүрек тұура	ие иесіз иелен//иемден ер ертте жейде құман аңыз шанырақ суар дәнене//дәнеме бүліншілік бірдене//бірдеме ештеңе//ештеме жи жиын  төңірек тура
<b>Солтүстік-орталық өңірде:</b> кййгіз	кййіз	киіз
<b>Батыс өңірде:</b> аңызғак біткер емгіз	аңызак бітір еміз	аңызак бітір еміз
<b>Шығыс өңірде:</b> жігірмә//жығырма көзгөлдүрүк еміркен жұғұн кйшігірек ырақайлас	жййырма//жййырма көзүлдүрүк емрен жұуұн кйшірек ырайлас	жиырма көзілдірік емірен жуын кйшірек райлас (келіс)

айтылатын көп сөздердің құрамындағы осы дыбыстарды біз өзбек тілінен табамыз. (Келесі беттегі табл. қараңыз).

Ғ, ғ дауыссыздарының қатысымен айтылатын диалектілік сөздердің кей тобының өзге қазақ говорларында да кездесетініне қарамастан, біз осының алдындағы сөздердің оңтүстіктегі жергілікті халықтың тілінде қолданылуын өзбек тілінің ықпалына байланыстыра түсіндірдік. Былай етуімізге себеп әңгіме болып отырған дыбыстық құбылыстың біздің тілімізден гөрі өзбек тіліне тәнірек құбылыс болғандығынан, немесе оңтүстік қазақтарының өзбектермен тек территориялық жақындығы тұрғысынан ғана емес, салыстырып отырған мысалдардың жергілікті халық тіліндегі айтылу машығында өзбек элементінің басымырақ болуынан. Айталық: *ега//егә, ега.лан//егәлан, егар//егәр, егарла//егәрла* тәрізді сөздердің кейінгі буындарында осындай тәртіппен *а, е* дауыстыларының қолданы-

луын дәл осы жерде өзбек тіліне қатысты айтпасақ, өзгеше түсіндіру қиын. Салыстырылып отырған мысалдардың ішіндегі *йығ(жый)*, *жығын(жыйын)*, *тұғрұ* дегендер де осы сияқты. Бұл сөздердегі *ғ* дауыссызының пайда болуы да осы сөздердің өзбек тіліндегі айтылу машығына дәл келеді.

Қазақ тілінің оңтүстік говорларында	Өзбек тілінде
еге//ега//егә	эга
егесіз//егасыз	эгасиз
егелен//егәлан	эгаллан
егер//егар//егәр	эгар
егерле//егарла	эгарла
бігіз	бигиз
құмған	қумғон
тұғрұ	тұғри
сұуғар	суғор
йығ	йиг
жығын	йигин
аңғыз	анғиз

Мұның үстіне бұл сөздердің жоғарыдағыдай айтылу үлгісін өзбек жерінен шалғайдағы қазақ говорларының бірде-біреуінен кездестірмейміз. Әрине, қазақ говорларының өзге тобындағы дыбыс құрамына осы белгі тән деген сөздердің ішінде де өзбек тілінің дерегімен бірен-саран ұқсас келетін *жігірма//жығырма* (өзб. йигирма), *кйгіз* (өзб. кийгиз), *кйшігірек* (өзб. кичикрок) сынды сөздер жоқ емес. Сыртқы белгілерінде ұқсастығы бола тұрғанымен, бұл сөздерді өзбек тілінің ықпалымен байланыстырудың еш ыңғайы жоқ. Себебі территориялық жырақтыққа байланысты бұл сөздерді осы үлгіде қолданатын қазақтардың көбінің өзбектермен тікелей тілдік қарым-қатынасының болмағаны аян. Мұндай сөздердегі *ғ*, *г* дауыссыздарын бөгде бір тілдің әсері дегеннен жәрі ана тіліміздің өткен бір даму кезеңінен сақталып қалған белгісі деп қарауымыз орындырақ. Әрі осындағы *қ*, *к*, *ғ*, *г* дауыссыздарының тізімде келтірген сөздерде қолданылуы жалғыз өзбек тілінің басына ғана тән белгі емес, бұл сөздердің осыларға ұқсас фонетикалық нұсқасын өзге түркі тілдерінен де табуға болады. Мәселен, осы жоғарыдағы сөздердің *г*, *ғ* дауыссыздарымен келетін нұсқасының көбі қазіргі ұйғыр тілінде де бар: *егә (ие)*, *егәр (ер)*, *бегиз (біз)*, *тоғри (тура)*, *суғар (суар)*, *жиг (жи)*, *жигин (жиын)*, *жигирма (жиырма)* т. б. Осындағы *ие*, *ер*, *біз*, *суар* дегендер қазіргі қырғыз тілінде де *эге//ээ*, *эгер//ээр*, *бигиз*, *суғар* деген нұсқада *г*-мен айтыла береді. Сондай-ақ бұл сөздердің көбінің осыған ұқсас нұсқасы Орта Азиялық көнедегі жазбаларда да баршылық. Демек, қарлуқ тобына кіретін тілдерде салыстырылып отырған дыбыстық белгінің сақталуы қыпшақ тілдеріне қарағанда анағұрлым басымырақ екені көрінеді.

Осындағы кей сөздердің дыбыс құрамына назар аудару әңгіме

болып отырған дауыссыздардың тұрақсыздығы байқалатын позицияның көбіне-көп морфемалардың жігі екенін аңғартады. Мәселен, *сууғар*, *біткер* деген сөздердің құрамындағы түсіп қалатын *ғ*, *к* дауыссыздары *-ғар*, *-кер* қосымшаларының басқы дыбысы. Мұндағы *суу*, *біт* дегендердің тілімізде толық мағыналы сөздер екенінің, сондай-ақ *-ғар*, *-кер* дегендердің етістер мен есімдерге бірдей жалғанатын сөз тудырушы жұрнақтар екенінің басы ашық. Тіліміздегі мұндай туынды сөздердің мысалын көптеп келтіруге болады: *басқар*, *өткер*.

*-ғар*, *-гер* қосымшаларының басқы дыбысының түсіп қалып, *сууар* деген тәрізді жолмен қысқарып айтылуы түркі тілдеріндегі етістік тудыратын *-ар* қосымшасының әуелде бір негізден өрбігендігінің бір кепілі есепті. Э. В. Севортян көп түркі тіліндегі *ағар*, *бозар* деген тұлғалардағы *-ар* қосымшасын қырғыз, алтай тіліндегі *сарғар* (сарғай) дегендегі *-гар* қосымшасымен салыстырып көрсетеді. Бұл кісінің тұспалдауына қазіргі түркі тілдеріндегі осы екі қосымшаның төркіні бір. Мұның бастапқы нұсқасы *ғар*<sup>1</sup>. Э. В. Севортян *ер* сөзінің түрікмен диалектісіндегі *ейгер* деген нұсқасына сүйеніп, бұл сөздің түркі тілдеріндегі мәлім нұсқаларын *ей-гер*, *ең-ер*, *ей-ер* деген морфологиялық жікке ажыратады. Сонда *егер* дегендегі *-гер* де жоғарыдағы қосымшамен төркіндес болғаны.

*құмған*, *емірген* дегендегі түсіп қалатын *-ған*, *-ген* қосымшасының басқы дыбысы. Мұндағы *құм* — есім сөз, *құмыра* дегендегі *құм* да осы түбір. Қазір тілімізде тек етістік түбірге жалғанатын бұл қосымша ертеде есім түбірлерге де жалғанған. Тіліміздегі *сес көрсет* деген тіркестің бірінші сыңарындағы есім сөзді тілімізде жиі қолданылатын *сескен* деген етістік құрамынан кездестіруіміз осының айғағы<sup>2</sup>.

*еге//ега//ега* сөзін Э. В. Севортян *ед*, *ей* деген қазіргі түркі тілінде бар-жоғы беймәлім оморф етістіктен өрбіген деп біледі. Бұл етістік қазіргі тілдерде осы еге сөзімен бір семантикалық аяда жұмсалатын, «байлық», «дүние-мүлік», «ырыс» деген ұғымды білдіретін *едгу//ейгу//ейги* деген сөздің түбірінде сақталып қалған дейді. Қазақ тіліндегі *ййгі*, *ййгілік* дегендер де осы кейінгі сөзбен түбірлес.

*бігіз* > *біз* дегендегі түсіп қалатын *г* дауыссызын да *-гіз* қосымшасының басқы дыбысы деп тұспалдаудың жөні бар. М. Ряснен бұл сөзді *бі* «жүз, ұстара» және *йез* «жез» дегендердің бірігуінен құралған деп жорамалдайды. Э. В. Севортян мұндағы *би* «пышак, жүз, үшкүр» деген түбірге жалғанатын *-гі*-ні етістік тудыратын жұрнақ деп, *-з*-ны есім тудыратын жұрнақ деп топшылауымызға да болады дегенді айтады.

*кішігірек* дегендегі *г* бұл тұлғаның көне түріне тән дыбыс та, *-ірек* сын есім жұрнағы. «Қостың кішісі болғанша, иттің күшігі бол» деп айтылатын мақалдағы *кішісі* деген сөздің бастапқы түрі

<sup>1</sup> Севортян Э. В. Аффиксы глаголообразования в азербайджанском языке. М., 1962, 249, 259-б.

<sup>2</sup> Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы, 1966, 174-б.

*кішігі* болу керек, өйткені *күшігі* деген сөздің ұйқасымы осындай форманың болуын талап етеді. Бұл сөздің осы формасы түркі тілдерінің біразында бар: ұйғ., өзб. *кичик* т. б.

*жігірма//жығырма, жегде, жығын, йығ* секілді бірқатар сөздердегі *г, ғ* дауыссыздары *г//ғ>й* болып (жиырма, жігіде//жейде, жыйын, жый), қазақ говорларының көпшілігі мен әдеби тілімізде *й-ге* ауысқан. Бұл сөздердегі *г, ғ* дауыссыздарының қазір тілімізде жеке-дара говорларда ғана сақталып қалғаны жоғарыда аталған жайдан белгілі. Сөз ортасындағы осы дауыстылардың *г//ғ-дан й-ге* қарай (*ғ//ғ>й*) дамуы қазақ тілі дыбыс жүйесіне өте-мөте тән заңдылық. Сондықтан да біздің тілімізде *сыйыр//сййр, ійір, түйүн, бййдәй* деген секілді *й-мен* айтылатын сөздердің көбін өзге түркі тілдерінің біразынан мынадай үлгіде ұшырастырамыз: түр. *сігір* «мал», түрікм. *сығыр*, өзб. *сигир*; аз. *әгір*, түрікм. *бугдай*, ұйғ. *буғдай*, өзб. *бүғдой* т. б.

Түркі тілдеріндегі бұл сияқты құбылыстың сырын М. Ряснен былай деп түсіндіреді: «Дауыстылардың ортасындағы, сондай-ақ буын соңындағы солғын артикуляциямен айтылатын дауыссыздар редуциялануға бейім келеді, кейде мүлдем жойылып та кетеді. Мұндайда аралығындағы дауыссыз дыбыс түсіп қалған дауыстылар не бір-бірімен бірігіп созылық дауыстыға, не қосар дауыстыға айналады»<sup>1</sup>. Осындай байламды жалғыз жоғарыдағы *сййыр//сығыр* тәрізділер ғана емес, *ер//егер, іе//еге, жыйырма//жығырма//жігірма* тәрізділер туралы да айтуға болады. Мұндағы сөз басындағы *е* мен сөз ортасындағы *йы, іе* дегендердің қосар дыбыстар екені мәлім.

*тұура//тұуры//тұғрұ* дегендегі дыбыстық өзгеріс те осы сияқты. Тіпті сөздің мұндай шебіндегі *г, ғ* дауыссыздарының айналысындағы дауыстылардың жоғарыдағыша қосар дыбысқа айналуы былай тұрсын, кейде олар созылық дауыстының қазақ тілінде болмауы себепті жалаң дауыстыға айналады. Мәселен, *бігіз>біз* дегендегі түсіп қалатын *г-нің* орнындағы созылық дауысты да қосар дыбыс та емес, жалаң дауысты қысаң *і*. Бұл жердегі екі буынды *бі-гіз* сөзінің бір буынды *біз* сөзіне ауысуынан да бұл жай айқын көрініп тұр.

Осы құбылысқа қатысты Қазақстанның оңтүстігіне кең тараған сөздердің бір парасы — *бірдеңке//біртеңке, ештеңке//ештеңке, дәнеңке* тәрізді есімдіктер. Әсіресе, басқадан гөрі Жетісу төңірегінің қазақтары бұл сөздерді тек осы үлгіде ғана *к* дауыссызының қатысымен қолданады. Оңтүстік-шығыс өңірден тыс барлық жерде бұл сөздердің құрамында *к дауыссызы* қолданылмайтыны мәлім. Говорларымыздың көбінде, сондай-ақ әдеби тілімізде бұл сөздер *бірдеңе//бірдеме, ештеңе//ештеме, дәнеңе//дәнеме* деген үлгіде *к* дауыссызының қатысынсыз айтылады.

Қазақ говорларындағы бұл белгінің тараған аймағына территориялық жақыпдығы бар тіл — қырғыз тілінде де бұл сөздердің

<sup>1</sup> Ряснен М. Материалы по фонетике тюркских языков. М., 1. 1955, 98-б.

құрамында *к* дауыссызы бар екені көрінеді: *бирдеке, эштеңке*. Демек, бұл — осы құбылыстың арғы тарихында қырғыз тілімен ортақтық бар деген сөз.

*г, ғ, к, қ* дауыссыздарының жалғыз сақталуын ғана дәлелдейтін деректер емес-ау, олардың кейде түсіп қалуын дәлелдейтін де деректер қазақ говорларында кездеспейді емес. Әдеби тіліміз бен көпшілік говорларымыздағы *шылғый, ұуқала, ұқсап* дегендегі *ғ, қ* дауыссыздары кейбір оңтүстік говорларда көбіне түсіріліп айтылады. Сондықтан да бұл сөздерді біз ол төңіректен *шылый//шилій, ұуала, ұсап* деген үлгіде ұшырастырамыз, *арагідік* сөзі Қарқаралы төңірегінде *әредік* болып айтылады.

*г, ғ, к, қ* дауыссыздарының тұрақсыздығына байланысты жоғарыда әңгіме болған сөздердің бәрі дерлік ана тіліміздің байырғы сөздері. Осының өзінен-ақ бұл фонетикалық құбылыстың тіліміз дамуының арғы дәуірлерінен келе жатқан құбылыс екені көрінеді. Тізімде келтірілген сөздердің ішінде, әрине, *сүгүрет, рақайлас* тәрізді бірлі-жарым араб кірмелері де жоқ емес. Сондай-ақ тәжіктермен, қарақалпақтармен көршілес тұратын қазақтардың тілінде *оқұйа, табийат//тәбийәт, тәбиййи* сынды араб кірмелерінің ортасындағы *ғ* дауыссызының түсіп қалатыны бар. Бұл сөздердің арабша нұсқасында *ғайн* дыбысы бар.

Говорларымыздың көпшілігі мен әдеби тілімізде де бұл сөздер *оқиға, табиғат, табиғи* деген нұсқада қалыптасқан.

**Дауыссыздардың сөз ішінде қатаңдауы.** Қазақ говорларындағы бұл құбылыс жұп дауыссыздардың біразын қамтығанымен, жеке-жеке алғанда дыбыс құрамында дәл осы құбылыс байқалатын сөздердің өз басының аса көп емес екені көрінеді. Бір сыңары қатаң, бір сыңары ұяң болып жұптасып келетін дауыссыздардың арасында сөз ішінде осы фонетикалық өзгеріске ұшырауға бейімділері — *қ/ғ, к/г, н/б*. Бұдан тыс кей говорларымызда *д* дауыссызының сөз ішінде қатаң айтылатын бірен-саран мысалдары бар.

Дауыстылардың және сонорлар мен дауыстылардың аралығында келген сөз ішіндегі дауыссыздардың ұяң айтылуы — солтүстіктегі түркі тілдерінің көпшілігіне, сондай-ақ чуваш тіліне аса тән дыбыстық белгінің бірі.<sup>1</sup> Қыпшақ тобындағы тілдер үшін, соның ішінде біздің тіліміз үшін мұндай заңдылықтың сақталуы шарт емес. Тілімізде сөздің мұндай шебіндегі дауыссыздардың ұяң айтылатын да, ұяң айтылмайтын да ыңғайы көп. Мәселен, *көгөн* дегендегі екі *ө* дауыстысының ортасындағы *г* ұяң айтылғанымен, *көкө* деген сөздегі тура осы позициядағы *к* қатаң айтылатыны мәлім. Сол сияқты өзге де жұп дауыссыздардың бір-біріне ұқсас осындай позицияда бірде ұяң, бірде қатаң сыңары алма кезек қолданыла беретін сөздердің тілімізден басқа да талай мысалын келтіруге болады: жақып-жағын, ағын-ақын, шоғұр-шоқұр, ша-

<sup>1</sup> Матвеев П. М. Краткий обзор чувашских диалектов (опыт районирования. «Яфетический сборник», VI, Л., 1930, 124—125-б.

пан-шабан, шекер-шегер. Осы тұрғыдан алғанда қазақ говорларының дені мен әдеби тілімізде осындай позициядағы дауыссыздарды қатаң айтылатын сөздер мен ұяң айтылатын сөздер бір-бірінен бөлек жеке-жеке топ боп келеді деуімізге болады. Говорларымыздың көпшілігі мен әдеби тіліміздегі бұрыннан ірге теуіп, қалыптасып қалған төмендегі секілді бір топ сөздердегі *ғ, ғ* ұяңдарының орнына бірен-саран говорларымызда қатаң *қ, к* дауыссыздары қолданылатыны байқалады.

Көпшілік говорларымыз бен әдеби тіліміздегі айтылу нұсқасы	Жергілікті халық тілінде айтылу нұсқасы
1	2
<p>Оңтүстік говорларда:  теңке  әуөлкү  тоқұз//тоққұз  қылқыт  шықың  шықып  сойқан  оқыйқа  нөкөр</p> <p>Батыс говорларда:  үкүт  жауұнкер  алакөз  адамкершілік  ақа  жұрақат  тостақан  ылақып  оқұйға  жүкүр</p> <p>Шығыс говорларда:  шекара  ұркү  кереқар  торқұн  астыңқы  бұрұнқы</p> <p>Оңтүстік пен батысқа ортақ сөздер:  бөтөке  жоқары  жоқарыла</p> <p>Батыс пен шығыс говорларына ортақ сөздер:  қаранқы  шықыр  үстүнкү  сөкүс</p>	<p>тенге  әуөлгү  тоғыз  қылғыт  шығың[ыз]  шығып  сойған  оқыйға  нөгөр</p> <p>үгүт  жауұнгер  алагөз  адамгершілік  аға  жұрағат  тостаған  ылағып  оқұйға  жүгүр</p> <p>шегара  ұрұғу//ұрұуы  кереғар  торғұн  астыңғы  бұрұнғы</p> <p>бөтөге  жоғары  жоғарыла</p> <p>қаранғы  шығыр  үстүнгү  сөгүс</p>

Тізімдегі мысалдарға қарағанда әңгіме болып отырған белгіге қатысты сөздердің көбінің батыс өңір мен оңтүстік өңірде қолданылатыны көрінеді. Бірақ солардың ортасында жоқары сөзі тә-

різді батыс пен оңтүстіктің изоглоссасы түгел қамтитындары некен-саяқ.

Интервокал позициядағы дауыссыздардың ұяндауы, я олардың айтылуында әлсіреп спирант дыбысқа айналуы тәрізді тенденция барша түркі тілінің дыбыс жүйесінде бар. Түркі тілінің бәрінде дерлік сөз аяғында келген *қ, к, п* қатаңдары сөзге дауыстыдан басталатын қосымша жалғанған кезде ұяндап *ғ, ғ, б* дауыстыларына айналады. Әсіресе біздің тіліміз үшін мұның бұлжымас заң екені бәрімізге аян: қабақ-қабағы, күрөк-күрөгі, қап-қабы. Бұл ережеден ауытқу тілімізде кейбір ызафеттік құрылыстағы тіркестердің бірінші сыңарындағы қосымшаның жалғануында ғана кездеседі: қалмақы, қазақы, сарттақы, т. б. Мұның өзі айтылуы ұқсас тұлғалардың фонологиялық тұрғыдан жіктелуінің жемісі болуы да ықтимал. Жоғарыдағы мысалдарда *қалмағы, қазағы, сарттағы* деген тұлғалардың мағыналық жағымен салыстырудан бұл жай айқын аңғарылады. *бақан* мен *баған* (кейде *бағана*) дегендердің әуелде бір сөз болғанымен қазір мағына жағынан әбден дифференцияланып кеткен сөздер екенін барлық говорларымыздан да байқаймыз: *бақан* — кніз үйдің шаңырағын көтеруге арналған бас жағы екі аша сырық та; *баған* жерге қадалған бөрене ағаш. Телеграф сымы тартылатын жерге қадалған осындай бөренені барлық жерде *баған* деп атайды. Ташкент маңының қазақтарында *бөтөгө* сөзінің осы үлгісі *бөтөкөң түскүр* деген қарғыс сөзде қатаң *к*-мен айтылғанымен, құстың ұлтабарын білдіретін *бөтөгө* деген сөзде ұяң *ғ* дауыссызымен айтылады. Мұндай белгілерді бір сөздің құрамындағы дыбыстардың фонологиялық жағынан жіктелуінің нәтижесі деп түсінуіміз керек. Сөз соңындағы қатаң *п* дауыссызының дауыстыдан басталатын қосымша жалғануына байланысты кейде фонологиялық қызметке не болатын ыңғайы бар. Мұндай да *п*-ның ұяндамай айтылуы мүмкін: баяғы қалпы — етіктің қалыбы. Бұл жердегі *п*-ның ұяң айтылуына себепші оның *қалыбы* деген тұлғада интервокал позицияда келуі. Осындай бірлі-жарым ауытқудан тыс сөз соңындағы дауыстыдан бұрын тұрған *қ, к, п* атаулының тілімізде ұяндамай айтылатын кезі жоқ. Дауыстылардың аралығында тұрған қатаңдардың ұяндауы тәрізді түркі тілдеріне тән жалпы заңдылық тұрғысынан алсақ, тіліміздің кей говорларындағы жоғарыдағы секілді бірде-екілі сөздердің құрамында *қ, к* дауыссыздарының ұяндамай айтылуын әлі ассимиляцияға ұшырап үлгірмеген көнеліктің бір ізі деп тануымызға болады. Әрине, бұл сөздердің осы фонетикалық үлгісінің жергілікті халық тілінде сақталуында көрші тілдердің де жанама ықпалы болуы әбден ықтимал. Өйткені жоғарыдағы сөздердің арасындағы батыста, оңтүстікте қолданылатынының дәл осындай қатаң дауыссызбен келетін нұсқасын біз кейде өзбек, түрікпен, қарақалпақ тілінен де кездестіреміз. Ол үшін мынадай сөздерді осы тілдердің дерегімен салыстыруға болады: *тоққұз//тоққұз*: өзб. *туққиз*, түрікм. *доқуз*; *жоқары*: өзб. *юқори*, қарақ. *жоқары*, түрікм. *екары*; *шықар*: түрікм. *чықарға шықың, шықып*; өзб. *чиқиң?* түрікм. *чықың*. Тізімдегі фо-



нетикалық нұсқалардың бұлардан өзге де түркі тілдерінің, сондай-ақ ескідегі жазбалардың дерегімен астасып жататын кезі бар. Мәселен, осындағы жоқары, ақа сөздерінің қатаң қ-мен келетін фонетикалық нұсқасын көне жазба нұсқалардан табасыз: йоқары, ақа<sup>1</sup>. Кейінгі ақа сөзі поғай тілінде де осындай нұсқада айтылады. Ақа сөзінің осы қатаң дауыссызбен айтылатын нұсқасын түркі тілдерін былай қойғанда, монғол тілінен (аха, ах), тіпті тунгус-маньчжур тілдерінен де табуға болады. Кей тілдерде оның ққ деген қосар дауыссызбен келетін де нұсқасы бар. Осы тілдердің көбіндегі ага//ақа//аққа//а:ққа дегендердің семантикасы да бір-біріне жақын. Түркі тілдерінің бәрінде бұл сөз «аға деген туыстық жақындықты білдіреді. Сосын ізеттілік үшін үлкен кісіге, тіптен әкесіне де «аға» деп айту түркі халықтары арасында кең тараған. Қатаң дыбыспен айтылатын ақа, аққа дегендерді Э. В. Севортян ага дегенге қарағанда көне деп есептейді.<sup>2</sup>

жоқары//жоғары//йоқары дегендердің ішіндегі қатаң дауыссызбен келетін нұсқа — бұл сөздің ең көне фонетикалық нұсқасы деуімізге болады. М. Рясняниннің көрсетуінше орта дәуірдегі түркі тілдерінде ок — жоғары деген ұғымды білдірген сөз. Ал оған қосылатын қары деген морфологиялық элемент бұл сөзге әлбетте етістіктің бұйрық рай мәнін үстейтін болған<sup>3</sup>. Демек, бұл жердегі қатаң қ-ның ұяндауы — кейін пайда болған құбылыс.

Тоқуз сын есімінде қатаң қ-ның айтылуында өзбек, түрікпен тілінің ықпалы барының басы ашық. Бұл сөздің осы нұсқасын Б. Бекетов қарақалпақ жерінің оңтүстігінде тұратын қазақтардың тілінен жазып алған. Бұдан басқа қазақ говорында оның кездескен ыңғайы әзір болған емес. Ал Қарақалпақстанның оңтүстік аудандарында қазақтардың өзбек, түрікмен жұртымен көптен аралас-құралас келе жатқан ел екені аян. Өзбек, түрікмен тілінде бұл сын есімнің ортаңғы дауыссызының қатаң айтылатыны жоғарыдағы мысалдардан мәлім. Бұл сөздің қатаң дауыссызбен келетін нұсқасы өзге тілдерде де (түр. доқуз, ұйғ. тоққуз, шуашша таххар) бар, бірақ тілдердің көбінде оны біз ұяң үлгіде ұшырастырамыз.<sup>4</sup> Интервокал позициядағы дауыссыздардың ұяндауы тәрізді түркі тілдеріндегі жалпы тенденция тұрғысынан алғанда бұл жердегі ққ, қ дегендердің ұяндауы да тілімізде кейін пайда болған. тоққуз//тоққуз сан есімінің айтылуындағы бір ерекшелік — мұндағы қосар ққ дауыссызының аталған говорда факультатив қолданылуы. Бұл сөздегі ққ, ғғ, хх қосарларын өзге тілдерден де (өзбек, азербайжан, ұйғыр т. б.) кездестіреміз. А. М. Щербак сан есімдердегі қосар дауыссыздарды пратүркі тілінен келе жатқан мирас

<sup>1</sup> Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности, 62, 329-бет.

<sup>2</sup> Севортян Э. В. Этимологический словарь тюркских языков. Обще-тюркские и межтюркские основа на гласные. М., 1974, 122-б.

<sup>3</sup> Ряснянин М. Аталған еңбек, 124-бет.

<sup>4</sup> Исхаков Ф. Г. Числительное. ИСГТЯ, II, Морфология, М., 1956 177-б.

деп біледі.<sup>1</sup> Осы жағынан алғанда да әңгіме болып отырған сан есім сөздің құрамындағы дыбыс қатаңдығын тұңғыш белгі деп карауға негіз бар.

Талданып өткен сөздердің бойындағы өзге тілдермен ұқсасатып әуендестік жайлар, абзалында, осы сөздердің тағдырындағы арғы бір дәуірлердегі ортақтықты мензейді. Әрине, бұл секілді қорытындыны біз тізімдегі тек түркі түбірлі сөздерге ғана қатысты айта аламыз. Тізімде өзге тілден енген кірме сөздер де бар. Олардағы дыбыстық құбылыстың жайы біз әңгімелеп өткен мысалдардағыдан гөрі басқашарак. Бұлардағы сөз ішіндегі дыбыс қатаңдығы көбіне-көп осы сөздердің қазақ тілінің қай говорында әуелде қандай фонетикалық үлгіде игерілуіне байланысты. Айталық, *жұрақат* деген араб сөзі қазақ тілінің бір говорларында осы нұсқада игерілгенімен, енді бірінде зүрүйәт, жүрәт, зүрәт деген нұсқада игерілген. Араб сөзі *оқыйқа* — *оқыйға* дегеннің де тілімізде *уақыйға*, *оқыйа* деген тәрізді бірнеше нұсқасының бар екені мәлім.

Араб сөздері дегенімізбен де тілде қолданыла бастағанына біраз уақыт өткендіктен бе, әйтеуір, мұндай сөздердің құрамындағы дыбыстардың да қолданылуында тілімізде қазіргі күнде біраз жүйе қалыптаса бастағанын айтуымыз керек. Біріккен сөз құрамында кісі есімдерінің екінші элементі ретінде жиі ұшырайтын *ғали* «мәртебелі» деген мағынадағы араб сөзінің басындағы *ғайын* дыбысы Қазақстанның бірқатар өңірінде дауыстылар мен үнділерден кейін де қатаң *қ* дауыссызымен айтыла береді. Торғай жағынан Мырғали, Нұрғали деген кісі есімдерін кейде Мырқали, Нұрқали деген үлгіде де ұшырастыра береміз. Бұл сөздің жеке қолданылған кезде де, жоғарыдағыдай біріккен атаулардың құрамында айтылған кезде де тілімізде қазір *ғали*, *қали*, *әли*, *әлі*, *алы* секілді бірнеше фонетикалық нұсқаға ие болған сөз екені белгілі. Бұлардың *қали*//*ғали* дегеннен басқа нұсқаларының қолданылуында да территориялық мотивтің бар екені байқалады. Мәселен, казак жерінің батыс өңіріндегі біріккен кісі есімдерінің екінші элементінде-*ғали*, *-қали* деген дыбыстық нұсқада орныққан бұл сөз оңтүстіктегі кісі аттарында дәл осы позицияда *-алы*, *-әлі* деген нұсқада айтылады. Көп жерде Құрманғали, Өмірғали, Айтқали, Сапарғали деген кісі аттары оңтүстікте көбіне Құрманәлі, Өмірәлі, Айтәлі, Сапаралы түрінде дыбысталады. Бұл жағынан алғанда кейінгі есімдердің айтылуы өзбек, ұйғыр тілдерінің дерегіне ұқсас. Демек, бұл есімдердің құрамындағы араб сөзі оңтүстік өңірдегі говорларымыздың көбінде осы тілдердегі нұсқасына жақын үлгіде игерілген.

Дауыстылардың, дауыстылар мен үнді дыбыстардың аралығында келген қатаң *қ*, *к* дегендердің айтылып өткен жайға керісінше кей говорларымызда ұяндайтын кездері де жоқ емес. Тіліміздің көпшілік говорында *бұқа*//*нұқа* дейтін екі түрлі фонетика-

<sup>1</sup> Щербак А. М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков (Имя). Л., 1977, 140-б.

лық нұсқада қолданылатын осы сөзді Бұқар облысының қазақтары *бұға* деген үлгіде қолданады екен. Ташкент төңірегі қазақтары *Бекмырза, бектер* тәрізді есімдердегі *к* қатаңын үнемі ұяндатып *Бегмырза, беглер* секілді нұсқада қолданады. Сондай-ақ Жамбыл облысының солтүстік-батыс бөлегіндегі жергілікті халық Ақмола, Ақмолда, Ақмарал тәрізді жалқы есімдердегі *м* дыбысының алдында келген *қ* қатаңын ұяндатып *ғ* деген үлгіде қолданады. Мұндай жайлардың лингвистикалық қыр-сырына қаныға түсу үшін өзге де дауыссыздарға қатысты (мәселен, п/б дауыссызына қатысты) біраз деректерге тоқталуға болар еді, бірақ оның бәрін айтып жатуды жұмыстың көлемі көтермейді.

\* \* \*

Халық тілінің дыбыс жүйесінде не бар, не жоқ дегенді сол тұрған қаз-қалпында алып, халық тілінің өзінің ішкі даму жайы тұрғысынан баяндау бар. Бұл, әрине, әр диалектінің кескін-кейпін тану үшін, оның халық тілінің жалпы жүйесінде алатын орнын белгілеу үшін аса қажет. Халық диалектілерінің нақтылы қоғамдық ортада туып, нақтылы тілдік, әлеуметтік қоршауда өмір сүретін категория екені мәлім. Сол үшін де халық тілінің ішкі жүйесін танып-білудің үстіне сол жүйеде байқалатын тіл құбылыстарын сыртқы жағдаймен, сыртқы әлеуметтік қоршаумен салыстыра алған сәтте ғана нақтылы тарихи деректерге қол арта аламыз. Халық айтылымдарының өткен тарихынан хабардар болғымыз келсе, оны дәл осы тұрғыдан зерттеуіміз — сөзсіз қажет. Нақтылы бір өлкенің жергілікті халқының тілінен алынған мәліметті осы тілдің өзге өңірлерде тұратын өкілдерінің тілімен салыстыру, немесе оны басқада тектес тілдердің дерегімен салыстыру, асылында, осындай мүдденің талабынан туған нәрселер. Әр қоныстың жергілікті тұрғындарының тіліндегі ерекшеліктерді сөз ету үстінде нақтылы тіл құбылыстарын өзге тілдердің мәліметімен ара-тұра салыстырудан қазақ диалектологиясы жөніндегі ғылым аса құралақан деуімізге бола қоймас. Алайда тіліміздің диалектілік жүйесіндегі грамматикалық белгілер, халық тілінің дыбыс құрылысы сияқты ірі-ірі салаларды тұтас ғылыми объект есебінде алып, жеке зерттеген еңбектер әзірге болған жоқ еді десек, әрине, ағат айтқан болмаймыз. Әсіресе осы секілді көлемді, күрделі салаларды салыстырмалы тарихи тұрғыдан, лингво-географиялық тұрғыдан зерттеу ісі әлі де кенжелеп келеді. Осы жолдар авторларының бұл еңбегінде жергілікті халық тілінің дыбыс жүйесін дербес сала ретінде жекелеп алып зерттеу мақсаты қойылып отыр. Бұл — ұзақ жыл бойы қазақ жұрты тараған өлкенің әр қонысынан осы салаға қатысты зерттеушілердің өз қолымен, сондай-ақ бұрын-соңды жарияланған еңбектерде қамтылған деректердің негізінде жарық көріп отырған зерттеу. Зерттеудің ауызекі тіліміздің жергілікті саласы туралы жалпы мәлімет беруге арналған алғашқы бөлімі мен дауыссыз дыбыстар жөніндегі соңғы бөлімін

жазған — С. Омарбеков. Жұмысқа дауыстыларға қатысты бөлім екі автордың бірігіп жазған нұсқасында енгізіліп отыр. Әрине, еңбекте халық тілінің фонетикалық жүйесіне қатысты жайлардың барлық мәселесі егжей-тегжейіне дейін қамтылды деп айта алмаймыз. Мұндағы көбіне-көп көңіл аударылған нәрселер-жергілікті халықтың ауызекі тілінде ең жиі байқалатын дыбыстық ерекшеліктер. Мұндай дыбыс құбылыстарының халық тілінде не қилы саласы бар екені мәлім. Бірақ олардың бар-баршасын бір еңбек көлемінде ине жіпке тізіп айтып шығу мүмкін емес.

---

## ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР

### Тілдер

а.— араб  
аз.— азербайжан  
алт.— алтай  
бал.— балқар-қарачай  
баш.— башқұрт  
қаз.— қазақ  
гаг.— гагауз  
қарақ.— қарақалпақ  
қар.— қарайым  
құм.— құмық  
қыр.— қырғыз  
мон.— монғол  
ноғ.— ноғай  
ор.— орыс  
өзб.— өзбек  
я.— парсы  
тат.— татар  
тув.— тува  
түр.— түрік  
түркм.— түрікмен  
үйғ.— үйғыр  
хак.— хакас  
чу.— чуваш  
як.— якут

### Әдебиет

ИСГТЯ — Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. ч. I, Фонетика, М., 1955.  
ҚД — Қазақ диалектологиясы. I-шығ. Алматы, 1965.  
ҚТДМ — Қазақ тілінің тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы (томы, жылы толық көрсетіледі).  
УДМ — Узбек диалектологиясидан материаллар. Тошкент (томы, жылы толық көрсетіледі).

### Таңбалар

/— алмасатын дыбыстардың аралығына қойылады  
//— параллель қолданылатын құбылыстардың аралығына қойылады  
<— құбылыстардың даму  
> бағытын білдіреді  
:— дауыстылардың созылыңқылығын білдіреді

## МАЗМҰНЫ

Ауызекі тіл мен әдеби тілдің қарым-қатынасы	3
Дауыстылардың қолданылу ерекшелігі	24
Дауыстылардың алмасуы	24
Ерін-езу дауыстыларының алмасуы	58
Дауыстыларға байланысты басқа құбылыстар	66
Дауыстылардың фонеморфологиялық өзгерісі	66
Дауыстылардың дифтонг, монофтонг өзгерісі	80
Дауыссыздардың қолданылу ерекшелігі	82
Дауыссыздардың алмасуы	82
Дауыссыздарға байланысты басқа құбылыстар	132
Дауыссыздардың тұрақсыздығы	190
Қысқартылған сөздер	207

ЖҮНИСОВ НҰРЛЫБЕК,  
ОМАРБЕКОВ САПАРҒАЛИ

### АУЫЗЕКІ ТІЛІМІЗДІҢ ДЫБЫС ЖҮЙЕСІ

ЖҮНУСОВ НУРЛИБЕК,  
ОМАРБЕКОВ САПАРҒАЛИ

### ФОНЕТИКА НАРОДНЫХ ГОВОРОВ

*(на казахском языке)*

Редакция менгерушісі М. Жәмеков  
Редактор Ө. Қесікбаев.  
Тех. редактор И. Қорзухина.  
Суретші А. Егізбеков.  
Көркемдеуші редактор Қ. Өтебаев.  
Корректор З. Шілдебаев.

ИБ № 2886

Теруге берілген күні 16.11.84. Басуға қол қойылған күні 15.07.85. Қалшы 60×90<sup>1/16</sup>. Қағазы тип. № 1. УТ № 15041. Гарнитурасы әдеби. Шығыңқы басылым. Баспа табағы 13,0. Шартты баспа табағы 13,0. Шартты бояу-әріп көлемі 13,248. Есептік баспа табағы 15,36.

Нұсқасы 2 800 дана. Заказы № 1156. Бағасы 85 тиын.  
Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің «Мектеп» баспасы 480124, Алматы қаласы, Абай проспектісі, 143-үй.  
Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі комитетінің «Кітап» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің полиграфия комбинаты, 480002, Алматы қаласы, Пастер көшесі, 41-үй.









